



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ОҒТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ



ғылыми-педагогикалық журналы
№1(19)2019

научно-педагогический журнал
№1(19)2019



G•GLOBAL

№1 (19) 2019



ISSN 2415-8186



ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА

НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№1 (19)

Шымкент
2019

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ
ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ
№ 1 (19). 2019

БАС РЕДАКТОР

АЯШЕВ О.А. – п.ғ.д., профессор

Редакциялық алқа

Айтбаев Ө. – ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Надиров Н.К.** – х.ғ.к., профессор, ҰҒА академигі; **Бегалиева Р.Н.** – п.ғ.к., (бас редактордың орынбасары); **Амиргазин Қ.Ж.** – п.ғ.д., профессор (Ресей); **Аширов Ә.Ә.** – х.ғ.д., профессор; **Байғұтова А.** – ф.ғ.к.; **Дмитрюк Н.В.** – ф.ғ.д., профессор; **Досбенбетова А.Ш.** – п.ғ.д., профессор; **Жапбаров А.** – п.ғ.д., профессор; **Исабек Б.Қ.** – тарих ғ.к., доцент; **Любчик С.** – PhD докторы, профессор (Португалия); **Дерижина И.** – п.ғ.д. (Болгария); **Пардала А.** – п.ғ.д., м.ғ.к., профессор (Польша); **Норкуте О.** – әлеумет.ғ.д., профессор (Литва); **Сзатмари П.** – тарих Phd, адъюнкт-профессор (Венгрия); **Сластухина О.И.** – ф.ғ.к., доценті (Ресей); **Подушкин А.Н.** – тарих ғ.д., профессор; **Рахымбек Д.** – п.ғ.д., профессор; **Тәңірбергенов М.Ж.** – п.ғ.д., профессор; **Шыныбаев М.Д.** – ф.-м.ғ.д., профессор; **Иманбаев Н.С.** – ф.-м.ғ.к., профессор.

Редакциялық кеңес

Қадырбаева Р.И. – п.ғ.д., доцент; **Мәдібекова Ф.М.** – х.ғ.к., доцент; **Халила А.** – б.ғ.д., профессор; **Арынғазиева Б.** – филос.ғ.к., профессор м.а.; **Алдаберген М.Н.** – т.ғ.к. доцент; **Омар Б.К.** – ф.ғ.к., доцент; **Стычева О.А.** – п.ғ.к., доцент; **Абрамова Г.И.** – ф.ғ.к. доцент; **Қиясова Қ.Қ.** – п.ғ.к., доцент м.а.; **Алтынбеков Қ.С.** – ф.ғ.к.; **Қаражігітова К.Ж.** – п.ғ.к., доцент; **Қойшиев Қ.Е.** – п.ғ.к.;

Жауапты хатшы – **Үсенбаева С.С.**, ф.ғ.к.

Техникалық редакция – **Байырбекова Л., Аблаев Н., Утенов Н.**

Журнал 2016 жылдың наурыз айынан бастап Париж қаласындағы

ISSN орталығында тіркелген.

ISSN 2415-8186 (Online), ISSN 2415-8178 (Print)

Журнал Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат агенттігінде тіркеліп, **06.06.2014 ж. №14373-ж** куәлігі берілген. Ақпарат комитетіне қайта есепке қою туралы 15.03.2018 ж. № 16979-ж куәлігі берілген.

Меншік несі: «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

2014 жылдың қараша айынан бастап шыға бастады. Жылына 4 рет жарық көреді.

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Мақалада баяндалған мәліметтердің шынайылығына авторлар жауап береді.

Редакцияның мекенжайы:

160012, Шымкент қаласы,
Байтұрсынов көшесі, 13
222-бөлме, тел. 390244/756
87083581795,
e-mail: yukgpu_khabarshy@mail.ru

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

ӘОЖ 372.8:51

ІРІЛЕНГЕН ҚОСУ ОПЕРАЦИЯСЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

ӘМІРБЕКҰЛЫ А., ҚАДІРБАЕВА Р.І.

Жұмыста қазіргі білім саласындағы келеңсіз ахуалдан шығудың жолы ретінде адамның ішкі дүниесіне, яғни интеллектуалдылығын қалыптастыру мәселесі ұсынылған. Мысал ретінде арифметиканың фундаментальді ұғымдары сан мен қосу операциясы алынған. Қосу операциясын дәстүрлі оқыту кемшілігі аталынып, оны жетілдіру жолы қарастырылған. Қосу операциясы құрылым ретінде қарастырылып, оны орындау – құрылымды толтыру деген ұғым, бір таңбалы сандарды қосу кестесі, кестені пайдаланып қосу алгоритмі, операцияны тереңдетудің алгоритмдері берілген.

Кілт сөздер: оқу орындары, келеңсіз ахуал, ішкі дүние, интеллект, потребность, дидактика, топтап оқыту, интеллектуальдық даму, фундаментальді операция, түсіну, абстракция, кесте, игеру кезеңдері, әріптестік, операцияны жетілдіру.

Қазіргі кездегі орта және арнайы орта, жоғары оқу орындарындағы келеңсіз ахуал білім саласындағы мамандарға, тек оларға ғана емес, түсінікті. Бұл жағдайдан шығудың түрлі жолдары да қарастырылуда. Алайда, бұл іс-әрекеттер әлеуметтік орталарда түрліше қабылданып, қоғамның рухани бірлігіне сызат түсіруде.

Мәселе түсініктілеу болу үшін шегініс жасалық.

Әлемнің кез-келген объектісі сияқты адамның да эмоциядан, сезімнен, интеллектіден және дүниетанымнан, тұратын ішкі дүниесі бар. Ішкі дүниенің негізін интеллект құрайды. Интеллект арқылы адам сыртқы дүниені танып-біледі, ондағы өз орынын, бейімділігін, мақсаттарын анықтайды. Мақсатқа қол жеткізетін іс-әрекетті жоспарлайды, ұйымдастырады және оның іске асу барысын қадағалайды. Эмоциялар мен сезімдерді қалыптастырады.

Интеллект, эмоция, және тәрбие негізінде дүниетаным, яғни адамның мінез-құлқын, оның басқа адамдармен қарым-қатынас жүйесін, өз тағдыры, отбасы мен өзі өмір сүріп, еңбек ететін қоғамның амандық-саулығымен үшін жауапкершілігін анықтайтын өмірлік құндылықтар жүйесі қалыптасады.

Эмоция, сезім, интеллект, және дүниетаным белгілерінің (мәндерінің) жүйесі ішкі дүние ахуалы деп аталады. Ахуал орнықты немесе орнықсыз болуы мүмкін. Орнықты жағдайдағы ішкі дүние адамға сезілмейді.

Есту, көру, иіс сезу, дәмі сезу мүшелері арқылы, адам сыртқы ортадан көптеген информация алады. Информация адам мақсатына сай болған жағдайда қабылданады, яғни ішкі дүниені қоздырып, орнықсыз жағдайға келтіреді. Адамда эмоциялар туындайды да, ұзаққа созылғанда сезімге айналады. Сезім жайсыз болған жағдайда адам алдында ішкі дүниені қалыпты жағдайға келтіру мәселесі туындайды. Мәселені шешу адам үшін қажеттілікке, ал ол өмірлік маңызға ие болған жағдайда – мұқтаждыққа айналады.

Мұқтаждық – қызмет бағыттылығына байланысты келесі топтарға бөлінеді: биологиялық (қоныс, киім, қозғалыс құралдары, өндіріс құралдары, және т.б.); әлеуметтік (еңбек, демалыс, таным, қарым-қатынас, қоғамдық қызмет, қоғамға танымалдылық және т.б.); рухани (білім, шығармашыл қызмет, керемет әсем нәрсе жасау, ғылыми жаңалықтар, және т.б.), және т.б.

Мұқтаждықтың қанағаттандырылуы – оны қанағаттандыратын объектіні анықтау және анықтаудан кейінгі – екі кезеңнен тұратын интеллектуальдық процесс.

Мұқтаждықты қанағаттандырудың бірінші кезеңінде, адамда алаңдаушылық, еш нәрсеге қанағаттанбаушылық сезімі пайда болады. Алаңдаушылық мінез-құлықтан, алаңдаудың биологиялық, материалдық, рухани, этикалық, эстетикалық, және т.б. себептерін іздестіруден көрініс табады. Себеп анық-талған соң бірінші кезең аяқталады.

«Мұқтаждықты материалдандыру» деп аталатын екінші кезең – анықталған себеп мәндерінің жиынтығынан мұқтаждықты қанағаттандыратынын бөліп алудан тұрады.

Материалдандыру – мүдделілік пайда болатын, мұқтаждық мүдде түрінде нақтыланатын, өте маңызды оқиға. Мүдде пайда болысымен мінез-құлық күрт өзгеріп, іс-әрекет мүддені жылдам қанағаттандыруға бағытталады.

Мұқтаждықты қанағаттандыру мақсатты қызмет болып табылатындықтан, мұқтаждықтар адамды белсендірудің қайнар көзі болып табылады. Адам мақсатты мұқтаждық ретінде түйсіну негізінде, оны қанағаттандыруға тек мақсатқа қол жеткізу арқылы ғана іске асырылатынына көз жеткізеді. Бұл оған, өзінің мұқтаждық жайлы субъективті ұстанымын, объект ретіндегі мақсатқа қол жеткізу құралдарын іздестіру арқылы, объективті мазмұнмен алмастыруға жағдай жасайды.

Сондықтан адамның ішкі дүниесін орнықсыз жағдайға келтіре отырып, мұқтаждық тәрбиелеу, оны қанағаттандыру негізінде интеллект қалыптастырып, дамыту – ересек адам қалыптастырудың маңызды мәселелерінің бірі.

Адамзат дамуының алғашқы сатыларында педагогтар дәл осы мәселемен, яғни жас ұрпақты ересек өмірге баулумен айналысқан.

Мәселе топтап оқытудың білім саласына енгізіле бастаған кезінен бастап өзгерді. Топтап оқыту, біріншіден, оқушының жеке ерекшелігін, яғни ішкі дүниесін тұмшаландырып тастаса, екіншіден, педагогиканы оқыту мен тәрбиелеуге жіктеді. Білім саласының дамуы барысында, тәрбие біртіндеп шетке ысырылып, дидактика маңызды рөл атқара бастады.

Дидактиканың басты қағидасы – «Мектепке келген бала – таза парак. Парақтың жақсы, не жаман болуы – онда ненің және қалай жазылғанына байланысты». Яғни басты мәселе – білім және оның қалай берілетіндігінде. Оқушының ішкі жан дүниесі бар адам екендігі ескерілмеді.

Білім саласы дами келе, педагогиканың басты функциясы – адамды дұрыс өмір сүруге баулу – тіптен шеттетіліп, мамандыққа баулу етек алды да, адамдар арасында технократтық ойлау басымдыққа ие болды. Нәтижеде қоғам қазіргі ахуалға, рухани күйзеліске тап болды. Жоғарыда аталған, келеңсіз ахуал – қоғамдағы рухани күйзелістің білім саласындағы көрінісі.

Сондықтан, қоғамдағы рухани күйзелістен арылмай тұрып, білім саласындағы келеңсіз көріністерден құтылу мүмкін емес.

Ал рухани күйзелістен құтылудың бірден-бір жолы – технократтық ойлаудан, ал технократтық ойлау, технологияланған логикалық ойлау болып табылатындықтан – логикалық ойлаудан, жүйелік ойлауға көшу арқылы, интеллектуальдық дамудың келесі сатысына көтерілу.

Интеллектуальдық дамудың бірден-бір құралы – математика. Мәселені қалай шешуге болатындығының мысалы ретінде оқушылардың қосу амалын орындауға қалайша үйретіліп келгенін, енді оның қалайша іске асырылуы қажет екендігін қарастыралық.

Қосу – математикадағы фундаментальді операция. Басқа барлық операциялар осы операцияның күрделендірілген, немесе, түрлендірілген түрі. Сондықтан оны жан-жақты, асықпастан қарастыралық.

Әрине мектептердегі әрбір нақты ахуал, дәл төменде сипатталатын түрде орын алмауы мүмкін. Алайда, жалпы алғанда, білім саласындағы ахуал төмендегідей болатындығы шындық.

Сонымен, қазіргі мектептердегі бірінші сыныптарда сандар абстракциялық объект ретінде қарастырылмайды. Оның қасына «дәптер», «алма», «оқушы» деген сияқты, атау сөздер қосылады. Сонан соң «Бес дәптерге үш эквивалентті ұғымдар дәптерді қосса, қанша дәптер болады?» деген сияқты сұрақтардың жауаптары талап етіледі.

Жауап алынғаннан кейін «дәптер» алынып тасталады да, $5 + 3 = 8$ деген абстракциялық тұжырым жасалынады.

Сонда дәптерлер қосылып жатыр ма, әлде сандар қосылып жатыр ма? Дәптерлер қосылмайды ғой! Сандар қосылса, онда «дәптерлердің» не қажеті бар? Бұл сұрақтар қазіргі дидактикада қойылмайды.

Осы сияқты бірнеше мысалдан соң «Түсіндіңдер ме?» деген сұрақ қойылады. Оқушылар, әрине, «Түсіндік» дейді.

Алайда, бірінші сынып оқушысы, жас өспірім дамуының физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты, әлі ойлана алмайды ғой. Ол, тек қана қарапайым операцияны ғана, онда да, тек орында деп айтқанда ғана орындай алады.

Осыған байланысты, түсіну – ойлау операциясының нәтижесі болып табылатындықтан, бірінші сынып оқушысына қосу операциясын мысалдар көрсету арқылы түсіндіру, онан «түсіндің бе?» деп сұрау, әсіресе, түсінуін талап ету – бос әурешілік. Оқушылардың жүйке жүйесіне, енді-енді пайда болайын деп жатқан ойлау жүйесіне ауыр салмақ салу осыдан басталады.

Тығырықтан шығудың бірден-бір жолы – қосу операциясын ешқандай мән-мағынасыз, абстракциялық амал ретінде, формальді түрде қарастыру. Қосу амалын орындауды үйрету. Мәселе – 5-ке 4-ті қосқанда 9 шығатынын білуде емес, оның қалай шығатынын білуде. Мән-мағына кейін, оқушы ойлау, яғни түсіну мен түсіндіру, мүмкіндігіне ие болғанда пайда бола жатады.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, қосу – қосылғыштар деп аталатын екі санды қосынды деп аталатын санменен байланыстыратын байланыс, құрылым – операция. Қосудың құрылымы: $+$ \rightarrow .

Әрине құрылымды қазақ тілінің ерекшелігіне байланысты, $+$ \rightarrow түрінде берген дұрыс болар еді. $5, 4 + \rightarrow 9$. Оқылуы: 5-ке 4-ті қосқанда болады 9. Өте қисынды. Алайда, қосудың бұл құрылымы білімдік процесте алгоритмдік әдісті пайдалануға қолайсыз.

Формальді оқытуда, қосу операциясын орындауды үйрену үшін оқушы:

I. Қосудың үйлесімділік кестесімен қамтамасыз етіледі.

Кесте 1. Бір таңбалы сандарды қосудың үйлесімділік кестесі

| | | | | | | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|--|---|---|---|
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | 0 |
| | | | | | | | | | 0 | 1 |
| | | | | | | | | 0 | 1 | 2 |

| | | | | | | | | | | |
|--|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | 0 | 1 | 2 | 3 |
| | | | | | | 0 | 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | | | 0 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | 0 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | |
| | | 0 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | |
| | 0 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | |

Кестенің бірінші тік жолы – бірінші қосылғыштар жиынтығын, бірінші жатық жолы – екінші қосылғыштар жиынтығын көрсетеді.

Қосудың үйлесімділік кестесін пайдаланып, қосу операциясын орындау – қосылғыштар мен қосындыны кестеден тауып қосу операциясы құрылымын толтыру деген сөз.

II. Алгоритмдермен қамтамасыз етіледі.

1. Бір таңбалы сандарды үйлесімділік кестесін пайдаланып қосу алгоритмі (БТСҚА)

2. Бірінші қосылғышты кестенің бірінші тік жолынан тауып алу.
3. Табылған сан тұрған жатық жолды белгілеу.
4. Екінші қосылғышты кестенің бірінші жатық жолынан тауып алу.
5. Табылған сан тұрған тік жолды белгілеу.
6. Белгіленген екі жолдың қиылысындағы санды құрылымның үшінші бос орынына жазу.
7. Қосуды аяқтау.

Есте болатын нәрсе, бұл алгоритм мұғалімге беріліп отыр. Ол осы алгоритмді пайдаланып сабақты ұйымдастыруы тиіс. Жақшаның ішіндегі қысқарған сөз – алгоритмнің, оған әрмен қарайғы сілтемелер жасау барысында пайдаланылатын, атауы.

Бір таңбалы сандарды қосудың үйлесімділік кестесін пайдаланып әр түрлі, ең кемі 100 мысал, құрастыруға болады. Оның шамамен үштен бірі (Қосу операциясын үйренудің бірінші – материалданған, яғни сыртқы материалдармен жұмыс кезеңі: қосу әрі құрылым, әрі кесте, әрі алгоритм) - қосылғыштарды мұғалім беріп, жоғарыда келтірілген алгоритмді оқушыға, соңғы әріпті алып тастап оқу, яғни бұйыру негізінде орындату, іске асырылады.

Екінші үштен бірінде (Қосу операциясын үйренудің екінші – сыртқы материалдың оқушының «Мен»-і арқылы, оның ішкі дүниесіне өте бастау кезеңі: қосу – құрылым, кесте, алайда, алгоритм емес) де қосылғыштарды мұғалім береді. Алайда оқушы алгоритмнің әрбір қадамын өз атынан жазып барып, сонан соң ғана орындайды. Мысалы: Бірінші қосылғышты кестенің бірінші тік жолынан тауып аламын. Табылған санды құрылымдағы бірінші бос орынға жазамын.

Мысалдардың соңғы үштен бірінде (Қосу операциясын үйренудің үшінші – сыртқы материалдың оқушының ішкі дүниесіне орныға бастау кезеңі) қосылғыштарды оқушының өзі анықтайды (жеке жұмыс), басқа оқушыға беруі де мүмкін (топтық жұмыс), және алгоритмнің әрбір қадамын өз атынан жазып орындайды.

Келесі төртінші – қосу құрылымының жалпыланып оқушының ішкі ойлау жүйесінің элементі ретінде қалыптасу кезеңінде, оқушы алдына «Екі санды қосу» деген жалпылама мәселе, яғни тапсырма қойылады.

Мәселе түбегейлі өзгерді. Алдыңғы кезеңдерде мақсат – қосу операциясын орындау – операция орындау нәтижесін табу болса, енді ол тек қана операцияны орындау іс-әрекетінің бағытын ғана білдіреді.

Тапсырманы орындауда қосу амалының үйлесімділік кестесі өте маңызды рөл атқарады. Өйткені, кестеден тапсырма орындаудың 100 нәтижесі бар екендігі көрініп тұр. Сонда оның қайсысын нәтиже ретінде алу керек? Яғни нәтиже нақтылануы қажет. Нәтиже нақтыланды делік. Оның өзі бірнешеу. Оның қайсысын алу керек. Нәтиже тағы да нақтылануы қажет.

Әрбір нақтылау операциясы оқушы мен мұғалім арасындағы әріптестік қарым-қатынас арқылы іске асырылады. Оқушы сұрақ қояды. Мұғалім жауап береді.

Мысылы, оқушының «Сізге қандай нәтиже керек?» деген сұрағына оқытушы 12 деп жауап берді делік. Оқушы кестеден мұндай санның бірнешеу екенін көріп, «Сізге оның нешіншісі керек?» деген келесі сұрақты қояды. Оқытушы «Төртінші» деп жауап берсін.

Оқушы кестеден төртінші 12-ні тауып алып, осы сан тұрған жатық жол мен тік жолдардан қосудың берілгендерін табады. Енді оқушы қосу құрылымын толтыру арқылы тапсырманы орындай алады.

Мысалдан көрініп отырғандай, төртінші кезеңде екі санды қосу операциядан әріптестік іс-әрекетке айналды. Оны «іріленген қосу» операциясы (іс-әрекеті) деп атауға болады. Іріленген қосу операциясы $+$ \rightarrow және $+$ \leftarrow құрылымдарынан тұрады, және, оларды ірілендіріп $+$ $=$ түрінде жазуға болады.

Оқушының қосу операциясын кестені пайдаланып орындауды түсінген-түсінбегенін оның $+$ \rightarrow , $+$ \leftarrow , және $+$ $=$ құрылымдарының ерекше-

ліктерін қаншалықты ажырата алатындығынан, ерекшеліктердің қайдан шыққанын және операцияны орындау үшін не қажет екендігін, операцияның қалай орындалатынын өз сөзімен қаншалықты толық айта алатынына қарап білуге болады. Егер, ол жоғарыдағы алгоритмді, әрбір қадамына «керек» сөзін қосып, өз сөзімен толық қайталап шықса, онда операцияны толық түсінгені, әйтпесе түсініктің толық болмағаны.

Келесі алгоритмдердің міндеті – қосу операциясын жетілдіру. Олар қарастырылу барысында да жоғарыда келтірілген төрт кезең міндетті түрде іске асырылуы қажет.

2. *Көп таңбалы санға бір таңбалы санды қосу алгоритмі (КТСБТСҚА).*

1. Қосылғыштарды қосу құрылымына жазу.
2. Бірінші санның соңғы цифрын 1 таңбалы сан деп алу.
3. БТСҚА-ны орындау.
4. Егер нәтиже бір таңбалы болса, алдына нөл жазу арқылы екі таңбалы санға дейін толықтыру.

5. Пайда болған санның екінші цифрын қосу құрылымына жазу.
6. Егер бірінші санның белгіленген цифрының алдында цифр жоқ болса, онда оны нөл деп алып, оған БТСҚА-ны орындау нәтижесіндегі бірінші цифрды қосу.

7. 10 – қадамға өту.
8. Егер бірінші қосылғыштағы белгіленген цифрдың алдында цифр бар болса, БТСҚА-ны орындау нәтижесіндегі бірінші цифрды бір таңбалы сан деп алу.

9. 3 - қадамға өту.

10. Қосуды аяқтау.

Ескерту: Алгоритмнің 4-қадамындағы «Егер нәтиже бір таңбалы болса, алдына нөл жазу арқылы екі таңбалы санға дейін толықтыру.» нұсқауы дәстүрлі оқытудағы «Есте сақта» нұсқауынан құтылу үшін енгізілген.

3. *Көп таңбалы екі санды қосу алгоритмі (КТЕСҚА).*

1. Қосылғыштарды қосу құрылымына жазу.
2. Екінші санның соңғы цифрын бір таңбалы сан деп алу.
3. КТСБТСҚА-ны орындау.
4. КТСБТСҚА-ны орындау нәтижесіндегі соңғы цифрды қиып тастау.

5. Екінші санның соңғы цифрын қиып тастау.

6. Егер пайда болған сандардың екеуі де нөлге тең болмаса, онда 3 - қадамға өту.

7. Қосуды аяқтау.

4. *Көп таңбалы бірнеше сандарды қосу алгоритмі (КТБСҚА)*

1. Берілген қосылғыштарды қосу құрылымына жазу.
2. Нөл санын бірінші сан ретінде алу.
3. Қосылғыштардың біріншісін екінші сан деп алу.
4. КТЕСҚА-ны орындау.
5. Нәтижені бірінші сан деп алу.
6. Қосылғыштардың біріншісін қиып тастау.
7. Егер қиылмаған қосылғыш қалса, онда 3-қадамға өту.
8. Қосуды аяқтау.

АМИРБЕКУЛЫ А., КАДИРБАЕВА Р.И. МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ УКРУПНЕННОЙ ОПЕРАЦИИ СЛОЖЕНИЯ

В работе рассмотрен вопрос о формировании интеллектуального потенциала человека как способа выхода из негативной ситуации в современную образовательную сферу. В качестве примера взяты фундаментальные понятия арифметики: число и операция сложения. описаны недостатки традиционного обучения операции сложения, определены способы ее совершенствования. Операция сложения рассматривается как структура, а ее этапы ее выполнения – как составляющие этой структуры. В статье представлены: таблица сложения однозначных чисел, алгоритм сложения с использованием таблицы, алгоритмы углубления операции.

Ключевые слова: учебные заведения, негативная ситуация, внутренний мир, интеллект, потребность, дидактика, групповое обучение, интеллектуальное развитие, фундаментальная операция, понимание, абстракция, таблица, этапы освоения, партнерство, совершенствование операции.

AMIRBEK A., KADYRBAEVA R.I. METHODS OF TEACHING INTEGRATED OPERATIONS OF ADDITION

The paper deals with the formation of human intellectual potential as a way out of the negative situation in the modern educational sphere. As an example, the fundamental concepts of arithmetic are taken: the number and the addition operation. Identified shortcomings are described traditional learning operations of addition, considered ways of improving them. The addition operation is considered as a structure. And the execution of the operation as the filling of the structure. Submitted by: table of addition of single digits, algorithm addition, using a table, algorithms deepening operation.

Keywords: educational institutions, negative situation, inner world, intelligence, need, didactics, group training, intellectual development, fundamental operation, understanding, abstraction, table, stages of development, partnership, improvement of operation.

УДК 001.32

АКАДЕМИЧЕСКАЯ МОБИЛЬНОСТЬ СТУДЕНТОВ И ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ ФАКУЛЬТЕТОВ КАК ОДИН ИЗ ПУТЕЙ ИХ СОЦИАЛИЗАЦИИ

ЛАТЫШЕВ О. Ю.

Автор статьи отмечает, что осуществление академической мобильности обучающихся филологических факультетов высших учебных заведений – основа расширения условий их социализации. В работе отмечено, что и представители профессорско-преподавательского состава высших учебных заведений, и студенты последовательно приходят к осознанию быстро растущего значения академической мобильности как системы их социального самоутверждения на протяжении будущей творческой научной и педагогической деятельности. По мнению исследователя, обучение студентов, внедрение практики преподавания педагогов в зарубежных университетах, проведение научных исследований в ведущих научно-исследовательских учреждениях Европы даст возможность приобщиться к достижениям мировой культуры, науки и производства.

Ключевые слова: академическая мобильность, студент, вуз, филологический факультет, социализация, образование.

Сегодня, когда явление академической мобильности становится всё более широко распространённым, нам предстоит понять, только ли это дань моде? Или действительно – ещё и многообещающий ресурс глобальной социализации студентов, профессорско-преподавательского состава филологических факультетов вузов и учёных? Тех, которые своими литературоведческими и литературно-краеведческими исследованиями много лет работают на развитие образовательного процесса вузов, послевузовской подготовки и переподготовки работников образования? Что было бы, если бы вопрос актуализации академической мобильности филологов – как будущих, так и многогранно реализующихся в настоящий момент - ставился в начале постсоветской эпохи, вскоре после того как поднялся «железный занавес»? Тогда можно было воспринять активное желание студентов и преподавателей филологических факультетов вузов реализоваться в рамках академической мобильности, прежде всего, как возможность увидеть мир, в котором жили прославленные поэты и писатели, гении литературной критики и литературоведения, наконец, столпы, методологи литературного краеведения.

Помимо этого, они были бы вправе ожидать, что им наконец-то откроется мир зарубежной архитектуры, скульптуры, дворцово-парковых ансамблей и других многочисленных источников творческого вдохновения, доселе очень долго интриговавший своей достаточной закрытостью для

непривилегированных представителей советского общества. Однако с этого момента выросло целое поколение наших сограждан, для которых поездка за рубеж никогда не была в диковинку. Известно, что многие смелые и предприимчивые студенты, и далеко не только филологи, с удовольствием и успешно путешествуют по зарубежным странам «автостопом», не прибегая для этого ни к каким официально установленным возможностям академической мобильности.

В то же время, для продолжительного ряда студентов – будущих учителей литературы, переводчиков, языковедов – академическая мобильность – это шанс не столько просто увидеть мир, сколько найти там для себя достойное место. Не «увидеть Париж и умереть», а бывать там ровно столько, сколько позволяет его профессиональный авторитет и вытекающие из этого материальные возможности. Собственной кожей испытать, например, то пронзительное чувство, что Собором парижской Богородицы он мог бы уже и не любоваться, если бы не роман Виктора Гюго, остановивший вандалов-революционеров от разрушения этого шедевра мирового уровня. И путь к навеянным мировой литературой переживаниям, мыслям, чувствам и ощущениям – получение образования мирового уровня.

Если обратиться к рейтингу вузов, неизменной гордостью которых являются и филологические факультеты, выпускники которых наиболее востребованы на мировом рынке труда, то ни один российский вуз, при всём нашем к ним однозначном уважении, не нашёл себе места не только в десятке, но даже и в двадцатке наиболее популярных! А как же всемирно известный МГУ имени М. В. Ломоносова, – спросите Вы? Ему досталось «почётное» сорок седьмое место. И ещё как-то можно было бы понять, если бы он оказался позади американских и британских вузов. Но и Бразилия, и Китай, и многие другие страны уже добились возможности опередить Россию в данном рейтинге. Исходя из этого, мы можем предположить, что академическая мобильность может позволить повысить не только востребованность наших студентов на мировом рынке труда, но и собственно конкурентоспособность отечественных вузов, в которых они обучаются. Активен ли студент-филолог, тяготеет ли он больше к тому, чтобы его приравнивали лишь к объекту воздействия совокупностью образовательных средств, либо может претендовать на право называться субъектом деятельности? Это также необходимо понять. Способность студента-филолога быть носителем и выразителем «идеи Я», являть миру свою активную жизненную позицию может стать определяющим звеном в возникновении его академической мобильности. При этом он демонстрирует ещё и уровень своей субъектности как индивидуального свойства быть субъектом активности.

В то же время особую важность обретает психологическая составляющая отношения человека к себе – деятель он, или только созерцатель? Уровень субъектности студента-созерцателя мы не сможем определить до тех пор, пока он не предъявит нам результатов деятельности своего созерцания, в каком бы то ни было виде. Хотя мы и не можем отрицать ценности созерцания как такового, побуждающего студента-филолога к обретению академической мобильности. Ведь именно стремление видеть мир во время заграничного обучения для большинства таких студентов превалирует над желанием углубить свои познания посредством обучения в иностранных учебных заведениях. Вообще, в нашем понимании субъектность студента-филолога определяет суть его взаимоотношений – как с реальным, так и виртуальным миром. И хотя эта сущностная характеристика даёт возможность – как понять, так и трансформировать в равной мере и тот, и другой мир, но применительно к академической мобильности нам интересен только окружающий студента-филолога реальный мир. Однако приходится признать, что многие студенты сознательно уходят от возможности реализовывать свою академическую мобильность в силу недостаточности практического уровня психической организации, выражающегося в его психической субъектности. А именно – при недостатке опыта преодоления препятствий и низкого уровня психологического иммунитета к всевозможным провокационным внешним воздействиям. Применительно же к студенту педагогического вуза мы намерены рассматривать субъектность как интегративную характеристику, лежащую в основе его профессиональных способностей. И здесь мы прослеживаем один из наиболее убедительных вариантов развития способности студента-филолога к реализации своей академической мобильности, поскольку это окажется полезно для него далеко не только во время учёбы в вузе.

Состоявшийся педагог с активной жизненной позицией, каким мы и стремимся видеть своих студентов в будущем, окажется академически мобильным в силу его исконного стремления делиться своим уникальным преподавательским опытом, а также опытом обучения будущих и настоящих педагогов в любой стране мира, где этот опыт может быть востребован. При всём том, что категориальное значение субъектности всё ещё находится на стадии становления, студенту следует понимать, что к моменту, когда он уже начнёт применять полученные в вузе знания, субъектность уже сможет не только занять своё законное место в категориально-понятийном аппарате. И родной язык студента, и английский, как один из наиболее широко употребляемых языков межнационального общения, могут функционировать здесь наряду с языком страны проживания студента-филолога при

осуществлении им программы академической мобильности. Более того, многими странами изучение вновь прибывшими студентами государственных языков общения в этих странах приветствуется и поощряется в форме студенческих кредитов. Сформировав соответствующую информационную базу, включающую сведения о грантовых программах фондов на обучение за рубежом, представители вузов тщательно отбирают кандидатов, способных адекватно зарекомендовать себя в кругу зарубежных коллег и принести этим самым направляющему вузу заслуженные моральные дивиденды. В Берлинском коммюнике (2003 г.) сочли возможным назвать «мобильность студентов, академического и административного персонала основой создания европейского пространства высшего образования» [2]. «Великая хартия университетов» информирует, что высшие учебные заведения «поощряют мобильность преподавателей и студентов» [2].

В развитие внутренней закономерности данной ситуации вписывается и совместное заявление четырёх министров образования (Сорбонна, 1998 г.). В декларации отмечается, что «открытое европейское пространство высшего образования несёт в себе бесчисленное множество перспектив, несомненно, уважающих наше разнообразие, но требующих, с другой стороны, постоянных усилий по устранению препятствий и созданию условий для обучения и учения, которые усилят мобильность и упрочат сотрудничество» [2]. Решение вопросов болонского заявления предполагает «способствовать мобильности за счёт преодоления препятствий, эффективному осуществлению свободы передвижения, уделяя особое внимание доступу студентов к учебным заведениям и соответствующим услугам. Но наряду с этим, возможно, ещё и станет критерием оценки личностных качеств студента, должных найти своё надлежащее положение в системе оценки профессиональной деятельности учителя, тьютора, преподавателя вуза.

Мы склонны рассматривать академическую мобильность как признак глобальной социализации студентов. В период глобализации академическая мобильность выступает как надёжное организующее, стабилизирующее, и в то же время – развивающее начало. Традиционное понимание этого общественного явления, изложенное, например, на сайте государственного педагогического университета в Санкт-Петербурге, основано на том, что «академическая мобильность предоставляет возможность студентам, аспирантам и молодым ученым продолжить образование или приобрести научный опыт за рубежом путем участия в краткосрочной образовательной или научно-исследовательской программе. Целью развития программ академической мобильности является повышение качества образования, улучшение взаимопонимания между различными народами и культурами,

воспитание нового поколения, подготовленного к жизни и работе в международном информационном сообществе» [1].

Мы склонны утверждать, что большая часть из выше перечисленных целевых установок программы академической мобильности также полезна для социализации студенческой молодёжи. И если обычно под социализацией мы привыкли понимать приобщение выпускников средних образовательных учреждений к нормам и традициям родной страны, то в данном случае понятие социализации переживает своё второе рождение. На наш взгляд, это продиктовано тем, что уже весь земной шар со всеми его жителями начинает рассматриваться сторонниками процесса глобализации как одно общество. Чьи традиции и нормы жизни в котором также оттачиваются именно в этот период. Применительно к рассмотрению средств речевой коммуникации мы полагаем, что и родной язык студента, и английский как один из наиболее широко употребляемых языков межнационального общения, могут функционировать здесь наряду с языком страны проживания студента-филолога при осуществлении им программы академической мобильности. Более того, многими странами изучение вновь прибывшими студентами государственных языков общения в этих странах приветствуется и поощряется в форме студенческих кредитов.

Сформировав соответствующую информационную базу, включающую сведения о грантовых программах фондов на обучение за рубежом, представители вузов тщательно отбирают кандидатов, способных адекватно зарекомендовать себя в кругу зарубежных коллег и принести этим самым направляющему вузу заслуженные моральные дивиденды. В Берлинском коммюнике (2003 г.) сочли возможным назвать «мобильность студентов, академического и административного персонала основой создания европейского пространства высшего образования» [2].

Ничуть не преуменьшая значимости дистанционной формы обучения, Болонская декларация, тем не менее, видит в качестве предпочтительного пути реализации мобильности очное обучение. При так называемой «вертикальной» форме мобильности, чьё наименование, очевидно, обязано полному проникновению смысловой составляющей во всё содержание учебного университетского курса, студент-филолог полностью осваивает этот курс именно в вузе за рубежом с присуждением ему там искомой степени. И только при «горизонтальной» форме академической мобильности студент-филолог уверенной походкой проходит только один учебный «этаж», не ставя перед собой задач восходящего уровня. И даже тогда, когда личные амбиции студента-филолога побуждают его перейти от «горизонтальной» формы мобильности к «вертикальной», это требует утверждения программы обучения за рубежом направляющим вузом. И, что немало важно, чёткого

соответствия специализации этого отечественного вуза специализации зарубежного. Также подразумевается, что уровень обучения, предлагаемый иностранным вузом, будет отражать требования, предъявляемые к уровню студенческих знаний аналогичным вузом у нас в стране. Если при сопоставлении последних выяснится, что студент-филолог получил более высокий уровень знаний при обучении в зарубежном вузе, чем мог бы получить за соответствующий период в своём родном университете, это не вызовет ни малейших проблем, и только пойдёт такому студенту в зачёт.

Однако может оказаться (и практика подобных случаев в данный момент наличествует), что студент-филолог уклонился от обучения в стенах родного вуза. И сделал это в надежде только на то, что преподавательский коллектив зарубежного вуза окажется значительно снисходительнее к его пренебрежению учёбой, но при этом возможно получение им той же самой степени, что и на Родине, но при значительно большем вложении усилий. Это наиболее характерно для «самовыдвиженцев» - индивидуальных студентов, которые вряд ли апеллируют к прочности партнёрских отношений между направляющим и принимающим вузами, или вообще к наличию оных. Как сообщает интернет-сообщество, посвящённое проблемам академической мобильности, «в случае индивидуальных действий студент, получив согласие принимающего вуза, должен будет поставить в известность факультетского и кафедральных координаторов по Болонскому процессу базового вуза прежде всего для того, чтобы они могли определить, насколько предлагаемые ему для изучения дисциплины коррелируют с учебным планом факультета за аналогичный период обучения. Если «болонские» координаторы и деканат не найдут достаточного количества соответствий между учебными планами вузов, встанет вопрос о нецелесообразности данной поездки» [2]. Конечно, как правило, оба вуза в равной мере заинтересованы в выработке единого уровня ожиданий от результатов академической мобильности каждого студента, и будут стремиться принять профилактические меры для исключения возможности нахождения «лазеек» недобросовестными студентами, обусловленных недостаточной согласованностью усилий вузов по программе академической мобильности.

Мы понимаем, что социализация студентов посредством их участия в процессе академической мобильности, это лишь одна сторона эффективности последней. Наряду с этим, мы считаем возможным говорить и о той неотъемлемой роли, которую академическая мобильность играет в самореализации (а в итоге – и в социализации) учёных. Это может касаться как профессорско-преподавательского состава вузов, поощряющих академическую мобильность как один из весомых ресурсов собственного развития, так и собственно учёных, результатами научно-исследовательской

и опытно-экспериментальной деятельности которых вузы пользуются для организации образовательного процесса. Уделим внимание и этому вопросу. Болонское заявление представляет участникам содействовать активному передвижению участников, интенсивно осуществлять мобильность, рассмотрев вопросы беспрепятственного доступа участников к вузам и соответствующим действиям для ППС, учёных и сотрудников университетов, что означает положительного отношения ко времени, проведённой в зарубежных государствах для выполнения научной работы, обучения и переквалификации [2]. Участники болонского процесса намерены и в дальнейшем всемерно улучшать условия для реализации возможностей академической мобильности как можно более широким кругом представителей научной общественности. В частности, преподавательский состав будет повышать свою квалификацию за счёт международного обмена опытом в летних университетах. Интернет-сообщество, посвящённое вопросам развития академической мобильности, повествует о том, что предстоит надлежащее «обеспечение необходимого соответствующего статуса для людей, вовлеченных в академическую мобильность. Включая такие меры, как официальное подтверждение соответствующими структурами тезиса, что мобильность представляет собой необходимый компонент в обучении студентов, а также в профессиональной деятельности и переподготовке научно-педагогического состава университета, вплоть до изучения возможности включения последних в научно-преподавательский состав университета на период мобильности.

Формируется пакет мер, направленных на усиление мотиваций и результатов, получаемых участниками. Он содержит важнейшее требование признания результатов обучения в зарубежном вузе в дипломе своего университета, в частности, создание системы взаимного признания, эквивалентности дипломов и обучения в целом. Речь идет о развитии в рамках Европы всеобщей системы эквивалентности образования, квалификации и степеней, в частности, использования кредитной системы (ECTS), Приложений к диплому, создания поддерживающей инфраструктуры – сети национальных информационных центров (NARIC) и центров по мобильности и признанию (ENIC)» [2]. При всей недостаточной разработанности механизмов реализации этого позитивного начинания, в ряде вузов академическая мобильность рассматривается как весомый ресурс развития университета. Так, например, «академический обмен научно-педагогическими работниками с зарубежными вузами и организациями является неотъемлемой частью развития международных связей экономического факультета СПбГУ» [4]. В принципе, понятие мобильности применительно к преподавательскому составу вузов и научным работникам

предусматривает последовательное расширение спектра видов деятельности выдающихся учёных и педагогов современности за счёт вовлечения их в различные виды научно-педагогической деятельности, приобретающих своё наиболее полное и яркое выражение в форме академической мобильности. И в этом нам видится серьёзный ресурс для развития отечественной науки в целом. В заключение требуется остановиться на следующих позициях, чья проработка применительно к затронутой здесь теме могла бы дать серьёзные положительные результаты. Человек, вне зависимости от расы, национальности, страны проживания и вероисповедания, обретающийся и реализующий свои позитивные амбиции в научном мире, просто обязан проявлять академическую

1. Способность учёного-филолога быстро, адекватно и эффективно реагировать на глобальные изменения, прямо или косвенно касающиеся его - как и представителя филологической науки, и как человека с ярко выраженной и чётко сформированной гражданской позицией.

2. Готовность своевременно оказаться в той точке планеты, события в которой могут находиться в прямой зависимости от качества и срока исполнения его экспертной оценки. Подразумевается, что при наличии тех или иных форм ограничений возможности его перемещения учёный-филолог заинтересованно изыскивает пути компенсации своего отсутствия, говоря словами Марины Цветаевой, «в том самом месте».

3. Возможность результативно сотрудничать с учёными-филологами различных континентов путём прямого или опосредованного совместного обсуждения научных проблем, нахождения путей их исследования и преподнесения результатов заинтересованному пользователю, а также создания общих с представителями различных научных организаций и учреждений экспериментальных баз научных трудов, отражающих ход их работы.

4. Потребность соотносить полученные им научные данные с научными данными, полученными при прочих практически равных или схожих условиях, но в других климатических, геомагнитных либо этнокультурных зонах.

5. Строгая избирательность в процессе отбора информации для научного анализа и синтеза в условиях растущего и быстро изменяющего свою структуру планетарного информационного потока.

Вышеприведённые проявления академической мобильности учёного-филолога могут также лечь во главу угла при разработке последующих программ, предусматривающих различные формы самореализации современных учёных. Нам представляется, что тема данной работы ещё неоднократно будет становиться объектом нашего внимания, поскольку

именно с развитием академической мобильности мы в значительной мере связываем свои надежды на укрепление международного научно-педагогического сообщества.

ЛИТЕРАТУРА

1. Санкт-Петербургский государственный политехнический университет. Академическая мобильность (Электронная версия): [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://www.spbstu.ru/collaboration/mobility/ac_mob.asp

2. Московский авиационный институт (национальный исследовательский университет). Академическая мобильность (Электронная версия): [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.mai.ru/unit/ums/mobility/>

ЛАТЫШЕВ О.Ю. ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТТЕРІ СТУДЕНТТЕРІ МЕН ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫ ӘЛЕУМЕТТЕНУ ЖОЛЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ

Мақала авторы жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің білім алушыларының академиялық ұтқырлығын жүзеге асыру – олардың әлеуметтену жағдайын кеңейтудің негізі екенін атап өтті. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының өкілдері де, студенттер де болашақ шығармашылық ғылыми және педагогикалық қызмет барысында академиялық ұтқырлықтың әлеуметтік өзін-өзі бекіту жүйесі ретінде тез өсіп келе жатқан мәнін ұғынуға келіп отырғанын атап өтті. Зерттеушінің пікірінше, студенттерді оқыту, шетелдік университеттерде педагогтарды оқыту тәжірибесін енгізу, Еуропаның жетекші ғылыми-зерттеу мекемелерінде ғылыми зерттеулер жүргізу әлемдік мәдениет, ғылым және өндіріс жетістіктеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: академиялық ұтқырлық, студент, ЖОО, филология факультеті, әлеуметтендіру, білім беру.

LATYSHEV O. YU. ACADEMIC MOBILITY OF STUDENTS AND TEACHERS OF PHILOLOGICAL FACULTIES AS ONE OF THE WAYS OF THEIR SOCIALIZATION

The author notes that the implementation of academic mobility of students of philological faculties of higher educational institutions is the basis for expanding the conditions of their socialization. The paper notes that both representatives of the teaching staff of higher educational institutions and students consistently come to the realization of the rapidly growing importance of academic mobility as a system of their social self-affirmation for future creative research and teaching activities. According to the researcher, the training of students, the introduction of the practice of teaching teachers in foreign universities, conducting research in leading research institutions in Europe will provide an opportunity to join the achievements of world culture, science and production.

Keywords: academic mobility, student, higher education institution, philological faculty, socialization, education.

ӘОЖ 372.8:62

ЖОО ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ИНТЕГРАТИВТІК ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

РЫСҚҰЛОВ А.Қ. ПОШАЕВ Д.Қ. МҰСАҚҰЛОВ Қ.Т.

Бұл мақалада ЖОО оқыту үдерісіндегі интегративтік тәсілді қолдануды жүзеге асыру мүмкіндіктері зерттелінді, өйткені білім алу барысында білімнің интеграциялануына қажетті алғышарттар жасайтын көп пәндік пәнаралық байланыс орын алады. Осы пәнаралық байланыс арқылы білімгерлерде ақпараттарды жүйелі жинақтау, өңдеу және пайдалану жүреді.

Осындай дидактикалық байланыс негізінде білім беру орындарында болашақ оқытушыларды даярлауды жетілдірудің қосымша резервтерін, тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Білім берудің интегративтік қызметі – заманауи оқыту үдерісінің атрибуты ретінде жоғарғы оқу орындары дидактикасының міндеті болып табылатын, мақсатқа бағытталған, сенімді және ыңғайлы тәсіл болғандықтан, басқарылатын интеграцияланған білімді алға тартамыз.

Кілт сөздер: ЖОО, көркем еңбек, білімгер, интеграция, интегративтік тәсіл, оқытушы.

Қазіргі кезде «Адамзат пен қоғамның алдына аса күрделі міндеттерді қойып отырған жаһандану мен жаңғыртудың» әсерінен айналадағы әлем түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Мектептер оқушыларды түрлі мәдениет өкілдерімен серіктестік қарым-қатынас жасауды, алуан түрлі идеяларды, мүмкіндіктер мен құндылықтарды ескеруді, адамдар өздерінің алуан түрлілігіне қарамастан, технологиялардың көмегімен кеңістік пен уақыт кедергілерін жеңе отырып, бір-біріне сенім білдіруін және серіктестікте жұмыс істеуін қажет ететін әлемде, адамдардың өмірі ұлттық шекаралар аумағынан тыс мәселелерге байланысты болатын әлемде өмір сүруге және жұмыс істеуге дайындауы керек. 1[16]

Сол себепті қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын, сонымен қатар оны жақсартуға ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар шығармашылық, белсенділік, әлеуметтік жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық.

Осыған байланысты ЖОО-да қайта құру білім берудің мазмұнын жетілдіруді ғылыми пәндердің өзара байланыста жүргізілуін талап етеді. ЖОО-да білімгерлер жекеленген пәндерден алған білімдерін тұтас біріктіріп қабылдай алмайды. Оның негізгі себебі олар бір-бірімен байланысты сабақтастықта қарастырылмайды. Осының нәтижесінде білімгерлерде тұтас

көз қарастың туындауына қиындық туғызады. Сондықтан да білімгер санасында дұрыс көзқарас қалыптастыру үшін білім беру мекемелерінде оқу пәндері арасында интеграциялық байланысты анықтап, дұрыс пайдалана білу қажеттігі туады.

Осы орайда ЖОО-да оқу үдерісін интегративтік байланыс негізінде ұйымдастырылуы, ғылымдар жүйесінің бір арнаға тоғысуы, адамның интеллектуалдық өрісін байытумен бірге, бүкіл адамзаттық құндылықтар көзінің де бірлігін, жалпы ақиқат дүниенің біртұтас жүйе екендігі туралы ғылыми көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Ал, ЖОО-ры тәжірибесінде пәндер арасында интегративті байланысты жүзеге асыруда оқытушылар біршама қиындықтарға кездесіп отырғаны белгілі. Атап айтқанда, оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру, жеке пәндер арасындағы ортақ ұғымдарды, заңдылықтарды, бір-бірімен өзара байланыстылықта қарастыру, білімгерлердің танымдық, ізденушілік қабілеттерін, іс-әрекеттерін дамыту, алған білімдерін жинақтау, тәжірибеде қолдана білуге үйрету тағы басқа, мәселелер дидактикалық тұрғыдан шешуді қажет етеді.

Бірақ соңғы кездері оқыту үдерісінде интегративті тәсілді қолдану өзекті мәселе ретінде көтерілгендігін байқадық. Дегенмен, жалпы ЖОО-да бұл мәселе әлі толық өз шешімін таппағанын байқаймыз.

Оқу үдерісінде интегративті тәсілді ЖОО-ның оқытушылары өз тәжірибелеріне сүйеніп жүргізеді, сондықтан да оқулық пен оқу құралдарындағы тапсырмаларда интеграциялық байланыстың жете қамтылуын жүйелі ойластыру қажет.

Білім беру қазіргі ғылымның, мәдениеттің, ғылыми-техникалық прогрестің даму деңгейіне сай болу керек. Жалпы білімнің мазмұны ғылымдардың өзара байланысы, өндіріспен қоғамдық дамуы жаңару процесіне тікелей ықпал жасайды.

Қазірде оқыту мен тәрбие үдерісінде бұл мәселелерге және білімге пәнаралық байланыстар ретіндегі мәселенің маңызына және білім берудегі интеграцияны әртүрлі негіздегі зерттеулерге: И.Д.Зверьев, М.Р. Львов, Р.Г. Лемберг, В.А.Сластенин, Ю.А. Дмитриев Т.Оспанов, Т.Сабилов, А.А.Бейсенбаева, Э.Ж. Әлімқұлова және т.б. үлес қосты.

Сонымен ғылымның зерттеуінде бір ғылым тек өзіне тиісті пәнмен ғана емес, қайта көптеген басқа пәндермен бірлікте болуы қажеттігі айқындалды.

Көптеген педагогтар мен психологтардың пікірлеріне қарағанда, білімгерлердің түрлі пәндердегі білімдермен біліктерді, бейімділіктердің жеке элементтері арасындағы байланыстарды байқап және қабылдауы олардың білімдерін бір жүйеге келтіреді, ақыл-ойына серпіліс тудырады, таным қызметіне шығармашылық сипат береді.

Сонымен қатар бізді қоршаған нақты өмір жөнінде айқын, толық және біртұтас ұғымдар беріп, қалыптастыруға көмектесетін интегративтік тәсілдің, көзқарастың үлкен рөлін атап көрсетті. Қазақтың ұлы ағартушысы, әрі ойлы педагогы, артына өшпес, өлшеусіз мұра қалдырған, халқының адал перзенті Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» және «Қазақ мектерінде орыс тілін үйренуге басшылық» деген екі оқулығын жазды. Бұл еңбектерінде білім мазмұны дидактикалық қағидаларға сай негізделеді. Оқулықтар балалардың ойлауын, сөз қорын, өзіндік таным қабілетін дамытуға, ықпал жасайтын табиғат құбылыстары, айнала қоршаған тұрмыс-тіршілік көріністері туралы әңгімелер, суреттемелер, аңыз-ертегілер, еңбек әрекеттер тағы басқа материалдар алынған.

Бүгінгі қоғамның тереңдеп келе жатқан процесі мектептегі ғылымдар негізінен білім беруді, ғылымдардың алуан салаларының өзара байланысы негізінде құруды талап етіп отыр. Осыған орай, интеграциялық байланыстың философиялық, психологиялық, жалпы, ғылымдық және арнайы дидактикалық негіздері анықталуы тиіс.

Интегративтік тәсілдің философиялық негізінде дүниедегі барлық заттың, құбылыстардың бірімен-бірінің өзара байланыстылығы туралы тұжырымдалған дүние туралы білімдер де бірімен-бірі байланыста болады.

Негізінен оқу пәндері әр ғылымның логикасына сүйенетіндіктен, олар бір-бірінен өз алдына оңашаланып бөлектенбейді. Сондықтан ғылымның міндеті өзара интегративтік байланыстылықты танып білу.

Интегративтік байланыс кезінде материалдардың өзара байланысын, бір-біріне тигізетін ықпалын, ортақ, негізгі тенденцияларын, әлеуметтік, экономикалық рухани ортақ белгілерін бір-бірімен сабақтастыру, ортақ белгілерін бір-бірімен салыстыру, ортақ заңдылықтарын ашуды көздеуі тиіс. Білімгерлердің меңгерген білімдері сайып келгенде, әрбір жеке тұлғаның көзқарасына, сеніміне, өмірлік құндылық бағдарына, мінез-құлқының қағидасына айналуы керек. Қазіргі талап бойынша, қоғам, табиғат, адам арасын интеграциялық байланыс негізінде оқытуды мақсат етіп қойсақ, ізденсек ұлы педагог ақындарымыздың еңбектерін пайдалануға болады. Философ М.Орынбеков Абай философиясының негізі адам мәселесі екенін ашып көрсеткен. Абайдың уағыздағаны – адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, еңбекқорлық, білімділік, өзін-өзі бақылауы, ұлттық, парасаттылық, Абай аңсаған адам тәрбиесі үнемі оқу-ағарту ісінің алдына қойған мақсаттарының бірі болып келеді. Әсіресе, қазіргі таңда жеке тұлға тәрбиесін жоғарғы деңгейге көтеру. Оқу пәндерінде қарастырылатын табиғат, қоғам, адамдардың өзара әрекеті жөніндегі негіздер, оларды білім беру мазмұнының біртұтас жүйесінде біріктіреді. Осы арада пәнаралық байланыстың дүниеге көзқарас қызметі өте маңызды және шешуші рөл атқарады.

Пәнаралық байланыстардың тәрбиелеу функциясы білімгерлерде диалектикалық-матералистік дүниетанымды, дұрыс дүниеге көзқарасты қалыптастыруды көздейді. Осыған сәйкес білімгерлер білім және тәрбие берудің, дүниетанымын қалыптастырудың аса маңызды құрылымының бірі – интегративті байланыс болғандықтан, байланыстың негізгі міндеттерін көрсетсек;

1. Білімгерлердің оқыту үдерісіндегі интегративтік тәсілді түсінуін, саналы қабылдауын, танымдық белсенділігін қалыптастыру жұмыстарын ұйымдастыру.

2. Оқу пәндерінің білімгерлерге білім мен тәрбие беру, интеграциялық байланысты орнату мүмкіндіктерін айқындау мақсатында білім беретін білім беру мекемелерінің оқу жоспары мен бағдарламаларына талдау жасау. Барлық оқытушылардың пәнаралық байланысты практикалық қызметінде пайдалану.

3. ЖОО-нан тыс және білім беру мекемелерінен тыс жұмыстардың интеграциялық байланыста жүргізілуі. Бұл міндетті шешу озық тәжірибелерді жинақтауды, жұмыстың неғұрлым тиімді түрлерін практикада пайдалануды қажет етеді.

4. Интегративтік байланыс оқу пәндерінің арасындағы өзара байланыстың дамуына және танымдық іс-әрекеттің белсенді, ауқымды болуына жол ашады.

5. Интегративті тәсіл білім беру мекеме оқытушыларының жүргізетін педагогикалық әрекетін ғылыми негізде ұтымды ұйымдастыруына себепкер болады.

Интегративті тәсілден философиялық негізде дүниедегі барлық заттың, құрылыстың бір-бірімен өзара байланыстылығы туралы тұжырымдалған дағды алынады. Дүниедегі бар құбылыс бір-бірімен байланысты болады, сондықтан оны танып білетін ғылымдарда өзара байланысты.

Ғылыми әдебиеттерде интегративтік тәсілдің дидактикалық негізіне оқу пәндері алынған. Ғылымдардың гуманитарлық, табиғаттану және техникалық болып дәстүрлі топтастырылуы, олардың зерттейтін объектілерінің ортақтылығына, пәндік қатынастардың бірлігіне негізделген. Олардың қоғам, табиғат, еңбек салалары бойынша біріктіріледі де, әр пән өз ішінде білім, іскерліктерге арналған материалды және білімгерлердің жалпы таным объектілерін бір жүйеге келтіреді.

Қазіргі білім беру мекемелерінде жалпы білім беру мазмұны, оның ішіндегі оқу жоспарлары пәнаралық байланыс негізінде жетілдіріліп келеді. Осыған орай, ғалым зерттеушілердің, шығармашылық еңбек етуші

оқытушылардың ізденістері жүйеленген қорытындыланған жаңа пәндердің оқу-тәрбие үдерісінде қажет екендігін дәлелдеп отыр.

Оқу үдерісінің барысында білімгерлер танымдық, тәжірибелік, мақсатты-бағдарлы іс-әрекеттермен шұғылданады. Осы іс-әрекеттердің нәтижесінде білімгерде пәнаралық байланыс іскерлігі қалыптасады. 2[12-146]

Пәнаралық іскерлік білімгердің бір пәннен меңгерген білім іскерлік дағдыларын, екінші жақын пәндерді меңгеруді пайдалана білу қабілетінен көрінеді. Мәселен, «Көркем еңбек» пәнінен меңгерген білімді пайдалану іскерліктері, тіл-әдебиеті, тарих, математика т.б. пәндерді оқып үйренуде қолданылады. Сол сияқты білімгердің бір пәннен үйренген еңбек іскерліктері, екінші пәнді терең, жан-жақты меңгеруге ықпал жасайды.

Интеграцияланған білімнің ең негізгі дидактикалық міндеті – ол оқыту үдерісінің білім беру, тәрбие беру, дамытушылық сипатының арасындағы байланысты құру болып есептеледі.

Сонымен интегративтік тәсілдің маңызына мыналар жатады:

1. Оқу пәндер арасындағы өзара байланыстың болуы-ғылымдар негізін меңгерудің және білім жүйесінің дамуының қажетті шарты.

2. Диалектикалық көзқарастың қалыптасуы білім мазмұнының барлық құрамды бөліктерінің байланысын талап етеді.

3. Пәнаралық байланыс жан-жақты тәрбие беру жүйесінің барлық салаларын кешенді жүзеге асыруға ықпал жасайды.

Білім беру мекемелері сатысында жекелеген пәндер, ең алдымен білімгерде мәдениеттің базистік қырларын қалыптастыруға, яғни оның жеке тұлғасын тәрбиелеуге қызмет ететіндіктен, білім мазмұнының біртұтастығын қамтамасыз етудің маңызы зор. Бұл тұтастық үш түрлі ұстаным негізінде жүзеге асырылады.

1. «Қосарлана ену заңы» ұстанымы-білімнің базистік салалары жалпы білім мазмұнына екі түрлі жолмен: 1) жеке курс (пән) және, 2) басқа пәндер мазмұнының бөлінбес бір бөлігі түрінде енгізіледі. Мысалы, «Көркем еңбек» өз алдына жеке пән, әрі оқушы қол өнерін дамытады, әрі сурет салу, сызба қорын байытады.

2. Зерттеу нысанасының немесе әдісінің ортақтығы, «Түпкі мақсат – түрлі мақсат бірлігі» ұстанымы.

Сонымен қазақтың киіз үйі жаратылыстану пәнінде халықтың көшпенді өміріне тән тұрмыс-тіршілігінің бір басты сипаты ретінде қарастырылса, «Көркем еңбек» пәнінде-архитектуралық ғимарат, киіз үйдің ши тоқу, киіз басу, кілем тоқу, әр түрлі баулары сияқты бөліктерін дайындау біліктерін меңгертудің нысаны ретінде қарастырылады; олардың өлшемдерін, мөлшерін, құрамын, қасиеттерін, пішінін белгілеуге математика, химия,

биология, физика қатысады. Ал, оқу әрекетін қалыптастыру тәсілдері барлық пәнде жүргізіледі.

3. Бір пәннен алған білім, білік, дағдыны екінші пәнді оқытуға тірек ету, яғни кәдімгі интегративтік тәсіл ұстанымы қарастырылады.

Тағы да бір мысал, жаратылыстануда жыл мезгілдері туралы алған ғылыми түсініктерді көркем еңбекте «Күз бояулары», «Жапырақ мозайкасы», т.б. ауылшаруашылығы еңбегі сияқты тақырыптарда пайдалану, байланыстыру болып табылады.

Білім білімгердің табиғи және әлеуметтік жаңа ортаға икемделуін, әр алуан түрлі коммуникативтік жағдайларға еркін араласып қатысу, сауатты бағдарлай алу қабілетін дамытып, жүзеге асыратын білімгердің қажетті білім алуына, ауыз-екі сөйлеуін дамыту, ойын жазбаша сауатты жеткізу біліктерін қалыптастыруға, дүниені көркем бейнелеу немесе математикалық өрнектер арқылы бейнелеп қабылдауға кеңінен жол ашатын, танымдық, тәрбиелік, дамытушылық мүмкіндіктері мол жетекші пәндер ретінде қарастырылады. Білім білімгердің табиғи және әлеуметтік жаңа ортаға икемделуін, әр-алуан әрекет түрлерін меңгеруін, айналадағы дүниемен жеке өзіндік тұлғалық қарым-қатынасын, этикалық, адамгершілік нормаларды бойына дарытуын және белгілі бір қажетті деңгейде болуын қамтамасыз ететін құрылымдық жағынан өзара тығыз байланысты мынандай компоненттерден тұрады:

- 1) қоршаған ортаны біртұтас ғылыми бейнесі туралы ілім;
- 2) қоршаған ортаны логикалық-танымдық және ғылыми тұрғыда зерделеп білудің әдіс-тәсілдері туралы білім;
- 3) білімгерде қалыптасуы тиіс әрекет түрлері туралы білім.

Білім мазмұнының біртұтастығы интегративтік және пәнаралық байланыс ұстанымдары арқылы қамтамасыз етіледі.

Ең басты нәрсе – білім мазмұнын, құрылымын, оны оқытудың дидактикалық-психологиялық негіздерін оқытушының терең білуі шарт. Интегративтік тәсіл білім, білік және дағдының тұтас жүйесінің дұрыс қалыптасуына жағдай жасайды, әрі білімгерлердің әр түрлі пәндерден алған білімін орынды қолдана білуіне көмектеседі. Тақырыптық байланыстың негізіне пәндер, құбылыстар, фактілер туралы оқытудың міндеттері мен шарттарына байланысты әр түрлі жағдайларда қарастырылатын жалпы түсініктер мен ұғымдар алынады.

Білім беру мекемелерінде оқытылатын пәндердің бір-бірімен байланысу дәрежесі оларда берілетін білім мазмұнына орай әр түрлі болып келеді. Мысалы, көркем еңбек, бейнелеу өнері, музыка және ән пәндерінің ортақ міндеті – білімгердің жеке тұлғасын қалыптастыру, оларды қоршаған ортаның әсемдігін өнер түрлері арқылы түсіне білуге тәрбиелеу. Бұл пәндердің мазмұны баяндау, сипаттау, пайымдау тәрізді байланыстырып

сөйлеу дағдыларына үйретуге, әртүрлі жанрдағы мәтіндердің формасы мен мазмұны арасындағы өзара байланысты түсінуге, тілдік, сөйлеу және екпіндік (интонация) бейнелеу құралдары арасындағы үйлесімнің мәнін ұғынуға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, «Көркем еңбек» пәнін өзге пәндермен тығыз байланыста өткізуге мүмкіндік мол. Тек ол үшін оқытушы әр пән бойынша өзара ғылыми негіздерін ашып байланыстыра өткізуге қолайлы тақырыптарды алдын-ала іріктеп, анықтап алуы қажет. 3[66]

Оқу бағдарламаларында жеке пәндердің оқу материалы басқа кейбір пәндердің тақырыптарымен өте тығыз байланысты болып келеді. Бұл жағдайда дәрістің өн бойында интегративті тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік туады. Негізінен алғанда оқу пәндерін өзге пәндермен сабақтастыра өткізуге мүмкіндік өте мол.

Әрбір дәріс – білімгерлерді қоршап тұрған дүниені тану жолының бір көрінісі. Міне осы жолмен қазіргі кездегі ғылым, техника және мәдениет негіздерімен қаруландырып оқытушы өз білімгерлерін өмірге дайындайды. Бір жерде тоқырап тұрып қалу немесе аршындап алға басу дәріс кезіндегі білімгерлерде білімнің тиянақты жинақталуына байланысты екені даусыз нәрсе. Әр дәрісте білімгерлер өздерінің жұмысы барысында жаңа дағды мен іскерлікке ие болады. Сондықтан оқытушылар білім беру мекемелерінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда интегративті тәсілді қолдану және жүзеге асыру мүмкіндіктерін көрсетуі қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Көркем еңбек» пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана қ. 2017-66
2. Бастауыш мектепте оқыту барысында пәнаралық байланысты жаңа технологиялар арқылы ұйымдастыру. Сайт. Stud.kz
3. Көркем еңбек ұлдарға арналған – Мұғалімге арналған нұсқаулық. Б. Дүйсенова, С. Жолдасбекова, Ж. Құлбекова, Ф. Құрабаева. «Назарбаев Зияткерлік мектебі». 2017ж

РЫСКУЛОВ А.К., ПОШАЕВ Д.К., МУСАКУЛОВ К.Т. ЗНАЧЕНИЕ ИНТЕГРАТИВНОГО ПОДХОДА ДЛЯ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ.

В статье рассматривается сущность интегративного подхода в обучении. Поскольку в ходе обучения происходит систематическое накопление, переработка и использование разнопредметной информации, создаются уникальные предпосылки к интеграции знаний. Интеграция способствует увеличению дополнительных резервов и возможностей для дальнейшей подготовки специалистов в высших учебных заведениях на основе диалектической согласованности. Интегративный

подход – это целенаправленный, надежный и удобный подход, который реализует цели высшего образования как атрибута современного образовательного процесса.

Ключевые слова: Учебное заведение, художественный труд, студент, интеграция, интегративный подход, преподаватель.

RYSKULOV A.K. POSHAEV D.K. MUSAKULOV K.T. THE INTENTION OF INTEGRATION METHOD OF USE OF TRAINING.

In this context, the concept of integrative approach is being studied, as in the case of teaching, systematical analysis, use and dissemination of diverse information, which creates and integrates the principles of integration. This will allow increasing the additional reserves and possibilities for further training of specialists in the higher education institutions on the basis of dialectical harmony. The integral approach - this is a well-oriented, hopeful and convenient approach, which is the most important element of the didactic learning process, as the attribute of the modern process of learning is that there is an integrated control of integrable zenan.

Keywords: Educational institution, artwork, student, integration, integrative approach, teacher.

ӘОЖ 372.8:62

ОҚЫТУ ҮДЕРІСІ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ

ПОШАЕВ Д.Қ., ПОШАЕВ М.Д.

Мақалада, оқыту жүйесінің құрылымын психология жүйе ретінде қарастыру, оның тиімділігін арттырудағы маңызды факторлар болып снлатын компоненттерін анықтау, олардың оқыту үдерісінің тиімділігін арттырудағы рөлдері қарастырылады. Зерттеу нысанын бірыңғай, біртұтас жүйе ретінде қарастыру бастапқы қағида болып табылады. Бұл қағидалар барыниша жалпы жүйені көрсетуді талап етеді, осыған орай зерттеу нысаны еншілес жүйе, яғни оның компоненттері, блоктары болып табылады. Мақалада, негізгі үш деңгейге назар аударылады: мега-, макро- және микро. Олар оқыту үдерісінде: еншілес жүйелерінің ақпараттық-когнитивтік параметрлері мен олардың арасындағы өзара байланысы; тұлғалық сипаттамалары мен тұлғааралық қатынастар құрылымы; әрекеттік сипаттамалары мен өзара танымдық әрекет құрылымы арқылы сипат алады.

Кілт сөздер: оқыту үдерісі, психологиялық жүйе, біртұтас жүйе, еншілес жүйе, мега-, микро-, макро-деңгейлер.

Оқыту үдерісіне жүйелі талдау жасау қажеттілігі, ең алдымен, қазіргі күндегі оқыту теориясының бұл үдерістің барлық компоненттерін біріктіре

отырып, бірыңғай жүйе ретінде қарастырмауы болып отыр. Осының салдарынан оқыту жүйесінде білім алушылардың танымдық қызметінің маңызы, қалыптасу және даму мәселелерінің, сондай-ақ оқыту үдерісінің тиімділігін анықтайтын факторлардың шеңберін белгілеп көрсету мүмкін болмай отыр.

Жүйелі әдістің маңызы мен мазмұнын біржақты анықтау қиын. Десек те, жүйелі әдістің ядросын айқындап көрсетуге талпынар болсақ, оның имманентті (бір нәрсеге қарасты) мазмұны, – деп жазады В.П. Кузьмин, – оның шын мәніндегі интегралды өлшемі болып табылады. Өйткені пәнді біртұтас жүйе, кешен ретінде зерттеу оны құрайтын компоненттерді ашу ретінде танылады. Мұның өзі оны жүйе етіп, оның интегралды қасиеттері мен заңдылықтарын құрайтын болады [1, 73 б.].

Сондықтан, егер біздер оқыту үдерісін жан-жақты зерттейтін болсақ, оны бір тұтас жүйе ретінде қарастыра отырып, жүйе құраушы факторды айқындау және нақтылау қажеттігін байқаймыз. Соңғысы жүйелі әдістердің негізгі қағидаларын пайдалану арқылы оқыту үдерісін талдауды қарастырады.

Осы қағидалар негізінде, оқыту жүйесінің психологиялық мазмұнын *біртіндеп ашу* – дегеніміздің өзі оқыту үдерісіне жүйелі – психологиялық талдау жасауды білдіреді.

Зерттеу нысанын бірыңғай, біртұтас жүйе ретінде қарастыру бастапқы қағида болып табылады. Келесі қағида барынша жалпы жүйені көрсетуді талап етеді, осыған орай зерттеу нысаны еншілес жүйе, яғни оның компоненттері, блоктары болып табылады. Үшінші қағида зерттеу нысаны болып табылатын еншілес жүйенің жүйе ішіндегі маңызын анықтауды қарастырады. Төртінші қағида тікелей әрі кері байланыстарын көрсете отырып, еншілес жүйелер арасындағы өзара байланыстарды зерттеуден құралады. Бесінші қағида көпденгейлі талдау жасау қажеттілігін көрсетеді. Әдетте, негізгі үш деңгейге назар аударылады: мета-, макро- және микро деңгейлерге.

Осы қағидаларға сүйенетін болсақ, біздің зерттеу нысанамыз болып отырған оқыту үдерісін біртұтас динамикалық жүйе ретінде қарастыруға болады. *Оқыту* - деп оқыту мен оқу үдерістерінде жүзеге асырылатын, білім алушыларға оқыту және тәрбиелік әсер ететін бірыңғай жүйені ұғынатын боламыз. Бұл жағдайда біздер оқыту үдерісінен тыс жүргізілетін тәрбиелік шаралар жүйесін талдамаймыз.

Еліміздің білім беру жүйесі біздің зерттеу нысанамызға қатысы бойынша барынша жалпы жүйе болып табылады. Оқыту үдерісінің қажеттілік және жеткіліктілік талаптарына жауап беретін құрамдас бөліктері оқыту жүйесінің еншілес жүйесі (подсистемы) ретінде беріледі. Қажеттілік

шарттары ретінде оқыту үдерісінің: «білім беруші», «білім беру мазмұны» және «білім алушылар» секілді еншілес жүйелері арқылы көрініс тапса, жеткіліктілер шарттары қажеттілік талаптарын орындау кезіндегі байланыстармен қамтамасыз етіледі. Олар, «білім беруші», «білім беру мазмұны» және «білім алушылар» атты еншілес жүйелердің арасындағы тікелей және кері байланыстар болып келеді, осы арқылы қажетті шарттар жеткілікті шарттарға айналады.

Зерттеу нысанын жүйелі түрде көрсетудің маңызды бір ерекшелігі оны құрайтын маңызды сипаттамаларды зерттеу мүмкіндігін өзектендіру болып табылады. Мұның өзі оның тиімділігін анықтайтын факторлар болып келеді.

Мектеп және жоғары оқу орындарында тіпті бүкіл білім беру жүйесіндегі оқыту мәселелері ішінен оқыту үдерісінің тиімділігі немесе білім алушыға кез келген педагогикалық әсер етудің тиімділігі мәселесінен маңызды мәселе жоқ.

Адамдардың өмір сүру мәніне орай бұл мәселе алғаш рет дидактиканың негізін қалаушы Я.А. Коменский тарапынан танылды. Ол әзірлеген және «Ұлы дидактикада» суреттелген оқыту әдістері мен формалары педагогикалық әсер етудің тиімділігі туралы мәселені шешуге жасалған тұңғыш қадам болды. Оқыту нәтижелерін бақылау немесе тексеру тәсілдері тиімділікті өлшеудің алғашқы әдістемелік тәсілдері атанды. Осы күнге дейін сақталып қалған оқытудың сыныптық-сабақтық жүйесі бұл талпыныстың қаншалықты сәтті болғандығын көрсетеді. Десекте, оның тиімділігі соңғы кездері елеулі түрде төмендей түсуде. Өйткені одан бері төрт жүз жылдан аса уақыт өтті. Алайда, сыныптық-сабақтық оқыту жүйесінің сақталып қалу фактісінің өзі оқыту үдерісінің тиімділік мәселесін шешуде дидактикалық ғалымдардың қаншалықты мол күш жұмсағанымен маңызды еш нәрсе жасала қоймағандығын көрсетеді. Бүкіл әлемде білім беру жүйесін қайта құру мәселесі зор белең алуы осыған байланысты болса керек.

Кеңестік білім беру жүйесінің даму тарихында педагогикалық әсер ету тиімділігі мәселесі өзекті түрде танылмаған кезеңдері де болды. Мысалы, ликбез (сауатсыздықты жою) кезінде мұғалім алдында оқытудың барынша тиімді формалары мен әдістерін іріктеу мәселесі тұрмады. Мұғалім айтқан кез келген сөз пайдалы деп қабылданды, өйткені, ол кезеңде, білімге деген қажеттілік орын алды, оны қанағаттандыру үшін кез келген құрал пайдаланылды. Осыған орай, А.С. Макаренко былай жеп жазды: «жоқ» – деген сөзді кемінде жиырма түрлі белгіде айта алған кезде ғана өзімді педагог ретінде сезінем. Бірақ мұның өзі педагогикалық әсер етудің құрамдас бөлігі оқытуға қарағанда тәрбиеге көбірек қатысты сияқты болды.

Соңғы жылдары бұхаралық ақпарат құралдарының қарқынды дамуына байланысты, әсіресе, теледидардың тұрмысқа көптеп ендірілуіне орай,

жағдай тіптен ушыға түсті. Ерте жастан бастап адамның танымдық қажеттілігін қанағаттандыру мүмкіндігі жаңа ізденістерді өмірге әкелді. Мұның өзі мектептегі білім беруде де көрініс тапты. Бұл жағдайда дәстүрлі оқыту формалары, әдістері мен құралдары барынша аз қолданылды, өйткені олардың тиімділігі төмендеп қана қоймай, кейде теріс сипатқа ие болды.

Оқыту үдерісінің тиімділігі әрбір жүйе мен еншілес жүйелердің өзара байланысының мазмұндық сипаттамасына байланысты болады. Қажеттілік және жеткіліктілік талаптарына жауап беретін «білім беруші» еншілес жүйесінің мазмұны білім, іскерлік және дағдылардың өзекті деңгейі ретінде анықталуы мүмкін. Мұның өзін түптеп келгенде, оқытушының педагогикалық шеберлігі – деп аталады. «Білім беруші» еншілес жүйесінің мазмұны білім алушылардың білім, іскерлік және дағдылары мен қабілеттерінің өзекті деңгейі болады, ал «білім беру мазмұны» қолданыстағы оқу жоспарлары және бағдарламаларымен толық анықталады.

Нақты оқыту үдерісінде, әдетте, барлық еншілес жүйелердің параметрлері беріліп қойылады, ал оларды өзгерту оқыту үдерісінен тыс болған факторлармен іске асырылады. Тікелей оқыту үдерісі шеңберінде соңғысының тиімділігі бір жағынан – компоненттерінің өзара байланысты жүйесімен, екінші жағынан – топтық сипатына қарай «білім алушылар» еншілес жүйесінің түрлі мүмкіндіктерімен байланысты болады.

Көпдеңгейлі талдауды талап ететін жүйелік әдістің бесінші қағидасына сәйкес, негізгі үш деңгейді көрсетуге болады. Олар арқылы оқыту үдерісінің тиімділігін нақтылайтын боламыз. Мұнда, нақты бір талдау деңгейінде әрбір еншілес жүйенің психологиялық мазмұнын анықтау қажет.

Оқыту үдерісін талдаудың мегадеңгейінде қала отырып, біздер «білім беруші», «білім беру мазмұны» және «білім алушыларды» оқыту жүйесінің еншілес жүйесі ретінде қарастырамыз. Олардың нақты мазмұны жоғарыдағы білім, іскерлік және дағдылардың өзекті деңгейлері ретінде суреттеледі.

Оқыту жүйесі компоненттерін талдаудың макродеңгейінде еншілес жүйеге «оқытушы», «оқыту мазмұны» және «студенттер» нақтылануы мүмкін. Соған орай еншілес жүйелердің өзара байланысу құрылымы қолданыстағы оқу жоспарлары және бағдарламаларымен реттелген оқытудың мазмұны, әдістері мен құралдары арқылы оқытушының білім алушымен өзара әрекеттенуі (қарым-қатынасы) түрінде берілуі мүмкін. Әрине, мұнда оқытушы мен білім алушы арасындағы әрекет (қарым-қатынас) белгілі бір әлеуметтік рөлдерді орындаушылар ретінде орын алады деуге болмайды. Егер осылай болатын болса, онда оқытушы рөлі келген техникалық жүйе (магнитофон, бейнемагнитофон, компьютер) атқаратын еді. Алайда, бұл жағдайда білім алушылардың да рөлін осындай техникалық жүйелер

атқармақ. Мұның өзі осындай жағдайда оқыту үдерісі өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу бойынша өз әлеуметтік мәнін жоғалтатындығын білдіреді.

Сондықтан оқыту барысындағы оқытушы мен білім алушылардың өзара әрекеті туралы айтқанда, осы өзара әрекеттің өзіндік психологиялық-педагогикалық мазмұнын нақтылау қажет болады. Мұнда, оқыту үдерісінде «оқытушы» мен «білім алушы» еншілес жүйелерінің қандай нақты мазмұны өзекті болатынына назар аудару керек. Оқыту үдерісі туралы, қазіргі психологиялық-педагогикалық теория осы сұраққа жауап іздеуі тиіс. Осыған орай, оқыту мен тәрбиелеу адамдардың тұлға ретінде өзара әрекеттенуі және қарым-қатынас жасау барысында үдеріс болып табылады. Шындығында, кез келген педагогикалық жағдай, психологиялық тұрғыдан алғанда, ең алдымен тұлғалардың өзара әрекеті ретінде танылады. Содан соң барып белгілі бір әлеуметтік рөлдерді: мұғалім мен білім алушы рөлдерін тасымалдаушы адамдардың өзара әрекеті ретінде қарастырылады.

Оқу-тәрбие үдерісінде адамдар өзара бір-бірімен тұлға ретінде араласады. А.В. Петровскийдің пайымдауынша қарым-қатынас жасаушы индивидтер арасында «тұлғалар алмасуы» орын алады [2, 102 б]. Сондықтан талдаудың макродеңгейінде оқыту жүйесі тұлғалардың өзара әрекеті ретінде көрініс табады.

Талдаудың осы деңгейінде оқыту үдерісінің тиімділігі оқыту мазмұны, әдістері және құралдар арқылы білім беруші мен білім алушылардың өзара әрекеттері тиімділігі мәселесіне қарай нақтылана түседі. Педагогикалық үдеріске қатысушы тұлғалар мен олардың өзара әрекеті оқыту жүйесінің тиімділігін анықтайтын факторға айналады. Мұның өзі белгілі бір дәрежеде оқыту мазмұны, әдістері мен құралдары арқылы жүргізіледі. Ал, олардың өзі қолданыстағы оқу жоспарлары және бағдарламаларымен анықталынады. Өзара әрекеттенудің тиімділігі тұлғалардың білім деңгейімен ғана емес, сондай-ақ индивидтік тұлғалардың қатынас заңдылықтарын білумен де байланысты болады. Ең бастысы шынайы оқыту үдерісі жағдайында оларды қолдана білумен байланысты келеді.

Оқытушының беделі көп жағдайда оқыту үдерісінде туындайтын тұлға аралық қатынастар жүйесіндегі тәжірибесімен анықталады. Мұның өзі оқытушы тұлғасына жоғары талаптар қояды. Ол үшін арнайы психологиялық білім, тәжірибе қажет. Бұл әсіресе, белсенді оқыту әдістерін қолданғанда ерекше мәнге ие болады. Бұл жерде өзара бірлескен танымдық үдеріс маңызды болып табылады. Бірлескен танымдық әрекетті белсендіру үшін тұлға аралық қатынастар туралы білімді барынша дұрыс пайдалану қажет болады.

Жүйені талдаудың макродеңгейінде қарастырылған факторлардан басқа, оқыту үдерісінің тиімділігін арттырудың және бір факторы – мұғалімді

арнайы әлеуметтік-психологиялық дайындықпен қамтамасыз ету болып табылады. Оның мақсаты – мұғалім бойында тұлға аралық қатынастар заңдарын білуі негізінде қарым-қатынас дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру.

Оқыту үдерісін талдаудың микродеңгейіне көшу негізгі дитерминанттарды анықтауды білдіреді, сол арқылы тұлға өзін-өзі жүзеге асырады, соның ішінде оқу үдерісінде өзін-өзі жүзеге асырады, мұны «адам тұлғасының шынайы белгісі», – деп көрсетеді А.Н. Леонтьев, яғни өз табиғаты бойынша дүние деген қоғамдық қатыныстардың жиынтығы. Бұл қатынастар оның әрекетінде, анығырағы алуан түрлі әрекет жиынтығында жүзеге асады» [3, 183 б.]. Адам өзін әрекет барысында ғана жүзеге асырады. Адамды ісі бойынша, ал тұлғаны әрекеті бойынша бағалайды. Сонымен, микродеңгейдегі оқыту жүйесі оқытушы мен білім алушының өзара қызметінде нақтылынады. Көріп тұрғанымыздай, талдаудың осы деңгейінде «оқыту мазмұны» еншілес жүйесі, сондай-ақ оқыту әдістері мен құралдары айқын, мөлдір бола бастады. Сөйтіп «білім берушінің әрекеті» мен «білім алушылардың әрекеті» еншілес жүйелерінде орныға түседі. Шындығында да осылай, өйткені әрекет пен оқытушы және білім алушылар бастапқыда оқыту мазмұны, әдістері және құралдарымен реттеледі. Оқыту үдерісі жағдайында, мазмұны бойынша, танымдық әрекеттің қалыптасуы мен дамуы басқаша өріс алуы мүмкін емес.

Осы деңгейдегі оқыту үдерісінің тиімділігін анықтайтын факторлар ретінде білім беруші мен білім алушылардың әрекетті мазмұны мен өзара әрекеті танылады. Алдыңғы дидактикалық жүйелеуді талдау барысында көзіміз жеткендей, олар біртіндеп формасы бойынша біріккен, ал мазмұны бойынша танымдық әрекетке айналады.

Осыған орай, өзара танымдық әрекеттің қалыптасуы микродеңгейдегі оқыту жүйесінің тиімділік критерийі болып табылады. Соңғысы талдаудың терең нақты деңгейінде оқыту жүйесі функциясының әрі шарты, әрі нәтижесі болып келеді. Шарт ретінде өзара танымдық әрекет өзінің динамикалық жағынан үдеріс болып танылса, ал нәтиже ретінде – үдерістің морфологиялық құрылымын түзеді. Соңғы қасиетті өзара танымдық әрекеттің нақты қалыптасқан деңгейі деуге болады. Түптеп келгенде, бұл оқыту үдерісі жағдайында танымның төменгі даму деңгейін сипаттайтын дискретті өлшем болып саналады. Бұл, оқыту үдерісі шарты бола отырып, оның нәтижесіне айналады. Сонымен, өзара танымдық әрекет кез келген оқыту үдерісінің мақсаты бойынша мол тиімділікке қол жеткізудегі қажетті шарт болып табылады.

Бұл қорытынды заңды да, өйткені талдаудың мегадеңгейінде оқыту үдерісінің еншілес жүйелерінің бөлігі, қажеттілік пен жеткіліктілік

талаптарына жауап берді. Осы, еншілес жүйелердің мазмұнын ары қарай нақтылануы, жүйелі талдаудың әр деңгейіндегі талаптарын қанағаттандырады.

Сонымен, оқыту үдерісін талдауда жүйелі әдістің негізгі қағидаларын пайдалана отырып, біздер оның басты еншілес жүйелеріне назар аударуды, олардың психологиялық мазмұнын біртіндеп нақтылап, әрі бөліп көрсете отырып, оқыту үдерісіне жүйелі психологиялық талдау жасауды ұсынамыз [4, 241 б]. Мұның өзі оқыту үрдісі нәтижелілігін анықтайтын негізгі факторларды айқындауға және талдауды үш деңгейде нақтылауға мүмкіндік береді.

Жүйелі талдаудың мегадеңгейіндегі мұндай факторлар – оқыту үдерісінде еншілес жүйелерінің ақпараттық-когнитивтік параметрлері мен олардың арасындағы өзара байланыс; макродеңгейінде – оқыту үдерісі еншілес жүйелерінің тұлғалық сипаттамалары мен тұлғааралық қатынастар құрылымы; микродеңгейінде – оқыту үдерісі еншілес жүйелерінің әрекеттік сипаттамалары мен өзара танымдық әрекет құрылымы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кузмин Н.В. Системный подход в современном научном познании // Вопросы философии. 1980, №1. –С. 55-73.
2. Петровский А.В. Вопросы истории и теории психологии // Избранные труды. – М.: Педагогика, 1984. – 272 с.
3. Леоньев А.Н. Ис-әрекет. Сана. Тұлға. // Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10Томдық. 1Т. Алматы, ТаймасБаспа үйі, 2005. – Б.16-78.
4. Пошаев Д.Қ. Білім беру саласындағы дағдарыс және одан шығу жолдары // Қазіргі жаһандық сын-қатерлер жағдайындағы тәуелсіз қазақстанның ғылым, білімі мен мәдениетінің дамуы. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері. – Шымкент, 2013. Том 5. Б. 240-242.

ПОШАЕВ Д.Қ., ПОШАЕВ М.Д. УЧЕБНЫЙ ПРОЦЕСС – ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ СИСТЕМА

Учебный процесс характеризуется в статье как психологическая система. Описаны компоненты, определяющие важнейшие факторы повышения ее эффективности, их роль в совершенствовании процесса обучения. Исходным положением является рассмотрение объекта исследования как единой системы, в которой могут быть выделены дочерние системы, т. е. ее компоненты, блоки. Основное внимание в статье уделяется описанию трех уровней: мега -, макро - и микро. Они определяются посредством: информационно-когнитивных параметров дочерних систем и взаимосвязей между ними; личностными характеристиками в структуре межличностных отношений; деятельностными характеристиками в структуре взаимодействия познавательной деятельности.

Ключевые слова: процесс обучения, психологическая система, единая система, дочерние системы, мега-, микро-, макро - уровни.

POCHAEV D.K., POCHAEV M.D. EDUCATIONAL PROCESS – PSYCHOLOGICAL SYSTEM

The article deals with the formation of the structure of the learning system as a system of psychology, the definition of the components that determine the most important factors to improve its efficiency, their role in improving the efficiency of the learning process. The initial principle is to consider the object of study as a single, unified system. These principles require the display of the maximum common system, in connection with which the object of study is a child system, i.e. its components, blocks. The article focuses on three main levels: mega -, macro - and micro. They are characterized in the learning process by: information and cognitive parameters of child systems and the relationship between them; personal characteristics and structure of interpersonal relationships; activity characteristics and structure of interaction of cognitive activity.

Keywords: learning process, psychological system, unified system, child systems, mega -, micro -, macro - levels.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА

УДК 579(075.8)

**ЫСТАЛЫП-ҚАҚТАЛҒАН ЕТ ӨНІМДЕРІНІҢ
БОЙЫНДАҒЫ МИКРОФЛОРАНЫҢ МИКРОБИОЛОГИЯЛЫҚ
ИДЕНТИФИКАЦИЯСЫ**

ЖАППАРБЕРГЕНОВА Э.Б., МАМЫТОВА А.Ы., ӘЛЬ-ФАРАБИҚЫЗЫ Ж.

Қазақстан ежелгіден малшаруашылығымен тығыз айналасып келген ел болып табылады. Осы сала өнімдері ірі малшаруашылық комплекстерде, орташа жекеменшік фермерлік шаруашылықтарда, үй іргесіндегі кішігірім қожалықтарда өндіріліп отырылады.

Осыған орай, ұсынылып отырған ғылыми мақалада ысталып қақталған ет өнімдерінің микрофлорасы зерттелініп, туысқа дейінгі идентификациясы жүргізілген.

Зерттеу барысында келесі нәтижелер анықталды: зерттеу объект бойындағы микрофлорадан бактериялыды культуралар бөлініп алынып, микропрепарат жасалды, микроскопиялық талдаулар өткізілді.

***Кілт сөздер:** бактериялыды штамдар, дақылдау, микропрепараттар, таза дақылдарды микроскопиялау, колониялар.*

Тақырыптың өзектілігі. Еліміздің ауылшаруашылық секторында ерекше орын алатын мал азық өнімінің маңыздылығына байланысты алдыңғы орында тұрып, экономикалық тиімділігінің арқасында заманауи техникамен технологиялардың жаңа түрлерін кеңінен қолданып келеді.

Малшаруашылық өндіріс өнімдері адамның ас мәзірінде, әсіресе қазақ халқының дәстүрлі ұлттық дастарханында түрлі өңделген түрде кездеседі. Соңғы жылдары тұтынушылар арасында малшаруашылық өнімдерінің қақталған түрлеріне сұраныс артып келеді [1, 214 бет].

Нәтижесінде өнімді дайындау биотехнологиясы жаңартылып, осы өнімді шығаруға бағытталған түрлі көлемдегі өндіріс орталықтар саны өсуде. Айталық, ысталған, қақталған қой, тауық, күрке тауық, сиыр еті урбанизацияланған қала тұрғындары үшін маңызды тағамдар қатарынан кең орын тауып келеді.

Практикалық мәнділігі. Қазақстанда ысталып қақталған ет өнімдерін өнімдейтін түрлі көлемдегі өндірістер көзі саны өсіп келеді.

Бұл өнімдер елдің нарығын дамытуға өз ықпалын тигізіп, ауылшаруашылық кластердегі өзекті мәселелердің бірі – еліміздің азық-түлік бағдарламасын орындауға бағытталған сала болып табылады.

Ысталып қақталған ет өнімдер өндірістік орталықтарында қолданатын шикізаттың сапасы төмендегі талаптарға сәйкес болуы қажет: шикізаттың химиялық құрамы стандарттарға сәйкес келуі, технологиялық процестермен рецептуралардың сақталуы, санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы.

Аталған ережелердің сарапталып, уақытылы орындалуы ысталып қақталған ет өнімдерінің сапасына әсер ететін бірінші кезектегі фактор болып келеді.

Зерттеудің мақсаты. Әлемдік нарықта жоғары сұранысқа ие тағамдар қатарына – ысталып қақталған ет өнімдері жатады. Осыған орай, ғылыми еңбекте адам ағзасының қалыпты қызмет жасауына септігін тигізетін ысталып қақталған ет өнімдері зерттеу объектісі ретінде таңдалып, Оңтүстік Қазақстан облысында ашылған малшаруашылық фермаларымен қожалықтар шығаратын өнімнің биотехнологиялық өзгешеліктері, жергілікті микрофлорасы зерттелуі көзделді.

Ғылыми жаңалығы. Ғылыми еңбекте алғаш рет Оңтүстік Қазақстандағы кіші көлемді малшаруашылық фермаларменен жеке меншік қожалықтар өндіретін ысталып қақталған ет өнімдерінің бактериологиялық, дақылдық, органолептикалық көрсеткіштері тәжірибе нәтижесінде анықталып, ыстау технологиясына салыстырмалы сараптау жүргізілді.

Микробиологиялық зерттеу барысында ысталып қақталған ет өніміндегі микрофлораның жергілікті штамдары бөлініп алынды және туысқа дейінгі систематикалық идентификацияланды.

Ғылыми еңбектің міндеттері:

1) Оңтүстік Қазақстандағы кіші көлемді малшаруашылық фермаларменен жеке меншік қожалықтар өндіретін ысталып қақталған ет өнімдерінің бактериологиялық сараптамасын жүргізу.

2) Ысталып қақталған ет өнімдеріндегі ұлпалар құрамын зерттеу.

3) Ысталып қақталған ет өнімдердің органолептикалық сараптамасын жүргізу.

4) Ысталып қақталған ет өнімдеріндегі микрофлораның морфологиялық, дақылдық белгілерін зерттеу.

5) Микрофлораның морфологиясын микроскопиялау нәтижесінде туысқа дейінгі систематикалық идентификациясын жүргізу, микрофототүсірілімдер алу.

Зерттеу әдістерімен нәтижелерін талдау. Зерттеу объектісі ретінде Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан кіші көлемді малшаруашылық фермалармен жеке меншік қожалықтар өндіретін ысталып қақталған ет өнімдері таңдалды.

Зерттеу тәсілдері келесі: өнімдердің технологиялық процестерімен ережелері; өнімнің органолептикалық бақылауы; микрофлораның таза дақылдарын лабораториялық ортада бөліп алып, өсіру, дақылдау тәсілдері; микропрепарат фототүсірілім әдісі [2, 102 бет].

Бактериологиялық тәжірибе барысында келесі әдістер қолданылды: агар-агар ортасында микрофлораның колонияларын 27⁰С температурада 58% ылғалдылықта термостат жағдайында өсіру; дақылдық белгілерді сараптау; «Холодный», «Грам», «Романовский-Гимзе» әдістерімен микропрепараттар әзірлеу.

Бір қалыпты температурадағы термостат қондырғысында ысталып-қақталған ет өнімдерінің микрофлорасы өсіріліп, колониялар алынды.

Жасанды агар-агар қоректік ортада зертханалық жағдайда өсірілген микроағзалардың культуральдық белгілерін зерттеу барысында төменде көрсетілген нәтижелерге қол жетті:

- а) колония пішіні - дөңгелек;
- б) колонияның қырынан қарағандағы пішіні – дөңес;
- в) колонияның жиегі – толқын тәрізді;
- г) мөлшері – нүктелі, ұсақ (диаметрі 1 мм дейін);
- л) беткі жағы - қыртысталған;
- е) беттің оптикалық қасиеті – бұлыңғыр
- ж) түсі – ақшыл-сары;
- з) колонияның құрылымы – біркелкі;
- и) жұмсақтық дәрежесі – өте тығыз (сурет 1).



1-сурет. Зерттеу объектісінің агар ортасындағы популяциясы

Колониялардың культуральды белгілері микробиологиялық бақылаудың алғашқы зерттеуі болып келіп, бактериялар идентификациясына қажетті ақпараттар берді.

Мәселен, колониялар дөңгелек, ірі көлемді болып келді.

Романовский-Гимзе әдісі бойынша дайындалған препараттарды микроскопиялау нәтижесі

Романовский-Гимзе әдісі бойынша боялған препараттарды микроскопиялау және ұлғайтып көрсететін микроскоптың көмегімен суретке түсіру жұмыстары бірнеше кезеңде жүрді.

Микроскопиялау барысында ысталып-қақталған ет өнімдерінің микрофлорасы шар тәрізді жасушалардан тұратындығы анықталды.

Жас жасушалары қозғалмалы, мөлшерлері 0,5x1,5мкм; ересек жасушалары стационарлы даму кезеңінде, мөлшерлері ұлғайған және қозғалыс жасамайды.


Бөліп алынған ысталып-қақталған ет өнімдерінің микроорганизмдерінің жергілікті штамдарын сараптау кезінде олардың шар тәрізді морфологиялық топқа жатып, жеке немесе жұптасқан колониялық бірлестіктен тұратыны анықталды.

Сонымен қатар, агар-агар бетінде құрған дақылдарының белгілерін, клеткалардың өлшемдерін назарға ала отырып және микропрепараттардың мәліметтерімен салыстырып, біз бактериялардың басым санын *Micrococcus* туысы деп идентификациялаймыз.

Жасушаның кейбір бөліктері қорғаушы, шарышты капсуламен қапталған болады.

Жасушаның бұл бөлігінің морфологиялық өлшемдері сарцина тәрізді пакеттерде шар тірізді жасушалар жеке және жұптасқан қосылыстардан тұрады, яғни *Micrococcus*, *Streptococcus* туысының өкілі болып идентификацияланды.

Микропрепараттарды бояу кезінде вегетативті жасушалары қара-көк түске, ал капсулалары ашық қызыл түске боялады (сурет 2).



2-сурет. Романовский-Гимзе микропрепаратының микроскоп арқылы түсірілген көрінісі

Тәжірибелік жұмыстардың нәтижелері сарапталып, төмендегі келесі қорытындыларға қол жеткіздік.

Біріншіден, жасанды қоректік ортада агар-агарда өсірілген популяцияның культуралық идентификациясы жасалды.

Екіншіден, тығыз қоректік ортада өсірілген және Грам тәсілі бойынша боялған бактериялардың морфологиялық белгілерін зерттеу кезінде келесі нәтижеге қол жеткізілді: шұжықтан алынған микропрепаратта қанық күлгін түске боялған шар тәрізді бактериялар анықталды.

Романовский-Гимзе әдісі бойынша препараттарды микроскопиялау кезінде ысталып-қақталған ет өнімдерінің микрофлорасы шар тәрізді жасушалардан тұрып, олар жеке немесе жұптасып, қысқа тізбекті колония түзетіндігі анықталды.

Жасушаның кейбір бөліктері қорғаушы, шырышты капсуламен қапталған болады.

Жасушаның бұл бөлігінің морфологиялық өлшемдері сарцина тәрізді пакеттерде шар тәрізді жасушалар жеке және жұптасқан қосылыстардан тұрады, яғни *Micrococcus*, *Streptococcus* туысының өкілі болып табылады.

Микропрепараттарды бояу кезінде вегетативті жасушалары кара-көк түске, ал капсулалары ашық қызыл түске боялады.

Микропрепараттардың идентификациялық жұмысын қорытындылай келе, біз шұжық микрофлорасы сүтқышқыл бактерияларының *Micrococcus*, *Streptococcus* туысының бактериялары деген тұжырымға келдік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шевелуха В.С., Калашникова Е.А., Воронин Е.С. Сельскохозяйственная биотехнология – 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Высшая школа, 2003г. - 469 с.

2. Теппер Е.З., Шильникова В.К., Переверзева Г.И. Практикум по микробиологии -5-е изд., перераб. и доп. - М.: Дрофа, 2004г.- 256 с.

ЖАППАРБЕРГЕНОВА Э.Б., МАМЫТОВА А.Ы., АЛЬ-ФАРАБИКЫЗЫ Ж. МИКРОБИОЛОГИЧЕСКАЯ ИДЕНТИФИКАЦИЯ МИКРОФЛОРЫ КОПЧЕННЫХ МЯСНЫХ ИЗДЕЛИЙ

Казахстан является традиционно животноводческой страной. Продукция в данной отрасли производится в крупных животноводческих комплексах, в средних фермерских хозяйствах, а также на частных подворьях.

В представленной научной статье изучена микрофлора копченых мясных изделий из разных вышеуказанных комплексов, проведена их идентификация.

Авторами были выделены бактериальные культуры из микрофлоры изучаемого объекта, приготовлены, микроскопически исследованы и описаны микропрепараты.

Ключевые слова: *бактериальные штаммы, культивирование, микропрепараты, микроскопирование чистых культур, колонии.*

ZHAPPARBERGENOVA E.B., MAMYTOVA A.Y., AL-FARABI ZH.
MICROBIOLOGICAL IDENTIFICATION OF MICROFLORA IN SMOKED MEAT PRODUCTS

Kazakhstan is traditionally a country of livestock. Production in this branch is made both in large livestock complexes, and in average farms, on private farmsteads.

In this regard, in the presented scientific article, the microflora of smoked meat products from different above-mentioned complexes was studied, identification to the genus was carried out.

During the research, bacterial cultures were isolated from the microflora of the object under study, micro-preparations were prepared, microscopically investigated.

Keywords: *bacterial strains, cultivation, micro-preparations, microscopy of pure cultures, colonies.*

ӘОЖ 582.24: 664.7 (574.6)

**БҰРШАҚТЫ ДАҚЫЛДАР ТҰҚЫМДАРЫНЫҢ
МИКОФЛОРАСЫ**

ӨТЕШОВА Г.П., САРСЕМБАЕВА М.У.

Мақалада әр түрлі экологиялық жағдайларда бұршақ дақылдарының тұқымдарын саңырауқұлақ инфекцияларынан қорғау жөніндегі материалдар келтірілген. Дәнді тұқымдарды паразиттермен және бактериялық аурулармен жұқтырудың алдын алу жүргізілген.

Осы уақытқа дейін зерттеушілердің бірі саңырауқұлақ жұқтырған тұқымдардың құрамын және олардың зияндылығын зерттеді, ал басқалары саңырауқұлақтардың тұқымға енуін және таралуын анықтады. Осы жұмыстардың барлығында тұқым және басқа да егіс материалдары арқылы инфекцияның таралу мүмкіндігі көрсетілген, бірақ бұл үдерістің механизмі жеткіліксіз сипатталған. Өсімдік ауруларын қоздырғыштармен қатар, біз бұршақ дақылдарының тұқымдық материалына айтарлықтай залал келтіретін әртүрлі паразиттік-саңырауқұлақтарды зерттеген болатынбыз.

Кілт сөздер: *саңырауқұлақтар, микофлора тұқымдары, егістер, инфекция, механизм, өсімдіктер, экологиялық, ауылшаруашылық, дәнді, бактериялық.*

Бұршақты дақылдар тұқымдарының 775 сынамасын талдау барысында, Pisum sativum, Phaseolus vulgaris, Phaseolus aureus, Glycine sativum секілді тұқымдар, Қазақстанның оңтүстігінде, 28 түріне, 20 текке, 10 тұқымдасқа, 4 топқа жататын, сақтау және топырақты саңырауқұлақ түрлерімен, үстірт және сондай-ақ субэпидермиалды зақымданған болып шықты. Оның ішінен,

біз, бұршақты дақыл тұқымдарынан 4 топқа, 9 тұқымдасқа, 18 текке жататын, саңырауқұлақтардың 26 түрі анықталып, теңдестірілген. Бұршақ дақылдарында, саңырауқұлақ түрлерінің кездесу дәрежесі, әр түрлі. *Phaseolus vulgaris* тұқымдарында 16 түр, *Pisum sativum* тұқымдарында 14, *Phaseolus aureus* тұқымдарында 12, *Glycine sativum* тұқымдарында 11 түр. Қазақстанның оңтүстігі үшін, алғашқы рет *Phaseolus vulgaris* тұқымды *Stemphylium macrosporioideum* (Berk.) Sacc. түрі бөлінген. Оның ішінен, көптеген түрлері, мысалы, бұршақ тұқымдардың 1545 сынамасының тұқымдарын талдау кезінде, Оңтүстік Қазақстанда *Triticum aestivum*, *Hordeum vulgare*, *Avena sativa*, *Zea mays*, *Oryza sativa*, *Panicum miliaceum*, *Sorghum vulgare* секілді тұқымдар жеңіл-желпі, сонымен бірге 122 түрге, 40 тұқымға, 19 тұқымдасқа, 3 бөлімдерге жататын, топырақты түрлері мен сақтау саңырауқұлақ түрлерімен субэпидермиалды түрде зақымдалған болып шықты. Соның ішінде, біз астық дақыл тұқымдарынан, 3 бөлімге, 13 тұқымдасқа, 27 тұқымға жататын саңырауқұлақтардың 58 түрін бөліп, теңестірдік. Оның ішінен саңырауқұлақтардың 2 түрі, Оңтүстік Қазақстанда бұршақ бірінші рет бөлініп алынған: *Panicum miliaceum* тұқымдарынан *Piricularia grisea* Sacc.; *Avena sativa* тұқымдарынан *Phoma avenae* Sacc. *Phyllosticta sojaecola* Mass., тұқымдар арқылы беріліп, сәйкесінше өсімдіктер ауруларын тудырады [1].

Pisum sativum тұқымдарынан, 3 бөлімге, 8 тұқымдасқа, 12 текке жататын, 14 түрі бөлініп, шыққан. *Pisum sativum* тұқымдарының микрофлорасы, сақтау саңырауқұлақтарымен ұсынылған, сондай-ақ топырақты саңырауқұлақ түрлерімен ажыратылып көрсетілген.

Тұқымдар бетінде, кейіннен сұрланатын, ақ ұнды-тор тозаң пайда болады. Конидийлер эллипсоидалды, 35-40x18-19 мкм. Жапырақтардың екі жағынан да, топтасқан клейстокарпиялар, диаметрі 125мкм. Өсінділер саны көп, түсі өңсіз, иінді, қарапайым, 100x8 мкм. Көптеген қалталы, эллипсоидалды, 50-30 мкм. Споралары эллипсоидалды, қалтада 4-6-дан, 22x12 мкм, біржасушалы, өңсіз[2].

ОҚО, Жетісай а. астық қоймасы, 25.08.2017ж.

Botrytis cinerea Pers. Бірлескен дерновниктер, борпылдақ-киізді, сарғыш түсті, сұр, жасыл-сұр түсті, жапырақтың екі беті, сабағы, Конидий сағағы көптеген қалқалы, тік, көпқабатты, көбінесе ұшына қарай, ағаш секілді тармақталған. Сирек жағдайда қарапайым, қабығы қалың 252-438x8,4-16,8 мкм, төменгі бөлігі сұрғылт, сарғыш-қоңыр, ұшына қарай солғындау болып келіп өңсізденеді. Ақырғы бұтақтары қысқа, конидийлер тығыз жиналып орналасқан майда тісті, бұтанақты шығыңқылармен аяқталады. Конидийлер біржасушалы, жұмыртқа тәріздес, эллипсоидалды немесе доғалақтау келген, 8,4-15x6,3-10 мкм[3].

ОҚО, Сарыағаш а. астық қоймасы, 26.08.2017 ж.

Verticillium nigrescens Sacc. 2-4 күлтебасты конидий сағақтары, мол, пердеаралық, көбінесе қайта тармақталатын, әрқайсысының құрамында 1-5 филиад (көбінесе 3-4). Конидий сағақтарының ұзындығы 120-360x3-4 мкм. Конидийлер біржасушалы, ұзартылған, ұштары жұмырланған, өңсіз, 8-3x1,5-4 мкм, 4-11,5 мкм шоғырбастарға жиналған.

Чапек ортасындағы саңырауқұлақ шоғырлары жайылған мақта тәріздес алғашында ақ түсті, кейіннен ақырындап қараяды. Ауа жіпшумақ гифтері үлкейіп отырады, содан кейін, домалақ формалы микросклероцийлерді жасай отырып, барлық бағыттарда бүршік атады. Бастапқыда, олар ашық-қоңыр түсті, кейіннен қоңыр түске айналады.[4].

ОҚО, Жетісай а. астық қоймасы, 25.08.2017ж.

Fusarium culmorum (W. G. Sm.) Sacc. Макроконидийлер, спородохиялар мен пионоттарда пайда болады, сирек жағдайда ауа жіпшумағында, түрі иірімді-орақ тәріздес, орақ тәрізді немесе тік және сонда екі бүйірі тең емес, сирек жағдайда параболалық иілген, кейде цилиндр тәрізді иірімді келген; басқа жақын конидийлермен салыстырғанда, орталық жасушалар диаметрі кеңдеу келген, қысқа, кенеттен емшек тәрізді немесе тек қысылып тарылып кететін, кейде біршама ұзартылған және жоғарғы жасушамен бүгілген, көрінуі азды көпті, аяқшасымен немесе бүртік тәрізді негізімен, қалың қабығымен, 3-5, сирек жағдайда 6-8, жақсы көрінетін қалқаларымен, массасында түсі сары, қызғылт, кейіннен жоса түсті, ашық-қоңыр немесе қызыл-жоса. Майда бір немесе екі жасушалы конидийлер, ауа жіпшумағында сирек кездеседі; 3 қалқалы макроконидийлер 15-56x3,7-11,5 мкм, 5 қалқалы 20-88x4,7-12,5 мкм, 7 қалқалы 35-100x6-14 мкм. Дақылда ауа жіпшумағы ақ түсті, бозғылт-зәйтүн-сары, жоса-қара-қызыл, үлпілдек, тығыз- немесе борпылдақ торлы, жақсы дамыған. Строма бозғылт-жоса түсті, жоса-қоңыр, сары-қоңыр, қоңыр-қызыл түсті және хламидоспоралары аралық болады.[5]

Алматы облысы, Көлді а. астық қоймасы, 26.08.2017 ж.

Ascochyta pisi Libert. Дақтары анық көрінбеген, сәл сарғыштау, нашарлау зақымдалған жағдайларда, көбінесе жалпайтылған шар тәрізді, батырылған, ұшымен шығыңқы, диаметрі 20-40 мкм тесікпен ашылатын, ашық-қоңыр түстен, қара-қоңыр түске дейін өзгертін, диаметрі 210 мкм; пикноспоралары цилиндрлік, кейде дұрыс емес формада, ұштары жұмырланған, тік немесе сәл иілген, 1, өте сирек кезде 2 және 3 қалқалы, тартылмаған немесе сәл бауланған 9,6-19x3,5-5 мкм. Чапек ортасында, көпті азды қою, ақ, ауа жіпшумағын және сәбіз түсті экссудат түріндегі, көптеген пикноспораларды бөліп шығаратын, көптеген ашық түсті пикнидтер жасайды[6].

Саңырауқұлақ патогендерімен зақымдануы, солғындық, әжімділік, қоңыр дақтардан немесе тұқымдардың жаппай қоңырлануынан көрінеді.

Алматы облысы, АБС, Көлдi а. астық қоймасы, 25.09.2017 ж.

Uromyces pisi (Pers.) De Bary. Спермогонийлер, көбінесе жапырақтың төменгі бетінде, эцидийлер арасында шашылып, көп мөлшерде орналасқан. Эцидийлер, жапырақтың төменгі жағында, тегіс және қалың себілген, төңірегі, шеті кең қайырылған және терең тілінген бөшке тәріздес; перидий жасушалары, радиалды тілмесінде ромб тәрізді келген, жоғарғы сыртқы қабырғасы, төменде жатқанын қамтиды; саңылау сәл тарылған; сыртқы қабырға қалыңдығы 7 мкм-ге дейін, жазықтықтан қарағанда, нүктелермен отырғызылғандай, ішкісі – шамамен 3 мкм-ге дейін, майда сүйелді.

Айқын білінетін тізбектердегі эцидиоспоралар, доғал көп қырлы, изидиаметралды немесе созылған, қабығы жұқалау келген 18-22 мкм, қалың және майда сүйелді; ішіндегісі қызғылт сары.

Pisum sativum жапырақтарындағы уредотабандар, көп жағдайда жапырақтың төменгі жағында, шашылып орналасқан, шағын, доғал немесе дұрыс емес, ерте табылған, қырбықты, қоңыр түсті.

Уредоспоралар доғал немесе дөңгелекке ұқсас келген, диаметрі 21-25 мкм; қабығы қалың, қалыңдығы 1,5-2,5 мкм, ашық-қоңыр түсті, арасы сирек орнатылған сүйелдері бар.

Pisum sativum жапырақтарындағы телейтотабан формасы, уредоға ұқсас келген, бірақ түсі кара-қоңыр, кейде өзара қосылған және ірілей келген.

Телейтоспоралар кері-жұмыртқа тәріздес, эллипсоидалды, сирек жағдайда дөңгелектеу келген, 20-31x14-22 мкм; қабығы қоңыр, біркелкі жуан, қалыңдығы шамамен 1,5 мкм.

Өскінді порасы жоғарғы ұшты, биіктігі 3,5 мкм-ге дейінгі, шағын жамылғымен жабылған, ол, қабығының барлық үстіңгі беті секілді, сүйелмен жамылған; сүйелділік спораның жоғарғы бөлігінде ғана көп болады, аяқшасы қысқа, өңсіз, үзілетін[7-8].

Ауру, өсімдіктердің жалпы ауырлауын және ассимиляциясының әлсіреуін тудырады.

ОҚО, Сарыағаш а. астық қоймасы, 26.08.2017 ж.

Uromyces fabae (Pers.) De Bary. Бұл түрі, эцидиалды сатысы бойынша, күмән тудырмайды. Уредо бойынша ажыратылмайды, *Uromyces pisi* бойынша, осы сәтте, *Uromyces pisi* секілді, мәдени бұршақтарға қауіп тудырмайды.

Саңырауқұлақтың бүкіл даму циклі, бір өсімдікте өтеді. Көктемде, спермогониялар мен эцидийлер, жазда – аурулар таралатын, уредоспоралар дамиды.

Күзде телейтоспоралар пайда болады; олар тек көктемде өсіп-өнеді, және де базидиоспоралар, спремогониялар мен эцидийлерге жол ашып, алғашқы көктемгі жұқтыруды жүргізеді. Уредоспоралар, эцидиалды жіпшумақта, және де эцидиоспоралардан, инфекция арқылы пайда болады[9].

Ауру, өсімдіктердің жалпы ауруларын тудырады.

Алматы облысы, АБС, Көлді а. астық қоймасы, 25.09.1916 ж.

Біз анықтаған сақтау саңырауқұлақтары: *Rhizopus nigricans*, *Mucor mucedo*, *Penicillium rugulosum*, *Penicillium chrysogenum*. Топырақты саңырауқұлақтар *Erysiphe communis*, *Botrytis cinerea*, *Verticillium nigrescens*, *Cladosporium herbarum*, *Macrosporium commune*, *Alternaria alternata*, *Fusarium culmorum*, *Ascochyta pisi*, *Uromyces pisi*, *Uromyces fabae*.

Pisum sativum тұқымдарының зеңденуін, *Rhizopus nigricans*, *Mucor mucedo*, *Botrytis cinerea*, *Penicillium rugulosum*, *Penicillium chrysogenum*, *Cladosporium herbarum*, *Macrosporium commune*, *Fusarium culmorum*, үлкен саңырауқұлақтар тобы тудырады. Ауру қоздырғыштары, тұқымдардың егістік қасиетін төмендете отырып, сақтау кезінде де, топырақ ішінде де дамиды.

Зең саңырауқұлақтардың астық уақытылы жиналмаған, ылғалдылығы жоғары болған және тұқымды тиімсіз сақтау кезінде улы саңырауқұлақтар көбиді. Бұл түрлері, Қазақстанның оңтүстік аймақтарының бәрінде кең таралған.

Тұқымдар арқылы берілетін саңырауқұлақтар: *Botrytis cinerea*, *Verticillium nigrescens*, *Fusarium culmorum*

Бұршақтың тұқымдық материал микрофлорасында: *Zygomycota* бөлімінің 2 түрі, *Ascomycota* 10 түрі, *Basidiomycota* 2 түрі орын алады.

Phaseolus vulgaris тұқымдарынан, біз, 3 бөлімге, 5 тұқымдасқа, 12 текке жататын, саңырауқұлақтың 16 түрін бөліп алдық. Тұқымдар микрофлорасы, сақтау саңырауқұлақ түрлерімен ұсынылған

Verticillium dahliae. Вегетативтік жіпшумақ гифтері, өңсіз, қалқалы, диаметрі 2-4 мкм. Конидий сағақтары да өңсіз, күлте-тармақталған, 80-300x3-3,5 мкм. Конидий сағағының бір бұтағында, ұшындағы конидийлері бір шоғырбасқа жиналған, құрамында, әдетте 3-4 филиада бар, 1-4 күлте қалыптасады. Сонымен бірге, филиадалар, көлденең гифтерде, аралықтары біркелкі емес түрде пайда бола алады. Конидийлер біржасушалы, сирек жағдайда бір қалқалы, өңсіз, сопақ, кейде цилиндр тәріздес, 5-13x2-3 мкм бір шоғырбасқа жинақталған.

Чапек ортасындағы саңырауқұлақтар шоғыры, кең жайылған, басында ақ түсті, кейіннен қара түсті. Ауа жіпшумағы өңсіз, гифтер диаметрі 2,7-3 мкм, кейіннен жасушалар үлкейеді, соңынан микросклероцийлер жасай отырып, барлық бағыттарға қарай бүршік атады, дұрыс емес иірімді,

дөңгелек пішіндіге дейін, 15-50 мкм, бастапқыда сарғыш түсті, соңынан қоңыр. Батырылған жіпшумақ өңсіз, уақыт келе қарайып кетеді.

ОҚО, Жетісай а. астық қоймасы, 25.08.2017 ж.

Stemphylium macrosporoideum. Гифтер өңсіз, жіп тәрізді, әр түрлі тармақталған, жиі қалқалармен; бүйір бұтақтары секілді берілген, конидий сағақтары, 30-45x4 мкм; конидийлер ірі, дақталған, жұмыртқа, кері жұмыртқа тәрізді, кең эллипсоидалды, бастапқыда біржасушалы, кейіннен төртжасушалы, қызғылт-қоңыр түсті, 14-25 мкм. Паразиттің, өсімдік бойымен таралуы, жеміс және тұқым зақымдануымен аяқталады[10-11].

ОҚО, Сарыағаш а. астық қоймасы, 26.08.2017 ж.

Cladosporium transchelii. Бұл түрі, төменгі температуралар мен суық жағдайда сақтау кезінде, жақсы өседі. Қолайлы жағдайларда, ол, субстратты қоныстандыра отырып, тез көбейеді, және айтарлықтай зиян әкеледі. Бұтақтары споралардан тұратын, жас ағаш түріндегі спора тасушы, Конидий сағақтары қоңырлау келген бозғылт-сарғыш түсті, тік тұратын, пердеаралық, тармақталмаған немесе сирек жағдайда 1-2 бүйір бұтағы бар, 380 мкм. Конидийлер цилиндр тәрізді, бұтақты тізбектелген, екіжасушалы, формасы сопақша немесе шар тәрізді келген, 3,9x2,6 мкм, түсі ашық-қоңыр. Сапрофиттер немесе факультативті паразиттер.

Алматы облысы, АБС, Көлді а. астық қоймасы, 25.08.2017 ж.

Fusarium mertii. Макроконидийлер, ауа жіпшумағында, қарапайым немесе бұтақтанған конидий сағақтарында пайда болады немесе спородохийлер ретінде, топтасқан конидий сағақтар массасы болып ұсынылған, немесе пионоттар жасайды. Макроконидийлер көбінесе, 3-5 қалқалы, сирек жағдайда 6-9, иірімді, иірімді-орақты, орақты тәрізді, сирек жағдайда ланцет тәріздес болады. Конидий табанында, нақты немесе нашар айқындалған аяқша бар, немесе конидийлерде ол мүлдем жоқ. Макроконидийлер жоғарғы жасушаларының, өзіне тән формасы бар: ол ұзартылған немесе ұшталған, доғал неме тұмсық тәрізді және басқа да болуы мүмкін. Массада, макроконидийлер ашық түске боялған (ақ-жоса, қызғылт-жоса, қызғылт сары, көк, жасыл-көк).

Микроконидийлер, әдетте ауа жіпшумағында, қарапайым немесе күрделі конидий сағақтарында пайда болады, тізбектелген немесе шоғырбасқа жинақталған, сонымен бірге, көбінесе жіпшумақ гифтері арасында шоғыр ретінде берілген. Конидийлер біржасушалы, сирек жағдайда 1 немесе өте сирек кезде, 2-3 қалқалы, әдетте сопақ, жұмыртқа тәрізді, эллипсоидалды, сирек жағдайда шар, алмұрт және иірім тәріздес келген[12].

Чапек ортасында, бұл саңырауқұлақтар жіпшумағы ақ, ақ-қызғылт, қызғылт-көк немесе қоңыр түсті. Одан бөлек, *Fusarium* тегінің жекеленген түрлерінің жіпшумақтарында (кейде конидийлерде), хламидоспоралар пайда

болады – қалған жасушалардан қалың қабығымен оқшаланған, гифтің біржасушалы бөліктері. Соңғылары, әдетте өңсіз, сирек жағдайда қоңыр-жота реңдерге боялған. Бірлі-жарым немесе жинақталған тораптар түрінде, кейде тізбектелген болып келуі мүмкін.

Алматы болысы, АБС, Кәлді а. астық қоймасы, 25.09.2016 ж.

Сонымен, *Phaseolus vulgaris* тұқымдары, келесі сақтау саңырауқұлақтарымен зақымдалады: *Mucor mucedo*, *Aspergillus sp.*, *Penicillium sp.* Топырақты саңырауқұлақтарға жатады: *Verticillium dahliae*, *Stemphylium macrosporoideum*, *Cladosporium transchelii*, *Alternaria alternata*, *Fusarium mertii*.

Тұқымдар арқылы берілетін ауру қоздырғыштары: *Botrytis cinerea*, *Verticillium nigrescens*, *Verticillium dahliae*, *Cladosporium transchelii*, *Alternaria alternata*, *Fusarium culmorum*, *Fusarium mertii*.

Үрме бұршақ тұқымдық материал микрофлорасынан, *Zygomycota* бөлімінің 2 түрі, *Ascomycota* 14 түрі орын алады.

Phaseolus aureus тұқымды дала саңырауқұлақтары, 3 бөлімге, 5 тұқымдасқа, 10 текке жататын, саңырауқұлақтардың 12 түріне бөлінеді. Оның ішінен, сақтау саңырауқұлақтарына да бөлінеді. [13].

Fusarium gibbosum. Шоғырлар борпылдақ-үлпілдек келген, түстері ақшыл-сары. Макроконидийлері иірімді-орақ тәрізді, анық айқындалған сабағымен, дөңес жағы қатты иілген. Екі ұшына қарай жіңішкертілген, әдетте шеткі жасушалары ұзартылған, көп бөлігі 5 қалқалы, 20-70x4-6 мкм, спородохиялар мен пионноттарда пайда болады. Ауа жіпшумағында түрлі формадағы майда конидийлерде кездеседі, біржасушалы немесе 1-3 қалқалы, 5-32x2-6 мкм. хламидоспоралары қою, тегіс немесе сүйелді болып келген, тізбектелген немесе түйіншекті, түсі қоңыр.

ОҚО, Сарыағаш а. астық қоймасы, 28.08.2017 ж.

Cladosporium transchelii, *Alternaria alternata*, *Fusarium gibbosum*, *Ascochyta pisi* тұқымдар арқылы берілетін, ауру қоздырғыштары.

Маш тұқымдық материал микрофлорасынан, *Zygomycota* бөлімінің 2 түрі, *Ascomycota* 10 түрі орын алады.

Glycine sativum тұқымдарынан, 3 бөлімге, 6 тұқымдасқа, 8 текке жататын, саңырауқұлақтардың 11 түрі анықталған. Оның ішінен, сақтау саңырауқұлақтарына жатады [14].

Peronospora manshurica. Тұқымдағы дақтар бұрышты, бұлдыр, жапырақ талшықтарымен сирек шектелген, түсі сарғыштау, соңынан қоңырланады. Жапырақтың төменгі жағындағы дақтар бетіндегі дерновниктер, борпылдақ, киізді немесе торлы, қоңырлау келген. Конидий сағақтары саңылаулардан шоғырланып, сирек жағдайда жеке шығады, тік,

240-900x7-9 мкм, өңсіз, 3-5 есе дихотомды, ағаш тәрізді бұтақтанған. Бұтақтары доға тәрізді иілген. Ақырғы бұтақтары тік, қысқа, тік бұрышта орналасқан. Конидийлері кең эллипсоидалды, жұмырланған, 14-30x14-29 мкм, әдетте 20-25x18-24 мкм, түсі қоңыр. Споралар шар тәрізді, диаметрі 25-48 мкм, сарғыштау, тегіс немесе дұрыс емес торлы болады.

Алматы облысы, Саймасай а. астық қоймасы, 20.04.2016 ж.

Fusarium avenaceum. Спородохиялар мен пионнотардағы, немесе ауа жіпшумағындағы микроконидийлер, өңсіз, біз немесе жіп тәрізді, эллиптикалық немесе сирек жағдайда гиперболалы иілген, әдетте, үш жағы көбірек иілген, кейде тік, төменгі жасушадан жоғарғы жасушаға дейінгі ұзындығы бойымен, азды-көпті бірдей диаметрлі, табаны мен ұшына қарай тарылған, көбінесе 5-7 қалқалы, жоғарғы жасушасымен жіп тәрізді ұзартылған (15 мкм-ге дейін және одан да көп), табанында анық айқындалған сабағымен, массасында қызғылт сары, қызғылт-жоса немесе кірпіш түсті-қызыл, кепкен жағдайда қараятын, қарапайым немесе түпті бұтақтанған конидий сағақтарында пайда болады. Ауа жіпшумағында, кейде майда эллипсоидалды конидийлер пайда болады, ланцет тәрізді немесе иірімді формада келеді, анық айқындалмаған сабақпен, 0-3 қалқалы[15].

Макроконидийлер: 3 қалқалы 30-60x3-4 мкм; 4 қалқалы 38-75x3,3-4,8 мкм; 5 қалқалы 32-90x3-4,5 мкм; 7 қалқалы 60-95x3-5,2 мкм; 9 қалқалы 70-120x3,5-5 мкм. строма сары, жоса түсті, шымқай-қызыл немесе қоңыр түсті, кейде склероциалды, жарып шығушы. Ауа жіпшумағы, көбінесе жақсы дамыған, строма түстеріне боялған. Склероцияларының диаметрі 60-80мкм, түстері қара-көк, сары-қызылкүрең, қара-қызғылт, қызылкүрең, сары, ак, кейде болмауы да мүмкін. Дәндерді, масақтарды, көктерді зақымдайды.

Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Ташкенсаз а. астық қоймасы, 24.04.2016 ж.

Septoria glicines. Дақтар дөңгелек, қоңыр. Пикнидтер, бастапқыда эпидермиспен жамылған, кейіннен жарып шығып, шар немесе конусты шар тәріздес, қабырғасы жұқа, қоңыр немесе қара-қоңыр, диаметрі 44-100 мкм в диаметре; конидийлер жіп тәрізді, азды-көпті иілген, кейде тік, май тамшылары бар, тегіс, 1-4 айқын қалқалы, 21-52x1,4-2,1 мкм, өңсіз[16].

Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Ташкенсаз а. астық қоймасы, 27.04.2016 ж.

Phyllosticta sojaecola. Pleosphaerulina sojaecola қалталы кезеңі. Пикнидтер шар тәрізді, қарапайым саңылаулы, 70-160 мкм. Конидий сағақтары қарапайым. Конидийлер біржасушалы, өңсіз, сопақ-цилиндр тәрізді, 5-10x2-3,5 мкм. Перитециялар көн тәрізді, қара, 100-150 мкм, үнемі субстратқа батырылған, және де тек ұшымен шығыңқы; саңылауы қарапайым, тесік секілді. Қалташалары сопақша келген, дорба тәрізді,

парафизі жоқ, ұшында қатты қалыңдатылған қабығымен (5-9 мкм) және де табанында шоғырланып байланған, 60-82x30-32 мкм. Аскоспоралар сопақ-эллипсоидалды, 2-3 ұзына бойлы және 4-5 көлденеңді қалқалы, өңсіз, 30-38x9-15 мкм.

Ауру, дұрыс емес пішінді тұқымдарда, дақтар арқылы байқалады; олар бұлдыр, басым бөлігі ұзартылған, басты талшықтармен шектелген, қарақоңыр жиекті, қоңыр немесе зәйтүн түсті; жапырақтың жоғарғы жағынан, ортасында дақтар, ұсақ қара нүктелер пикнидтер болады.

Алматы облысы, Жамбыл ауданы, 17.07.2016 ж. және 21.08.2017 ж., Жамбыл облысы, Қордай ауданындағы астық қоймаларында байқалған[17].

Glycine sativum тұқымдарының егістік және технологиялық сапаларын, көптеген ауру қоздырғыштары төмендетеді, олар *Peronospora*, *Fusarium*, *Septoria*, *Phyllosticta* және басқа да текті саңырауқұлақ түрлері.

Тұқымдар арқылы берілетін саңырауқұлақтар: *Fusarium culmorum*, *Fusarium avenaceum*.

Соя тұқымдық материал микофлорасынан, *Oomycota* бөлімінің 1 түрі, *Zygomycota* бөлімінің 1 түрі, *Ascomycota* 9 түрі орын алады.

Зерттеліп жатқан саңырауқұлақтар ішінен, кейбірі, ішкі инфекциямен қатар, сыртқы инфекцияны да тудыруы мүмкін. Ішкі инфекцияны, *Verticillium*, *Alternaria Mucor*, *Penicillium* текті саңырауқұлақ түрлері тудырады. Сапрофитті саңырауқұлақтар, саңырауқұлақтардың жетілмеген және өлі ұлпаларының бетінде кездеседі. Сапрофитті түрлерімен қатар, патогенді түрлері ұлпаларды бұзып, тұқым ішіне еніп кетеді. Жоғары ылғалдылықта, сапрофитті түрлері, тұқымды шіріте отырып, тез дамиды. Олар, өздерін, дамуларына қолайлы жағдайлар жасалған кезде (жоғары ылғалдылық, нашар ауа тартқыш, жоғары температура және т.б.), яғни сақтау кезінде көрсетеді[18].

Rhizopus, *Macrosporium*, *Alternaria*, *Fusarium*, *Ascochyta* өкілдері, бұршақты дақылдар тұқымдарына, айтарлықтай зиян келтіреді, сапрофитті флора өкілдері (*Rhizopus*, *Mucor*, *Aspergillus*, *Penicillium* және басқа да түрлері) – сақтау шарттары бұзылған жағдайда, тұқымдық материалға зиян келтіреді.

Сонымен, көптеген бұршақты дақылдар түрлерінің, тұқымдар микофлорасына ортақ болып есептелетін түрлері: *Cladosporium herbarum*, *Uromyces pisi*, *Uromyces fabae*; үрме бұршақта табылғандар - *Trichothecium roseum*, *Fusarium mertii*; маш тұқымдарында - *Fusarium gibbosum*; соя тұқымдарында - *Peronospora manshurica*, *Fusarium avenaceum*, *Septoria glycines*, *Phyllosticta sojaecola*[19-20].

Бұршақты дақылдар тұқымдарының зеңденуін тудыратын, қоздырғыштарға жатады: *Botrytis cinerea*, *Stemphyllium macrosporoideum*,

Cladosporium herbarum, Fusarium culmorum, Fusarium mertii, Fusarium gibbosum, Fusarium avenaceum.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ремеле В.В. Контаминация микромицетами и их токсинами зерна основных сельскохозяйственных культур Казахстана: автореф. ... канд. биол. наук. - Алматы, 1997. – С. 4-20
2. Семенов А.Я. Микологические аспекты фитопатологической экспертизы семян // Микология и фитопатология. – 1974. – Т.8, вып.5. – С. 461.
3. Горленко М.В. Миграции фитопланктонных микроорганизмов. – М.: МГУ, 1975. – С. 108.
4. Neergaard P. and A.Saad Seed health testing of rice. A contribution to development of laboratory routine testing methods // Indian Phytopathology. – 1962. - V. 15. – P. 85 -111.
5. Новоселова Е.Д., Абрамова Л.П., Семенов А.Я. Паразитные грибы на плодах и семенах культурных растений. – М., 1976. – С. 171.
6. Harman G.E. Deterioration of stored pea seed by *Apergillus ruber*; Extraction and properties of a toxin // Phytopathology. – 1972. – V62. – P. 206-208.
7. Билай В.И. Фузариоз. Киев: Наукова думка, 1977. – С. 441.
8. Койшибаев М.К. Гельминтоспориоз проса в Казахстане // Микология и фитопатология. – 1970. – Т.4, вып.5. – С. 423-430.
9. Семенова А.Я., Потлайчук В.И. Болезни семян полевых культур. – Л., 1982. – С. 25-27.
10. Пирязева Е.А. Распространение грибов рода *Fusarium* Link в зернофураже из хозяйств Западно-Сибирского экономического района // Сб. науч. тр. ВНИИ. вет. сан. гигиены и экологии. – 2001. – С. 111-112.
11. Монастырский О.А. Мониторинг токсинообразующих грибов зерновых злаков // Агрехимия. – 2001, №8. – С. 79-87.
12. Мейер А.А. Увядание ботвы картофеля от грибка *вертициллиум альбоатрум* // Болезни картофеля и меры борьбы с ними. – Уфа, 1945. – С.17-18.
13. Viennot-Bourgin G. Les champignons parasites des plantes cultivees. – Paris, 1949. – P.137.
14. Тодорова В., Станчева И, Крушарски М. Изучение микофлоры семян пивоваренного ячменя // Сборник научни доклади Международна научна конференция “50 години Лесотехнически университет” - София, 1-3 апр., 2003 Лесотехнически университет. – София, 2003. – С. 245-248.
15. Brenann J.M., Fagan B., van Maanen A., Cooke B.M., Doohan F.M. Studies on *in vitro* growth and pathogenicity of European *Fusarium* fungi // Eur. J. Plant Phytopathology. – 2003, №6. – P. 577-587.
16. Difmalkovi Monika. Microflora of *Chenopodium quinoa* seeds // Plant Prot. Sci.- 2003, №4 – P. 146-150.
17. Гербиновская Е.В. Фузариозное увядание дынь // Бахчеводства Средней Азии. – М., 1959. – С.139-142.
18. Klitsch C. Der Futterbou. – Jena, 1960. – P. 167.

19 Григорян Н.Ф., Бабаян А.А. Проникновение возбудителя увядания бахчевых культур // Известия АН АрмССР. – 1961. – Т.14, №2. – С.27-33.

20 Chan Zhu-long, Ding Ke-jian, Tan Gengjia, Shu Spen-jie, Chen qi, Su Xian-yan, Ma Ke, Wang Aie. Эпидермическая регулярность фузариоза риса // Anhui nongye daxue xuebao J.Anhui Agr. Univ. – 2004, №2 – P. 139-142.

ОТЕШОВА Г.П., САРСЕМБАЕВА М.У. МИКОФЛОРА СЕМЯН БОБОВЫХ КУЛЬТУР

В статье описаны способы защиты семян бобовых культур от грибных инфекций в различных экологических условиях: речь идет о профилактике заражения злаковых семян грибами-паразитами и бактериальными заболеваниями.

До сих пор одни из исследователей изучали только состав семян, зараженных грибами-паразитами, и их вредность, а другие выявляли проникновение и распространение грибов в семена. Во всех этих работах показана опасность распространения инфекции через семена и другие посевные материалы, но механизм этого процесса недостаточно описан. Наряду с возбудителями болезней растений, авторы обратились к изучению различных грибов-паразитов, которые наносят значительный ущерб семенному материалу бобовых культур.

Ключевые слова: грибы, микрофлора семян, посева, инфекция, механизм, растения, экологические, сельскохозяйственные, зерновые, бактериальные.

UTESHOVA G.P., SARSEMBAYEVA M.U. MYCOFLORA OF SEEDS OF LEGUMES

The article presents materials on the protection of legume seeds from fungal infections in various environmental conditions. Prevention of infection of cereal seeds with fungi-parasites and bacterial diseases.

So far, some of the researchers have studied only the composition of seeds infected with parasitic fungi and their harm, while others have revealed the penetration and spread of fungi in the seeds. All these studies show the possibility of spreading the infection through seeds and other sowing materials, but the mechanism of this process is not sufficiently described. Along with the pathogens of plant diseases, we studied various parasitic fungi that cause significant damage to the seed material of legumes.

Keywords: fungi, mycoflora seeds, crops, infection, mechanism, plants, ecological, agricultural, grain, bacterial.

**ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР.
ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА**

ӘОҚ 911.9:502

**ҚОРҒАЛАТЫН АУМАҚТАРДЫ ТАҢДАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ
АЙМАҚҚА ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУ**

АЙДАРОВ О.Т

Адамзаттың саналы қоғамы қалыптаса бастаған кезден бастап-ақ адам мен табиғат арасындағы неғұрлым тиімді қарым-қатынасты қалыптастыру мәселесі қолға алынып келеді. Мақалада Қызылорда облысы аумағында қорғалатын табиғи аумақтарды таңдау және олардың аймаққа тән ерекшеліктерін анықтау жайында айтылады. Олар барлық елдердегідей қорықтар, қорықшалар, ұлттық парктер және табиғат ескерткіштерінен тұрады. Осындай ұйымдастыру пішіндері мемлекеттік қорғалатын аумақтар жүйесінің ошағын және орталығын құратын болады. Сондықтан бұл мақалада Қызылорда облысының аумағындағы ерекше қорғалатын аумақтар жүйесін құру болашағы мен маңызын далалық-экспедициялық зерттеулерге сүйене келе ғылыми негіздеу арқылы ұсынып отырмын.

Кілт сөздер: қорық, қорғалым, эталон, құлан, Қызылқұм, ҚТА, Сырдария, Арал теңізі.

Жұмыстың өзектілігі: Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдік түрлерінің сиреп бара жатқан және құрып кету қаупі бар экожүйенің, ландшафттың алуан түрлілігін сақтап қалу, сонымен қатар Сырдария суының тартылуы мен аймақтың құрғақтануынан ландшафтың басқа да табиғи ерекше құрамбөлшектерін қорғау қажеттілігінен туындап отыр; а) өңірдің қайта қалпына келетін табиғи ресурстарын ұдайы өндірудің қажеттілігінен; б) әлеуметтік тұрғыдан рекреациялық аймақтарға сұраныстың артуы мен экологиялық білім мен тәрбиенің қажеттілігінен туындап отыр.

Зерттеудің мақсаты мен міндеті: Бұл жұмыстың басты мақсаты Шығыс Арал өңірі Қызылорда облысының қорғауды қажет ететін аумақтарын анықтау және аймақтың қорғалатын табиғи аумақтар жүйесінің келелі жобасын құрастыру.

Аймақтың қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі ҚТА-ң Республикадағы дәстүрлі түрлерінен құралады. Олар барлық елдердегідей қорықтар, қорықшалар, ұлттық парктер және табиғат ескерткіштерінен тұрады. Осындай ұйымдастыру пішіндері мемлекеттік қорғалатын аумақтар жүйесінің ошағын және орталығын құратын болады.

Қызметтік-дәрежелі жіктеулерде «бағыныңқы сатылықтың» жоғарғы басқышын Республикалық дәрежедегі қорықтар мен ұлттық парктер алады. Себебі, қорықтар ғылыми-зерттеу мақсаттарында табиғи кешендер мен ағзаларды эталон ретінде сақтап қалады және қамтамасыз етеді. Осындай қызметті ұлттық парктер де атқарады. Қорықтар, «Ерекше қорғалатын аумақтар» туралы Республикалық заңда көрсеткендей зерттелетін аумақтардың ірі физикалық-географиялық бірліктерінің жалпы ортақ ерекшеліктерін қорғаумен қамтылған қорғалатын табиғи аумақтарға жатады. Ал қорықшалар мен табиғат ескерткіштерінде жекелеген нақтылы аймақ ерекшеліктері қорғалады, олар ТАҚ-нің (табиғи аумақтық кешен) төменгі физикалық-географиялық дәрежесін көрсетеді. Яғни, олар жеке тұрған тау-тас, сол жерге тән ағаш түрі болуы мүмкін т.б. Сондықтан қорықшалар мен табиғат ескерткіштерін эталон ретінде қарастыру қиын.

Әр түрлі қызметтік мақсаттағы қорғалатын табиғи аумақтарды таңдау бұрыннан ғалымдарды көп ойландырып келді. Әр елде әр түрлі ұсыныстар айтылды. Соған қарамастан қорғалатын табиғи аумақтарды қызметтік мақсатта таңдауда ҚТА жүйесінің тарихи тәуелділігіне байланысты жүргізіледі.

Қызылорда облыс аумағында қорғалатын аумақтарды айқындаудың талаптарын төмендегідей қарастырамыз.

Қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін жобалауда барлық ғылыми негіздемелер географиялық жүйенің кеңістіктік саралануына олардың сәйкес келу ұстанымдарынан шығады, сондықтан табиғи аудандаудың әртүрлі сызбалары пайдаланылады. Көптеген ғылыми әдебиеттерді қарастырғанда [1] бұрынғы КСРО аумағындағы және оның жекелеген аймақтарында қорықтарды орналастыру жобаларының көпшілігі ландшафтталық-зоналық ұстанымға негізделі жасалынған.

Қорықтар дербес ұйымдық пішін ретінде эталонды, резерватты және кешенді (аралас) санаттарға бөлінеді. Эталонды қорықтар тұрпатты (типтік) табиғат ландшафттарын қорғау үшін, ал резерваттар – өсімдіктер мен жануарлардың жойылу қаупіндегі және сиреп кеткен түрлерін қорғау мақсатында құрылады. Кешенді (аралас) қорықтар, тәжірибе көрсеткендей, жоғарыда айтылған екі қорықтың қызметін аралас қатар алып жүреді.

Қазіргі уақыттағы Қазақстандағы қорықтар желісі негізінен қорғаудың раритетті желісіне бағытталған. Сондықтан да Республикада эталонды қорықтарға қарағанда резерватты қорықтар басым келеді. Республиканың қорықтар желісінің әрмен қарай кенеюі эталонды қорықтар құру есебінен жүруі тиіс [2,3]. Эталонды қорықтар құру үшін алдын-ала жерлерді таңдауда негізінен әр түрлі тақырыптағы карталарды, әсіресе Қазақстанның ландшафт картасын пайдаланып талдауда жүзеге асырылады. Бұл картада аймақтың

ландшафт құрылымын қорыта зерделеуге қажетті ландшафтардың таралу ареалы жақсы көрсетілген (1-кесте). Картадағы әр түрлі проекциялар мен кескіндеу әдісі табиғат кешендерінің көлемін, кендігін білуге мүмкіндік береді.

Қызылорда облысының ғана емес Арал өңірі ландшафттының қалыптасуында аридтік климат пен антропогенді әрекет басты орын алатыны белгілі. Арал өңірінің аридтік геожүйесінің шөлденуі мен ландшафтты-экологиялық жағдайының нашарлауына осы өңірде игеріліп жатқан мұнай кеніштерінің де рөлі күшті. Мұнай кен орындары облыстың аридті ойпаңды жазықтарына орналасқан, ал ол жерлер орнықсыз немесе орнықтылығы әлсіз шөлдік ландшафт кешеніне жатады. Ландшафттың шөлденуін болдыратын 45 фактордың 87% антропогендік, ал 13% ғана табиғи жолмен болады дегенді осы мысал дәлелдегендей [4].

Кесте 1 - Қызылорда облысы аумағындағы болашақта маңызы зор қорықтар тізімі.

| Табиғат зонасы | Провинция | Аумақтың аты | Көлемі |
|----------------|--|--|---|
| Шөл | Солтүстік Арал маңы | Құланды үстірті Қамыстыбас көлі Қасқақұлан жері | 324 000 га 18 000 га 130 000 га (25мың га сексеуіл) |
| | Сырдария маңы Солтүстік Тянь-Шань | Қызылқұм құмы Қарғалы Қандыарал жері Телікөл Қаратау | 378 000 га 13 245 га 200 га 226 800 га 100 000 га |

Бұзылған жыныстардың ойыстарға жиналуынан аккумуляциялық жазықтар пайда болған. Ландшафттардың жазық жерлерінде денудациялық процестің әсерінен саздақты, құмдақ түсті саз балшық қабаттары жиналды.

Табиғи-тақырыптық карталарға талдау жасауда Қызылорда облысының топырақ, өсімдік және т.б. карталары және Қазақ ССР атласы (1983) пайдаланылды. Картографиялық талдау негізінде тірі табиғаттың ерекшелігі мен әртүрлілікке мол ареалдары анықталды.

Аумақтағы сирек ценоздардың болуы (дария бойындағы ерекше жиделі тоғай, тораңғылды тоғайлар, сексеуілдіктер, таралуы өте аз өсімдіктер) карталардың ала-құлалығы (өсімдіктер, топырақ, геоморфологиялық, геологиялық карталар қолданылды), картаға түсірілетін белгілердің географиялық саралануын көрсететін бөліктердің таралу теңдігінің болуы - әртүрлілік пен ерекшелік көрсеткіштері болып табылады. Анықталған

ареалдарды қосқанда әртүрліліктің жоғарғы деңгейіндегі табиғат кешендері табылды. Табиғи – тақырыптық карталар бойынша алынған мәліметті Республика Қызыл кітабына енген түрлердің жойылу қауіпінде тұрған және сирек ареалдарды жобалау талдауымен толықтыру керек. Сирек түрдің көп болатын маңызды жерлерін бағалау барысында арнайы жұқа қағазға масштабы 1:1000000 карта-жоба сызып алынды.

Алынған материалдарды өңдеу аймақтық деңгейдегі эндемикалық және реликтік түрлерді енгізе отырып, төмендегі жолмен жүргізіледі:

- Республика Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктердің жойылу қаупі туып тұрған және сирек түрлерінің кездесуімен таралуы. Ол үшін зерттелген аймақтарды таңдау арқылы бірнеше геоботаникалық алаңдар жасалынып өсімдік түрлерінің кездесу жиілігін т.б. анықтадық. Жойылу қаупі бар және

сирек бара жатқан жануарлардың кездесу жиілігі мен таралуы. Мұнда маршруттық санақ және мекен орны анықталды.

- Эндемик өсімдік түрлерінің кездесуі мен таралуы анықталды. Көптеген әдебиеттерде облыс байтағында Қызыл кітапқа енген және сирек кездесетін, жойылу қаупі бар өсімдіктердің 29 түрі келтіріледі (олардың 20 Қызыл кітапқа кіргендер, қорғауды қажет ететіндері - 4, қорғауға жатқызуды қажет ететін – 5). Қаратау эндемдері – Қаратау түйесіңірі, мың жылқы көбенқұйрығы, тілшікті трихонтемис [5,6].

- Жануарлар мен өсімдіктердің реликті түрлерінің кездесуі мен таралуы. Мұнда ежелгі кезеңдердегі (палеоген-неоген) реликтермен бірге плейстоцендегі климаттың суынып кетуімен байланысты бореалды реликтер де ескеріледі. Сыр өңірі мұз басу кезеңіндегі климаттық ауданның ең оңтүстік Торғайлық флорасына жатады. Мұнда реликті ағаштардан Торанғыл, сексеуіл кездеседі. Жоғарыда айтылған карта-сызбаларды (жобалар) беттестіргенде түрлердің көп болатын телімдері анықталады, ал осының негізінде алдын-ала қолайлы резерваттық жерлер карта-сызбасы құрастырылады.

- Болашақ резерват жерлерді таңдауда ең басты нәрсе түрлердің көптігі мен олардың бағалылығы. Осыған орай біз облыс аумағында мынадай қорық-резерваттар жүйесінің болашақтағы жобасын ұсынамыз (кесте 2).

Кесте 2 – Аумақтағы облыстық маңызы бар болашақ қорық-резерваттары(ұсыныс)

| Табиғат зонасы | Провинция | Телімдердің аты |
|----------------|-------------------------------------|---|
| Шөл | Солтүстік Арал маңы Сырдариямаңы | Арал маңы Қаракұмы Сырдария өзені бойындағы тоғайлық, Жаңадария |

| | | |
|--|---------------------|---|
| | Солтүстік-Тянь-Шань | Жосалы жазығы Дариялық тақыр Түгіскен массиві Тораңғылсай, Ақсүмбе тауы |
|--|---------------------|---|

Мұндағы резерват ретінде Арал маңы Қарақұмын ұсыну себебіміз, ол облыс жеріндегі киіктердің қыстағы және миграция кезіндегі өрісі осы ара. Тағы да бір айта кететін жәйт, бұл жер елді мекендерден шалғай, жануарларға тыныштау.

Арал маңы Қарақұмдарында тассусары, бес башпайлы, үш башпайлы тышқандар кездеседі және эфемерлердің біраз түрі осы құмдарда.

Қасқақұлан жері судан босаған теңіз табаны. Бұл өңірде қазір тұщы су көзі бар (2 ұңғыма), осыған құлаңдар келіп суаттайды және 25 мың га қалың сексеуілдік өсіп тұр. Осыған орай бұл өңірді де қорғау қажет-ақ [7].

Сырдария өзені бойындағы тоғайлыққа келсек, ол өзіндік ерекшелігі мол тоғай. Орыстың көрнекті ғалымы, әрі жазушысы Владимир Даль, осы өңірдегі қазақ даласын аралап, оның тамаша табиғаты жайлы былай дейді: «Аспанмен тілдескен нар қамыс, әр түбі үйдей қызыл жыңғыл, қоңыраулы гүлдері түйе бойы шеңгел, зәулім жиде, ат бойы қызыл маржандай тамылжыған көк жантақ, әсем қызыл бурыл шашақты дермене, қаптай өскен ақбас, жер беті құйқалы ажырық, бәрі сонда» [8].

Түгіскен аңшылық шаруашылығының жері тұнып тұрған тоғайлық, оның іші аң-құсқа бай. Әсіресе қырғауыл, қоян, түлкі, борсық т.б. Сырдария осы тұста үлкен жайылма жасап ағады да орталығында арал пайда болған. Арал жиде мен тораңғылдан тұратын қалың тоғайлық.

Соңғы 4-5 жылда мұнда тоғай бұғысы пайда болды. Бұл да әрине Сыр өңіріне таңсық дүние, сондықтан қорғауды қажет етеді.

Ал, Қаратаудың Ақсүмбе әулие жері мен Ақүйік-Бесарық өзендерінің аңғары тау шатқалдарындағы тоғайға бай, әрі бұл жерде Қаратау архары мекендейді және өсімдіктердің де эндемик түрлері басым. Сонымен қатар жар тастарға қашалып жазылған суреттер көптеп кездеседі.

Жоғарыда келтірілген мысалдардың барлығы да бұл өңірді қорықтар жүйесін кеңейтудің қажет екендігіне күмән келтірмейді. Фауна мен флораның сирек түрлерінің таралу аймағын талдай отырып 9 үлескіні анықтадық.

Аймақтың шөлді болып келуі өзінше бір ерекше тұрпатты ландшафт құрайды және бұл осы өңірге ғана тән. Сондықтан да бұл ландшафтты эталон ретінде сақтау қажет.

Тұран жазығының геологиялық тарихына көз жіберсек, ол теңіз табанынан миллиондаған жылдардан бері біртіндеп босап келе жатқанын

байқаймыз. Бұл өңірде қазба өсімдіктері Қызылжар (Бор), Алтын-Шоқы (Олигоцен) жерлерінен табылды және төрт эндемик өсімдіктер барланған: Қаратау түйесіңірі, мың жылқы көбенқұйрық, тілшікті трихантемис, Шренк тобылғысы [6].

Осыған орай табиғаты, оның компоненттері де сол ортаға бейімделуде. Соңғы уақытта әсіресе тұзды топырақ пен ыстыққа бейім өсімдік түрлері ксеро-галофиттер етек алууда.

Алдын-ала ұсынылған қорықтар мен резерваттардың болашақ үлескілері бойынша 2001-2003, 2005-2012 жылдары ғылыми экспедиция сол жерлерде зерттеулер жүргізді. Осы ғылыми-экспедициялық зерттеу материалдарын талдау нәтижесінде төмендегідей қорытындыға келдік:

1. Қорғауға алуға мүмкіндігі жоқ аумақтар. Мұндай үлескілер біз жоспарлағандардың ішінде 4 (төртеу): Қамыстыбас көлі, Сырдария бойындағы тоғайлық, Дариялық тақыр, Түгіскен массиві. Мұнда Қамыстыбас көлін биосфералық қорық ретінде ұсынамыз. Себебі бұл көл бір жағынан жаз айларындағы сырттан келіп демалушылардың жағажайына айналады, бұл жердің келешекте туристік маңызы да бар. Ал биосфералық қорықтардың басқа қорықтардан айырмашылығы, оларда адам қызметінің әсері тиетін арнайы жерлері болады. Сондықтан биосфералық қорықтардың аумағында бірнеше зоналар бөлінеді. Дариялық тақыр тұз тағыларының мекені еді, бірақ қазіргі кезде облыс аумағындағы осы өңірлерде мұнай кеніштерінің қарқынды жұмыс істеуі, құбыр желісінің тартылуы қорғауға алуға шектеу қойып отыр. Сонда да бұл өңірде қорық-резерваттар ұйымдастыру қажеті ақ. Сыр тоғайы мен Түгіскен аңшылық шаруашылығы жерлері ауыл шаруашылығы иелігінде болғандықтан шектеу қойылады. Бірақ Сыр тоғайының кей жерлерінде қоғауға алуға мүмкіндік бар.

2. Табиғат қорғау маңыздылығы біршама жақсы аумақтар. Бұл үлескілерге Арал маңы Қарақұмы, Жаңадария, Жосалы жазығы, солтүстік Тянь-Шянь провинциясының Ақсүмбе әуле жері, Тораңғылсай. Бұл аталған үлескілердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын есепке ала отырып, бұл жерлерде ҚТА-н басқа түрін ұйымдастыруды ойластыру қажет деп ойлаймыз. Себебі, аталған үлескілер шағын аумақты қамтиды.

Арал маңы Қарақұмы солтүстігінде Қарағанды облысының және Торғай даласындағы Теңіз көлдер жүйесімен ұштасып жатыр. Ал бұл өңір бұрын қорық-этолон ретінде ұсынылған (Ф.М. Темреева 1996 ж.). Ал оның аржағында жатқан Шалқар - Теңіз батпақты сулы жерлерде Торғай қорығын ұйымдастыру жоспарланған (Березинский, 1984; А.Ф. Ковшарь, 1985 ж. т.б.). Яғни осы айтқандарды ескерсек үш облыс аумағын қамтитын үлкен көлемді қорықтың маңызы зор болатыны сөзсіз. Бұл бір жағынан батпақты-сулы аң-құстардың және тұз даланың тағысы ақбөкендердің, қарақұйрықтардың да

мекені болар еді. Тағы бір ең маңыздысы үш жақты қорғауда болады, оның өзі қорықтың қорғалуын күшейтеді.

Жаңадария, Жосалы жазықтары көлдер жүйесін және құстар түрін қорғауға мүмкін жерлер. Бұл жерлерде Ақсай-Лақалы көлдер жүйесі Сырдария суы көктемде жайылғанда суға толады да үлкен аумақты су айдындарын құрап, құс базарына айналады. 1999 жылғы далалық экспедиция барысында Лақалы көлінде 4-5 жерден 20-30 данадан үйір-үйір болып өте көп шоғырланған аппақ аққұтандар тобын кездестірдік. Бұл сирек кездесетін жайт. Бұл жемтіктің жеткілікті болуына байланысты деп білеміз. Себебі көлдер ондай терең емес, қопалы-қамысты, балық қоры мол. Көлдік-аллювиалдық ландшафтта орналасқан Тораңғылсай қорғалымдық жері бұрыннан бар. Бірақ ол өзінің деңгейінде жұмыс істеуге әлеуметтік-экономикалық факторлар әсерін тигізуде. Яғни, біріншіден елді мекендер жақын, Самара-Шымкент автожолы өтеді. Тек кей бөліктері адам аяғы баса бермейтін шалғай, өзен-көл аралығында жатыр, мүмкін осы үлескілерді сақтап қалса болатын да шығар.

Көктемгі кезде далада тыңды жырту жұмысы қарқындап, табиғаттың тыныштығын бұзады. Ал жаз айларында адам әрекетінің табиғат кешендеріне әсері сәл баяулайды. Ал қыста тыныштық орнайды, осы кезде аң-құстар өздерін сәл еркін сезініп қалады. Жоғарыда айтылған жерлер Қызылорда облыстық орман қоры жеріне жатады. Ондағы негізгі орман қорын сексеуілдіктер құрайды. Осы орман шаруашылығының қызметі негізінде елді мекендерге жақын болғанымен тоғайлықтар біршама сақталған, күйі жақсы. Бұл орманшылардың еңбегінің арқасында бүкіл кешенді қорғау мақсатында қорғалымды кешенді басқа қорғау санатымен алмастыру қажет сияқты.

3. Қорықтар ұйымдастыруға өте қолайлы аумақтар. Ескерте кетеміз, қолайлылық жағдайы әлеуметтік-экономикалық талаптармен анықталады. Бұл топқа антропогендік әрекетке өте әлсіз ұшыраған немесе мүлдем әрекет жоқ аумақтарды жатқызамыз. Олар: Құланды үстірті, Қасқақұлан (Барсакелмес), Қызылқұм, Қарғалы, Телікөл, Қаратау өңірлері.

Бұлардың ішінде Құланды үстірті елді мекен мен көлік жолдарынан шалғайда. Бұл өңір плакорлық табиғат кешендерін іздестіру кезінде анықталған, яғни шөл зонаның нағыз көрінісін осы жер бере алады. Сондықтан Құланды үстіртін ақбөкендер мен шөлдік ландшафттың эталоны ретінде қорғауға алуға болады.

Қасқақұлан жері қазіргі уақытта Қазалы орман шаруашылығы жеріне қарасты. 1990 жылдан бұл өңірде Қасқақұлан етегінде сексеуілдікті қолдан егу жолға қойылған. Қазір сексеуілдіктің көлемі 25 мың гектардан асып түседі. Кейінгі кезде сексеуілдік табиғи жолмен қалыптасуы жақсы жүруде.

Ашық жерлер сарсазан аралас жас сексеуіл өскіндерімен 80 пайыз жабылған (сурет 1).

Қызылқұм массиві Қазалы сексеуілдік орман жері қорына жатады. Қызылқұм құмдары шөл табиғатының нағыз келбетін береді. Бұл өңірде шөл табиғатына тән барлық тіршілік иесін кездестіруге болады. Мұндағы сексеуілдік орман Қазақстандағы соңғылардың бірі болуы мүмкін.

Сонымен бірге өзге облыстар мен шекаралас, аса маңызды үлескілер кешенді қорғалымдар ұйымдастыру қажет сияқты. Ондай телімдерге Телікөл, Қаратау, аумақтарын жатқызамыз. Бір қорық шегіне көршілес ерекше және тұрпатты табиғи ландшафтарды біріктірсе ұсынылып отырған қорықтық аумақтың көбеюіне мүмкіндік берер еді. Шөлді аймақтың қатаң да күрт өзгермелі табиғи жағдайында, сондай-ақ ірі сүтқоректілердің өмір сүру ортасын қамтамасыз ету үшін қорыққа үлкен аумақты бекітіп беру қорғалатын шөлді аумақтар үшін маңызды. Мысалы Телікөл көлдер жүйесі Қарағанды жағынан Бетпақдала кешенді қорығына, Қаратау қорығы Оңтүстік Қазақстан облысында жобаланған Қаратау қорықтарымен біріктірілсе тиімді, оңтайлы жұмыс болар еді. Осылай біріктірілген жағдайларда бұл қорықтар жергілікті басшылыққа емес, тікелей орталықтан, Республика тарапынан басқарылар еді.



Сурет 1 – Сарсазан аралас жас сексеуіл өскіндері

Сонымен, Қызылорда облысының табиғаты мен әлеуметтік-экономикалық ахуалын талдай келе Құланды үстірті мен Қасқақұлан қорықтарын эталон ретінде, Қызылқұм қорығын резерват, Телікөл мен Қаратау қорықтарында аралас қорғалуды ұйымдастырса, Қарғалы қорығы Сырбойы тоғайы мен аң-құстарды қорғауға алар еді.

Қорықтардың мұндай қызметтік жіктелуі тек мемлекеттік немесе аймақтық маңызы бар қорықтарда ғана емес, сондай-ақ халықаралық маңызы бар биосфералық қорықтарға да тән. Жалпы экологиялық қатердің қоршаған ортаға қауіптілігінің артуы жағдайында қалыпты дамудың шешімін табиғи ортаны оңтайландыру стратегиясы негізінде табуға болады. Табиғи ортаны оңтайландыру стратегиясы үш бірдей міндетті шешуді ұсынады. Яғни: табиғи ресурстарды үнемді пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, табиғатты қалпына келтіру. Мұның бәрі біздің айтып отырған қорықтарда ұйымдастырудың басты мақсаты.

Енді, осы жоғарыда айтылған қорықтардың ауданы мен шекарасын анықтайық. Қорықтардың абсолюттік өлшемі ойша айтыла беруі мүмкін, өйткені біз теориялық және әдеби деректерге негіздеп жазамыз. Бірақ қорықтар құрудағы басты әрі негізгі мәселенің бірі қорықтағы экожүйені тұрақты сақтауды қамтамасыз ете алатындай оның ауданының мөлшерін анықтау. Егер көлемі тар болса ондағы орнықтылық сақталмайды, себебі жан-жақты қысымды көп көреді. Қорыққа қажетті жер көлемі оның экожүйе тұрпатына байланысты анықталады. Мысалы, тундрада қорықтық жер көлемі 1 млн.га-дан кем болмауы керек, тайга мен шөлде - 250 мың га, далада – 10 мың га т.б. [9]. Сонымен, әрбір нақтылы жағдайда, олардың белгілі ландшафтқа байланысты екенін ескеріп және экономикалық тәртіппен санаса отырып, мүмкіндігінше қорғалатын аумақтың өлшемін анықтауға тырысамыз.

Құрғақ, аридті аймақтарда қорықтардың орнықты қызмет істеуін қамтамасыз ету үшін кейбір ғалымдар үлкен аумақтарды қорғауды ұсынса ал көпшілігі (Банников, Второв, 1976) [10], (Штильмарк 1978, 1979) қолайлы, кіші аумақтар болуын ұсынады.

Н.Ф. Реймерс пен Ф.Р. Штильмарк шөлді аймақтың шаруашылыққа игерілуін ескертіп, нақтылы жер көлемінің 250-300 млн. га болғанын ұсынады. Бұл ұсыныс жоғарыда айтылған Н.Н.Ротт, Б.Н.Вепринцев ғылымдардың ұсынысымен дәлме дәл келіп тұр. Бірақ бұл ұсыныстарды қазіргі аридтік аймақтағы қорықтар көлемімен салыстыруға келмейді. Өйткені олардың ауданы шағын, сондықтан олар қорғалатын нысандарды өз дәрежесінде қорғай алмайды. Қазақстанда тек екі (Наурызым, Үстірт) қорықтың көлемі ғана 200 мың га-дан асады екен. Ал, Барсакелмес қорығының аумағы мүлдем шағын, ал ол жерде ірі, тұяқты сүтқоректілер

қорғалынады, қазір олар аралдан шығып, өрісін кеңейтіп Қасқақұлан, Бегімана, Қаратерең жерлерінің аралығында жүр. Мұның өзі ауданның көлемінің үлкен болу керектігін көрсетеді. Бір жағынан Барсакелмес қорығында қазір тұщы су көзі жоқ, сондақтан аңдар тұщы су көзіне жақын маңдарды іздеп, таралу ареалын кеңейтіп кетті.

Қорықтардың аумақтық құрылымын айқындау кезінде, ғалымдардың пікірінше, қорғалатын түрлердің экологиясы жөнінде дәл мағұлматтар керек екенін және аумақта ірі жануарлардың қоректену мүмкіндігін де ұмытпау керек. Ол жануарлардың шектеулі санын ұстап тұруға, көбеюіне әсер етеді, популяцияның орнықтылығын қамтамасыз етеді.

Қорытынды: Қорықтардың қанша аумақты алып жатқанын облыс аумағы бойынша есептеп көрейік. Қызылорда облысының аумағындағы ерекше қорғауға алынған жер көлемі облыс жерінің 0,19 пайызын құраса, қорықтар 0,07 пайызын құрайды екен. Егер аридті аймақтағы қорықтың жер көлемі ең кем дегенде 200-250 мың га болу керек деп есептейтін болсақ, онда біз ұсынып отырған 6 қорыққа кемінде 1350 мың га жер керек болады, бұл облыстағы жер көлемінің 5 пайызын құрайды.

Бірақ біз облыстың, аудандардың, болашақ қорықтардың орналасқан орнын, әлеуметтік-экономикалық факторларын ескеріп, олардың көлемін мүмкін болатындай жағдайда ғана ұсынамыз. Ал негізінде, небір қайталанбас көркі бар табиғи ландшафттарды барлық құрамбөліктерімен қоса сақтап қалу үшін облыс жер көлемінің кемінде 5 пайызы қорғауға алынуы қажет [11].

Тағы бір ескеретін нәрсе, аймақтың қорықтарының аумақтық құрылымын белгілеу кезінде шешуші фактор ретінде ылғалды экожүйені алу қажет.

Қорық тәртібінің іске асырылу бағдарлы нормативтерін негізге ала отырып 5 қорықтың шекаралары мен жер көлемі анықталды - Құланды, Қызылқұм, Телікөл, Қасқақұлан, Қаратау. Сонымен бірге мұнда биосфералық қорықтардағыдай антропогендік әрекеттен сақтайтын, ені 2-3 шақырымдық «буфер зонасы» белгіленеді. Ол бір жағынан шаруашылық әрекеттің күшін азайтады.

ӘДЕБИЕТТЕР.

1. Categories, objectives and criteria for protected areas // A final report prepared by Com. On criteria and nomenclatura Com.on National Parks and protected areas. – IUCH. Niorges, 1978. – P.12.
2. Забелина Н.М. Национальные парки. – М.:Мысль, 1987. – С.170.
3. Быков Б.А., Арыстанғалиев С.А. Охрана ботанических объектов в Казахстане // Охрана редких видов растений и растительности в Казахстане. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1987. – С. 50-58.

4. Кулиева С.Ю. Добыча полезных ископаемых и промышленность как один из основных антропогенных факторов в развитии процессов опустынивания. – Баку, 2000. – 343 с.
5. Основные положения ведения лесного хозяйства в Кызылординской области Республики Казахстан. – Алматы, 2002. – С.2.
6. Батталова Г.С. Оценка антропогенных нарушений растительности восточного Приаралья: Автореферат кан.биол.наук: 03.00.05. – Алматы, 1993. – С.26.
7. Достай Ж.Д., Нұрғызарынов А., Айдаров О.Т. Қазақстандық Шығыс Арал өңіріндегі қорықтардың көкейкесті мәселелері // Сб.: Повышение эффективности системы сельскохозяйственного водопользования. – Алматы: Агроуниверситет, 2003. – С. 204-206.
8. Камелин Р.В. Флора Сырдарьинского Каратау. – Л.: Наука, 1990. – С.15.
9. Вепринцев Б.Н., Ротт Н.Н. Проблема сохранения генофонда // Подписная научно-популярная серия «Биология». – М.: Знания, 1985. - №1. – С.6.
10. Банников А.Г., Второв П.П. Значение заповедных и преобразованных территорий в зоогеографических исследованиях // Теоретические и прикладные аспекты охраны природы и охотоведения. – М., 1977. – Вып.5. – С. 26-40.
11. Лаптев И.П. Теоретические основы охраны природы // Основы созологии. – Томск, 1975. – С.17.

АЙДАРОВ О.Т. ВЫБОР ОХРАНЯЕМЫХ ТЕРРИТОРИЙ И ОПРЕДЕЛЕНИЕ ИХ ХАРАКТЕРНЫХ ДЛЯ РЕГИОНА ОСОБЕННОСТЕЙ

С самого начала формирования разумного человеческого общества возникает вопрос о наиболее эффективных условиях сосуществования человека и природы.

В статье рассмотрены проблемы охраняемых природных территорий в Кызылординской области, определены их особенности. Охраняемые природные территории, как и во всех странах, состоят из заповедников, заказников, национальных парков и памятников природы. Такие организационные формы способствуют созданию центров системы государственных охраняемых территорий. Автор, опираясь на полевые и экспедиционные исследования, предлагает научное обоснование перспектив и значимости создания системы особо охраняемых территорий в Кызылординской области.

Ключевые слова: заповедник, охраняемый, эталон, кулан, Кызылкум, Сырдарья, Аральское море.

AYDAROV O.T. THE SELECTION OF PROTECTED AREAS AND DETERMINATION OF THEIR CHARACTERISTIC REGIONAL FEATURES

From the very beginning of formation of reasonable society of mankind there is a question of formation of the most effective relations between the person and the nature. The article deals with the problems of protected natural areas in the Kyzylorda region and the definition of their features. Protected natural areas, as in all countries, consist of nature reserves, nature reserves, national parks and natural monuments. Such organizational forms contribute to the creation of centers of the system of state protected areas. The author, relying on field and expedition researches, offers a scientific substantiation of prospects and importance of creation of system of especially protected territories in Kyzylorda region.

Keywords: reserve, protected, standard, Kulan, Kyzylkum, Syrdarya, Aral sea.

УДК 316

ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ: РОЛЬ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ФАКТОРА

ЕСИМОВА А.Б., БЕКМАНОВА Д.М., КУАНДЫК Н.Ж.

В статье рассматриваются экологические факторы, которые оказывают значительное негативное влияние на демографический рост населения. Особое внимание уделено вопросам загрязнения воздуха, воды и урбанизации. Причинно-следственные связи между изменением окружающей среды и здоровья человека являются сложными. Ухудшение экологических параметров приводит к росту заболеваемости населения, что в дальнейшем отражается на демографических процессах. В то же время такие демографические процессы как урбанизация, миграция приводят к увеличению плотности населения отдельных регионов мира и как следствие – к повышению нагрузки на экологическую систему. Решение экологических проблем актуально для современных государств, и от его результатов зависят демографические показатели.

Ключевые слова: демографическое развитие, экологический фактор, заболеваемость, урбанизация

Влияние состояния экологической системы на демографическое развитие населения является актуальной темой. Ухудшение экологических параметров приводит к росту заболеваемости населения, что в дальнейшем отражается на демографических процессах. В то же время такие демографические процессы как урбанизация, миграция приводят к увеличению плотности населения отдельных регионов мира и как следствие – к повышению нагрузки на экологическую систему. Таким образом, можно отметить взаимовлияние экологических и демографических процессов.

В последние годы влияние экологического фактора на демографическое развитие населения становится более заметным. Исследователи прогнозируют, что к 2030 году количество погодных катаклизмов в мире будет в несколько раз больше, чем за период с 1975 г. по 2008 г. [1, с.29]. Природные бедствия, изменение климата будут и в дальнейшем способствовать интенсивному перемещению людей из экологически неблагоприятных территорий в более благоприятные регионы. Ожидается, что масштабы миграционных потоков – как внутренних, так и трансграничных – по мере ускорения изменения климата планеты будут увеличиваться.

По данным Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ) структура заболеваемости зависит от природных, в первую очередь климатических

условий, а также от вида экономической деятельности, концентрации вредных веществ в атмосферном воздухе, качества питьевой воды, уровня загрязненности почв, наличия вредных веществ в продуктах питания.

По оценкам ВОЗ, 24% бремени болезней (потерянные годы здоровой жизни) и 23% всех случаев смерти (преждевременная смертность) приписываются экологическим факторам. Среди детей в возрасте 0-14 лет доля смертей, отнесенная на счет окружающей среды, составила, по расчетам, 36% [2]. Согласно данным ВОЗ от экологического фактора зависит распространение диарейных и инфекционных заболеваний нижних дыхательных путей.

Важным показателем окружающей среды, оказывающим влияние на состояние здоровья населения, является качество атмосферного воздуха. Движение автомобильного транспорта загрязняет воздух, и появляются новые данные о прямой связи между заболеваниями дыхательных путей и места жительства возле оживленных дорог и у дорог с большим оживленным движением грузовых транспортных средств. Данные ВОЗ показывают, что более 25 тысяч новых случаев хронического бронхита у взрослых, более 290 тысяч эпизодов бронхита у детей, более 500 тысяч приступов астмы и более 16 млн. человеко-дней ограниченной активности связаны с транспортным движением [3, с.23].

Одной из актуальных проблем, ставшей особенно актуальной в крупных городах, является воздействие шума на здоровье, которое вызывает все большую обеспокоенность как у населения, так и медицинских работников. По данным ВОЗ в странах Западной Европы ежегодно насчитывается не менее 1 миллиона утраченных лет здоровой жизни от воздействия шума, связанного с транспортом. Около 21 тысяч преждевременных смертей в год в 25 странах европейского региона связаны с затруднениями дыхания, симптомами астмы, легочными и сердечными заболеваниями [4].

Каждый год загрязнение воздуха становится причиной смерти 7 миллионов человек во всем мире и оборачивается убытками для систем социального обеспечения в размере около 5,11 триллиона долларов США [5].

Инфекционные болезни преимущественно вызваны загрязнением воздуха внутри помещений как следствие использования твердого топлива в бытовых условиях. Более трех миллиардов человек во всем мире продолжают использовать твердое топливо, в том числе топливо из биомассы (древесины, навоза, отходов сельского хозяйства) и уголь для своих энергетических потребностей. Приготовление пищи и отопления на твердом топливе, в традиционных печах приводит к сильному загрязнению воздуха внутри помещений. Дым содержит опасные для здоровья человека мелкие частицы и

окись углерода. Ученые отмечают, что от использования древесного топлива чаще всего заболевают женщины и дети, так как именно они большую часть времени проводят в помещениях.

Каждый год около 4 миллионов человек умирают преждевременно от болезней, связанных с загрязнением воздуха в домашних хозяйствах в результате приготовления пищи при помощи простых печей, работающих на твердом топливе и керосине. Почти половина смертей от пневмонии среди детей в возрасте до 5 лет вызваны вдыханием частиц из-за загрязнения воздуха в домашних хозяйствах. Загрязнение воздуха внутри жилых помещений вызывает такие заболевания, такие как инсульт, ишемическая болезнь сердца, хроническая обструктивная болезнь легких и рак легких [6].

Дети наиболее чувствительны к загрязнению воздуха внутри помещений, вызванных сыростью и плесенью. Плохое качество воздуха внутри помещений, перенаселенность, плохая проветриваемость помещения, низкая температура в помещении часто приводят к респираторным и аллергическим заболеваниям.

По данным ВОЗ смертность и бремя болезней, вызванных от отдельных крупных рисков, загрязнения воздуха внутри помещений является ответственным за 2,7% глобального бремени болезней (количество лет жизни, утраченных в результате инвалидности). Два миллиона смертей ежегодно происходят в результате воздействия дыма внутри помещений от приготовления пищи [7].

Причинно-следственные связи между изменением окружающей среды и здоровья человека являются сложными. Здоровье человека зависит от качества экологической системы. Вмешательство человека в окружающую среду изменяет экологию, как на локальном, так и на мировом уровне. Нарушения в состоянии окружающей среды отражаются на здоровье человека через сложную систему взаимосвязей.

Одним из демографических процессов, оказывающих влияние на экологическую систему, представляется урбанизация. Урбанизация является результатом как миграционного перемещения населения из сельской местности в городскую, так и естественного демографического роста городского населения. На современном этапе урбанизация меняет как социальную, так и экологическую ситуацию в мире.

Сейчас более половины жителей мира являются горожанами. И наблюдаемая тенденция к урбанизации имеет нарастающий характер. Рост городского населения негативно отражается на качестве глобальных и локальных экосистем. На первый план еще острее встают проблемы утилизации твердых отходов, обеспечение населения чистой питьевой воды и санитарными условиями.

К экологическим факторам также относят также городскую планировку. Довольно часто горожане не всегда имеют достаточно мест для занятий спортом и парков для прогулки на свежем воздухе. Неграмотная планировка способствует распространению ожирения, которое приводит к различным негативным последствиям в медико-демографическом плане.

Постепенная деградация окружающей среды толкает людей к миграционной активности, заставляя перемещаться как внутри страны, так и пересекая национальные границы. По наиболее часто приводимой оценке, к 2050 году число людей, вынужденных перемещаться в результате экологических факторов, достигнет 200 млн. чел. [8, с. 35-37].

Взаимосвязь между состоянием народонаселения и изменениями в климате в большинстве случаев сложны и проявляются косвенно, однако характер этих взаимосвязей уже достаточно очевиден.

Вопросы экологического влияния на демографическое развитие актуальны и для стран Центральной Азии. В Центральной Азии наибольшее количество смертей по причине загрязнения воды зафиксировано в Таджикистане (751 на 1 млн. чел.), Туркмении (532), по причине загрязнения воздуха внутри помещений – в Таджикистане (516 на 1 млн. чел.), Кыргызстане (418), из-за загрязнения воздуха снаружи помещений – в Туркмении (170 на 1 млн. чел.), Казахстане (159), Узбекистане (148), а число людей, живущих на деградированных землях в Узбекистане составляет 27%, в Казахстане – 24%, в Туркмении – 11%, в Таджикистане – 11% и в Кыргызстане – 10% [9].

В настоящее время ученые пришли к выводу, что изменения климатических условий влияют на здоровье людей как непосредственно в результате неблагоприятных погодных условий, так и косвенно в результате ухудшения состояния воды, воздуха, качества и количества пищевых продуктов, экосистем, сельского хозяйства, образа жизни, инфраструктуры.

ВОЗ активно разрабатывает рекомендации по улучшению экологической ситуации. Так, ВОЗ считает, что переход на низкоуглеродные источники энергии не только повысит качество воздуха, но и откроет другие возможности для скорейшего улучшения здоровья населения. Так, создание условий для активного передвижения, например, на велосипеде, повысит уровень физической активности, которая способствует профилактике таких недугов, как диабет, рак и сердечно-сосудистые заболевания [10].

Все приведенные данные свидетельствуют о том, что решение экологических проблем актуальны для современных государств и от его состояния зависят демографические показатели. В то же время, демографический рост отдельных регионов мира обостряют нагрузку на

экологическую среду. Вопросы взаимовлияния экологических и демографических будут актуальными в ближайшие десятилетия.

ЛИТЕРАТУРА

1. Народонаселение мира в 2009 году. На переднем крае: молодежь и изменение климата. ЮНФПА.
2. Профилактика болезней путем создания здоровых окружающих условий. Оценка экологического компонента бремени болезней. С сайта ВОЗ.
3. Transport, environment and health/ Edited by Carlos Dora and Philips/ WHO regional publication. European series. N89
4. Chronic respiratory diseases. Quick facts and figures. <http://www.euro.who.int/en/what-we-do/health-topics/noncommunicable-diseases/chronic-respiratory-diseases/facts-and-figures>
5. Всемирная организация здравоохранения. <https://www.who.int/ru/news-room/detail/05-12-2018-health-benefits-far-outweigh-the-costs-of-meeting-climate-change-goals>
6. Всемирная организация здравоохранения. <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/household-air-pollution-and-health>
7. Global Health Observatory. Household and pollution. http://www.who.int/gho/phe/indoor_air_pollution/en/index.html
8. Доклад о человеческом развитии. 2011 год. Устойчивое развитие и равенство возможностей. Лучшее будущее для всех.
9. Подсчитано по: Доклад о человеческом развитии. 2011 год. Статистические таблицы. Таблица 7.
10. Всемирная организация здравоохранения. <https://www.who.int/ru/news-room/detail/05-12-2018-health-benefits-far-outweigh-the-costs-of-meeting-climate-change-goals>

ЕСИМОВА А.Б., БЕКМАНОВА Д.М., ҚУАНДЫҚ Н.Ж. ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЫҢ РӨЛІ

Бұл мақалада халықтың демографиялық өсуіне әсер ететін экологиялық факторын талқылайды. Халықтың демографиялық дамуына ауа ластануының, судың және урбанизацияның әсері ерекше назар аударылады. Қоршаған орта мен адам денсаулығының өзгеруі арасындағы себеп-салдарлық байланыстар күрделі болып табылады. Экологиялық параметрлердің нашарлауы халықтың аурушаңдығының өсуіне алып келеді, бұл одан әрі демографиялық процестерге әсер етеді. Сонымен қатар, урбанизация, көші – қон сияқты демографиялық процестер әлемнің жекелеген өңірлері халқының тығыздығын арттыруға және соның салдарынан-экологиялық жүйеге түсетін жүктемені арттыруға алып келеді. Экологиялық проблемаларды шешу қазіргі заманғы мемлекеттер үшін өзекті және демографиялық көрсеткіштер оның жағдайына байланысты.

Кілт сөздер: демографиялық даму, экологиялық фактор, ауру, урбанизация

YESSIMOVA A.B., BEKMANOVA D.M., KUANDYK N.ZH. DEMOGRAPHIC DEVELOPMENT: THE ROLE OF THE ECOLOGICAL FACTOR

The article discusses environmental factors that have a significant negative impact on the demographic growth of the population. Particular attention is paid to the effects of air pollution, water, and urbanization on the demographic development of the population. The causal relationship between environmental change and human health is complex. The deterioration of environmental parameters leads to an increase in the morbidity of the population, which further affects the demographic processes. At the same time, demographic processes such as urbanization and migration lead to an increase in the population density of certain regions of the world and, as a result – to an increase in the burden on the ecological system. The solution of environmental problems is relevant for modern States and demographic indicators depend on its state.

Keywords: demographic development, environmental factor, morbidity, urbanization.

УДК 332(519.5)

**МАЛАЙЗИЯ – ҚАРҚЫНДЫ ДАМУШЫ
ИНДУСТРИАЛДЫ-АГРАРЛЫҚ ЕЛ**

АБДЫХАНОВ У. К.

Мақалада Малайзияның дамыған индустриалды-аграрлық мемлекетіне айналған жетістіктерінің негізгі себептері қарастырылады. Оңтүстік-Шығыс Азиядағы аралдық мемлекеттің экономикалық өсуінің жоғары деңгейін аграрлық саласын қолдаумен, елдің замануи өнеркәсіп саясаты мемлекеттің реттеуші рөлімен, банктік-несиелік жүйесін қадағалауын күшейтумен, өндірісті монополияландыруға жол бермеу және тауарлар мен қызметтердің бағаларын жоғарылатпайтын қатаң қадағалау орнатумен байланысты. Үкіметтің экономикалық әлеуетті жоғарылатуы, зерттеушінің пікірінше, көптеген әлеуметтік мәселелерінің шиеленісуін әлсіретуіне мүмкіндік берді. Осылардың нәтижесінде Малайзия азиялық жолбарысына айналуға мүмкіндік берді.

Кілт сөздері: өнеркәсіп, қаржы, нарық, экономика, несие, әлеует, өсу, мемлекет, экспорт.

XX ғ. 70–90 жылдарындағы Малайзия экономикасының даму динамикасы аграрлық саласын қолдау мен өнеркәсіп өнімдерін экспортқа шығаруға бағытталған мемлекеттік ұзақ мерзімді саясатына сүйенді. Осы саясаттың негізінде қаржы жұмсалымының ішкі көздерін жұмылдыру болды: 90-шы жылдардың ортасында сақтау нормасы 37%, қаржы жұмсалым нормасы 39%-ға дейін өсті, ал 60 жылдары – тиісінше 28%, 14% құрады, сонымен бірге 60 жылдары қаражаттың шетелге жылыстауын тоқтатуға

мүмкіндік болмады. Сондай-ақ үкімет шетел қаржы жұмсалымын белсенді тартты: шетелдік тура капитал жұмсалымының үлесі 26% құрды, бұл Оңтүстік-Шығыс Азиядағы (ОША) Сингапурды санамағанда, ең жоғары көрсеткіш.

Экономиканың аграрлық саласына ауылшаруашылық өнімдерін, машина мен тыңайтқыш сатып алуына, көмекқаржы беру арқылы, бағаны орталықтандырып реттеуіне қолдау жасалынды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде өткен ғасырдың 90-шы жылдары азық-түлік және өнеркәсіпке шикізатты өндіруінің тұрақты өсімі қамтамасыздандырылды.

Малайзияның замануи өнеркәсіп саясаты мемлекеттің реттеуші рөлімен байланысты, бірақ соңғы кезде мемлекеттің реттеу деңгейі едәуір төмендетілді. Осыған қарамастан үкімет экономиканың басым салаларын (мысалы, электроника) жеңілдікті несие беру мен инфрақұрылымды дамытуын тура бюджеттік қаржыландыру арқылы қолдауын жалғастырып келеді. Өңдеу өнеркәсібі озық қарқынмен дамып келе жатыр және оның экономикаға үлесі өсуде: ЖІӨ машина жасаудың үлесі едәуір өсті.

Бірақ отандық бизнесті және мемлекеттік секторын қолдау деген оларға импортты шектеу арқылы жеңілдік жасалынбады, осындай жағдай дұрыс бәсекелес ортасын сақтады.

Экономикалық әлеуетті жоғарылатуы көптеген әлеуметтік мәселелерінің шиеленісуін әлсіретуіне мүмкіндік берді. 1970 ж. басында халықтың кедейлік шегінен төмен тұратын үлесі қалада 22% болса, 2010-шы жылы 4,5%-ға дейін төмендеді, ауылды жерлерде тиісінше – 5% және 22% құрады.

XX ғ. 80–90 жылдары Малайзияда әлем нарығының қажеттілігіне бағытталған индустриялық-аграрлық экономикасы қалыптасты. 1960 жылдардың ортасында экспорттық үлес ЖІӨ 50% құраса, 1990 жж. 80% өсті. Малайзия әлем нарығына каучук, пальма майы, қалайыны экспортқа ірі жеткізушісі және какао-бұршақтың, тропикалық ағаш өнімдерін, мұнай мен газдың жетекші экспортёры болғанымен, 80-ші жылдарының ортасынан бастап малайзиялық экспорттың жетекші саласы электроника болып табылады. 1990-шы жылдары Малайзия АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея мен Тайванмен бірге жартылай өткізгіш бұйымдарының әлемде өндірушілерінің қатарына енді. Сонымен қатар 2000-ші жылдарында Малайзия тұрмыс электроникасын, тоқыма бұйымдары мен киімдерді экспортқа шығару көлемін кеңейте бастады.

Малайзия осындай экономикалық саясатының ерекшелігіне байланысты өзінің көрші елдер сияқты шығыс-азияттық құрылымдық-қаржы дағдарыстың зардабына қынжыла қойған жоқ. Үкімет 1996 жылдан бері банктік-несиелік жүйесін қадағалауын күшейтті, бюджеттік шығындарды

шектеді және есеп мөлшерлемесін көтерді. Сонымен қатар, Малайзия Оңтүстік-Шығыс Азия (ОША) елдеріне қарағанда, экономиканың нақты секторын қаржыландыру үшін қысқа мерзімді несиелерді тартуын азайтты. 1990-шы жылдарында экономикалық саясаттың ырықтандыру үдерісі басталды (мемлекеттік реттеу, мемлекеттік меншікті жекешелендіру деңгейінің төмендеуі).

Малайзияның ОША басқа елдерінен өзгешелігі Халықаралық валюталық қорының (ХВК) дағдарысты еңсеруіне көмектесуінен бас тартып, экономикалық мәселелерді ішкі сұраныс пен ұсыныстарды кебейту арқылы, бір қатар басым салаларды қаржыландыруын 1999 ж. ЖІӨ бюджет тапшылығын 6%-ға дейін көбейту арқылы өздігінен шешуге тырысты. Сонымен қатар Малайзияда шетелдік қысқа мерзімді саудагерлік капиталдың жылжуын қадағалуға алды. Бірақ үкімет мемлекеттік шығындарды еріксіз қысқартуға және бірқатар ірі әлеуметтік-экономикалық жоспарлардан бас тартуына мәжбүр болды.

2016 жылы Малайзияның ЖІӨ 863,7 млрд АҚШ доллар, ЖІӨ халықтың жан басын шаққанда – 9 546 АҚШ доллар, ал ЖІӨ халықтың жан басын шаққанда сатып алу жарамдылық (СЖТ) бойынша – 27 234 АҚШ доллар құрды. Жұмыссыздық деңгейі – 3,1%. Көптеген батыс елдері тоқыраудан шыға алмай жатқан кезде Малайзия қарқынды екпінмен дамып келе жатыр. Соңғы алпыс жыл бойы оның экономикасының орташа өсу қарқыны 6–7% құрады, ал 2016 ж. – 4,3%. Жиынтық мемлекеттік қарыз ЖІӨ-нің 56,6% жетті. Малайзияның экономикасы Оңтүстік-Шығыс Азияда (ОША) 3-ші, ал әлемде 29-шы орында тұр.

Үкімет ерікті нарықтық қатынастарды құрды, бизнесті жүргізу жүйесі таңғаларлық жұмыс: қаржыландырушыларға бір қатар жеңілдіктер берілген, әсіресе жергіліктілерге, сонымен бірге мемлекет демеуқаржы береді. Малайзия жаңа кәсіпорындарын соғады, жұмыс орындарын жасайды. Бірақ демократиялылығына қарамастан өндірісті монополияландыруға жол бермейтін және тауарлар мен қызметтердің бағаларын жоғарылатпайтын қатаң қадағалау орнатылған. Өндіріске инновациялық технологиялар енгізілген, сонымен бірге ерікті, адал бәсекелестік жүйесі орнатылған.

Шетел инвестицияларының келу шыңы ХХ ғ. 80–90 жылдарына түсті. Қазіргі кезде олардың көлемі төмендеді, дегенімен ішкі нарық капиталмен молықтырылды.

Малайзия үлкен нәтижелерге табиғат ресурстарын пайдалану арқылы жеткен емес. Ол мұнай, газ, қалайы рудалары мен жерде сирек кездесетін металлдарына бай болғанымен дер кезінде жоғары технологиялық өнімдерді, әсіресе электрониканы шығаруға сенді.

Сонымен қатар Малайзия экономикасының өсуіне миллиардтаған шетелдік займы да әсер етті. 80–90-шы жылдары шетел инвестициялары арқылы өнеркәсіп саласы көтерілді, негізінен электроника, 30% дейін. Тауарлардың негізгі нарықтары: АҚШ, Сингапур, Жапония, Қытай. 1997 ж. азиялық қаржы дағдарысы малайзиялық экономикасын тоқтата алмады, баяулауы тек бір жыл ғана байқалынды.

Айрықша айтып кету керек, дамуға деп арналған зор қаржының бар болуы елдің келешекте өркендеуінің кепілі бола алмайды, шетелден келген қаржы жолда жымқырып кету туралы көптеген мысалдар келтіруге болады. Сыбайлас жемқорлық әлемде барлық елдерде кездесетіні де құпия емес. Сонымен, Малайзия елі де сәтсіздіктен құтыла алмауы да мүмкін еді. Бірақ шетелден келген қаржы шенеуліктердің қалталарына түспей, қазір елге табыс келтіретін салаларға салынды.

Сыбайлас жемқорлықтың деңгейін Малайзияның бірегей мемлекеттік жүйесінің арқасында төмендетуге қол жеткізді, мұнда жоғары билеу – монарх сайланады. Корольді және оның көмекшісін (вице-король) елдің тоғыз штатын басқаратын сұлтандар мен раджалар ұсынады. Монарх сайланған өкілділік қызметтерін жүргізеді, елді сайланатын парламент пен үкімет басқарады. Көптеген саясаткерлер жаңартылатын билік сыбайлас жемқорлық қауіпсіздігімен күресуге ең тиімді құрал реті деп растайды.

Бұл деген Малайзияға шетел қаржы инвесторларын келтіреді. Олар өздерінің бизнесін нормативті-құқық механизмі қорғайтынына сенеді. Банк қызметтерінің жағымды нарығы елдің экономикасына қосымша бедел мен тұрақтылықты күшейтеді. Сонымен бірге экономикалық дамумен де мемлекеттің саяси ықпалы өсіп келеді.

Малайзияның мұсылман елдеріндегі ролінде атап кету керек. Ол «ислам сегіздігінің» негізгі елі болып табылады.

Малайзиялық жетістіктің негізгі себептері:

- Реформаны алғашқы кезеңінде Малайзия экономикасының даму динамикасы аграрлық саласын қолдау мен өнеркәсіп өнімдерін экспортқа шығаруға бағытталған мемлекеттік ұзақ мерзімді саясаты.

- Малайзияның замануи өнеркәсіп саясаты мемлекеттің реттеуші рөлімен байланысты

- Экономикалық әлеуетті жоғарлатуы көптеген әлеуметтік мәселелерінің шиеленісуін әлсіретуіне мүмкіндік берді.

- Банктік-несиелік жүйесін қадағалауын күшейту, бюджеттік шығындарды шектеу және есеп мөлшерлемесін көтеру.

- Халықаралық валюталық қорының (ХВҚ) дағдарысты еңсеруіне көмектесуінен бас тарту, экономикалық мәселелерді ішкі сұраныс пен ұсыныстарды кебейту арқылы өздігінен шешу.

• Өндірісті монополияландыруға жол бермеу және тауарлар мен қызметтердің бағаларын жорғалатпайтын қатаң қадағалау орнату.

• Сыбайлас жемқорлықтың деңгейін Малайзияның бірегей мемлекеттік жүйесінің арқасында төмендетуге қол жеткізу.

Сонымен, жолбарыстың өркендеу құпиясының формуласы: өнеркәсіп саясатындағы мемлекеттің реттеуші рөлі + банктік-несиелік жүйесін қадағалауын күшейту + Халықаралық валюталық қорының (ХВҚ) дағдарысты еңсеруіне көмектесуінен бас тарту + экономикалық мәселелерді ішкі сұраныс пен ұсыныстарды кебейту арқылы өздігінен шешу + өндірісті монополияландыруға жол бермеу + тауарлар мен қызметтердің бағаларын жоғарылатпайтынын қатаң қадағалау = азиялық жолбарысы.

ӘДЕБИЕТ

1. Ломакин В. К. Мировая экономика. – М.: Юнити, 2012. – 671 с.
2. <http://www.km.ru/referats/E27A0B9147274F46A3D2E4CE08CF672C>
3. http://www.ved.gov.ru/exportcountries/my/about_my/eco_my/
4. <http://asiavector.ru/countries/singapore/>
5. <http://asiavector.ru/countries/singapore/>
6. https://www.google.ru/?gws_rd=ssl#newwindow=1&q=%D1%8D%D0%BA.

АБДЫХАНОВ У.К. МАЛАЙЗИЯ – РАЗВИТАЯ ИНДУСТРИАЛЬНО-АГРАРНАЯ СТРАНА

В статье рассматриваются основы успеха интенсивного развития Малайзии и превращения её в развитое индустриально-аграрное государство. Высокий уровень экономического роста островного государства обусловлен поддержкой правительством аграрного сектора, государственной ролью управления современной промышленной политикой, усилением контроля за кредитно-банковской системой, предотвращением монополизации производства, строгим контролем за ценами на товары и услуги. Увеличение экономического потенциала правительства, по мнению исследователя, позволило ослабить многие социальные проблемы. В результате чего Малайзия стала азиатским «тигром».

Ключевые слова: промышленность, финансы, рынок, экономика, кредит, потенциал, рост, государство, экспорт.

ABDYHANOV U.K. MALAYSIA – DEVELOPED INDUSTRIAL-AGRARIAN COUNTRY

the article discusses the reasons for the success of intensive development of Malaysia and its transformation into a developed industrial-agrarian state. The author connects the high level of the economic growth of the island state with the support of the government of the agrarian sector, the state role of managing modern industrial policy, strengthening control over the credit and banking system, preventing the monopolization of production, and strict control over the prices of goods and services. The increase in the government's economic potential, according to the researcher, has made it possible to ease many social problems. As a result, Malaysia became an Asian tiger.

Keywords: industry, finance, market, economy, credit, potential, growth, state, export.

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

ӘОЖ 821(091)

ДЕМОН – МҰҢЛЫ ШАЙТАН

ӘЛПХАН Г.Қ.

Мақалада Абай мен Лермонтов арасындағы шығармашылық байланыс жайы сөз болады. «Демон» поэмасындағы басты сарын – пейіштен қуылған аяр әрі мұңлы шайтан арқылы адамдардың әлсіздігі мен азғыруға еліккіштігін таныту. Абай да өз шығармаларында Лермонтов секілді адам болмысының жағымсыз, шайтани кемшіліктерін аяусыз сынаумен болған. Мақалада адами асқақ қасиет пен шайтандық аярлықтың нәзік сырлары Лермонтов поэмасы негізінде талданған. Автор тақырыбы бойынша ой өрбіткенде көбіне түпнұсқадағы оқиға ізімен жүріп отырады. Түйінді ойлары мен қорытындыларын Лермонтов поэмасындағы оқиғалар мен көңіл күйлер негізінде жасайды.

Кілт сөздер: *М.Лермонтов, поэма, Абай, өлең, шығармашылық, аударма, періште, шайтан, адам, көк, жер, жақсылық, жамандық, өкініш, мұң, ізгілік, сүю, аярлық, азғыру, мән.*

Абай тағылымы оның төл мұрасымен бірге аудармалары арқылы да халық пен ұрпақ игілігіне айналып келеді. М.Әуезов жазғандай, Абай аудармалық өрнегі мен шеберлігін, негізінен, орыс классик поэзиясын аударуға жұмсаған [1.197]. Соның ішінде көлем жағынан әсіресе М.Лермонтовтан көбірек аударма жасаған. Байрон, Гетеден алған аздаған өлеңдерді де осы М.Лермонтов аудармалары арқылы қазақшалаған. Біз тек Абай қысқа ғана аударған Демон – мұңлы шайтан жайынан бірер ой айтпақпыз. М.Әуезовтің пікірінше, М.Лермонтовтың «Демон» поэмасынан үзіндіні Абай оның бас жағынан алып аударған [1.205]. Ал З.Ахметов бұл туралы: «Лермонтовтың «Демон» атты поэмасының бастапқы екі бөлімшесін түгел алып, сөз қосып өте еркін аударған... Абай «Печальный демон, дух изгнания, летал над грешною землей» деп басталатын, періні тұжырымды сипаттайтын поэманың кіріспесін алып, бірақ демон тұлғасын толығырақ көрсетуге ұмтылып, еркін қазақшалаған» [2.185] деп жазады. Лермонтов поэмасындағы негізгі ойдың Абай аудармасы арқылы түйінделіп берілгені шындыққа жақын келеді.

Түпнұсқадағы поэма басында мұңлы шайтан Құдаймен, Иесімен бірге болған ғажайып күндерін ойға алып, еске түсіріп, бүгіндегі халіне көңілі толмай өкінген, шерленген күй кешеді. Бейісте өткен күндерде оның кеудесінде сүю мен сенім болса, кейін оның орнын қиянат пен кек басады.

Құдай жанынан қуылып кеткелі оның жасағаны – қайырымы мен рахаты жоқ бір ғана жауыздық, жамандық болады. Шайтанның жүрмейтін жері жоқ, адамзат қауымын көктен барлап жүріп, қажет кезінде азғыратын адамын көз түспейтін қуыстан да тауып алады. Тіпті әр адамның ойы мен бойында, жүрегiнiң түкпiрiнде болатын қараулығы мен жын-жебiрi де – сол шайтан атты жамандық болса керек. Поэмадағы оның айтқан сөзi рас болса, сөйтiп жүрiп шайтан жамандық, жауыздықтан да жалығады, баяғы нұрлы шағын аңсап өкiнедi, тiптi шерленедi. Абай – М.Лермонтов поэмасының бас жағын үш-төрт шумақ көлемiнде дәл қазақшалап келiп, кейiнгi алты-жетi шумағымен поэманың осындай ойлы тұстарын ғана аударған, яғни түпнұсқадағы желiлi түпкi ойды өз тарапынан тұжырымдап, түйiндеп қана жеткiзген. Абай поэманың грузин қызы Тамараға қатысты оқиғалы тұстарына тiптi бармаған. Бiздiңше, Абай өзi аударған поэманың ой жағынан әбден сұрыпталған сөлi мен түпкi мәнiн ғана жеткiзудi ойлаған. Содан да Абай аудармасы М.Лермонтов жазған «Демонның» лирикалық қысқаша нұсқасы болып шыққан.

Поэмада суреттелетiн оқиға барысында бұл жолы шерлi шайтан Кавказ тауын көктен қарап ұшып жүредi. Көкте қалқып, биiктен барлап ұшқан шайтанның төменде көрген көрiнiсi де ғажап:

И дик, и чуден был вокруг
Весь божий мир [3.556].

Өйтсе де «құдайдың қуған жаны» мұндай ғажап көрiнiске селт етпейдi, қиянат билеп iзгiлiгi суалған кеудесi қасаңданып қатып қалған, бәрiне де кектенiп қарайды:

...Но, кроме зависти холодной
Природы блеск не возбудил
В груди изгнанника бесплодной
Ни новых чувств, ни новых сил;
И все, что пред собой он видел,
Он презирал иль ненавидел [3.557].

Кавказ тауының бiр биiгiнде кәрi Гудалдың тер төгiп еңбектенiп көтерген ерекше еңселi үйi бар. Сол үйден төмендеп тау жолының тепшегiмен Арагваға қарай iз түскен. Осы жолмен кәрi Гудалдың көркем қызы Тамара су алуға барады. Бұл сұлудың болмыс-бiтiмi де тым бөлек:

С тех пор как мир лишился рая,
Клянусь, красавица такая
Под солнцем юга не цвела [3.559].

Адамзаттың осы бiр бейкүнә, таза да таңғажайып көркем қызы көкте кезiп ұшқан шайтанның көзiне түседi. Бұл бейбақ шайтанның түбi, тегi – перiште емес пе, бiр жағы аярлығы да болар, махаббат пен iзгiлiк, сұлулықтан

бір сәт басы айналып тұрып қалады, баяғысы мен бүгінін ойлап әрі-сәрі болған күй кешеді. Алғашында періште еді, «құдайдың лағынетімен» кейін шайтанға айналды. Ізгі жолын шайтан кесті ме, қалыңдығына асыққан күйеу жігіт керуенімен бірге шабуылға ұшырап, өзі осетин оғынан жараланады. Ер қанаты атының арқасында Гудал үйіне жетіп жығылады да, ұзамай жан тапсырады. Қуанышы мен бақытын күткен Тамара осылайша қара жамылып зар еңіреп қалады. Өмір, тірлік, бар қызықтан баз кешіп, кейінгі күндері монастырьде өтеді. Сөйтсе де шайтанның залым, кекті, қиянатшыл қалпынан қайта алмағаны секілді адам баласының да аңғал, аңқау, еліккіш болмысынан айыға алмағаны көрінеді. Гете кейіптеген ғұлама Фаустың күндердің күнінде шайтан Мефистофельмен біршама ымыраласып кететіні секілді Лермонтовтың Тамарасы да өзінің пенделік, келтелік қалпынан шыға алмағанын танытып қояды. Бұл арада адам әлсіз, ақылсыз, тұрақсыз ба, әлде шайтан қиянатшыл, қарау аярлығымен мықты болды ма, бұл да өз алдына бөлек әңгіме. Әйтсе де бірен-саран санаулы таңдаулылар ғана шайтанмен ымыраға келмейді, бірақ ондайлар өмірде өте сирек, тым аз ұшырайды. Адамды азғыратын шайтан тым айлалы, мүләйім, мүттәйім шығар, я бір кезде Аллаға жақын болған болмысының жұрнағы болар, әйтеуір шайтан өте ақылды, қайсар, қайтпас. Осындай шайтанға төтеп беретін, азғыруына көнбейтін адам да тым ақылды, арлы, иманды болуға тиіс. Шайтанның зымиян да алымды мықтылығын М.Лермонтов өзгесін былай қойғанда, мына екі жолмен-ақ соншалық шебер, тапқыр танытқан:

Он бродит: от его шагов

Без ветра лист в тени трепещет [3.569].

М.Лермонтов өмір мен шындықта болуға тиіс құбылыстың бәрін де мейлінше дәл өз қалпында бейнелейді. Ол өзі бейнелеген шайтанның ойы мен әрекетін бір-біріне кереғар түрлі-түрлі қалыпта құбылтып суреттейді де, акын кейіптеуіндегі әр бейне мен көрініске оқырман да еріксіз сеніп отырады. Шайтан азғыруына өзі де тура өмірдегідей еріп кетіп, аярлығын артынан біліп сан соққандай болады. Кейде шайтан қиянат пен кекке тым беріліп кетіп, өзінің зұлымдық жолында амалсыз, еріксіз жүргендей көрініп қалады. Жақсылық пен ізгілік, рахым мен сүйеге кез келіп жатса, шайтан да түзеліп кететіндей. Мысалы, поэмадағы шайтан өзі сүйіп қалған, мүмкін өзі қасақана азғырмақ болған Тамараға былай дейтіні бар:

Меня добру и небесам

Ты возвратить могла бы словом.

Твоей любви святым покровом

Одетый, я предстал бы там,

Как новый ангел в блеске новом [3.571].

Шайтанды М.Лермонтов «печальный», ал Абай «мұңлы» деп атайды. Бар мәселе мен түпкі мән дәл осы сөздің мағынасында тұрғандай. Қайғы мен мұң ойдағысы орындалмаған я барынан айырылған өкініштен туса керек. Сонда шайтанды мұңлы еткен не десек, ол – баяғы нұрлы бейіс ішіндегі періште қалпын аңсау деуге бейіміз. Немесе өзінің құдай, бейіс, адамдарға жексұрын болған жағымсыз күйінен де мұңлы болған болар. Бірақ әркез айнымалы, қашан да азғырумен жүретін шайтанға сену де қиын, ол тез-ақ өзгеріп, құбылып шыға келеді. Ол – мақсатына жеткенше ғана мүләйім, мейірман, жақсы қалыпқа түсетіндей. Тамараны сүйіп қалып «ағынан жарылған» шайтанның пиғылы шикі, жалған екенін оның мына сөзінен байқауға болады:

...Во дни блаженства мне в раю
Одной тебя недоставало [3.572].

Нұрлы бейісте періштеге не жетпеуі мүмкін. Періштеде құдайды зікір етіп, оған құлшылық етуден өзге не қалау болмақ. Егер періштеге бұдан өзге қызық қажет болса, демек ол періште болмағаны. Ақылды адам осыны ұғып білсе керек.

М.Лермонтов – адами ақылы мен суреткерлік шеберлігі жағынан да ғажайып биік тұлға. Оның шығармаларындағы ғаламат ақиқатты түгел тауысып тану қиындау, ол үшін оқырманға айрықша дайындық пен өре керек болады. «Демон» поэмасы әсіресе соңғы оқиға, түйінімен күрделілеу болып көрінеді. Құдай үйі монастырьде ары мен Иесіне жақын жүріп, сүйгеніне адал, опалы болған Тамара да шайтанның тәтті, мәйін сөздері мен «Я отрекся от старой мести, я отрекся от гордых дум... Хочу я с небом примириться, хочу любить, хочу молиться, хочу я веровать добру» [3.576] деп үйіп-төккен уәдесіне сеніп қалады. Лермонтов пен Абай екеуінің де ақиқат, ізгі ойы бойынша, шайтан мұңлы, шерлі болуға тиіс, оның бейбақ болмысын танытар «...Я был отвергнут; как эдем, мир для меня стал глух и нем... Все благородное бесславил и все прекрасное хулил... И стал бродить, как метеор, во мраке полночи глубокой» [3.573] деген сықылды ақылды, қисынды сөздерді де ақын шайтан атынан айтқызады. «Я дам тебе все, все земное – люби меня...» [3.578] деген шайтанның қисыны мен қанағаты кем азғыруына арбалып қалған Тамара – аңқау, ақылы аз адамзат қауымының басым бөлігін танытар жиынтық бейне деуге келеді.

Увы! Злой дух торжествовал!
Смертельный яд его лобзанья
Мгновенно в грудь ее проник [3.578].

Абай айтқандай, «ақымақ көп, ақылды аз» адамзат қауымы көбіне осылайша әззіл шайтанның азғыруынан аман қала алмай жүреді. Әйтсе де М.Лермонтов өз кейіпкері Тамараның аз ғұмырындағы көп уақытында адал,

таза қалпын сақтай жүріп, тек қана сүюмен, сүйгені жолында қайғырумен өткенін ескеріп, поэма соңындағы өз шешімімен бұл кейіпкерін қисынын тауып жаннаттық етеді. Шайтан өз әмірін тек жерде ғана жүргізе алады екен, ал көкте ол алаңсыз аласталған қадірсіз күйде. Құдайдың лағынетіне ұшыраған жексұрын, бейбақ шайтан шығарма соңында мұңайып, қайғырып жалғыз қалады.

Абай – М.Лермонтовтың отызға жуық беттен тұратын екі бөлімді поэмасын он-ақ шумақ өлеңмен қазақшалаған. Жоғарыда жазғанымыздай, Абай алғашқы шумақтарымен Лермонтов поэмасын дәл аударып келіп, кейінгі шумақтарымен түпнұсқа туындының түпкі тұжырымын ғана ықшамдап жеткізген. «Өлмес өмір, қайрат, күш – бәрі менде» деп менменсіген, «жаманды күнде азғырып,.. жамандыққа бір тоймаған» шайтанның Тамараны көрген сәттен көңілі бір сәт ізгілікке ауғандай болады, сөйтсе де «тиянақ, сенім, сүю көрмей өткен» [4.56] мұңлы, шерлі қалпында қала береді. Екі ақынның да айтпақ ойы осы болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. XX том. Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
3. Лермонтов М. Сочинения в двух томах. Том первый. Москва: Правда, 1988. – 720 с.
4. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. II том. Алматы: Жазушы, 1986. – 200 б.

АЛИПХАН Г.К. ДЕМОН – КОВАРНЫЙ ДЬЯВОЛ

В статье рассматривается взаимосвязь творчества Абая и Лермонтова. Основная тема поэмы «Демон» – показ проявления слабости и искушения людей через образ зловещего и коварного дьявола. В своих произведениях Абай, как и Лермонтов, подвергал беспощадной критике отрицательные, зловещие недостатки человеческой природы. В работе на основе поэмы Лермонтова анализируются тонкие проявления человеческих и сатанинских качеств.

В рамках темы автор часто идет по следам реального события поэмы. Обобщающие мысли и выводы сделаны на основании событий и настроений, отраженных в поэме Лермонтова.

Ключевые слова: М. Лермонтов, поэма, Абай, поэзия, творчество, перевод, ангел, дьявол, человек, небо, земля, добро, зло, сожаление, грусть, доброта, любовь, кротость, искушение, обстоятельство.

ALPHAN G.K. A DEMON IS A SAD DEVIL

The article deals with the relationship between Abay and Lermontov. The main theme of the poem "the Demon"- showing weakness and temptations of the people through

the image of the sinister and cunning of the devil. In his works, Abay, like Lermontov, subjected to merciless criticism of the negative, ominous shortcomings of human nature. The work on the basis of Lermontov's poem analyzes the subtle manifestations of human and satanic qualities.

Under the topic, the author often goes on the trail of the real events of the poem. Generalizing thoughts and conclusions are made on the basis of events and moods reflected in Lermontov's poem.

Keywords: *M. Lermontov, poem, Abay, poetry, creativity, translation, angel, devil, man, sky, earth, good, evil, regret, sadness, kindness, love, meekness, temptation, circumstance.*

ҒТАМР 19.51.09

ҒРНТИ 19.51.09

АЛАШ АРЫСТАРЫ ЖӘНЕ ЕЛДІК ИДЕЯ

ЕРТАСОВА Г.Қ.

Алаш идеясы – ХХ ғасыр басындағы қазақтың ұлттық-мемлекеттік идеясы болатын. Алаш идеясы – қазақтың ұлттық идеясының темірқазығы болды.

1917 жылы құрылған Алашорда партиясының басты мақсаты – Қазақ елінің өзін-өзі басқару, ұлттық мүддесін қорғай алатын мемлекеттік жүйе құру құқықын метрополияға мойындату, түбінде дербес мемлекет құру, қазақ жерлеріне ішкі Ресейден қоныс аударуға шек қою, әлемдік озық тәжірибені пайдалана отырып, мал шаруашылығын өркендету, егіншілік пен өнеркәсіптің дамуын қамтамасыз ету, нарықтық қатынастарға жол ашу, жеке адам құқығы мен басқа да демократиялық принциптерді қадір тұту, оқу жүйесінің, тілдің дамуына қажет шарттар түзу еді.

Мақалада Алаш қайраткерлерінің тәуелсіздік туралы идеяларының, позицияларының маңызы қамтылған.

Кілт сөздер: *Алаш, Қарқаралы петициясы, Мемлекеттік Дума, Ақпан төңкерісі, Алаш партиясы, Автономия, Жалпықазақ съезі, Қазан төңкерісі, Ресей империясы.*

XIX ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында Ресей империясының отаршыл саясаты қазақ халқының тәуелсіз мемлекет құру идеясын орындалмас қиялға айналдыруға бар күш-жігерін жұмсады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Сырым, Кенесары және басқалар бастаған көтерілістер қазақтың ұлттық рухын орнықтыруға, ортақ жау – Ресей патшалығына қарсы күресте қазақтардың барлық күшін біріктіруге талпынған әрекеттер еді», – деп көрсетуі тарихи ақиқатқа негізделген [1].

Отарлау саясаты жазалау шараларынан бастап, түрлі құйтұрқы заңдар арқылы қазақтардың құқықтары мен бостандықтарын шектейтін іс-әрекеттерге дейін барып, ұлттық мемлекеттік институтының кез келген көрінісін жоюға тырысты. Соның салдарынан қазақ даласында хандық билік институтының белгілері біржолата жоғалып, оның орнына отарлау аппаратының иерархиялық сатыға бағындырылған шенеуніктер жүйесі басқаратын империялық әкімшілік билік орнады. Дәстүрлі билер соты, шешендік сөз бен саликалы әділ шешімге жүгіну біртіндеп келмеске кетіп, оның орнына паракорлық, билік өкілдерімен жең ұшынан жалғасып ауыз жаласу, сайлау науқандарындағы саяси талас-тартыс, арамза үгіт-насихат сияқты келеңсіз көріністер туындап қана қоймай, үйреншікті құбылысқа айналды. Бір сөзбен айтсақ, сол кезеңде қолданысқа енген заңнама қазақ халқын қанауға бағытталды.

Патшалық Ресей қазақтың дархан даласын мемлекет меншігі деп жариялап, «пайдаланылмайтын бос жер» деген желеңмен озбырлықпен тартып алып, қоныс аударушыларға бөліп беру орын алды. Әлеуметтік-саяси жағынан алғанда, бұл кезең патшалық Ресей империясының қазақ даласындағы отарлау саясатының күшеюімен ерекшеленді. Кез келген әрекет өзінің қарсы әрекетін туғазатын табиғат заңдылығы бұл жерде де өзінің айнымастығын дәлелдеді. Отарлау саясаты өрістеген сайын, қазақ халқының ұлт азаттық күресі, ұлттық мемлекеттік құру идеясы да құрыштай шындалып, дами берді. Самодержавиеге, отаршылдыққа, жергілікті шенеуніктердің озбырлығына қарсы халық наразылығы өршіді. Осылайша, қазақтардың жаңаша саяси санасы қалыптаса бастады. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысы дін тазалығын, тіл тазалығын қорғаудан, оқу-ағарту, ұлттық салт-дәстүрлерді қолдаудан басталып, біртіндеп жер дауы, ел дауына ұласты. Яғни, академик М. Қозыбаев көрсеткендей, «Алаштың ұлт азаттық қозғалысы идеологиясының өзегі – отаршылдық наразылық, отаршылдыққа қарсы ұлтшылдық. Олар заңмен шектелген праволық қоғам, конституцияда анықталған кейбір саяси бостандықтар, ғылым мен мәдени даму көлемінде күресіп бақты» [2].

Қазақ халқы ұлт ретінде өмір сүру қасиетін сақтап қалу үшін тырысты: аймақтардағы наразылық бас көтерулерден бастап, Мемлекеттік Думадағы депутаттық орынға дейін саяси күрес ісіне тартылып, азаттық қозғалысының арналы ағысына ілесті. Қазақтар өлке өміріндегі өзгерістерге, отаршылдық әкімшілік ойлағандай, сырттай бақылаушы ғана болып қалмай, оған белсене араласты. Олар болыс сайлау, партияға жіктелу, дауыс жинау, кандидаттыққа ұсыну, лауазымды қызмет атқару, Думаға сайлану т.б. қоғамдық-саяси істерге белсене араласты. Жергілікті мемлекеттік басқару отарлау әкімшілігінің басқаруымен, ал сайлаулар шалағайлықпен жүзеге асса да, кең

байтақ қазақ даласындағы саяси процестерге халқымыз қызу қатысып отырды. Саяси қатысу қазақы дала өлкесінде өзгеше мәнге ие болды. Мұндай әділетсіздік сол кезеңдегі көзі ашық, ұлттық сана-сезімі оянған қазақтың зиялы азаматтарына серпіліс берді.

М. Құл-Мұхаммед жаңа замандағы қазақ тарихын, оның ұлт-азаттық қозғалыстарынан туындайтын саяси және құқықтық тарихын төмендегідей кезеңдерге бөліп қарастыруға болады деп тұжырымдайды:

- I кезең – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы Ресейдегі революциялық қозғалыстың өрістеуінен туындаған кезең. Бұл 1905 жылға дейінгі аралықты қамтиды.

- II кезең – Қазақстанда отаршылдық езгі, патша өкіметінің қазақ халқын қанауды одан әрі күшейтуі негізінде туындаған әр түрлі бас көтеру, наразылық акцияларынан бастап, саяси күштердің «Қазақ» газеті төңірегіне топтасуына дейінгі аралықты қамтиды. Бұл – 1905-1912 жылдар арасы.

- III кезең – «Қазақ» газеті шығуымен ұлттық зиялы қауымның біртұтас саяси күшке айналып, оның Ақпан (1917) революциясына дейінгі азаттық жолындағы күресін қамтитын кезең.

- IV кезең – Ақпан революциясынан бастап, Алашорда үкіметінің құрылуымен аяқталатын (1917 жыл, желтоқсан) – саяси тәуелсіздік жолындағы күрес кезеңі.

- V кезең – қазақ қауымының саяси жетекші күшін құрайтын Алашорда қозғалысы қайраткерлерінің қуғындалып, қозғалыстың таратылу кезеңі (бұл 1919-1920 жылдарды қамтиды) [3].

Біздің қарастырғалы отырған тақырыбымыз да осы хронологиялық ауқымда болмақ. Алаштың зиялы қауымы қазақ халқының қамын ойлап, елді өркениет көшінен қалдырмау жолдарын іздеді. Оның бірден-бір жолы ғылым-білім мен мәдениетті игеру екендігін халыққа насихаттаған зиялылардың алдыңғы қатарында Алаш зиялылары жүрді. Олар жан-жақты қоғамдық-саяси қызметтер атқара отырып, әмбебап маман ретінде де елге танылды. Оқу-ағарту мен ғылыми-зерттеуді, қазақ тілінде тұңғыш газет-журнал шығару мен әдеби шығармашылықты қатар алып жүрді. Бұл XX ғасырдың басындағы қазақ даласында саяси белсенділіктің қызған тұсы еді.

1905-1907 жылдардағы I-ші орыс төңкерісі өз кезегінде қазақ жеріндегі ұлттық қозғалыстың өсуіне де әсерін тигізді. 1905 жылғы 25 шілде күні Қарқаралы маңындағы Қоянды жәрмеңкесінде қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен митинг өтіп, ол өзіндік қазақ съезі іспетті болды. Жиын нәтижесінде Ресей Министрлер кеңесінің төрағасына арналған әйгілі «Қарқаралы петициясы» қабылданды. Онда қойылған талаптар 11 тармақтан тұрды: қазақтарға ар-ождан бостандығын беру, тұрғылықты халықты ана тілінде оқытуды ұйымдастыру, қоныстандыру саясатынан бас тарту, жер

қорын байырғы қазақ ұлтының үлесіне құқықтық түрде тиесілі ететін арнайы заңды қабылдау, азаматтық және сот іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізуге құқық беру, аудармашылыққа қазақ тілін білетін және қазақша сауатты адамдарды алу, қазақтар өз құқықтарына нұқсан келсе, арызды ана тілінде бере алуы, судьялардың қазақ тілін білуін шарт ету және қазақ даласына присяжной сот жүйесін енгізу, отарлаушы аппараттың шенеуніктер санын қысқарту, генерал-губернаторларды орталықтан тағайындау тәжірибесін тоқтатып, басшылыққа жергілікті жерден лайықты тұлғаны сайлау, крестьян бастықтары мен урядник қызметін жою, қылмыс жасағандар тек сот алдында ғана жауап беретіндей тәртіп орнату, биліктің жоғары сатыларынан бодандық шеткері аймақтардан өкілдер сайлануына квота беру сияқты көкейкесті мәселелерді қамтыды.

Ал петицияға қол қойған адамдар саны жөнінде ортақ пікір жоқ. Мысалы, Қазақстан энциклопедиялық сөздігі мен Қазақстан тарихы оқулықтарында оған 14 500 адам қол қойған деп көрсетіледі. Ал зерттеуші З.Тайшыбайдың келтірген деректеріне сүйенсек, Қарқаралы петициясына 12 767 адам қол қояды [4].

Алаш қайраткерлері туралы жазған еңбегінде М.Қойгелдиев ХХ ғасыр басындағы қазақ даласында болған саяси оқиғаларға шолу жасай келіп, патша үкіметінің басқару органына жолдаған Қарқаралы петициясы ерекше екендігін атап өтеді: «нақты Қарқаралы петициясының тарихи орнына келсек, ол құжат авторларының сапалы жаңа даму сатысына аяқ басқан қазақ азаттық қозғалысының ең негізгі талап-тілектерін тұңғыш рет тұжырымдап, қалыпқа салып, патшалық билік алдына қойып, сол арқылы қазақ елінің өз еркіндігі үшін күрес жолына түскендігін ашық-анық білдіруінде еді. Бұл, әрине, сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамы үшін қатардағы оқиға емес-тін. Деректік материалдардың көрсетуіне қарағанда, Қарқаралы петициясын дайындауда Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Ақбаев сынды сол кезеңдегі белсенді қазақ интеллигенттері жетекшілік рөл атқарған [5].

Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Ж. Ақпаев, А. Байтұрсынов сияқты зиялы қауым өкілдерінің біріккен іс-қимылы нәтижесінде жазылған петиция Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының құрылуына серпін берді. 1905 жылдың аяғында «Қарқаралы петициясының» авторлары қазақ өлкесінің бес облысының өкілетті өкілдерінің съезін өткізуге бастамашы болды.

Қазақ халқы Ә. Бөкейхановты ұлттың лидері ретінде ұсынып, ол Мәскеуде 1905 жылы қараша айында өткен Ресей жергілікті және қалалық қайраткерлерінің съезіне қатысады. Съезге Ресей империясының құрамына кіретін барлық ұлттар мен ұлыстардың өкілі қатысады. Күн тәртібіндегі мәселелер: барлық ұлттардың теңдігі, тең сайлау құқығы, ана тілін қолдануда бостандықтың болуы. Съезде Ә. Бөкейханов баяндама жасап, өзін 4 млн. қазақ халқының өкілі екенін, қазақ жері Оралдан Алтайға дейінгі, Сібір темір

жолынан Омбыға дейінгі, бір шеті Ресей, бір шеті Қытай, бір шеті Каспий теңізіне дейінгі атырапты алып жатқанын айтады. Съезд делегаттарына қазақтардың мұқтаж болып отырған бір мәселесі – ана тілін қолдану аясы екенін көрсетіп, жергілікті тілдерді қолдануға қойылатын шектеулерді жою туралы ұсыныстарды толық қолдайтынын жеткізеді.

Көп ұзамай Ә. Бөкейханов 1906 жылы наурызда I Ресей мемлекеттік Думасына Семей қазақтары атынан депутат болып сайланады. Осы кезде «Семипалатинский листок» газеті «Ә.Бөкейханов Мемлекеттік Думада ұлт мүддесін қорғай алатын, қазақтың жоғын жоқтап, тілегін жеткізетін бірден-бір адам екеніне халқы сенсе керек» – деп жазды. Ол депутат ретінде Еуропадағы, Ресейдегі сайлау ерекшеліктерін, олардағы заңдылықтарды, әділеттілік пен түрлі партиялардың саяси күресін талдай келе, мынадай ой түйеді: «...қазақ ішіндегі сайлау параға, малға сатылған, арамдықпен өтетіні айқын. Сайланған адам әділет, бірлік, адалдық жолында күрессе ғана шын мақсат орындалмақ» [6].

Депутат ретінде Ә. Бөкейханов ұлттық мүддеге қатысты ойларын жалпы мемлекеттік деңгейде айтуға мүмкіндік алды. Оның Мемлекеттік Думадағы баяндамалары қоныстандыру саясатына, жер мәселесіне қатысты болатын, сонымен қатар далалы аймақтарда білім беру және әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымды дамыту мәселелеріне де көп көңіл аударды. Орыс шаруаларына су жағалауындағы құнарлы жерден 15 десятинадан жер бөлу, ал қазақтарға тура сондай көлемдегі жерді сусыз тақырдан берудің әділетсіз шешім екенін айтып шырылдады. Яғни, Ә. Бөкейханов сол кездегі өзге де қоғамдық қайраткерлер сияқты патша өкіметінің саясатын сынады. «Қазақ» газетінің 1913 ж. 30 қыркүйектегі 28-санында жарияланған «Жауап хат» атты мақалаларында «Степное положениенің» 120-бабына қосымшасында: «Қазақтан артық жерді алмақ. Бұлай болғанда, әуелі қазақты орнықтыру керек емес пе? «15-тен алсаң, жер белгілеймін, қазақ болып отырсаң, жерден күнде көшіремін», – деп, қазақты күнде көшіріп отыр. Осылай жұртты билеген патшалық бар ма екен? Біздің қазақ жерінен күнде көшіретін не жазып еді?» – деп сынайды [7].

1911 жылы 10 қаңтарынан бастап 1915 жылдың қыркүйек айына дейін Троицк қаласындағы «Энергия» баспаханасынан қазақ тілінде үзбей шығып тұрған қазақ халқының тұңғыш журналы – «Айқап» XX ғасырдың басындағы халқымыздың әлеуметтік, саяси өмірінде, елеулі рөл атқарды. Оның негізін салушы да, авторы да, идеялық қолдаушысы да М. Сералин болды. Басылым араб әрпімен теріліп, басында айына бір рет, кейін екі рет шығып тұрған.

Журналдың «Айқап» аталуын М. Сералин журналдың 1911 жылғы №1 санында былайша түсіндірді: «Біздің қазақтың «Әй, қап!» демей тұғын ісі бар ма? Газет шығармақшы болдық, қолымыздан келмеді. Пұлы барларымыз

ынтымақтаса алмадық. Пұлы барларымыз ынтымақтассақ та, ақшасыз істің жөні табылмады. «Қап, пұлдың жоқтығы, қолдың қысқалығы-ай!» дедік. Жақсы жерлерімізді қолда сақтар үшін қала салмақ болдық. Басымыз қосылмады. «Қап, ынтымақсыздығымыз-ай!» дедік. Болыс, би, ауылнай боламыз деп таластық, қырылыстық. Жеңілгеніміз жеңген жағымызға «ендігі сайлауда көреміз, қап, бәлем-ай» дедік. Осындай біздің қазақтың неше жерде «қап» деп қапы қалған істері көп. «Қап» деген қапияда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз өкінішімізге лайық «Айқап» болды».

1911-1915 жылдар аралығында Ә. Бөкейханов А.Ф. Керенскиймен үш мәрте кездесіп (1916 ж. Ұақытша Үкіметтің басшысы болған), саяси мәселелерді талқылайды, онымен саяси билікке ие болған жағдайында Ресей құрамындағы Қазақстан автономиясын жасақтау туралы келіссөз жүргізеді.

Ақпан төңкерісінен кейін Алаш қайраткерлерінің саяси белсенділігі арта түсті. 1917 жылы 20 наурызда уақытша үкімет ресейлік азаматтардың қандай да бір дінге, ұлтқа қатысты шектеулерін жою туралы саяси шешім шығарды. Сол жылы 7 сәуірде бұрынғы Түркістан генерал-губернаторлығын басқаратын Түркістан комитетін құру туралы қаулы шығарды. Комитет құрамына Ә. Бөкейханов, Н.Н. Щепкина, М.Тынышпаев, А.А. Даулетшина т.б. кірді. Осылайша, алғаш рет эсерлік-кадеттер партиялық блогына кіретін, көзқарастары үндес қазақ зиялы қауымының өкілдері Қазақстанды басқару органының құрамына кірді. Ә. Бөкейханов, М. Дулатов және М. Шоқаев бірігіп, Петроградтан 1917 жылдың 12 сәуірінде жазған «Алаш ұлына» (Қазақ газеті, 1917. № 87) мақаласында ақпан революциясының идеяларын қолдап, жаңа өзгерістерге сай қазақ халқына пайдасы тиетін нақты саяси қадамдар жасау қажеттілігін көтереді.

Алайда, 1917 жылдың шілде айында қазақ зиялылары жердің сатылуын қолдап, ұлт автономиясын мойындамайтын, діннің саясаттан бөлінуін құптамаған кадет партиясынан шығып, Алаш партиясын құруға кіріседі. Ә.Бөкейханов жерге жеке меншік құқығын беру үлкен қателік екенін атап айтады, себебі бұл қазақтар үшін тиімсіз, ұлтқа кесірін тигізетін, қазақтардың жерден айырылуына әкеліп соғады. Сонымен қатар мемлекеттік құрылысқа қатысты мәселелер бойынша да жаңа үкіметпен келіспейтінін көрсетеді. «Мен неге кадет партиясынан шықтым?» атты мақаласында осындай жәйттер жазылған [8]. Бұл кезеңде Ә. Бөкейханов мемлекет формасы, жергілікті бостандық негізі, құқық, дін ісі, билік және сот, ел қорғау, салық, жұмысшылар жағдайы, ғылым-білім, жер мәселесі деген он түрлі қоғамдық мәселе бойынша нақты концепцияны демократиялық үлгіде әзірлейді. Бұл концепция қазақ автономиясын жариялаған, елді президенттің билеуін қолдаған, жердің сатылмау принципін ұстанған Алаш партиясы бағдарламасына негіз болады. 1917 жылдың 21-26 шілдесі аралығында

Орынборда өткен бірінші Жалпықазақ съезінде «Алаш» саяси партиясы құрылады, оның атқарушы комитеті сайланады. Оның жұмысына 6 облыстан – Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Ферғана облыстары мен Бөкей ордасынан өкілдер қатысады.

Съезде А. Байтұрсынов пен М. Дулатов «автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін құру» идеясын ұсынса, Ә. Бөкейханов «демократиялық, федеративтік және парламенттік Россия республикасының құрамындағы» қазақтың ұлттық-территориялық автономиясы болуын қолдады. Басым көпшілік Ә.Бөкейхановтың ұсынысын қолдайды.

Сондай-ақ, осы съезде бұрыннан айтылып келе жатқан саяси ұйым – «Алаш» партиясы құрылып, оның бағдарламасын жасау жөнінде қаулы қабылданды. Партияның бағдарлама жобасын Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғабдолхамит Жүндібаев, Ғазымбек Бірімжанов бірігіп жасады. Мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, негізгі құқық, дін ісі, билік һәм сот, ел қорғау, салық, жұмысшылар, ғылым-білім үйрету, жер мәселесі деген он бөлімнен тұратын бағдарлама жобасы 1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде жарияланды [9].

«Алаш» партиясы бағдарламасы жобасының негізгі мақсаты – Ресей федеративтік демократиялық республикасы құрамындағы қазақ автономиясын құру болды. Себебі сол кезеңдегі қалыптасқан жағдай бойынша Қазақстанның тәуелсіз ел болуы үшін қажетті шарттар әлі қалыптаспаған еді. Мәні жағынан «Алаш» реакциялық ұлтшыл емес, эволюциялық отаншыл партия еді. Ол қазақ қоғамын біртіндеп өзгерту жолын ұстанды. Дін саясаттан ажыратылып, мемлекет зайырлы принципке сүйенетін болуы тиіс деген саяси ұстаным негізделді.

Бағдарлама жобасына қысқаша тоқталатын болсақ, оның бірінші бөлімі «Мемлекет қалпы» деп аталды. Онда Ресей демократиялық, федеративті республика болуы тиіс деп атап көрсетіледі және демократия мен федерация ұғымдарына түсінік беріледі. Демократия – халық билігі, ал федерация өзара тең мемлекеттерге бірлесу. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді. Яғни, өзін-өзі басқаратын тең құқықты мемлекеттер одағы. «Алаш» партиясы ұсынған бұл идеяда іргесі бөлек, ынтымағы бір дербес басқарылатын автономиялардан тұратын федеративті әрі демократиялық Ресей туралы қағида енгізілді.

Мемлекеттік құрылыс мәселесінде Үкімет басында – Құрылтай жиналысы, оның аралығында Құрылтай мен Мемлекеттік Дума белгілі бір мерзімге сайлаған Президент тұрды. Құрылтай жиналысы сессия түрінде жұмыс істеп, оның сессиялары арасында билік тұрақты орган Президенттің қолында болады. Ол халықты Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума

алдында жауапты Министрлер Кеңесі арқылы басқарады. Жоғары өкілді органның екі палаталы құрылымы – парламенттік республика ұсынылды, мемлекеттік құрылыс үшін билік бөлінісі идеясы енгізілді. Заң шығару Мемлекеттік Дума құзырында және атқарушы орган қызметіне бақылау жасау үшін депутаттық сауал салу құқығы бар. Жоба авторлары демократиялық сайлау жүйесін ұсынды. Депутаттар тегіс, тең, төте және құпия сайлаумен болады. Азаматтардың сайлау құқығы қан, дін, жыныс айырмашылығына қарамай, барлығының сайлау құқығын жүзеге асыру арқылы бекітіледі. Осы бөлімде бекітілген салықтың өкілді орган – Мемлекеттік Думаның келісімінсіз салынбауы да Алаш қайраткерлерінің заңсыздық пен озбырлыққа жол бермеуге ұмтылысынан көрсетеді.

Бағдарлама жобасының «Жергілікті бостандық» деп аталатын екінші бөлімінде қазақтар мекендейтін облыстарда тұратын барлық ұлттар үшін автономия құру туралы мәселе ең бірінші кезекке қойылады. Мұнда «Алаш» партиясының қазақтың би, болыс, ауылнайлары сияқты орындарда қызмет ететін адамдарының халыққа пайдалы да, адал қызмет ететін механизм жасау жөнінде және оны өмірге енгізу үшін күресетіндігі туралы да сөз болады. Заңды құқықтар мен бостандықтарды қатаң сақтауды мақсат тұтқан «Алаш» партиясы әлеуметтік-әділеттілік саясатын жүргізуге ұмтылды.

«Негізгі құқық» деп аталған үшінші бөлім демократия мен адамгершілікке негізделді. Республикада дінге, қанға қарамай, бар адам тең құқылы болуы, жиылыс пен қауым жасауға, жариялыққа, газет пен кітап бастыруға еркіндік берілуін қолдады. Заңсыз жолмен ешкімді өкімет адамдарының ұстамауы, сот сұрамай, билік айтылмай, тұтқын қылмауы, қылмысты болған адамға судья бар жерде 24 сағат ішінде, судьясыз жерде бір аптадан қалмай қамауға алу туралы санкция ұсыну адам құқығының кепілі. Әрі тергеу орындарының озбырлық әрекеттеріне қарсы бағытталған құқықтық кепілдігі. Азаматтардың табиғи және саяси құқықтарын қамтамасыз ететін мұндай тармақтар бұрын-соңды Ресейдің заңнамасында болмаған екен. «Алаш» қайраткерлері тұжырымдаған либералды демократиялық ұстанымдар өз уақытынан озық болды. Тәуелсіздік жылдары ғана олардың асқақ армандары қолданыс тауып, 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясында өз орнын мықтап тұрып алды.

«Дін ісі» атты төртінші тармақта мемлекеттің зайырлық негізін бекітудің қажеттігі бекітілген. Ар-ождан бостандығы мойындалып, әркім діни сенімі бойынша тең және еркін, діни сенімі бойынша астамшылық немесе дискриминацияға жол берілмейтіні айтылған. Әйелдерге күйеуге шығу құқығы беру, қалың малды жою, молдаларға 16 жасқа толмаған қыздар мен 18 жасқа толмаған ер балалардың некесін қиюына тиым салынды. Жесір

дауы да сотта қаралуы тиіс болды. Мұсылмандық неке құқығының озық жақтары ескеріле отырып неке қию мен ажырасу, балаға ат қою мәселелерін молдаларға беру енгізілді.

«Билік һәм сот» деп аталатын бесінші бөлімде сот билігі және оның ішінде билер соты туралы айтылады. Билік пен соттың әр халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрып ерекшеліктеріне қарай жүргізілуіне басты назар аударған жоба авторлары халыққа жат құқықтық нормаларды енгізуге қарсы. Құқықтық нормалар халықтың тұрмысы мен деңгейіне сәйкес болуы керек. Қала мен ауыл арасындағы айырмашылықты ескерген алаш қайраткерлері ауыл, болыс ішінде билік пен сот қазақ билерінің түрлі жиындарда сот істерін шешу кезінде басшылыққа алған дәстүрлі ереже жолымен атқарылғаны жөн деп бекітеді.

Сонымен қатар, би мен судьяның жергілікті халық тілін білуі, аралас халық тұратын жерлерде соттың тергеу-тексеруі мен шешімі сол жердегі көпшілік болып табылатын халық тілінде жүргізілуі, билер мен судьяның тергеусіз орнынан түспеуі, заң мен сот алдында барлық адамдардың тең болуы, құдайдан кейінгі ең күшті би мен судья болып танылып, барлық адам солардың үкімін мойындауы, сот шешімінің дереу орындалуы, ауыр қылмыстардың присяжный сотта қаралуы, олардың қазақтан алынуы және т.б. адам құқықтарын құрметтеудің нағыз демократиялық идеялары болып табылады.

Жобаның алтыншы тармағы ел қорғау мәселесіне арналған. Әскер жасына жеткендерді жергілікті жерлерде әскер ісіне үйрету және қызмет еткізу ұсынылды. Егемен ел болу үшін әскер жасақтау қажеттігін, әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету, әскер табына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу, әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқару айтылады.

Жобаның жетінші бөлімі салыққа арналды. Салық салудың пропорционалды жүйесін енгізу ұсынылды: «Салық мал-ауқат, табысқа қарай байға-байша, кедейге-кедейше ғаділ жолмен таратылу». Бұл ізгі демократиялық қағида болатын. Көріп отырғанымыздай, әлеуметтік әділеттілік мәселесін алаш зиялылары ту етіп көтерді.

«Жұмысшылар» деп аталатын сегізінші тармақта еңбекшілер құқығын заңмен қорғау қарастырылған. Қазақ жерінде завод-фабрикалардың аз болуы себепті жұмысшылар да аз, сондықтан «Алаш» партиясы жұмысшыларға қатысты социал-демократтардың меньшевик табының программасын жақтайтыны айтылды.

Тоғызыншы «Ғылым-білім үйрету» деп аталатын бөлімде тегін білім алуға баршаның құқығы болуы басты назарда. Мектептерде ана тілінде оқыту, қазақ мектептері мен университет ашу, үкіметтің оқу үрдісіне

араласпауы, оқытушылардың сайланбалы болуы, кітапханалар ашу туралы ұсыныстар бар. Білім мен ғылым ісі қай заманда болмасын өзекті, қажетті, болашаққа бағытталған жауапты міндет. Мұны алаш қайраткерлері жете түсініп, келешектегі ұлттық мемлекеттің рухани негізі деп білді. Олардың өткен ғасырда айтқан ұсыныстары бүгінгі күнгі өткір мәселелердің де үстінен дөп түсіп тұр.

Соңғы, оныншы бөлімде қарастырылатыны «Жер мәселесі». Құрылтай негізгі заң қабылдағанда жерден тиесілі үлесін алдымен жергілікті жұртқа берілуін, өлшеу нормасы жердің топырағы мен шаруашылық түріне қарай жасалу мәселесі қойылды. Жерді қазақтар жеке үй басына иеленбей, ауыл-аймақ, туысқан табына меншіктеп алу, жер заңында жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалану керектігі де ескерілді. Ал бұрын қазақтардан алынып, бірақ мұжық қоныстанбаған жерді қазақтарға қайтару керектігі және орналасқан қазақ жеріне мұжық келмеуін ескеру баса айтылды. Үлестіруден артылған жер земства қолында болып, артық жерден халық саны өскен сайын тиісті сыбаға беру, егіншілікпен айналысатын Түркістанда жермен бірге су сыбағасы да кесіліп, өзара әділдік жолмен пайдалану қарастырылды.

Жер байлығы, кен-қазынасы, астығы, өзен-көлдер мен өзге де табиғат байлығы мемлекет меншігінде, билігі земства қолында болуы тиіс екендігі айрықша атап көрсетілген.

I жалпы қазақ съезінде Алаш партиясын тұңғыш ұлттық саяси ұйым ретінде құрылды деп жариялау қазақ халқы үшін елеулі оқиға болды. Алаштықтар халық тағдырына тіке қатысты жалпыұлттық мәселелерді саяси күрестің күн тәртібіне қойды. Саяси күрестің түпкі мақсаты – қазақ халқын отарлық езгіден құтқару, жалпыұлттық мақсат-мүдделер негізінде тәуелсіз елге, ұлттық мемлекетке қол жеткізу болды. Аталған мақсат оқыған қазақ зиялыларынан тұратын жаңа саяси күш - Алаш қозғалысын ұлт-азаттық күрестің саяси сахнасына шығарып, оны қазақ даласындағы ең белді саяси партияға айналдырды.

1917 жылы желтоқсанның 5-13 аралығында Орынборда екінші Жалпы қазақ съезі өтті. Онда бірауыздан мақұлдау нәтижесінде жаңа ұлттық-территориялық бірлік – «Алаш» құрылатындығы жарияланып, оның құрамына Бөкей ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Әмудария, Каспий облыстары мен Алтай губерниясы кіретін болды. Алаш Орданың үкіметі құрылып, оның Орталық комитетін Ә. Бөкейханов басқаратыны бірауыздан мақұлданды. Екінші Жалпы қазақ съезінің басты қорытындысы уақытша халық кеңесі құрылып, оның құрамындағы 25 адамның 10-ы қазақ емес ұлт өкілдерінен сайланатын болып келісіледі. Кеңес бүкіл қазақ қоғамындағы атқару билігін қолына алатын болды. Арнайы тармақ бойынша

съезд қаулы қабылдап, онда қазақтардың арасында тұратын басқа ұлт өкілдеріне азшылық құқығы берілетіндігі бекітілді. Алаштың барлық мекемелерінде барлық ұлттар мен ұлыстардың өкілдері пропорционалды түрде қызмет ететіндігі жарияланады. «Алаш» мемлекетінің «Алаш Орда» мемлекеті заң шығарушы билік тармағына тәуелді болды.

Алайда автономияның декларациясын қабылдау мәселесіне келгенде зиялы қауымның көзқарасында екі бағыт туындады. Бірі Жаһанша және Х.Досмұхамедовтер бастаған топ автономияны бірден жариялау қажеттігін ұсынды. Ал Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов бастаған топ қазақы емес тұрғылықты халықтың пікірін анықтамайынша автономия жариялауды қоя тұру керектігін көрсетеді. Сонымен қатар, олардың ойынша, автономияны жариялау құқығы автономияның құрылтай жиналысында болып табылады. Осы мәселелер бойынша дауыс беруде қалыс қалғандар да болды, солардың бірі – М. Шоқай еді. Орын алған пікірталастың нәтижесінде Батыс және Шығыс Алаш Орда туындап, сәйкесінше олардың басында Ж.Досмұхамедов пен Ә. Бөкейханов тұрды.

1917 жылдың соңында Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына қазақ қоғамынан депутаттар ұсыну сәтінде «Үш жүз» атты социалистік партия туындады. М.Қойгелдиевтің зерттеулеріне сүйенсек, ол өзінің негізгі қарсыласы «Алашты» саяси аренадан ығыстыру үшін түрік-татар қауымдастығына, мұсылман қозғалысына сүйенген Ш. Әлжанов, М.Әйтпенев, К. Тоғысов сияқты қазақ азаматтарының құрған саяси ұйымы. Партияны құрушылардың бірі М. Әйтпенев: «Белгілі кадет Бөкейханов ашқан «Алаш» партиясының программасына қанағаттанбай қазақтар өз алдына «Үш жүз» атты социалист партиясын ашты. Партияның мақсаты федерацияны жақтау һәм түрік-татар қауымдарын біріктіру, Учредительное собраниеге жеке список кіргізу» деп газеттерге жеделхат жіберген екен [10].

1917 жылғы 7-15 желтоқсан аралығында Томскіде төтенше жалпысібірлік съезд өтіп, онда Сібір үкіметі Г.Н. Потанин басқарған Сібір облыстық советі құрылды. Облыстық совет ІІ жалпықазақ съезінің Алашорданы құру туралы шешімін қолдап, Совет өкіметін мойындамау жөнінде қаулы қабылдайды. Бірақ Сібір думасының өмірі ұзаққа созылмады. 1918 жылғы 26 қаңтарда Томск советі Президиумының жарлығымен Сібір думасы таратылып, оның басшылығының бір бөлігі тұтқындалады.

Өз кезегінде Ә. Бөкейханов Қазан төңкерісі нәтижесінде билік басына келген, Азамат соғысына түрткі болған большевиктер партиясының саясатын, В.И. Лениннің саяси курсы қабылдамайтындығын ашық айтты. Осындай қайтпас қайсар мінезі мен берік саяси ұстанымы үшін оның өзі де,

ұлттық мемлекет идеясын ту еткен қасындағы жанындағы үзеңгілес серіктері де Кеңестік билік тарапынан саяси қуғын-сүргінге ұшырайды.

А.Байтұрсынов 1917 жылғы ақпанда Николай II патшаны тақтан тайдырған Ақпан төңкерісі мен оның орнына келген уақытша үкіметті құлатқан большевиктердің Қазан төңкерісіне қазақ халқының қатынасын теориялық тұрғыдан дәл тұжырымдап берген еді: «Қазақтарға ақпан революциясы қаншалықты түсінікті болса, Қазан (әлеуметтік) революциясы оларға соншалықты түсініксіз көрінді. Олар алғашқы революцияны қандай қуанышпен қабыл алса, тура сондай үреймен екіншісін қарсы алуға мәжбүр болды. Қазақ халқымен таныс адамдар үшін қазақтардың бұл революцияға деген мұндай қатынасы әбден табиғи және түсінікті болатын. Алғашқы революцияны қазақтар тура түсініп, қуанышпен қарсы алса, ол біріншіден, бұл революцияның оларды патша өкіметінің қанауы мен зорлығынан құтқаруында, екіншіден, олардың өзімізді өзіміз басқарсақ деген ескі үмітін нығайта түсуінде еді», - деп жазды [11].

Сонымен қатар, «Қазақ» газетін 1918 жылғы 30-маусымдағы №262 санында жарияланған «Аттан, алаш азаматы» атты мақалада Қазан төңкерісіне қарсы идея айқын көрінеді: «...Жауың кім? Жауың большевик. Большевиктің тұқымы құрымаса Ресей мемлекетінде тыныштық болмақшы емес. Өз тізгінім өзіме, жұрт боламын десең атқа мін, қолыңа қару-жарақ алып, большевикке қарсы шығып, өзіңнің ерлігіңді іспен көрсет.

...Большевик дегендер кешегі байлардың есігінде жүрген, шандыры созылған өңшең малай... Ортақ жау - большевикке қарсы жорыққа аттану кеудесінде жаны, денесінде бабалары түріктің титтей қаны болған алаш азаматына парыз» [12].

Қазан төңкерісіне қазақтардың үрке қарауын алаштықтар қазақ қоғамында капиталистік қатынастардың жоқтығымен, соған сай таптық жіктелудің әлсіздігімен байланыстырды. Бұл ұлттық еркіндік, осы жолда ұлттық тұтастық идеологиясын ұстанған қайраткердің көзқарасы еді және ол сол тарихи кезеңдегі қоғамдық-саяси шынайылықтан алыс емес еді. Сондай-ақ, осынау қоғамдық пікірді білдіру арқылы ол большевиктік билік пен ұлт-азаттық қозғалыс арасындағы айырмашылықты дәл белгілеп берген еді. Бірақ В.И. Ленин бастаған большевиктік билік Алаш қайраткерлерінің пікірімен есептеспеді.

К.Нұрпейісов өзінің зерттеуінде Совет өкіметінің де Алашорда жетекшілерімен келіссөз жүргізу барысында екіжүзділік танытқанын көрсетеді: «бұған оның атынан Далалық Қазақ өлкесінің төтенше комиссары болып тағайындалған Ә.Жанкелдинге 1918 жылы 14-мамырда ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының таптық негіздегі Қазақ автономиясын құру мақсатымен Бүкілқазақстандық советтер съезін

шақыру міндетін жүктеуі дәлел. Қазан төңкерісі қарсаңында большевиктер атынан «Ұлттардың өзін өзі билеу құқын» уағыздап келген Лениннің пролетариат диктатурасы орнаған соң бұрынғы айтқанынан бас тартып, оны «Еңбекшілердің өзін өзі билеуі» ұранымен алмастырғанының, басқа сөзбен айтқанда ұлттық-мемлекеттік құрылыста таптық принципті бірінші кезекке қойғандығының көрінісі болды. Сондықтан да Орталық Совет үкіметі қазақ халқының ұзақ жылдарға созылған ұлт-азаттық күресінің нәтижесінде дүниеге келген Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметін іс жүзінде мойындамады, сол сияқты Орта Азияның жергілікті халықтарының заңды мемлекеттігі болған, 1917 жылы 10-желтоқсанда Қоқан қаласында өткен төртінші жалпымұсылмандық құрылтайда жарияланған Түркістан (Қоқан) автономиясын 1918 жылдың ақпанында қарулы күш жұмсап талқандады [13].

Түркістандағы саяси билік пен әскери күш Кеңес үкіметінің қолына шоғырландырылды. Қарулы күшпен талқандалған Түркістан автономиясы өлкедегі ең өзекті мәселе – жергілікті халықтардың өзін-өзі билеу құқығын алға қойып, шешуге тырысқан саяси түзілім еді. Яғни, М.Шоқаев сынды саяси қайраткердің бастауымен жүргізіліп, бағы баянсыз болған Түркістандағы қазақ жұртының саяси тәуелсіздікке ұмтылуының жарқын көрінісі болды.

1918 жылдың жазына қарай азамат соғысы кең етек жайды. Оған шетелдік империалистік мемлекеттердің Совет өкіметін құлату мақсатымен интервенция жасап, революцияға қарсы күштермен одақтасуы себеп болды. Көп кешікпей совет өкіметі құлатылған Россияның Қазақстанға жақын кейбір қалаларында советтік билікке қарсы бағытталған және Антанта елдерінің қолдауына сүйенген үкіметтер құрылды. Олардың қатарында 1918 жылғы маусымда Самара қаласында құрылған Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті, Омбыда құрылған уақытша Сібір үкіметі, Уақытша бүкілроссиялық үкімет саналған «Уфа директориясы» болды.

Азамат соғысының бастапқы үш айында Алашорда үкіметі автономияны басқару, жер пайдалану тәртібі, салық, сот, дін, әскер істері жөнінде көптеген қаулы-қарарлар қабылдады. Алашорда қабылдаған алғашқы заңдық мәні бар маңызды құжат 1918 жылы 24-маусымда Ә.Бөкейханов, М. Тынышбаев және Х. Ғаббасов қол қойған «Алаш автономиясының территориясында уақытша жер пайдалану тәртібі» деген қаулы болды. Онда Бүкілроссиялық құрылтай жиналысы жер туралы заң қабылданғанша Қазақстанда жерге деген жеке меншіктің жойылатыны, жер-су байлықтарын пайдалану Алашорданың рұқсатымен ғана болатындығы, қазақтар мен орыстар арасындағы жер дауын жергілікті өзін-өзі билейтін земстволық органдар шешетіндігі айтылып, жер

пайдалануға байланысты басқа мәселелерді шешудің тәртібі көрсетілді. Алайда Сібір үкіметі тарапынан да, Орынбор мен Орал қалаларындағы әскери үкіметтер тарапынан да оларды қолдауға бағытталған ешбір әрекет жасалмады.

1918 жылы қыркүйекте құрылған «Ұақытша жалпыресейлік үкімет» ретінде танылған Ұфа директориясы 1918 жылы 4 қарашада Алаш Орданы тарату туралы шешім шығарады. Ал ақ гвардияшылардың негізгі күшінің басшысы адмирал Колчак тарапынан Алашордаға сенімсіздік білдіріліп, жау ретінде қарау Алаш қайраткерлерінің өз одақтастарына деген сенімін өшіріп, жаңа күрес жолдарын іздестіруге итермеледі. Бұл өз кезегінде Алаш басшыларының большевиктермен ымыраға келіп, оларға қосылу туралы саяси шешім қабылдауына ықпал етті. Бірақ та аумалы төкпелі азамат соғысы жылдары бұл әрекет те оңайға түспеді. Ел екіге жарылып, дел-сал болған шақта түсініспеушіліктің салдарынан Торғай қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісі жетекшісі А. Иманов пен қызыл көтерілісшілер басшысы, Қостанай уездік кеңесінің төрағасы Л. Таранның Торғайда өлтірілуі Алашордашылардың арандатуы деп көрсетілді. Ақтар мен қызылдардың арасында ымыра таппаған Алаш қайраткерлерін біресе ақтар, біресе қызылдар тұтқынға алып, екі жаққа да сенімсіз саяси күшке айналды.

1919 жылы 27 қазанда Қазревкомның кеңейтілген мәжілісі өтіп, ол Қазақстандағы азамат соғысының аяқталуымен тұспа тұс келді, бірақ қызылдарға қарсы күрескен қазақтар мен Алаш қайраткерлеріне кешірім жасау мәселесі қаралмады. Сол жылы 4 қарашада Түркістан майданының революциялық соғыс кеңесі Совет өкіметіне тікелей және жанама түрде қарсы күресіп келген барлық қазақтарға тиісті шарттар орындалған жағдайда толық кешірім жасау туралы қаулы қабылдады. Ал Қазревком 31 қарашада ғана Түркістан майданының революциялық соғыс советіне Алашордаға кешірім жасау және оны жүзеге асыру шарттары жөнінде өтініш білдіру туралы қарар қабылдады.

Кешірім жасалғанымен, Алаш қайраткерлеріне деген сенімсіздік жойылмады. 1920 жылы 5 наурызда Қазревком Алашорданы тарату туралы қаулы қабылдап, онда совет өкіметі мықтап орныққанша Алашорданың жауапты жетекшілерін халықтан оқшаулау, меншіктерін есепке алу, оларды ревком мүшелігі мен жауапты кеңестік қызметтерге ұсынбау туралы шешім шығарылды. Алашорда кезеңіндегі атқарған қызметтері мен ұлт-азаттық идеялары үшін қазақ зиялы қауымы келешекте де қуғын-сүргінге ұшырап, репрессия жылдары атылып кетті.

Алаштықтардың ұлттық мемлекет құру жолындағы күресін зерттеуші отандық тарихшылар мынадай ғылыми тұжырымдар жасайды: 1) Совет басшылығы қазақ халқына 1918 жылғы көктемде уәде еткен советтік

негіздегі автономиядан басқа мемлекеттіктің өзге түрін беруден бас тартты. 2) Азамат соғысының тәжірибесі Алашорданың ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселесінде басқа шешімге (советтік автономиядан басқа) қол жеткізу мүмкін еместігін көрсетті. 3) Соғыс барысында ақтар да, қызылдар да Алашордамен қарым-қатынас мәселесіне тек қана соғыс тағдырын шешуге әсер етуі мүмкін фактор ретінде қарады [14].

Қорыта айтсақ, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов бастаған қазақ ұлтының бетке ұстар саяси тұлғаларының қоғамдық қызметінсіз Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің өмірге келуі мүмкін емес те еді. Алаш қозғалысы жетекшілерінің өзгелермен терезесі тең автономия туралы идеялары тар таптық саяси шеңбермен шектелген жоқ, олар ұлттық мемлекет құру мұратын әйгілі 1905 жылғы патша самодержавиесіне қарсы петицияны ұйымдастырудан бастап, Алаштың Жалпықазақтық съездеріне дейінгі аралықта қазақ жерін талаған ресейлік отаршылдық жүйені құрту, патшалық самодержавиені жою, монархиялық басқаруды республикамен алмастыру, Ресей құрамында болса да өзгелермен терезесі тең автономияға ие болу арқылы саяси жүйені түбірімен өзгертуге бағытталған асқақ саяси идеяны ұстанды. Сол кезеңдегі қоғамдық санада ақиқат жол болып көрінген тап күресін мүмкіндігінше қантөгіссіз, бейбіт жүзеге асыруды ұсынды.

Алаш партиясы ұлттық саяси күш ретінде Алашорда үкіметін құрып және Алаш автономиясын жариялап, тәуелсіз қазақ мемлекетін құруды көкседі. Тағдырлары қайғылы аяқталғанына қарамастан, Алаш қайраткерлері елі мен жерінің, қазақ ұлтының қамын жеп, оның жарқын болашағы үшін күресті. Олардың идеялық мұрасы саяси санасы толыққан, тәуелсіздік идеясын ту еткен бүгінгі ұрпаққа аманат, атқарған ерен істері өнегелі өсиет, ал ардақты Алаш азаматтарының есімдері халқымыздың жадында мәңгі сақталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
2. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. – Алматы, 1992. – Б. 18.
3. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. - Алматы: Ата мұра, 1998. - 360 б. – Б. 33.
4. Тайшыбай З. «Қарқаралы петициясы» туралы ақиқат // Ақиқат. - 2003. - № 8. – Б. 80-82.
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. (Көмекші оқу құралы). Алматы: Санат, 1995. - 368 б. – Б. 98-99.
6. Әшкеева Н. Әлихан Бөкейханов саясат сардары // Саясат. 2002. № 3-4.
7. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. - желтоқсан 1917 ж. Құрастырушылар: Қ.С. Алдажұманов, А.С. Зұлқашева, М.Қ. Қойгелдиев, К. Нұрпейіс, С.К. Рүстемов, Е. Сайлаубай, Ш.Б. Тілеубаев, Е.В. Чиликова. - Алматы: «Алаш», 2004. - Т. 1. - 552 б. - Б. 132-133

8. Бөкейханов Ә., Шығармалар, А., 1994, 375 б.
9. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. - желтоқсан 1917 ж. Құрастырушылар: Қ.С. Алдажұманов, А.С. Зұлқашева, М.Қ. Қойгелдиев, К. Нұрпейіс, С.К. Рүстемов, Е. Сайлаубай, Ш.Б. Тілеубаев, Е.В. Чиликова. - Алматы: «Алаш», 2004. -Т. 1. -552 бет. -Б. 438-441.
10. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. (Көмекші оқу құралы). Алматы: Санат, 1995. -368 б. -Б. 319.
11. Байтұрсынов А. Ақ жол. -А., 1991.
12. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. -Алматы: Ата мұра, 1998. -Б. 163
13. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. -Алматы: Ататек, 1995. -256 б. -Б. 162.
14. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. -Алматы, 1995. -Б. 209.

ЕРТАСОВА Г.К. ДЕЯТЕЛИ АЛАШ И НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕЯ

Идея Алаша сформировалась в начале XX века, как национально-государственная идея казахского народа. Можно отметить, что алашевская идея стала основой казахской национальности.

Главные цели, а также исторические итоги деятельности национальной интеллигенции алашевского движения, датируемого 1917 годом, созвучны периоду формирования независимого государства. Рассматриваются возможности самоуправления казахского народа и признания метрополии в формировании государственной системы, которая могла бы защитить национальные интересы; образование свободного, отдельного государства; ограничение заселения Россией казахских земель; развитие животноводства с использованием лучшего мирового опыта. В статье рассматриваются важные позиции и идеи независимости, которые поднимали деятели Алаш: открыть рыночные отношения, основать демократические принципы и уважать права человека, реформировать образование и способствовать развитию казахского языка.

Ключевое слово. Алаш, Петиция Каркаралы, Государственная Дума, Февральская революция, Партия Алаш, Автономия, Общеказахский съезд, Октябрьская революция, Российская империя.

YERTASSOVA G. K. FIGURES ALASH AND THE NATIONAL IDEA

The idea of Alash was formed at the beginning of the 20th century, as a national-state idea of the Kazakh people. It can be noted that Alashev's idea became the basis of Kazakh nationality.

The Alashorda party, which was formed in 1917, as well as the historical activities of the national intelligentsia of Alashevsky society, went down in history on the path to the formation of an independent state. The main objectives of the Alash movement were: self-government of the Kazakh people and recognition of the metropolis in the formation of a state system that could protect its national interests, the formation of a free, separate state in the end, limit the relocation from Russia to Kazakh lands, develop livestock using the

best world experience, open market relations, establish democratic principles and respect the rights of a personal person, systematize education and language development.

The article examines important positions and ideas about independence, which Alash raised.

Keywords. *Alash, Karkaraly petition, The state дума, February Revolution, Alash party, Autonomy, General Kazakh congress, October Revolution, Russian empire.*

ӘОЖ. 811.512.122'373.21

ЖЕТІСУДАҒЫ ТОПОНИМДІК АҢЫЗДАР

ЖҮНІСОВА М.А.

Мақаланың негізгі нысаны – Қазақстанның Жетісу жеріндегі киелі, қасиетті орындар туралы топонимдік аңыздар. Мақаланың тақырыбының өзектілігі қазіргі Қасиетті Қазақстан энциклопедиясындағы мәліметтерді, басқа да топонимикалық аңыздардың туристік мақсатта пайдаланылуы, жалпы осы аймақтың туристік сапарларға беретін әлеуеті сөз болады. Қазақтың Жер жаннаты – Жетісу бөлігіндегі географиялық нысандардың Халықаралық туризм нысанына айналдыру жұмыстарының жолға қойылуы үшін игі тұжырымдар жасалған. Әрбір атау – тарихтың белгісі. Топонимдерді зерттеу – ұлттық және рухани байлығымыз. Әр аймақтың жер-су атаулары өзінің бойына этнографиялық мәліметтерді, географиялық сыр-сипаттарды, тарихи деректерді сақтап отырады. Зерттеу жұмыста жер-су атауларының сыры туралы қызықты мәліметтер беру, топонимика саласымен тікелей байланыстыра ақпараттар беру мәселелері қаралған.

Кілт сөздер: *топоним, топонимика, топонимдік аңыз, жер-су атаулары, Жетісу, топонимика саласы, географиялық нысандар.*

1.Кіріспе. Қазақ жерінің қай аймағында болсын халқымыздың парасат пайымынан туындаған атаулар көненің көзінде, қазіргі уақытқа дейін сақталып келген. Сол атаулардың сырына үңіле отырып, Жетісу бойындағы жер-су атауларының топонимдік аңызға айналғандары қаншама екеніне көзіміз жетті.

Біздің мақаламыздың көтеріп отырған проблемасы да осы Жетісу өңіріндегі кейбір жер-су атауларының шығу тегі туралы аңыздарды жинап, реттеп, бір жүйеге келтіру барысында атқарылып отырған жұмыстарымызбен таныстыру.

Сол мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер қойылды: мемлекетіміздегі осы мәселеге байланысты көтеріліп отырған саясаттың қатысы қарастырылса, оның ішінде әсіресе киелі жерлер

мәселесі және оның туризмде игерілуімен байланысты. Жетісудың көне атаулары туралы аңыздардан бөлек көнеден келе жатқан мәліметтерді қарастыру, мысалы М.Қашқаридың қолжазба ескерткішіндегі Жетісуға қатысты атаулар туралы, сосын Жетісуға байланысты архивтік материалдар жиналып қаралды [1].

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бағдарламалық мақаласында Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешені, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдары, Тараздың ежелгі ескерткіштері мен киелі Жетісу мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, идеяның түпкі төркінін ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзей айтылған еді. [2].

2. *Әдістеме.* Біздің мақаламыздың мақсаты, Жер жаннаты – Жетісудың жер-суы,

өсімдігі туралы мәліметтер мен еліміздің сол бөлігіндегі рухани саяхатты дамыту бағыттарында қолданылуы қажет деректерді белгілеу болып табылады.

«Жерімнің аты – елімнің хаты» демекші, соңғы кездері «Қазақстанның киелі жерлері» атты жоба жоғарыда айтылған бастамаларды іске асыру мақсатында қолға алынды. «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығына Қазақстанның киелі жерлерін анықтау жұмысы тапсырылып, аталған басылымның бірінші томы «Арыс» баспасынан жарық көрді. Астана мен Алматы қалаларының және Ақмола мен Алматы облыстарының киелі жерлері, тарихи оқиғалар өткен қасиетті орындары, табиғи ландшафттың ерекше ескерткіштері, ұлттық құнды мәдени мұралар «Қасиетті Қазақстан» атты энциклопедияға енгізілген. 6 томдық осы энциклопедияның алғашқы томының кітап болып шығуына және ондағы тарихи атаулар мен тарихи оқиғалардың ашылуына тікелей өз еңбегін қосып келе жатқан ғалым, «Арыс» баспасының директоры Ғарифолла Әнес Жаркенттегі мешіт, Алматыдағы А.Зенков салған Кафедралдық собор да сәулет ескерткіштері екенін айтады [3].

«Жер-су атаулары, ғылыми тілде «топонимика» деп аталады. Бұл грек сөзі, қазақшаға аударсақ «мекен немесе орын атауы» деген мағынаны білдіреді. Қазақ халқының атам заманнан орнығып, өмір сүріп жатқан жерінің *өзен, көл, тау, қырат* секілді жер бедеріне меншіктелген атаулардың да мыңдап саналатыны мәлім. Ертеде өткен ата-бабаларымыз солардың әрқайсысына ат қойып, айдар тағу жағынан жай ұқыпты ғана емес, шебер де тапқыр болғандығын байқаймыз. Міне, бұл атаулар ғасырлар бойы сақталып келе жатыр» – дейді [2].

Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында айтылатын: қызғалдақ пен Сиверс алмасының да Отаны осы Алматы облысының территориясы.

Алматы облысында экологиялық соқпақтар мен бағыттар белгіленген бес ұлттық табиғи саябақ және екі қорық бар.

Жалпы Қазақстанның Жетісу бөлігіндегі кейбір жер-су атаулары тарихи маңызды ғылыми зерттеулерді қарағанда, Жетісудың Барсыған қаласының тумасы Махмуд Қашқаридың XI ғасырда жазылған жазба ескерткішінің өзбекше аудармасында «Дойра» деп аталған картасы – түркі жұртының картография саласына қосқан үлкен үлесі деп білеміз. Себебі оның осы сөздігінде 29 тайпаның этноним, топонимдерін, тағам аттарын, туыстық атаулары мен киім-кешек, салт-дәстүр ерекшеліктерін атап көрсетіп, ұсақ рулардың таңбаларына дейін сипаттайды [4].

3.Нәтижелер. Авторлардың ұсынуымен бұрын көненің көзіндей болған осы қолжазба ескерткіштің тіліндегі атаулардың кейбір мәселлеріне этимологиялық талдаулар жасалған болатын олар да осы мақаламызға негіз болды [5].

Малайсары асуы Алматы облысында, ел-жұрт осы жерге Малайсары батыр Сарыарқадан жаугершілік заманда келген дейді.

Тарихтың табы сіңген нысаналы белгісі – бір атау болары белгілі жайт. Бүгінгі күн талабынан туындап отырған топонимдерді зерттеу – ұлттық және рухани байлығымыз. Кез келген аймақтың жер-су атаулары өзінің бойына этнографиялық мәліметтерді, тарихи деректерді, географиялық сыр-сипаттарды сақтап отырады. Олар арнайы сұрыпталған лексикалық қабаттардан тұрып, топонимдегі деректер белгілі бір географиялық ұғым атаулары болады. Аймақ топонимдері халықтың этнографиялық, қоғамдық, әлеуметтік жай-күйінен, өткендегі өмір-тіршілігінен әр қилы мәлімет беретін көне дәуір куәсі болып табылады. Мұның өзі топонимдерді зерттеудің өте күрделі құбылыс екендігін, ол істе белгілі бір ғылыми әдіспен ғана мақсат-мұратқа жету мүмкін еместігін көрсетеді.

Топонимдердің қалыптасуы, сол тілде сөйлеуші этностың (халықтың) ұлттық менталитетіне, салт-дәстүріне, дүниетанымына байланысты да айқындауға болады. Сол жердің тарихына, саяси-әлеуметтік жағдайына және оны мекендеуші халық өмірінің этникалық мәдени тарихына ерекше көңіл бөлу арқылы белгілі бір аймақтың топонимиясын зерттеуді қолға алу керек. Кезінде Лао Цзы: «Жақсы саяхатшының нақты жоспары мен бір жаққа бару туралы мақсаты жоқ» деген екен. Ал қазіргі ақпараттық заманда турист немесе саяхатшылардың алдына халықаралық кеңістікте небір ақпараттар толып жатыр. Біздің жердің сыртқы,

ішкі туризмді дамытуға болатын әлеуеті өте жоғары бір Жетісу жеріндегі түрлі нысандардың өзі туралы ежелден келе жатқан халықтың жадында сақталған аңыздардың да маңызы өте жоғары. Дүниежүзіндегі қазіргі талапшыл саяхатшыларды туризм сервисін дамыта отырып ынталандыру үшін олардың есінде қалатын әлемде теңдесі жоқ *киелі мекендерімізді таныстыруда* тілдік деректер де, мысалы, неге Жетісу деп аталатыны туралы айтылса, кейбір географиялық мәселелер сөз болса нұр үстіне нұр болар еді. Жетісу деген жеті өзенімізді көрсетіп, олардың ерекшеліктерін айтқанның өзінде, фаунасы мен флорасымен таныстыру үшін өзіне 7 күндей уақыты кететін туристік сапарлар ұйымдастыру қажет деп білеміз. Жетісу – тарихи-географиялық аймақ. Солтүстікте Балқаш, шығыс-та Жетісу (Жоңғар) Алатауы, солтүстік-шығысында Сасықкөл мен Алакөл, оңтүстік және оңтүстік-батысында Солтүстік Тянь-Шань жоталарымен шектеседі. Жетісу атын құрайтын 7 өзен туралы тарихи деректер мен зерттеулерде түрлі пікір бар.

А.К.Гейнс бұлардың қатарына *Лепсі, Сарқан, Басқан, Ақсу, Қаратал Бүйен, және Көксу* өзендерін жатқызса, А.Влангали *Сарқан, Басқан* өзендерінің орнына солтүстік-шығыстағы Аягөз, оңтүстік-шығыстағы *Іле* өзендерін атайды. В.В. Бартольдтың айтуынша, алғашқыда жергілікті халық *Жетісу* деп Іледен солтүстікке қарай созылған аймақты атаған, оған *Лепсі, Қызылағаш, Басқан, Ақсу, Бүйен, Көксу Қаратал*, өзендері енген. Ал ХІХ ғасырда Жетісу Іленің оңтүстігіне қарай созылған таулы аймақ деген ұғым тарап, сондай-ақ, оған Тянь-Шаньның солтүстік-батыс және орталық аудандары да қосылатын болған.

Жетісу ұғымына тарихи әдебиетте *Нарын* өзенінің жоғарғы ағысын қамтитын атырап пен *Шу алабы* да кірген.

Ономастикалық атаулар беруде жалпы ұлттың тарихи жадына байланысты маңызды мәселелер қозғалатыны белгілі. Сондықтан жер-су атауларына байланысты *атаулардың генезисі, мәні, мазмұны және олардың тәуелсіздік мұраттарымен сабақтастығы мәселелері* күн тәртібінде тұрғанда бұл салада атқарылмақ жұмыстардың ауқымды екені өзінен-өзі түсінікті.

Топоним деген терминмен ғылыми тұрғыда тілдегі жер-су атаулары тобын атайды. Осы саланың іштей жіктелуіне сай, жалпы географиялық жер-су атауларына қатысты арнайы ономастикалық терминологияны, танымдық-деректік ақпаратты көпшілік қауымға түсінікті болу үшін төмендегідей келтіреміз.

4.Талқылау. Топоним – Жер бетіндегі табиғи нысаналардың жалқы атауы (мұхит, көл, тау, өзен, т.б.), сондай-ақ Жердегі адам жасаған, нақты бір аймақта тіркелген нысана атауы (қала, ауыл және түрлі елді мекен түрлері,

коммуникация жолдары, т.б.). *1. Жаркент мешіті, Шарын дүниежүзінде екі каньон ғана бар, соның бірі Шарын каньоны.*

Топонимика – топонимдердің пайда болу жолдары мен заңдылықтарын, қызмет ету, даму ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан зерттейтін ономастиканың дербес ірі саласы.

Осыдан екі мың жыл бұрын шығыстың кеменгер ойшылы Конфуций Қытай билеушілерінің біріне атауларды дұрыстау мемлекеттегі істерді оң жолға қоюды бастау керектігі туралы: Егер атаулар дұрыс болмаса, сөздердің негізі болмайтынын, сөздердің негізі болмаған жағдайда іс те жүрмейтінін және халық та не істерін білмейтінін айтқан екен.

Топонимикон – 1. Топонимдер сөздігі немесе топонимдер тізбегі.

2. Географиялы атаулар репертуары.

Топонимия – қандай да бір нақты тілдің, нақты мәтіннің, нақты аймақтың, нақты дәуірдің топонимдер жиынтығы.

Малайсары асуы Алматы облысында, осы жерге жаугершілік заманда Сарыарқадан Малайсары батыр келгендігін ел-жұрт айтады. Шығысымызда, Зайсанда Жеменей деген өзен бар. Кейбір аңызшылар ол Адайдың Жеменейіне тікелей қатысы барын айтады.

XX ғасыр басындағы қазақ халқының ұлт-азаттық күресіне қатысты Алматы-Құлжа жолындағы Аласаның асуы *Аңырақай, Орбұлақ шайқасы, Жетісу* жерін жоңғарлардан азат етуде орны айрықша Ойрантөбе шайқасы өткен.

Алматыдағы *Ахмет Байтұрсынұлы музейін, Жамбыл Жабаевтың музей-үйін, Алашты таныстыруды Жаңалықтағы ескерткіш қуғын-сүргін құрбандарын еске алатын орын арқылы, ғылым академиясының бас ғимараты «Ғылым ордасы» кезінде Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Ахмет Жұбанов және басқа тұлғалар еңбек еткен киелі мекен.*

Халық арасына кең таралған *Балқаш* атауының шығу тарихы туралы мынадай аңыз бар.

Балқаш көлі туралы аңыз. Халық ішінде көлдің қазіргі атауына байланысты бұрыннан айтылып келе жатқан аңыз бар. Бір бай көлдің батыс жағалауын бұдан көп ғасырлар бұрын мекендеген екен. Оның аса көрікті Балқия атты қызы болыпты. Ол көркі, адамгершілігі, ақылымен де ел ауызына ілігіпті. Қызды бүкіл жұрт Балқаш деп еркелетіп атайтын болыпты.

Балқия он жетіге толғанда алыс елден келген Ерден атты жас жігітке ғашық болады. Ата-анасы бала күнінде қызды қазақтың әдет-ғұрпымен атастырып, қалың малын алып қойған соң, қыз бен жігіт ыңғайы келген түнде жасырын екеуі екі атқа мініп елден қашып шығады. Екі ғашық ертесіне дем алу үшін қалың қамысқа тоқтағанда, қамыс ішіндегі қабандар аттарына тап

береді. Қабанның азу тісінен Ерден аттарды құтқаруға әрекет жасағанда ауыр жарақаттанады. Балқия сүйікті жігітін өлімнен арашалауға шамасы келмей асыл жарын жерлеп, өзі де сол жерде өлуге бел буады. Қабаннан үркіп қашқан екі ат бұл кезде қыз бен жігіттің туған ауылына келіп бір-ақ тоқтайды. Елден қашқан қыз бен жігітті ұстап әкелуге қыздың әкесі жігіттерге ызалана әмір береді. Оларды қарабет қылып халық алдында жазаламақ болады. Ат тұяғының ізімен жүріп отырып қашқындарды іздеп шыққан жігіттер, қыздың жасырынған жерін табады. Балқия әкесінің қатал мінезін білген соң, қуғыншылардың қолына түспеу үшін биік жардан көлге құлап су түбіне кетеді.

Бұл трагедия сол маңдағы елге жайылған соң, халық көлді өздері еркелетіп Балқаш деп жас арудың атымен атап кеткен екен.

Енді біз 100 томдық «Бабалар сөзі» сериясындағы Балқаш атауына байланысты екі нұсқа топонимдік аңызды да бере кеткенді жөн көреміз [6].

I нұсқа: Ерте заманда осы көлдің жағасын мекендеген бір байдың жалғыз қызы кедейдің жігітімен көңіл қосады. Бұл жайды тек қыз жеңгесі ғана біледі. Уақыт өте келе байдың ерке өскен жалғыз қызының кедей жігітінен аяғы ауыр болып қалады. Не істерін білмей сасқан қайын сіңлісіне жеңгесі мынадай ақыл береді:

– Әкең сені бұл жігітке бәрібір қоспайды. Ал сенің мына жағдайыңды естісе екеуімізді де ондырмайды Өлімнен ұят күшті емес пе? Сені өз қолымен өлтіруден де таймайды. Жігіттің сені аламын деген сөзін қайтесің. Оған бәрібір туған-туыстарың өліп бара жатса да ризалығын бермейді. Оның алып қашам деген сөзі бар емес пе? Сенің жалғыз ғана жолың сол. Әрине, ел шулар. Бірақ ел дүрлігіп басылған соң-ақ ата-анаң кешіреп. Солай істе! – дейді.

Жеңгесінің ақылын тындаған қыз қашуға дайындалады

Бірақ бір күні жеңгесі әңгіме арасында қарындасының жағдайын ағасына байқамай білдіріп алады. Бар шындықты қазбалап сұрап алған ағасы сол кедей жігіттің үйіне іздеп барып, қатты ашу үстінде өлтіріп тастайды. Бұны естіген қыз:

– Онсыз маған өмірдің қажеті не? Бұл өмірде мен көрерлік қандай қызық қалды? Сүйген адамымнан айрылып, ата-анамның көзіне күйік болғанша, қайғымен өмір сүргенше өлгенім артық емес пе? Елдің қарғысын, балағат сөзін естігенше аш балыққа жем болайын! Көлге кетіп, суға батып, қарамды өшіріп өлгенім артық. Одан да балыққа жем болайын, – деп өзін мерт етеді. Осы уақиғадан кейін көлді «Балық аш» атап кетеді. Көлдің аты уақыт өте келе «Балқаш» болып біржола аталып қалыпты.

II нұсқа: Ертеде Балқаш деген байдың көркіне ақылы сай Іле деген қызы болыпты. Іленің көркі мен ақылдылығы елден-елге аңыз етіп айтылады.

Ілеге құда түсушілер келгенмен олардың бірде-біреуін қаламайды. Сол елде Қаратал деген батыр, кедей жігіт болады. Ол үнемі жарлы-жақыбайлардың сөзін сөйлеп, оларға көмек беріп жүреді. Бірде Балқаш бай үлкен ас бергенде ақындар айтысып, жауырындары жерге тимеген палуандар белдеседі. Шабандоздар бәйгеге түседі. Балқаш бай бұл асты бергенде ойында қызы Ілеге болашақ күйеу іздеу де жоқ емес-ті. Іле мен Қаратал осы аста кездеседі. Бір көргеннен бір-бірін ұнатқан екі жас тек іштей ұғысады. Бұл аста сегіз қырлы, бір сырлы Қаратал ерекше көзге түседі. Қызы Іленің Қараталға ерекше ілтипат көрсетуінен Балқаш бай қатты шошынады. Қараталды қызына тең көрмейді. Бақыт тек байлықта деп ұғады Балқаш бай. Қаратал Ілеге қанша ынтызар болғанымен, арада үлкен кедергі барын ұғады. Ол – өзінің кедейлігі еді.

Іле Қараталды шын сүйетіндігін айтып, әкесінен рұқсат сұрайды. Балқаш бай рұқсат бермек түгілі жігіттің атын атауға тыйым салады. Ақыры Іле мен Қаратал ауылдан қашып шығады. Балқаш бай қызының кедей жігітпен қашып кеткенін біліп өзі бас болып арттарынан қуады. Іле мен Қаратал қуғыншылардан құтылмасын біледі де, әкесін тосып алады. Әкесімен бір ауыз сөзге келеді. Іле әкесіне өзінің Қараталды сүйетінін, өмірде байлықтан да биік күш бар екенін, ол күш – махаббат екенін жеткізеді. Әкесінен өтінген соңғы жалғыз тілегі: тіршілікте бірге болмаған ғашықтар о дүниеде бірге болуын, Қаратал екеуін бірге жерлеуін өтініп, биік құздан құлайды. Қызының парша-парша болған жансыз денесін көрген Балқаш бай есінен танып құлайды.

Арада біраз уақыт өтіп, өзі-өзіне келген Балқаш бай жанындағыларға өмірде үлкен қателік жібергенін мойындайды. Адам үшін бар байлық та, бақыт та бала екенін түсініп, тірлігінде жіберген қателігін о дүниеде жуу үшін, Іле мен Қаратал екі сағасы болғанын қалап, екі баласының ортасына жатып, өзіне-өзі қанжар салады. Міне, Балқаш көлі Балқаш байдың көз жасынан пайда болып, үнемі екі сағасынан келіп құятын Іле мен Қаратал демімен толығып отырады екен.

5.Қорытынды. Топонимдік аңыздардан С.Қасқабасов талдаған еңбегінде орындалу түрлерін: Топонимдік аңыздың екінші түріне жер-су, мекен атын нақты бір тарихи фактіге қатысы жоқ, сондай-ақ белгілі бір жер-судың пайда болуын ешбір мифтік ұғымға байланыстырмай, бірақ жалпы шындыққа саятын оқиға арқылы баяндайтын, бірақ қиялға негізделе әңгімелейтін шығармалары жатады. Бұл аңыздардың мазмұны көбіне әңгіме кенеттен аяқталып, қайғылы болады, кейіпкерлер бақытсыз жағдайға душар болады оқиға күрт үзілді[7].

Жетісу жерінде жуандығына бес адамның құшағы әрең жететін, жеті ғасырдан бері өсіп тұрған алып ағаш бар. Күллі халық ол ағашты «Әулие

ағаш» деп атайды. Қасиеті артқан мұндай ағаш дәл қазір әлемнің үш елінде бар. Оның бірі – Меккеде, екіншісі – Қытай елінде, ал үшіншісі осы. Алакөл маңында «Құбыланың желі», «Ебінің желі» деп аталатын желдер ежелден соғады. Бәлкім, жел жылдамдығы да су толқындарының екпіндей көтерілуіне әсер ететін шығар. Өйткені, жел Ебіден ескенде, жарқабақтар 20-25 метрге дейін құлайды.

Шетелде біздің Алтын киімді адам табылған қорған-молаларды әуелі жаңа техникалық құралдармен нақтылап алып, анықтап, тұрған қалпын бұзбай, жанынан ойып алады екен [8; 9; 10]. Алтын киімді адамның өзіне жалғыз бір музей болса, әлемнің түкпір-түкпірінен тек соны көру үшін туристер ағылып жатады деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сәдірбекұлы Н., Жүнісова М., Абдулла О., Маратұлы Ш. Жетісудағы Алаш қозғалысы туралы архив құжаттары. Алаш зиялыларының ғылыми-әдістемелік мұралары: дәстүр мен жаңашылдық» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2018. – 466 б.: 276б.
2. Н.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. //Егемен Қазақстан. 2017 ж.
3. <http://atau.kz/kz/article/33>
4. Асқар Егеубаевтың аудармасы Махмуд Қашқари Диуани лұғат-ит түрк. I том. Алматы, 1998. 323б.
5. Жунисова М.А., Абдулла О.Қ., Маратұлы Ш. Қазақ жерінің көне атауларына саяхат. Ұжымдық монография. Алматы, 2019. – 96б.
6. https://kitap.kz/books/toponimdik_angyzdar
7. Қасқабасов С. Елзерде. –Алматы: Жібек жолы, 2008. 504б.
8. Kalybayeva K.S., Zhunisova M. Turkic religious expression frazeologizmerindegi shaman. AL-FARABI 1st International Congress on Social Sciences / May 11-14, 2017 Gaziantep/TURKEY. p.56.
9. Zhunisova M. Rhetoric as art of eloquence in the ancient greek culture Venezuela, Opcion Ano 33, abril 2018 № 85 p. 374-393.
10. http://kaznpu.kz/docs/vestnik/filologicheskie_nauki/philology_2017.2.pdf 265 бет.

ЖУНИСОВА М.А. ЖЕТЫСУЙСКИЕ ТОПОНИМИЧЕСКИЕ ЛЕГЕНДЫ

Основное содержание статьи составил анализ топонимических легенд о святых местах Семиречья Казахстана. Актуальность темы статьи заключается в том, что данные из современной энциклопедии Казахстана дают представление о значимости использования топонимических легенд в туристических целях. В статье географические объекты в части казахского земного жанната – Жетысу – характеризуются как объекты международного туризма, сделан вывод о значительном потенциале данного региона для туристских поездок. Особого

внимания, по мнению автора статьи, заслуживает топонимическая информация. Исследование топонимов – это освоение национального и духовного богатства. В каждом регионе географические названия сохраняют в себе этнографические данные, сведения о ландшафтных особенностях, об исторических фактах. В статье предлагается интересная информация о природе возникновения целого ряда топонимов определённого региона.

Ключевые слова: топонимы, топонимика, топонимические легенды, гидронимы, Жетысу, Семиречье, географические объекты.

ZHUNISOVA M.A. ZHETYSU TOPONYMIC LEGENDS

The article is focused at the analysis of toponymic legends about the Holy places of Semirechye in Kazakhstan. The topic of the article is actual as the Kazakhstan modern encyclopedia provides important data for using toponymic legends for the tourist purposes. Geographical objects of the Kazakh earth Jannat – Zhetysu are characterized as international tourism sights; this region is mentioned as the significant potential for tourist trips voyages. The author considers that toponymic information should be paid special attention. The study of toponyms is the development of national and spiritual wealth. In each region, geographical names retain ethnographic data, information about landscape features, historical facts. The article offers interesting information about the origin of a number of toponyms.

Keywords: toponyms, toponymy, toponymic legends, hydronyms, Zhetysu, Semirechye, geographical objects.

УДК 821.512.122

ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ОТРАЖЕНИЕ РОЛЛАНОМ СЕЙСЕНБАЕВЫМ ПРОБЛЕМ ФОРМИРОВАНИЯ И СОСТОЯНИЯ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В XX ВЕКЕ

КУЧУКОВА З. А.

Автор статьи даёт литературоведческую оценку монографии Уалихана Абдыханова «Роллан Сейсенбаев и мировой литературный процесс», изданной в Германии в 2015 г. Исследователь отмечает, что на материале многогранной сейсенбаевской прозы учёному удалось проследить историю формирования и современное состояние казахской интеллигенции с широким выходом на философские и культурологические вопросы об интеллигентности как социальном феномене. По мнению автора статьи, ценность анализируемой монографии определяется её воспитательным, просветительским потенциалом. В работе также подчёркивается, что некоторые положения и выводы Абдыханова могут стать основой для дальнейшего раскрытия проблемы интеллигенции, «отталкиваясь от гендерных «наметок», заинтересованным исследователям

можно написать... развёрнутую фундаментальную работу о казахском женском логосе...»

Ключевые слова: интеллигенция, творчество, писатель, литературовед, проблема, классик, социальный, проза.

Сквозь толщу мировой культуры мощной диахронической линией проходит мысль о верховной силе разума, способной сохранять «человеческое в человеке» и строить должный внутренний и внешний миропорядок. Данная идея является основополагающей для большинства священных учений, по которым складывается впечатление, что Бог доверительно даровал человеку «светоч разума», а вместе с ним и свободу выбора в дихотомическом ветвлении добра и зла. Мысль о первостепенном значении разума подхвачена и воплощена в творчестве целой плеяды восточных мудрецов, западно-европейских энциклопедистов, и в особенности, трудах Канта, который, выступая от имени всех просветителей мира, назвал «умение пользоваться собственным умом» самым действенным способом, позволяющим человечеству «выйти из состояния несовершеннолетия», в котором оно находится до сих пор «по собственной воле» [4, с. 823]. Мы не ошибёмся, если скажем, что «планета людей» в идеале окутана общей универсальной ноосферной оболочкой, неким коллективным всечеловеческим разумом, призванным не допустить хаоса в духовном пространстве.

Талантливый литературовед, аналитик-исследователь Уалихан Абдыханов, виртуозно владея гачевской методологией, из универсального планетарного Разума вычленяет казахское, национальное, чтобы «в корнях и ветвях» рассмотреть, осмыслить специфику степного интеллигентства.

При этом, памятуя о том, что самым незамутнённым зеркалом гносеологических откровений является художественный текст, учёный в качестве источника этноментальных знаний избирает творчество Роллана Сейсенбаева – художника философского характера, яркого, самобытного писателя с отважным, безоглядным талантом. Его многогранное и многожанровое творчество, состоящее из десятков новелл, повестей, романов, публицистических эссе, стало благодатным материалом для исследования истории и «конфигурации» казахского национального логоса в его высшем, интеллигентском воплощении. Думается, в выборе объекта исследования немаловажную роль сыграло и полилингвальное богатство «самопишущего» прозаика, не расплескивающего аутентичность собственных философско-художественных мыслей в метаморфозах художественного перевода.

Исследуя феномен казахского интеллигентства, литературовед обращается к пенталогии Р. Сейсенбаева – повести «Возвращение Казыбека», романам «Если хочешь жить», «Лестница в никуда», «Трон сатаны», «Отчаяние», также к многочисленным новеллам «Очередь», «Дом Орака», «Утешение», «Насчёт заявления», «Протез», «Братья», «Всё будет хорошо», «Отелло», «Паркай» и другим. В теоретических предпосылках к своему монографическому исследованию У. Абдыханов определяется с понятиями «подлинный интеллигент» и «псевдоинтеллигент». Весьма разумными и ценными в научном отношении представляются размышления автора о том, что не диплом о высшем образовании, не интеллектуальный капитал, не белый воротничок определяют суть интеллигентной личности, а духовные, культурно-нравственные качества, тип мировоззрения. Недаром, самых великих народных интеллигентов У. Абдыханов находит в сейсенбаевских «отцах-основателях» казахской нации, провинциальных аксакалах, суть которых определяется двуединым синтетическим термином *«интеллект плюс духовность»*.

На гендерно заряжённых страницах монографии автор с невероятной академической глубиной и эмоциональной теплотой выписывает архетипические образы казахских интеллигенок, являющих собой этнокультурное преломление универсального образа Великой Матери. Почти в каждом рассматриваемом произведении У. Абдыханов обнаруживает образы легендарных азиатских «байбише» – мудрых прародительниц казахского народа, хранительниц и трансляторов заповедных основ национального этикета, обладательниц неким первоначальным Знанием. На наш взгляд, отталкиваясь от гендерных «наметок» У. Абдыханова, заинтересованным исследователям можно написать большую, развёрнутую фундаментальную работу о казахском женском логосе и его роли в формировании современной казахской культуры.

Одна из центральных научных концепций автора заключается в трансистоической пронизанности казахского менталитета идеями Абая Кунанбаева – просветителя, «среднеазиатского Канта». Актуальность, вековая ценность нравственно-интеллектуального опыта великого мыслителя весьма оригинально подчеркнута в монографии посредством «мерцательного курсива», не дающего упустить из виду имя самого «интеллигентного интеллигента» Казахстана. Это такой методологически оправданный наглядный урок, визуализация, полускрытый 25-ый кадр для молодого читателя, привыкшего к языку компьютерной графики.

С большим интересом читаются страницы, посвящённые роли казахской интеллигенции в кардинальном переустройстве общественного уклада от кочевого образа жизни к оседлому. Важно, что автор монографии

не ограничивается простой констатацией исторического факта: он приводит яркие примеры из художественных текстов, иллюстрирующие перемену в сознании степняков, осознанно сменяющих экзистенциальную модель «птицы» (кочевание) на модель «дерева» (оседлость). «Не надо уподобляться степным птицам»; «Не лучше ли выбрать постоянное место, пусть величиной с подстилку, и построить город?» [1:53] – выборка такого рода культурологом чётко выражает суть народной аксиологии в момент исторической бифуркации.

Удивительным образом данный трансформационный мотив, отмеченный У. Абдыхановым, перекликается с историсофской идеей поэмы балкарского поэта Кайсына Кулиева «Половецкая луна», где автор устами главной героини (Луны) призывает кочевников вместо бесконечных и бесплодных странствий по степям «пустить корни», «построить кров», «растить хлеб». Приоритет «статики» перед «динамикой» поэт объясняет витальной необходимостью «остановки» для этнического самоосмысления и выработки новой стратегии укоренённого бытия.

Метафорическими словами «прабабушка прабабушки моей» К. Кулиев намекает на этногенетическую связь балкарского и казахского народов с их общей древнетюркской корневой системой [3:340]. В поэме К. Кулиева из-за драматической судьбы кипчакской степи болит душа стихотворца, который не может заснуть. Следует отметить, что в кавказской символической системе бессонница – знак потревоженной совести, раненой души, подлинной интеллигентности.

Мы привели лишь одну историко-литературную параллель, в монографии же У. Абдыханова огромное количество интертекстуальных отсылок к произведениям зарубежных, русских классиков – Данте, Н. Хосрова, О. Хайама, О. Уайльда, Ж. Верна, П. Мериме, И. Бродского, В. Астафьева, В. Распутина, Н. Думбадзе, М. Булгакова, М. Зощенко, Ф. Достоевского, Л. Толстого, А. Чехова, М. Горького, И. Бунина, К. Паустовского, Ч. Айтматова, Д. Гранина, Ф. Искандера. Практически нет литературоведческой проблемы, которая У. Абдыхановым не была бы рассмотрена с выходом на «параллельные миры» сопредельных национальных литератур и обозначением типологически сходных явлений. Естественно, такая интертекстуальная сверхплотность монографии говорит о широте культурологического кругозора автора, его умении масштабно и системно мыслить.

Во второй части своего исследования Уалихан Кибраевич, конкретизируя и опредмечивая абстрактную категорию «интеллигенция», рассматривает сейсенбаевские образы священнослужителей, врачей, учителей, мастеров искусств, чиновников и т. д. Как показывает автор

монографии, мир казахских «просвещённых» большей частью состоит из носителей высокой нравственно-интеллектуальной культуры, гражданской ответственности, из числа тех, кого Д. Лихачёв называет «обладающими умственной порядочностью». У этих людей, являющихся нравственным эталоном общества, важнейшая социокультурная миссия – образовывать, просвещать народ, переводить его на качественно новый, высокодуховный уровень бытия.

По свидетельству автора монографии, Р. Сейсенбаев, обладающий острым «бальзаковским пером» протестного реализма, рельефно, выпукло изображает во весь рост и типажей так называемой «неинтеллигентной интеллигенции», «образованцев», официально уполномоченных властью, но начисто лишённых внутренней культуры. Лень, тщеславие, жадность, невежество, эгоизм, жестокосердие, равнодушие, формализм, бюрократизм, самодовольство, чванство, бездеятельность, конформизм, лицемерие, корыстолюбие – этим длинным лексическим рядом учёный У. Абдыханов и писатель Р. Сейсенбаев, фактически солидаризуясь, в «четыре руки» пишут «историю болезни» типичного псевдоинтеллигента, который узнаваем не только в Казахстане, но в любой социально-географической точке. Будучи большим знатоком русской классической и современной литературы, исследователь легко обнаруживает и идентифицирует в родной художественной словесности «казахских николаев ивановичей» (по аналогии с чеховским «человеком в футляре»), «хлестаковщину», «салимовщину» и т. д., прозревая универсальные, типологические явления в локальном материале.

Отличительной чертой монографии У. Абдыханова является её «литературоведческая интеллигентность», проявляющаяся во внимании автора к мельчайшим деталям художественных текстов, умении воспринимать «вещь как вещь», трактовать иносказательный смысл предметов реального мира. Думается, особый интерес монография будет представлять для тюркоязычного мира в силу не только своей общезначимой актуальной тематики, но и её насыщенности «понятными экзотизмами», ласкающими слух (*суюнши, кюйши, байбише, оян, миндет и др.*), и пробуждающими чувство культурно-языкового, этногенетического родства у всех «листочков единого тюркского древа». В той же мере значим и семантически мотивированный антропономикон художественных текстов, который в большинстве случаев под пером исследователя «оживает» и приоткрывает новые смысловые грани произведения.

Проводя параллели между социальным организмом и организмом отдельного индивида, можно сказать, что мозговым центром любого этноколлектива является интеллигенция. От качества «мозга», этой

креативной прослойки зависит качественное состояние всего общества, историческая судьба планеты в целом. В начале третьего тысячелетия, обуреваемого экологическими коллизиями, военными и техногенными катастрофами, тотальной агрессией, человечество с особой остротой начинает испытывать потребность в гуманистическом, одухотворённом интеллекте. Грош цена всем научно-техническим революциям, если в них нет духовной составляющей. Как отмечает Г. Д. Гачев, «прогресс цивилизации, техники и комфорта не есть прогресс в нравах» [2:6]. Другой выдающийся гуманист современности, режиссер А. Сокуров, предлагая реальный путь выхода из сегодняшнего кризиса, советует «сосредоточиться на развитии культуры и все инструменты государственной власти перенастроить в эту сторону: промышленность, идеологию, бюрократию, армию». По его мнению, «пока главной задачей не будет культура, трагедии и всякого рода стрессы будут продолжаться» [5:1].

В этот же ряд мы сегодня смело можем поставить своевременную, просветительскую монографию Уалихана Кибраевича Абдыханова, предлагающего сквозь призму мировой и национальной литературы каждому «мыслящему тростнику» и обществу в целом отрефлексировать состояние собственного «мозга», освободить его от накопившихся шлаков и напитать чистой, доброй, духовной энергией. В этом – наше спасение.

ЛИТЕРАТУРА

1. Абдыханов У. К. Роллан Сейсенбаев и мировой литературный процесс. Lambert Academic Publishing. 2015.
2. Гачев Г. Д. О том, как жить и как умирать // Предисловие к роману Айтматова Ч. Когда падают горы: (Вечная невеста): Роман, повесть, новелла. – СПб.: Издательский Дом «Азбука-классика», 2007. – 480 с. С. 5-16.
3. Кулиев К. Ш. Собр. соч. в 3 тт. Т.3. М.: «Художественная литература», 1977. С. 338. – 591 с.
4. Литературная энциклопедия терминов и понятий. М.: НПК «Интелвак», 2003. – 1600 стб.
5. Кто для вас человек года? //Кабардино-Балкарская «Газета Юга», 17 декабря 2015 г. № 51 (1136). С. 1.

КУЧУКОВА З.А. ЗАМАНУИ ӘДЕБИЕТТАНУ: ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН ХХ ҒАСЫРДАҒЫ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ӘДЕБИЕТТЕ БЕЙНЕЛЕНУІ

Мақаланың авторы У. Абдыхановтың 2015 ж. Германияда басылған «Роллан Сейсенбаев және әлем әдеби үрдісі. Р. Сейсенбаевтың прозасындағы интеллигенция мен халықтың өзара қатынасын бейнелеуіндегі ерекшелігі» монографиясына әдебиеттанушылық баға береді. Ғалымның Сейсенбаевтың сан қырлы прозасының материалы негізінде зиялылықтың әлеуметтік феномені ретінде философиялық

және мәдениеттанушылық мәселелерін кең қамтуымен қазақ интеллигенциясының қалыптасу тарихы мен замануи жағдайын қарастыруы сәтті болды. Мақаланың авторы пікірінше, талданып тұрған монографияның құндылығы оның тәрбиелік және ағартушылық әлеуетімен анықталынады.

Кілт сөздері: зиялы қауым, шығармашылық, жазушы, әдебиеттанушы, мәселе, классик, әлеуметтік, проза.

KUCHUKOVA Z.A. MODERN LITERATURE: ARTISTIC REFLECTION OF THE HISTORY OF FORMATION AND THE STATE OF KAZAKH INTELLIGENT IN THE XX CENTURY

The author gives a literary assessment of the monograph of ualihan Abdykanova "Rollan Seisenbayev and world literary process", published in Germany in 2015, the Researcher notes that the versatile material seisenbaeva prose, the scientist was able to trace the history of formation and current state of the Kazakh intelligentsia with a wide release on philosophical and cultural questions about intelligence as a social phenomenon. According to the author, the value of the analyzed monograph is determined by its educational potential. The paper also emphasizes that some of the provisions and conclusions of Abdykhanov can become the basis for further disclosure of the problem of intellectuals, "based on gender "baselines", interested researchers can write... a detailed fundamental work about the Kazakh women's logos...»

Keywords: intellectuals, creativity, writer, literary critic, problem, classic, social, prose.

ӘОЖ 821(091)

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕЗІНДЕГІ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ АССИМИЛЯЦИЯЛАНУЫ

ОРАЗАЛИЕВ С.

Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде және соғыстан кейін Қап тауы мен Қырым түбегіндегі түркі халықтарының Қазақ жеріне күштеп көшірілуінің саяси астарлары және оның көркем шығармалардағы көрінісі жайлы сөз болады. Сонымен қатар, кісі аттарымен қатар жер-су аттарының өзгертіліп орысшалануы, орыстандыру саясатын айғақтайды. Оның себептерін білу үшін Мекемтас Мырзахметұлының «Тайны русификации казахов» атты кітабына жүгіндік. Еуропа түркілерінің славяндық тоталитар тұзағына түсіп, ел болып еленбей құқықтары тапталып, қуғын-сүргінді басынан өткізген нәубетін және оларды Қазақ елді мекеніне алып келіп шашыратып орналастырғанын тарихи деректермен дәйектейміз.

Кілт сөздер: Қап тауы, түркілер, орыстандыру, көркем шығарма, тоталитар, ассимиляция

Кеңес кезінде өнер мен мәдениеттің, тарих пен әдебиеттің барлық түрінде орыстандырудың «исі» шығып тұратынын байқау қиын емес. Алғашқы қазақ романдарының бірі «Ақбілек» арқылы дегеніне оңай көндіретін патшалы Ресей Қазақ Елін Ақбілектің тағдыры арқылы көрсетті. Ақбілектің жаңа дәуірі Тәуелсіздікті аңсаған еркін елді көзалдымызға келтіреді. Өзбектің алғашқы романы «Өткен күндер» (1919-20) еңбегінде Абдулла Қадри (1894-1938) елі үшін еңіреген Атабек пен Жүсіпбектің бейнесі арқылы орыс отаршылдарына қарсы күресі, 1867 жылы Түркістан генерал-губернаторлығы құрылған жылдардағы қасіретті күндер, Атабек пен Күмістің шынайы сүйіспеншілігі, ішкі сезімдері, асқақ үміттері, болашаққа ұмтылуы бүкіл Орталық Азия халқының жарқын Тәуелсіздігін айқындайды. Шыңғыс Айтматовтың «Жанпидасының» бірінші бетінде жұп қасқырдың арланы Тасшайнар мен Аққұртқа (қаншық) ауып келіп табиғаты шұрайлы жерге келіп орналасты деп, басталатын кітап орыс халқының өзге елді мекенге келіп, алғаш қоныстануын екі қасқырдың бейнесі арқылы суреттейді. Әрі қарай есірткіні де пайдалануды үйрететін осы «аға халық» өкілі Андрейдің бірнеше сыбайластарымен жасаған әрекеттерін осы кітаптан оқысыз. Бодан болған қай ұлттың көркем әдебиетін оқысаңыз да орыс кейіпкері жүрді және олар ұнамды кейіпкер ретінде, ол «жаман орыс» емес, керісінше қазаққа мал бағуды, өзбектерге жер өңдеуді үйрететін білгір, көреген болып көрінді. Мәселен, С.Ерубаевтің «Менің құрдастарым» романындағы Илья, Ғ.Мүсіреповтың «Оянған өлкесіндегі» Елизавета, Ғ.Мұстафиннің «Қарағандысындағы» Щербаков, С.Мұқановтың «Ботагөзіндегі» Кузнецовтар қазақтың маңдайына біткен «періштелер» болып баяндалатын жасанды орыс кейіпкерлер. Мұндай тізімді Кеңеске бодан болған барлық ұлт роман жанрынан кездестіре беруге болады. Ең сорақысы Асқар, Ботагөз, Амантайларды («Ботагөз») Қазан төңкерісшілі етіп суреттеуі шындыққа жанаспайды. «Бұлар Ұлы Қазан төңкерісін көрген жоқ, мен көрсететін боламын» деген емес пе еді, 1925 жылы қужақ Голощекин.

Кеңес қоғамының кеңкелес саясатының жетегімен Ұлы Дала Еліне еріксіз орналастырған; Қырым түбегі мен оның таулы өңірінде ғасырлар бойы мекен еткен татарлар мен ноғайлар, Қап тауындағы ақысқа түріктері, қарашай мен балқарлар, құмықтар, қарайымдар және Балқан түбегіндегі ғағауыздар тағдыры туралы айтпақпыз. Абайтанушы белгілі ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Мекемтас Мырзахметұлы айтқандай: «Или адмирал Потемкин подсказал царице Екатерине очистить Крым от татар, а генерал Ермолов предложил очистить Кавказ от мусульманских народов» [1-41] – дегені көп нәрсенің басын ашып тұрғанын байқау қиын емес. Қап тауы мен Оңтүстік-шығыс Еуропа түркілерінің славияндық тоталитар деспотизм құрығына түсіп, ел болып еленбей құқықтары тапталып, қуғын-сүргінді

басынан өткізген зардабын және оларды Орталық Азия мен Қазақ жеріне шашыратып орналастырғанын тарихи деректермен дәйектейміз. Мұндай қасіретті басынан кешу түркілер мен үндістердің ғана маңдайына жазылған.

Америка құрлығын мекендеген байырғы тұрғын халқы үндістердің (испандықтар осылай атады) байлықтарын иемденген еуропалықтар құлқын үшін үндістерді түгел қырып жібергеніне тарих куә. Сол алапат заманда аман қалған америкалық үндістердің түркі жұрты ұрпақтары екендігін дәлелдейтін төмендегідей деректерге сүйене отырып өз ұстанымымызды ұсындық; біріншіден – мұз басу дәуірінде (б.д.д. XI-IX ғ.ғ.) Солтүстік Америка мен Солтүстік Сібір жер қыртыстары мұз дәуірінен алдын тұтас бірігіп жатқан құрылық болғандықтан бір-біріне өтіп отырған. Екіншіден – үндістер антропологиялық жағынан үлкен моңғол пішіндес тобына жатады, яғни тува, топа, хакас, саха т.б. Алтай тауының теріскейінде мекен ететін түркі тектестер болып шығады. Үшіншіден – тек түркілерде ғана кездесетін жас туылған баланың құйрығының жоғарғы жағындағы көк түймедей меңнің болуын бүгінгі күнгі медицина ғылымы АҚШ-тағы үндістердің сәбилерінде кездесетінін дәлелдеп отыр. Төртіншіден – белгілі ғалым Рахманқұл Бердібай АҚШ-та болған сапарында үндістердің үйінде қонақта болғанын айта келіп: «Олардың қонақ күту мәзірі біздің қонақ күтуімізге ұқсастығы және күн шығарда екі қолдарын жоғары көтеріп күнге қарай өздерінше бірденелерді айтады» дегені, үндістердің баяғыдағы отқа, күнге, жарыққа табынатын шаман діннің сенімі сақталғанын дәлелдейді.

1941-45 жылдардағы екінші дүние жүзілік соғыс өз пайдасына шешілетіндігіне көзі жеткен Сталин, соғысты пайдаланып өзінің құйтырғы саясатымен табиғаты әсем шұрайлы өңір Қап тауы мен Қырым түбегінің байырғы тұрғындары діні ислам, тілі түркі халықтарды көшірудің айла-тәсілін тапты. Ол көріністі Мекемтас Мырзахметұлы: «Во время Великой Отечественной войны на казахскую землю были насильственно сосланы народы Поволжья и тюркские и мусульманские народы с Кавказа» [1-191] деген болатын-ды.

1943 жылы 12 қазанда Қарашай автономиялы облысын жойып, 14 қазанда қарашай түркілерін жер аудару туралы құпия қаулы шығарады. Ол 2 қарашада таңғы сағат төртте орындалды. Ертеңгі сағат онда қарашайларға лық толған мал вагондарында 63323 қарашайлар Орталық Азия республикаларына қарай бет алды [2-27] Осы жылдың күзінде қазақ жеріне қарашайлардың 45529 адамы қонстандырылды.

Балқар түркілерін көшіру туралы қаулысына сәйкес 21150 адам, ақысқа түріктерінен 13260 адам және 1944 жыл 13 сәуірде: «Қырымдардың Кеңеске қарсы әрекеттерінен тазарту» деген бұйрығымен Қырым татар түркілерін, болгарлар мен гректерді қазақ жеріне күштеп қонстандырды. 1944 жыл 8

наурыз «Нарттардың бушуу күні» деп қасірет күнді еске алып отыратын дәстүрі болған. Кеңес кезінде бұл ұғымды ұмыттырып, ортақ Отанымыз ұғымын қалыптастырды. Кеңес келмеске кеткен дәуірден бастап 1991 жыл 8 наурыз Қап тауы халқы, яғни нарттардың босу күнін тойлай бастады. Нарттар деп отырғаны, Қап тауы халықтарының ежелден жырланып келе жатқан ортақ батырлық эпосы «Нарт» деп аталады. Сондықтан өздерін Нарттардың ұрпақтарымыз деп атайды. Бұларды ұлт ретінде атауға 1957 жылға дейін тыйым салынды. Бұл саясаттың туу тарихын танып-білуде Ресей империясы барлық түркі халықтарын тұтас жаулап алып өз дегеніне көндіру арқылы шовенистік саясатына басымдылық берді.

Ежелден өмір сүріп келе жатқан ақысқа түріктерінің отаны Оңтүстік Грузияда, әсіресе оның батыс бөлігі – Месхетияда орналасқан. «Ақысқа түріктері», «Месхет түріктері» деп аталуы ең үлкен елді мекен Ақысқа мен Месхет аталуынан шығып келеді. Мәселен, Ақысқа – Оңтүстік Грузиядағы бес ауданның ең ірісі түрікше «Ахалцихе» деп аталғандықтан «Ақысқа өңірі» деп аталады.

Күштеп жер аудару соғыстан кейін де жалғаса берді. 1946 жылы Қазақ Еліне Солтүстік Қап тауынан, Грузиядан және Қырым автономиялы республикасынан 412191 адам көшірілген. 1954 жылы 1 қаңтардағы есеп бойынша Қазақ Еліне қоныс аударғандар саны 2 миллион адамға жеткен, одан азық-түлік тапшылығы, баспана мәселесі және ауыру-сырқаудың салдарынан Қазақ елді мекеніне келген 101036 адам қаза тапқан. Билік босқынға айналдырған түркілерді орналастыруда да отаршылдық саясатынан айныған жоқ. Оларды тума-туыстарына жақындатпай шалғай облыстарға шашып қоныстандырды. Өйткені, бастары қосылып бірігіп кетуінен, өз ана тілдерінде бала-бақша, мектеп талап етуінен қорықты, осылай олардың өсіп-өркендеуіне қарсы әрекет жасады. Түбінде орыстандыру саясаты жатқандығын «Тайны русификации казахов» кітабынан оқып қарасақ: ...«мирного геноцида» стало то, что из 49 национальностей тюркских народов сохранили себя как нацию только 22, а остальные 27 лишились как собственного языка, так и собственной национальной идентичности» [1-126] бұл көрсеткіш кеңес кезінде 70 жылдың жемісі деуімізге әбден болады. Аталмыш кітапта Түркі халықтарының жазуының тарихына және бүгінгі күнгі қолданыс аясымен, болашағына көп орын берілген. Шыңғыс Айтматовтың мына тамаша пікірі: «до 1920 года в Туркестане (Средней Азии) был единый алфавит, единый литературный язык. Потому что в то время у нас была единая форма письменности, мы пользовались общим арабским алфавитом. Благодаря этому каждый пожелавший мог взять любую книгу и читать ее. Казах читал по-казахски, узбек – по-узбекски, азербайджанец – по-азербайджански. Если бы оставались на этом пути, то со

временем сформировали бы общую Туркестанскую культуру. ...Но этот исторический процесс был остановлен. – деп өкініш білдірген жазушы – В итоге один алфавит стал применяться по-разному. Это привело нас к духовному разобщению. В конце концов мы пришли к тому, что перестали правильно читать друг друга...» [1-221-222]. деп, өкініш білдірген жазушы бүкіл түркілердің басын қосатын ортақ әріпке келуімізді аңғартады. Мекемтас Мырзахметұлы: Ата жазу ойма жазудың тиімді тұстарын баса айта келіп, өзінің «Қазақ қалай орыстандырылды?» атты еңбегінде: «Бұл жазу түрі қолданысқа түсе қалса, оның біршама артықшылық жақтары да баршылық. Мысалы, ол бірден түрік халықтарының рухани тұтастығын қалпына келтіруге, түрік тілдерінің дыбыстық табиғатына сай келуі себепті сөйлеу тіліміздің орфоэпиялық қалпына түсіруге қызметі зор болмақ. Екіншіден, компьютерде қолдануға өте қолайлы болып келуімен бірге, стенографиялық жылдамдықпен жазуға төселдіреді. Үшіншіден, екі бетке түскен бүгінгі жазу көлемін бір бет көлеміне түсіріп қысқартады, уақыт пен қағазды үнемдеуге жол ашады» [3-185] деген автор, ойма жазуға өту бүкіл түркі жұртын ортақтастыратын негіз деп қарайды.

Ақын-жазушы, жалпы зиялы қауымдары тісті-тырнағымен тырысқанмен орыстану апанында ұлт қаламгерлерінің төбесі көрінбей кеңес ақыны–жазушысы болып кеткенінен хабардармыз. Жаһандану құрбанына айналған бірқатар түркі елдері батыс алпауыты өзіне сіңіре түсті. Нәтижеде, мажар түркілерінің – венгер, бұлғар түркілерінің – болгар, хазарлар мен малқарлар сияқты халықтар ұлт ретінде тарих қойнауында ғана қалды. Мұны башқұрт ұлтының біртуар азаматы Түркияға өтіп аман қалған Зәки Уәлиди Тоған Троцкий, Сталин, Рыковтарға: «Из политики, которую начал осуществлять ЦК РКП, явствует, что в отношении народов Востока вы ...приняли за основу идею русских националистов-шовинистов» [1-183] – деген мазмұнда хат жазған екен. Оның бір көрінісі 1907 жылы татарларға «Түркияға көшіп кетіңдер» деген арандатушы реакцияшыл топқа Ғабдолла Тоқай «Қара жүзді сұмдар, бізді жарға итеріп шеттейді» деп басталатын «Кетпейміз» деген толғауы, халық арасында бір үрейлі күш бар екенін сезген ақын адамдардың ішкі дүниесін ашуға тырысады. Бұл түркі халықтарының бірігуіне шовинисттік тосқауыл қоюдың жолы еді.

1920 жылдан бастап пантюркизм түсінігін жалаулатқан империя 1937-39 жылдар арасындағы қанды қырғынға алып келген азап халық жадында, тарих қойнауында сақтаулы. Бұдан бір ғасыр алдын жазылған Құрбанғали Халидтің «Тауарих Хамса», Әбілғазының «Түрік шежіресі» атты еңбектерінде айтылған 92 түркі халықтарының бүгінде 22 ғана атап жүрміз қалғандары ұлт ретінде жойылып кеткен, солардан; бұлғарлар, малқарлар,

мажарлар, хазарлар түркілердің құрамдас бір бөліктері. Батыс алпауытты елдер құрамына кірігіп, тілі де мәдениеті де, өнері де келмеске кетті. .

Бүгінде империя қойнауында тоталитарлық жүйенің құрбанына айналып, ұлттық жадынан ажырап бара жатқаны өкінішті. Мол ауыз әдебиеті ұмытылып, жазба әдебиеті «аға халықтың» ықпалында жүргенін көзі ашық көкірегі ояу азаматтар біледі. Мәселен, 1965 жылы Батыс Германияның Висбаден қаласында неміс тілінде шыққан «Түркі филологиясының негіздері» деген кітапта кешегіде жабық жатқан ақын-жазушыларымызбен қоғам қайраткерлерінің іс-әрекеттері таныстырып кеңес өкіметінің әдейі жасап отырған құйтырғы саясаты екенін ашық айтқан болатын. 1974 жылы Түркияда басылған «Ұлттық поэзия антологиясы» атты жинақта түркі тілдес елдер әдебиеті өкілдерінің жарыққа шыға алмай жүрген ақтаңдақтардың шығармаларымен таныстырып, отаршыл елдердің саясатын әшкерелейді.

Балқар мен қарашай түркілері төскейде малы, төсекте басы қосылған, тілі мен діні, жер аумағы бір, салт-дәстүрі ұқсас, тарихы бір, өнер мен мәдениеті бір-біріне жақын ұлттардың басын қоспау мақсатында, тілі басқа өзге көршілеріне қосып бір-біріне әкімшілік тәуелді етіп қойғандығын отаршылдардың арам пиғыл демеске амалыңыз жоқ. Мәселен, Қабардин-Балқар автономиялы Республикасы мен Қарашай-Черкес автономиялы облыс етіп, ал құмық түркілерін Дағыстан автономиялы Республикасының құрамына ендірді. Түркі тілінің қыпшақ тобына жататын қазақтарға жақын қарақалпақтарды түркі тілдерінің қарлұқ тобына жататын өзбек еліне әкімшілік тәуелді етіп қойған. Басқарудың бұл түрі, тілі бір-біріне жақын халықтардың рухани жағынан бірігіп кетуіне тосқауыл қоюдың алғы шарттары болатын.

Бүгінгі таңда ұлт ретінде жойылып бара жатқан, саны аз түркі халықтарының бірі Құмық түркілері X-XI ғасырлардан белгілі халық, араб әріпін пайдаланып келген 1928 жылдан латын, 1938 жылдан кирилге көшкен. Дағыстанның батысына орналасқан 300 мыңнан астам халқы бар. Бунақ, Хасаваяурт, Бабаюрт, Қизилюрт, Дербент, Қайтағ, Қаякент, Қарабудағкент, Дылым, Қызляр, Құмлы, Терекли-Мектеб жер аттары мен Қойсу, Терек, Ақсай, Ақташ өзендері кездеседі. Бұл жер-су атауларының өзі қыпшақ сөздері екеніне күмән келтірмейді өйткені, құмық тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататынын осыдан-ақ аңғаруға болады.

Ғағауыз түркілері тілі жағынан бұлғарларға жақын, Молдавия Республикасының оңтүстік батысында орналасқан, Вулканешт, Комрат, Чадр-Лунга деген үш ауданнан тұратын автономиялы округ. 1807 жылға дейін Ресей өкіметінің қысымымен Қырым түбегіне ауа көшкен. Бұлғарлар мен ғағауыздар ХҮІІІ ғасырдың аяғы ХІХ ғасырдың басында болған орыс-

түрік соғысы кезінде Дунай өзендерінің бойынан ығыстырылған. 1957 жылға дейін Румин әріпін қолданып келген, қазір кирил әріпінде.

Қырым түбегіндегі жергілікті түркілер ХҮІ-ХҮІІІ ғасырларда «қырымдықтар», ХІХ-ХХ ғасырларда «татарлар», Қазан төңкерісінен кейін (1917) «қырым татарлары» деп аталды. 1783 жылдан күш жұмсау арқылы Ресей өз қол астына қаратты. «Эту же политику по наследству продолжила советская власть, которая в 1944 году выселила оставшихся в живых крымских татар с родных земель. Это сталинское переселение нанесло непоправимый удар по крымским татарам, большинство которых не выдержало жесточайших испытаний и погибло либо в пути, либо на чужбине. Это был настоящий геноцид» [1-165] дегенінде шындық жатыр.

Ресейге тәуелді болғанға дейін қырым татар түркілерінің астана қаласы Бақшасарай болып келген. Бақшасарайда бірнеше рет болған орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкин «Бақшасарай фонтаны» атты көлемді поэмасын арнағаны белгілі. 1883-1914 жылдары арасында түріктің ұлы тұлғаларының бірі И.Гаспрински Бақшасарайда бүкіл түркі оқырмандарына арнап «Тәржімән» газетін шығарып тұрған. Атақты поляк перзенті, түркітанушы ғалым В.В.Бартольд Бақшасарайдың бүкіл түркі жұртының мәдени орталығы болғандығын еңбектерінде тілге тиек еткен. Қырым татар түркілері 1929 жылға дейін араб, 1938 жылға дейін латын, 1992 жылға дейін кирилл, Украина егемендігін алғаннан кейін латынға қайта өтті. 2015 жылғы Украинадағы ішкі бүліншілігін пайдаланған Ресей баяғы «жырына» басып отарлау саясатымен Қырым түбегіндегі халықтың пікірін білу (референдум) әдісін пайдаланып аз уақыттың ішінде (16 наурыз 11 сәуір аралығы, 2014 жыл) өзінің қол астына бодан етіп алды. «2014 жылы халықтың саны 2 284 769 адам болса, соның 1 492 078-і орыстар, яғни халықтың 65,31%-ы деген сөз. Ендеше, референдум қорытындысы орыстардың пайдасына шешілмей қайтсін» [4-7]

Жошы ханның немересі Ноғай батырдың есімімен белгілі. Ноғайлар ұлт болып ХІІІ ғасырдан бастап қалыптаса бастады. Прут, Днестр өзендерінің аралығын билеген. Алтын Орда дәуірінде Дон мен Дунай өзендерінің арасындағы ұлан байтақ жерді өзіне қаратты. ХІҮ ғасырда Алтын орда ыдырағаннан кейін Ноғай ордасы дүниеге келіп, орталығы Жайық өзенінің сағасына орналасқан Сарайшық қаласы еді. Ноғай батыр қайтыс болғаннан кейін қол астындағы елдер Каспий (Хазар) теңізі бойына қоныс аударды. 2002 жылғы санақ бойынша 75 мың адам, діні мұсылман, тілі түркі тілдерінің қыпшақ тілдер тобына жатады. Тілдері Ақ ноғай, қара ноғай, кубан-астрахандықтар диалектілеріне бөлінеді. Ноғайлар бүгінгі күнде Ресей құрамындағы Краснодар, Ставрополь аймағы, Астрахан (Қажы Тархан) облысы, Дағыстан, Шешенстан, Қараша-Черкес Автономиялы облыстарында

т.б. елді мекендерде тұрады. Х.Омаров, Н.Мевлубердиев, А.Әлиев, Ә.Хожакев, Қ.Ерембетов 1914 жылы Астраханда «Той», «Ислаһ», «Маариф» атты журналдарын шығарып тұрған зиялы қауымды қудалап журналдарын жаптырған. 1557 жылдан ноғайлардың шоғырланған Қазан мен Астрахан хандықтарын Ресей жаулап алғандығы тарихтан белгілі. «После падения Ногайского ханства, располагавшегося под самым сердцем России, ногайцы были насильственно крещены и русифицированы. В конце концов они слились с русской нацией и потеряли свое место в истории» [1-169] деген Мырзахметұлынан артық айта алмаспыз.

Қап тауы түркілері мен Оңтүстік шығыс түркі халықтары Сталиннің христиандық өзеуреген саясатының құрбанына айналған күнәсіз халықтардың ауыр күндерін А. С. Пушкин (1799-1837) Қап тауы сапарынан кейін: «...что колонизаторы сгоняли с родных земель аварцев, кумыков, карачаевцев, чеченцев, ингушей, даргынов, балгарцев, кабардинцев, черкесов, лезгин, адыков, лаков, ногайцев, тукхумов, табарсанов, дардыйцев, а на освободившихся землях расселяли казаков, которые нескончаемым потоком шли на Кавказ. Много черкешов погибло. Некоторые племена были уничтожены» [1-121] деген деректерді келтіріп ашына айтатыны бар. Осындай сұмдық көрініс көркем әдебиетте өз көрінісін тапқан еді, мәселен; жазушы, тарихшы, әдебиетші-драматург, тілші, саясаттанушы, ғалым, қоғам қайраткері өзбек түркілерінің алғашқы профессоры Фитрат (1886-1938) өзінің «Абулфайзхон» атты драмалық шығармасында: «Патшалық қанмен суарылған бір ағаш. Қан ағып тұрмаған жерде бұл ағаштың қурап қалуы анық» деп, ХҮІІІ ғасырдағы Бұхара ханы Абулфайыз ханды тарихтың тереңінен алып шығып, ХХ ғасыр «ханы» Сталиннің бейкүнә қарапайым халықты қанға батырғанын баяндайды. Автордың өзі де 1938 жылғы қуғын-сүргіннің құрбанына айналған.

Ол кезде билікке қарсы болған өнер туындыларын қудалау Ресейдің өз ішінде де болып еді. Мәселен: орыс жазушы, ақыны болып кеткен Болат Шалвович Окуджавтің (1924 жылы туылған) шығармаларын жариялауға тыйым салынған, олар; «Арбат, мой Арбат» (1976) жинағы, «Арбат» сөзі (Свердлов облысындағы жер атауы) қыпшақтың «Арбалы ат» деген сөзінен шыққан. «Бедный Авросимов» («Глоток свободы» (1969) деп те аталады) атты романы (орыс революционері, 1825 жылғы желтоқсан көтерілісінің басшысы Пестель Павел Иванович (1793-1826) туралы). Сонымен қатар, «Путешествие дилетантов» (1976-1978) («Еліктегіштердің саяхаты»), «Свидание с Бонапартом» (1986) тағы басқа еңбектері еркіндікті аңсау, халықтық демократия сипат алған.

Қоғам куә болған әрбір кезең көркем әдебиетте көрінісін бермей тұрмайды. Қазақ түркілерінің жерінде өткен ғасырдың 30-жылдардағы

қолдан жалған аштық тақырыбына қалам тартқан авторларды қатты сынға ұшыратып қуғындады, атап айтар болсақ Хамза Есенжановтың «Көп жылдар өткен соң», Балғабек Қадырбекұлының «Алатау» атты романдары еді. Ақын Жәкән Сыздықовтың «Әли қарттың әңгімесі» поэмасы Кеңес одағын қатты сынға алғаны үшін баспа бетінде жариялатпай, ақыры Германияда жарық көреді. «1937-44 ж. тұтас халықтарды ата жұрттарынан Қазақстан аумағына күштеп көшіру науқаны жүргізілді» [5-276] 1937-38 жылдары сталиндік тоталитарлық жүйе, бас көтерер саналы, ел азаматарын жаппай «халық жауы» деген жалған хаттамалар түзіп, жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыратты, тұтқынға алынған зиялылар дау-дерексіз атып өлтірілді.

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық қарсаңында елімізде жасап жатқан диаспоралардың этносаралық татулығы бүгінде Қазақстанның көк туы астында мызғымас бірлікте тіршілік етіп келеді. Этносаралық бірлікті нығайтуда басқа ұлт өкілдерінің ықпалы күшті болып тұрғанын өмір дәлелдеуде. Қай ұлт болсын өз ана тілін сақтауға, мәдениетін дамытуға Қазақстан азаматы ретінде құқылы екендігі Қазақ Елінің Ата Заңында (19-бап 2-тармағы) жазылған. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 1991 жылы 1 наурыздағы жарлығымен «Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы» деген халықтар арасындағы мызғымас достыққа аса қажетті қаулы қабылдады. Бұл тарихи іс-шараның мақсаты Қазақ елімен қоян-қолтық араласып тұратын этностардың ұлтаралық келісім, достық қарым-қатнастардың бірлігі негіз болды. Олардың мәдениеті мен салт-дәстүрінің, тілі, дінінің өркендеуіне аса көңіл бөлген билік әр облыс орталығында, аудандарда, қалаларда әр халықтың мәдени орталықтарын ашып, Ассамблея Кеңесінің мүшелері жетекшілік ететін жексембілік мектептер жұмыс істейді. Онда этностардың ұлт ретінде жойылып кетпеуінің алдын алу жолдары тілін, тарихын білумен қатар әдет-ғұрып, өнерін үйрену мақсат етілген. Осыдан-ақ көрініп тұрғандай қазақтың кең пейілділігінің тағы да бір дәлелі, жер бетіндегі 193 мемлекеттің ішінде қаруланудан бас тартқан бірден-бір ел – Қазақ Елі.

Ел Ордамыз Астанада ашылған «Түркі академиясы» қазақ еліндегі түркі этностары үшін ғана емес, бүкіл түркі тілдес халықтардың әлемдік білім беру мәдениеті мен тарихи, этнографиясы үшін қызмет ететін ғылыми-зерттеу орталығы қызметін атқарып игі шараларына мұрындық болып жүргендігінің куәсіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мырзахметұлы М. Тайны русификации казахов. – Алматы: Қазығұрт, 2015, - 344с.
2. «Вопросы истории» (КСРО ҒА айлық журнал), 1989, № 5.
3. Мырзахметұлы М. Қазақ қалай орыстандырылды? – Алматы, 2010, - 400 б.

4. Егемен Қазақстан. (республикалық газет) 22 желтоқсан 2015 жыл.
5. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. 5-том – Алматы: 2003. 720 б.

ОРАЗАЛИЕВ С. АССИМИЛЯЦИЯ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ ВО ВРЕМЯ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

В статье рассматриваются последствия переселения тюркских народов из Крыма на казахскую землю во время Великой Отечественной войны и в послевоенные годы, а также отражение исторических событий в художественных произведениях. Должное внимание уделяется исследованию причин переименований не только имён людей, но и названий местностей, рек, озёр, что свидетельствует о политике русификации. Для выяснения причин такого явления автор обращается к книге Мекемтаса Мирзахметова «Тайны русификации казахов». Исторические источники свидетельствуют, что репрессированные европейские турки, оказавшись в кабале славянского тоталитарного режима, были лишены своей страны, прав и депортированы на казахскую землю.

Ключевые слова: гора Кап, турки, русификация, художественное произведение, тоталитарный, ассимиляция.

OROZALIEV S. ASSIMILATION OF TURKIC PEOPLES DURING THE GREAT PATRIOTIC WAR

The article deals with the consequences of the migration of the Turkic peoples from the Crimea to the Kazakh land during the great Patriotic war and after it and its reflection in the works of art. Also, the work reflected the renaming of not only the names of people, but also the names of the area, rivers, lakes, which indicate the policy of Russification. To clarify the reasons for this phenomenon, the author turned to the book of Mekemtas Mirzakhmetov "Secrets of Russification of Kazakhs". Historical sources indicate that the repressed European Turks, being in the bondage of the Slavic totalitarian regime, were deprived of their country, rights and deported to the Kazakh land.

Keywords: mount cap, Turks, Russification, artwork, totalitarian, assimilation.

КӘСІПТІК БІЛІМ, БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ

ӘОЖ: 37.016:797.2

**СТУДЕНТТЕРДІҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНДЕ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫ
ТӘСІЛІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

ЕСІРКЕПОВ Ж.М.

Студент тұлғасын дене шынықтыру құралдарымен дамыту қажеттілігі ЖОО-да дене тәрбиесі жүйесін жаңартудың негізгі ұстанымдары болып қалыптасқан. Ізгілік пен демократия қағидаттарында құрылуы тиіс ұстанымдар мәдени-шығармашылық сипатта болуы тиіс.

Бұл жұмыстың мақсаты дене тәрбиесінде тұлғалық-дамыту тәсілін жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын теориялық негіздеу және тәжірибелік тексеру болды. Өткізілген педагогикалық эксперимент нәтижелері студенттердің дене тәрбиесінде жеке-дамытушылық тәсілдің тиімділігін растайды. Мұндай тәсіл үйлесімді және жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру үшін тиісті педагогикалық жағдайлар жасайды. Сонымен қатар, дене шынықтыру саласында студенттердің жан-жақты тұлғалық даму үдерісін оңтайландыруға ықпал ететін студенттердің дене бітіміне жеке тұлғалық дамыту тәсілін жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын анықтау, теориялық негіздеу және тәжірибеде тексеру жүргізілді.

***Түйін сөздер:** тұлғалық-дамытушылық тәсіл, педагогикалық жағдай, студенттің тұлғалық дамуы.*

Қазақстандық ғалымдар білім беруді ізгілендіру жағдайындағы жоғары мектептің ортақ міндеті, студенттердің жалпы мәдениетін қалыптастыру, оның органикалық түрі дене шынықтыру болып табылады деп есептейді [1,2,3]. Дене шынықтыру тек студенттің денсаулығы мен дене даярлығын жақсарту тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғасына әсер ететін құрал ретінде де үлкен әлеуетке ие бола отырып, қандай да бір басқа қызмет саласы ретінде бірқатар психофизикалық, эстетикалық, әлеуметтік-психологиялық міндеттерді шешуге бағытталуы мүмкін.

Алайда, бұл әлеует студенттердің дене тәрбиесі тәжірибесінде өте нашар енгізілген. Қазіргі кезде білім беру саласындағы инновациялық белсенділік жеке дамып келе жатқан көзқарас тұрғысынан жүзеге асады. Оның ерекшелігі – оқушыны өзіндік құндылық деп тану, ол педагогикалық әсерді қабылдайтын призмасы арқылы пәндік тәжірибенің тасымалдаушысы ретінде қалыптасады.

Жеке тұлғаны тәрбиелеу теориясы А.А. Алексеев, Е.В.Бондаревский, В.В.Сереева, И. Якиманской және т.б. (1,2,8,10 және т.б.) жұмыстарында көрініс табады. Дегенмен, дамыған технологиялар әртүрлі академиялық пәндерді оқытуда кеңінен қабылданады, бірақ олар дене тәрбиесі бойынша жаттықтырушылықта жеткілікті түрде көрсетілмеген.

Зерттеудің мақсаты физикалық мәдениет саласында студенттердің жан-жақты жеке дамуын оңтайландыруға көмектесетін, студенттердің физикалық қолдауына жеке даму жолын енгізудің педагогикалық шарттарын іс жүзінде анықтау, теориялық негіздеу және сынау.

Сонымен қатар, аталған әлеует студенттердің дене тәрбиесі тәжірибесінде өте нашар іске асырылуда. Қазіргі уақытта білім беру саласындағы инновациялық қызмет жеке-дара дамыту тәсілінің контекстінде жүзеге асырылады, оның ерекшелігі оқушының өзін-өзі бағалау ретінде танылуы, субъектілік тәжірибені таратушысы ретінде анықталады, оның призмасы арқылы ол педагогикалық әсерді қабылдайды [4]. Жеке тұлғаға бағытталған білім беру теориясы Г.А.Ерғалиев, Ш.А.Стамқұлова, Н.А.Пономарев және т.б. [5,6,7,8,9] еңбектерінде қарастырылған. Сонымен қатар, әр түрлі оқу пәндерін оқытуда қажетті технологиялар қабылданса да, дене тәрбиесі тәжірибесінде олар тиісті дейгейде көрініс таппай келеді.

Біздің зерттеудің мақсаты – дене шынықтыру саласында студенттердің жан-жақты тұлғалық даму үдерісін оңтайландыруға ықпал ететін студенттердің дене бітіміне жеке тұлғалық дамыту тәсілін жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын анықтау, теориялық негіздеу және тәжірибеде тексеру.

Зерттеу Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің базасында жүргізілді, оған 240-тан астам студент қатысты. Қалыптастырушы эксперимент жүргізу үшін тікелей бақылау тобына – 46 адам (оқу үдерісі жалпы қабылданған дәстүрлі тәсіл бойынша жүзеге асырылды) және эксперименттік топқа – 48 адам (оқу үдерісі жеке тұлғалық бағытта, жеке дамытушылық тәсіл жүзеге асырылды). Педагогикалық эксперимент басында алынған тестілеу нәтижелері екі топта зерттелген орташа көрсеткіштер арасындағы нақты айырмашылықтардың жоқтығын көрсетті, бұл оларды одан әрі салыстыру үшін себеп болды.

Эксперимент барысында келесі зерттеу әдістері қолданылды:

- студенттердің ЖОО-да дене тәрбиесі үдерісіне қанағаттануын, қимыл белсенділігін (үйірмелердегі өзіндік және ұйымдастырылған сабақтар), студенттер арасында дене шынықтыру саласындағы мотивациялық бағыт пен құндылықты бағдарлауды анықтайтын арнайы әзірленген сауалнама жүргізу;

- дене шынықтыру бойынша теориялық білімді меңгеруді бағалау;

- психологиялық-педагогикалық диагностика әдістемесі;

- өзін-өзі дамыту, өздігінен білім алу қабілетін анықтау үшін тест;
- тұлғаны өзін-өзі бағалау тестісі;
- «Мен – тұжырымдамасы» өзін-өзі шығармашылық дамыту;
- қозғалыс дайындығын бағалау, сабақтың кіріспе-дайындық бөлімінің кешендерін өткізу негізінде әдістемелік-тәжірибелік білімнің қалыптасу деңгейі.

Осы әдістерді қолдану дене шынықтыру саласында студенттердің жеке дамуына жан-жақты талдау жасауға мүмкіндік берді: Атап айтқанда:

- мотивациялық-құндылық;
- ақпараттық-танымдық;
- рефлексивті;
- пәндік-нәтижелі;
- студенттердің тұлғалық дамуы.

Барлық анықталған көрсеткіштер сандық өлшемге ауыстырылды және жоғары, орташа, төмен деңгейлер бойынша бөлінді. Осының арқасында біз студенттердің тұлғалық дамуының сапалық сипаттамаларының сандық көрсеткішіне қол жеткіздік.

Зерттеу нәтижелері. Психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді талдау, дене шынықтыру бойынша практикалық сабақтар барысында педагогикалық бақылау нәтижелері бізге дене тәрбиесі үдерісінде жеке тұлғалық дамыту тәсілін жүзеге асырудың келесі педагогикалық шарттарын бөліп көрсетуге мүмкіндік берді:

1) студентті тәрбиелеу және оқыту нысаны тұрғысынан өзін-өзі басқару субъектісіне көшіру: а) білім беру үдерісіне қатысушылардың субъектілік өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету; б) сабақтарда табысқа жету жағдайларын жасау; в) тұлғааралық қарым-қатынастарды ізгілендіру, тілектестік, қайырымдылық жасауды болжайды;

2) дене шынықтыру саласындағы жеке даму деңгейлерінің бастапқы диагностикасының нәтижелері негізінде сараланған тәсілді қолдану (жеке тұлғаның мотивациялық саласының ерекшеліктерін, когнитивті дамуды, дене шынықтыру және спорт қызметінде шеберлік пен дағдылардың қалыптасуын, дене дайындығы және т. б. ескереді.);

3) сабақтарда тұлғалық дамытушылық жағдайларды құру: а) дене тәрбиесі оқытушысы мен студенттер арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде диалогтың басым болуы; б) ұсынылған тәжірибенің студенттің өмірлік саласының контекстіне енуі; в) жеке даму жағдайларын құрудың «ойын» нысаны (өзара оқыту, өзара бақылау, өзара бағалау әдістерін белсенді қолдану, рөлдік позицияларды ауыстыру, дәстүрлі ұлттық және спорттық ойындар мен жарыстар ережелерін өзгерту және т. б.);

4) дене тәрбиесінің құндылық әлеуетін іс-әрекетпен игеру: а) студенттерді білім беру үдерісін ұйымдастыруға, оқытушымен бірге сабақтарға тапсырмаларды қоюға, оларды шешуді жоспарлауға, одан әрі іске асыруға және орындалған іс-әрекеттерді бағалауға қосу; б) таңдау шарттарын жасау – бағдарламалық материалды зерттеу деңгейін (бағдарламалық талаптарға сәйкес келеді), сабақ өткізу нысанын, тестерді таңдау және т.б.;

5) оқу уәждемесін қалыптастыру және дамыту үшін құралдар мен әдістерді қолдану;

6) студенттердің өздігінше дамуының өзектілігі;

7) оқытудың мәселелік әдістерін қолдану;

8) дене шынықтыру оқытушысының тұлғалық дамыту тәсілін жүзеге асыруға дайындығы.

Студенттерді қорытынды тестілеу барысында алған педагогикалық эксперимент нәтижелері дене тәрбиесіндегі жеке тұлғаны дамыту тәсілін қолданудың тиімділігін растады. Жеке даму көрсеткіші эксперимент аяқталғаннан кейін $p < 0,05$ кезіндегі топтар арасында статистикалық маңызды айырмашылықтарға ие болды. Жалпы оң динамика біз бөлген барлық компоненттер бойынша да белгіленген (1-кесте).

Кесте 1. Дене шынықтыру және спорт саласындағы студенттердің жеке даму деңгейінің өзгеру динамикасы

| Компоненттер | Экспериментке дейін | | | | | | Эксперименттен кейін | | | | | |
|------------------------------|-----------------------------------|------|--------|------|-------|------|-----------------------------------|------|--------|------|-------|------|
| | жоғары | | орташа | | төмен | | жоғары | | орташа | | төмен | |
| | Б | Ә | Б | Ә | Б | Ә | Б | Ә | Б | Ә | Б | Ә |
| Мотивациялық-құндылық | 63 | 54,1 | 30 | 35,5 | 8,7 | 10,4 | 50 | 66,7 | 37 | 29,1 | 13 | 4,2 |
| | $X^2 = 0,754$ кезінде $p > 0,005$ | | | | | | $X^2 = 3,71$ кезінде $p > 0,005$ | | | | | |
| Ақпараттық-танымдық | 0% | 0% | 13 | 16,7 | 87 | 83,3 | 4,4 | 12,5 | 23,9 | 54,1 | 71,7 | 33,3 |
| | $X^2 = 0,242$ кезінде $p > 0,005$ | | | | | | $X^2 = 13,9$ кезінде $p < 0,005$ | | | | | |
| Рефлексивтік | 39,1 | 22,9 | 47,8 | 58,3 | 13,1 | 18,8 | 37 | 33,3 | 47,8 | 56,2 | 15,2 | 10,4 |
| | $X^2 = 2,96$ кезінде $p > 0,005$ | | | | | | $X^2 = 0,829$ кезінде $p > 0,005$ | | | | | |
| Пәндік-нәтижелілік | 15,2 | 12,5 | 23,9 | 28,3 | 60,9 | 62,5 | 23,9 | 39,6 | 41,3 | 39,6 | 34,8 | 20,8 |
| | $X^2 = 0,146$ кезінде $p > 0,005$ | | | | | | $X^2 = 3,59$ кезінде $p > 0,005$ | | | | | |
| Студенттердің тұлғалық дамуы | 6,5 | 8,3 | 65,2 | 70,8 | 28,3 | 20,9 | 15,2 | 33,3 | 73,9 | 62,5 | 10,9 | 4,2 |
| | $X^2 = 0,740$ кезінде $p > 0,005$ | | | | | | $X^2 = 6,1$ кезінде $p < 0,005$ | | | | | |

$P < 0,05$ кезіндегі топтар арасындағы статистикалық маңызды айырмашылықтар ақпараттық-танымдық компонент бойынша анықталды. Біз мұны эксперименттік топтағы дене тәрбиесі үдерісінің айтарлықтай өскеніне, сабақтарда студенттердің өзіндік танымдық қызметіне оқытудың мәселелік әдістерін қолдануға байланысты деп есептейміз. Бұл дене шынықтыру саласындағы теориялық білім деңгейіне әсер етті, эксперименттік топта оң көрсеткіш 16,7% жоғары деңгейде, орта есеппен 31,2%-ға анықталды, төмен деңгейдегі көрсеткіш 47,9%-ға азайды, ал бұл сандар бақылау көрсеткішінде тиісінше +10,9%, +23,9%, -34,7%. Осыған ұқсас көрініс танымдық қажеттілік көрсеткіші бойынша да байқалды. Мотивациялық-құндылықты, рефлексивті және пәндік-нәтижелі компоненттердегі деңгейлер бойынша жалпы қимыл көрсеткіші статистикалық сенімді айырмашылықтарға ие болды. Алайда, эксперименттік топта деңгейлер бойынша орын ауыстырудың оң бағыты болды, ал мотивациялық-құндылық және рефлексивті компоненттер бойынша жоғары деңгейдегі көрсеткіштердің тиісінше 13 және 2,1%-ға төмендеуі анықталды.

Біздің ойымызша, дене тәрбиесі үдерісімен қанағаттанушылық көрсеткіштерінің өсуі (2-кесте), студенттердің оқу үдерісінен тыс қимыл белсенділігінің артуы, ұйымдасқан түрде (спорт үйірмелері мен абонементтік топтарда), сондай-ақ өз бетінше (3-кесте) шұғылданушылар санының өсуі маңызды болып табылады.

Кесте 2. Университетте дене тәрбиесі үдерісіне қанағаттану көрсеткіштері

| Бағасы | Эксперименттің басталуы | | Эксперименттің аяқталуы | |
|-----------------------------|--------------------------------------|-------|-------------------------------------|-------|
| | Б | Ә | Б | Ә |
| Толық қанағаттанамын | 58,7% | 64,6% | 63,0% | 85,4% |
| Толық қанағаттанбаймын | 28,3% | 25,0% | 28,3% | 12,6% |
| Қанағаттанарлықсыз | 13,0% | 10,4% | 8,7% | 2,0% |
| Айырмашылықтардың дұрыстығы | $\chi^2 = 0,369$ кезінде $p > 0,005$ | | $\chi^2 = 6,41$ кезінде $p < 0,005$ | |

Кесте 3

| Сұрақтар | то п | «Ия» | | «Жок» | | «кейде» | |
|---|---------|-------|-------|-------|-------|---------|-------|
| | | дейін | кейін | дейін | кейін | дейін | кейін |
| Егер ол міндетті болмаса, Сіз дене шынықтыру сабағына қатысасыз ба? | Б | 61 | 53,3 | 8,5 | 11,2 | 30,5 | 35,5 |
| | Ә | 55,4 | 64,6 | 8,5 | 4,2 | 36,1 | 31,2 |
| Сіз қазіргі уақытта ұйымдастырылған дене шынықтырумен және спортпен айналысасыз ба? | Б | 18,6 | 28,9 | 54,3 | 40 | 27,1 | 31,1 |
| | Ә | 12 | 43,7 | 55,2 | 39,6 | 32,8 | 16,7 |
| Сіз өздігінше дене шынықтырумен және спортпен айналысасыз ба? | Б | 35,6 | 28,9 | 25,4 | 17,8 | 39 | 53,3 |
| | Ә | 25,8 | 39,6 | 19 | 16,7 | 55,2 | 43,7 |

Алынған мәліметтер жан-жақты және үйлесімді дамыған жеке тұлғаның дамуын қалыптастыру үшін тиісті педагогикалық жағдай жасау кезінде студенттердің дене тәрбиесінде тұлғалық дамыту тәсілін қолдану тиімділігін растауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ергалиева Г.А. Концептуальные основы духовно-нравственного воспитания студентов // Дене тәрбиесінің жаршысы. – Алматы, 2005. - №2. – 119-123 б.
2. Демеуов А.Қ., Тұрысбек Б.Ә. Дене тәрбиесі пәні оқытушысын даярлада болашақ маманның тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз теудің әдістері мен технологиялары // «Әуезов оқулары – 13: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Шымкент, 2015. - 70-75 б.
3. Егізбаев Ж. Студент жастарды ұлттық болмысқа тәрбиелеудің бағыттары // «Бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың өзекті мәселелері және келешегі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Қызылорда, 2017. - 566-569 б.
4. Қуатбеков Ш. Қазіргі маманның тұлғасын қалыптастыруда дене тәрбиесінің тәрбиелік және білім беру әлеуетін арттыру // «Жаңа әлемдегі дене тәрбиесі мен спорттың өзекті мәселелері» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Қызылорда, 2018. – 125-128 б.
5. Ергалиев Г.А. Студенттердің жеке тұлғалық қалыптасуы және оның педагогикалық шеберлігін дамыту // Дене тәрбиесінің жаршысы. – Алматы, 2005. - №2. – 95-98 б.
6. Стамкулова Ш.А. Развитие познавательной активности студентов // Университетский округ. – Оренбург. – 2017. -№19. – 6-69 с.
7. Пономарев Н.А. Проблемы гуманитаризации физкультурного образования // Матер. науч.-метод. конф. «Гуманитаризация физической культуры в образовании студентов» - СПб.: 1995. – 42-44 с.
8. Аубакиров С.Д., Жекенов С.С., Даулетов А.С. Спортивно-интеллектуальные тесты // Дене тәрбиесінің жаршысы. – Алматы, 2012. - №1. – 11-13 б.

9. Ианов Г.Д., Құлназаров А.Қ., Студенттердің дене тәрбиесі / Оқулық. 2-ші басылым. – Астана, 2008. – 220 б.

ЕСИРКЕПОВ Ж.М. ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ РЕАЛИЗАЦИИ ЛИЧНОСТНОГО ПОДХОДА В ФИЗИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ СТУДЕНТОВ

Необходимость развития личности студента средствами физической культуры предполагает поиск путей для обновления системы физического воспитания в вузах. Положения, которые должны строиться на принципах гуманности и демократии, должны носить культурно-творческий характер.

Целью данной статьи явилось теоретическое обоснование и практическая проверка педагогических условий реализации личностно-развивающего подхода в физическом воспитании. Результаты проведенного педагогического эксперимента подтверждают эффективность личностно-развивающего подхода в физическом воспитании студентов. Такой подход создает соответствующие педагогические условия для формирования гармоничной и всесторонне развитой личности. Кроме того, в области физической культуры проведена теоретическая проверка, теоретическое обоснование и определение педагогических условий реализации индивидуального подхода к физическому развитию студентов, способствующему всестороннему личностному становлению специалиста.

Ключевые слова: *личностно-развивающий подход, педагогические условия, личностное развитие студента*

ESIRKEPOV J.M. PEDAGOGICAL CONDITIONS OF PERSONAL-DEVELOPING APPROACH REALIZATION IN PHYSICAL EDUCATION OF STUDENTS

The necessity or whole development of the student's personality by the means of physical culture formed the main positions of renewing the system of physical education in universities. The positions to be build on the base of the humanity's and democracy's principles, must carry the cultural creative nature.

The aim of this paper was the theoretical foundation and practical checking-up of pedagogical conditions of the realization of the personality-developing approach in the physical education. The results of the carried out pedagogical experiment confirms the effectiveness of the personal developing approach at the student's physical education using. That kind of the approach makes corresponding pedagogical conditions to form the harmonious and all-round developed personality. In addition, in the field of physical culture, a theoretical test, theoretical justification and definition of pedagogical conditions for the implementation of an individual approach to the physical development of students, contributing to the optimization of the process of comprehensive personal development of students.

Keywords: *personal-developing approach, pedagogical conditions, student's personal developing*

ӘОЖ 37.036:78

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ СҰРАҚҚА ҚАТЫСТЫ

ДЖОЛАМАНОВА Г.Д., АХМЕТОВА Н.Н.

Мақалада қазақстандық қоғамдағы музыка мұғалімінің мәртебесі, жас ұрпақтың музыкалық және эстетикалық мәдениетін қалыптастырудағы рөлі, жастардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелері көтеріледі. Жеке тұлғаны қалыптастыруда эмоционалды интеллекттің рөлі ерекше атап өтіледі. Қоғамдағы музыка мұғалімі мәртебесінің төмендеуінің себептерін талдай отырып, авторлар қоғамның гуманитарлық, көркем және эстетикалық білім беру рөлін жеткіліксіз бағалауы, музыкалық мәдениеттің деңгейін төмендетуі, студенттердің өз мамандығы бойынша жұмыс істеуге деген ынтасының аздығы және т.б. мәселелерді қозғайды. Сондай-ақ, мақалада адамның рухани мұқтажықтарын қанағаттандыру үшін, жоғары сапалы білім беруде бағытталған мақсатты іс-шараларды ұйымдастыру қажеттілігі туралы айтылады, оның мақсаты білімге «қарулану» ғана емес, сонымен қатар адамның танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады.

Кілт сөздер: музыкалық білім, мұғалім, мәдениет, қоғам, ақпараттық технологиялар, әлеуметтік мәртебе.

Қазақстан Республикасының дамуының негізгі басымдықтарының бірі – жалпыға танылған білім беру. Білім беру жүйесін реформалаудың соңғы кездегі басты мақсаты оның жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайға бейімделуі болып табылады. Сонымен қатар, мұғалім білім саласындағы білім берудің, оның қоғам мен мемлекеттің өзекті талаптарына сәйкестігін айқындайды.

Қазақстандық білім беру жүйесінің қиындықтары көбіне мектеп мұғалімдерінің әлеуметтік және кәсіби деңгейіндегі жағымсыз үрдістеріне байланысты: бұл мамандықтың қоғамдағы беделінің төмендігіне, төмен жалақыға, үлкен жұмыс жүктемесіне байланысты.

Қазақстан қоғамындағы музыка мұғалімі мәртебесінің төмендеуінің себептері оған әсер ететін бірқатар факторлардан көрінеді:

Ең алдымен – гуманитарлық білім берудің рөлін, жеке адамның эмоциялық ақылын қалыптастыру қажеттілігін, моральдық-этикалық нормалар тәрбиесінің маңыздылығын өз деңгейінде бағаламаудан. Музыка, жалпы алғанда, өнер, адамның білім алуында маңызды деп қарастырылмайды. Гуманитарлық пәндер, атап айтқанда, музыка, көптеген адамдарға екінші деңгейлі, маңызды емес деп қабылданады. Мектеп ішінде

осы пәнге мектеп әкімшілігінің қарым-қатынасы осы тақырыпқа сәйкес келуімен көрініс табады және нәтижесі бірқатар мектептерде қажетті музыкалық аспаптары бар арнайы жабдықталған сыныптар жоқ, көбінесе музыкалық аспаптар өте аз немесе олардың жағдайы көңіл қуантарлықтай емес. Мұғалім өз уақытының көп бөлігін түрлі іс-шараларды дайындауға, кейде музыкалық мұғалім ретінде өздерінің кәсіби міндеттерімен байланысты емес жұмыстарға жұмсайды. Бұған қағаз жұмыстарының үлкен көлемін, оқулықтардың жетіспеушілігін, кейде олардың сапасыздығын, төмен жалақысын және жоғары жүктемесін қоса аласыз. Бұл, өкінішке орай, білім беру әкімшілігіндегі әдіскерлердің музыкалық білімінің болмауына да байланысты. Себептерге еліміздің педагогикалық жоғары оқу орындарында, олардың контингентінде музыкалық білім беруді ұйымдастыру мәселелері жатады. Мысалы, елдегі ЖОО-дағы жалпы мәселе, болашақ музыка мұғалімдерінің кәсіби даярлығының жеткіліксіздігі. Соңғы онжылдықта барған сайын күшейіп келе жатқан осы үрдіс бүгінгі күні «музыкалық білім» мамандығына музыкалық дайындығы аз немесе мүлде дайындықсыз студенттер қабылданатындығын көрсетеді. Бұл білім беру үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуына ерекше көзқарас қажет, оған музыкалық сауаттылықты, музыкалық теория мен тарих негіздерін, солфеджио негіздерін енгізу керек. Ол сондай-ақ оқу бағдарламаларын түзетуді де талап етеді.

Кемшіліктерді жою үшін университеттік бағдарламаны меңгерумен қатар, білім беру жүйесін ұйымдастырудың жеке тәсілін қолдану қажет. Музыка мұғалімінің мәртебесі, сөзсіз, оның кәсібилігі мен құзыреттілігіне байланысты, сондықтан оларды оқытудың сапасы, олардың жеке тұлғаны тәрбиелеудегі жұмысының тиімділігі, өзін және қоршаған ортаны өзгерте алатын қабілетті білім беру проблемаларын шешуге байланысты. Инновациялық педагогикалық технологиялар арқасында білім беру саласы үнемі жетілдірілетіндіктен, қазіргі заманғы мұғалімге деген талаптардың деңгейі тұрақты түрде өсіп келе жатқандығын ескеру қажет. Педагогикалық жоғары оқу орындарының жұмысын, практика талдауы көрсеткендей, қоғамдағы құндылықтар жүйесіндегі өзгерістер, мұғалім мамандығының беделінің төмендеуі, үміткерлерді іріктеудегі проблемалар және музыка факультеттерінің түлектерін жұмысқа орналастырудағы қиындықтар, болашақ музыка мұғалімдерінің жұмыс деңгейінің әлсіз болуына, болашақ мамандығына күмәнмен қарауына және студенттердің өзін-өзі тану және өзін-өзі дамыту ынтасының дәрежесі төмендеуіне себеп болуда.

Жалпы мәселелердің қатарынан жас ұрпақтың музыкалық мәдениет деңгейінің төмендеуін, балалар мен жастар үшін заманауи жоғары көркемдік музыкалық репертуардың жоқтығын, болашақ музыкалық мұғалімдердің

The appearance of Monk and Fagin in Oliver's dream, when he is on his way to recovery and thus rebirth, according to C.G. Jung, referring to the unresolved complexes associated with the boy's false identity due to the name given to him by Oliver Twist. Existing in a pair, the child and the old man, Oliver and Fagin, "belong to one another." Oliver is an unsolved complex for Fagin, embodying Fagin's anima. At the end of the novel, Fagin, in the face of death in the form of a hanging, realizes Oliver as the cause of his death. He fears his presence, the requirements of the anima. Perhaps Fagin also instigated Sachs to kill Nancy, who was the archetype of the mother. In order to resolve the dynamics of the complex and realize his true identity, the boy needs to return to the lower world in order to clear himself of Fagin and the shadows he represented. Fagin must be hanged out so Oliver can achieve self-actualization. [8]

After analyzing the narrative model of the work of Charles Dickens as a novel of allegory, we can conclude that in this novel there is a representation of an allegory about God and the Devil, represented in a kind of pilgrimage by the archetypal child of Oliver in the lower world, the prince of which the Devil himself acts as Fagin. In fact, Oliver can be compared with other archetypes associated with the figure of Christ. These archetypes include Orpheus, misunderstood and torn apart due to his beautiful singing; and the Mesopotamian fertility gods, who often disappeared in the underworld to be reborn after the trials; and Christ as the bearer of love and knowledge, as well as rebirth. The novel also presents the Christian scheme "Savior Son - Devil - Antichrist". The child's figure always includes hope, change, and rebirth in Victorian literature. So, Oliver, whose image is also associated with the very young Charles Dickens, who works and lives in Fagin's lower world, whose image most likely represents Jeremiah Bentham himself, breaks through the dark darkness to ontological light, defeating evil and plunging it into the arms of gloomy Tartarus.

BIBLIOGRAPHY

1. Gayley J. K. Oliver Twist: «Things as they are Really». Oliver Twist: Charles Dickens, Queens College and Graduate Centre, 1993. [1, p. 3]
2. Dikkens Ch. Adventures of OliveraTvista. Moscow: HudLit, 1958. [2, p. 6]
3. Kjempbell Dz. A hundred faces with adventure «Sofija», Ugi., 1997. [3, p. 336]
4. Larson J. Dickens and the Broken Scripture. University of Georgia Press, 1985. (in English)
5. Nojmann Je. The origin and development of consciousness. Moscow, Kiev: 1998. 462 p.

6. Slater M. On Reading Oliver Twist. Charles Dickens, Queens College and Graduate Centre, 1993. (in English)

7. Frye N. Anatomy of criticism. Four essays. Princeton university press, Discourse, 1973. 400 p. (in English)

8. Jung K.G. Soul and myth. Six archetypes. [Dushaimif. Shest' arhetipov] Kiev, 1996. (in Russ.)

БЕРИКБАЕВА Л.С., АБРАМОВА Г.И. СТИЛЬ-ЧАРЛЬЗ ДИККЕНСТІҢ РОМАНДАРЫНДА АЛЛЮЗИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ «ОЛИВЕР ТВИСТ»

Мақалада Чарльз Диккенс «Оливер Твист» романының аллюзия функциялары қарастырылады. Ч. Диккенс «Оливер Твисттің оқиғалары» К. Г. Юнга архетиптеріне негізделген Құдай мен Ібіліс туралы роман-аллегория ретінде қарастырылады және талданады. Романда Ч. Диккенс христиан символизмен тығыз байланысты, оның себептері әлем туралы көне идеяларды жасырып, басқа идеяларына негізделген. Юнга архетиптер туралы және мифологиялық мотив түрінде әрекет ететін өкілдіктер кешендерін тудырады. Осы мақаланың мақсаты - аллюзияны мәтінаралық байланыс ретінде және мәтіндік байланыстарды, сондай-ақ көркем мәтін кеңістігінде аллюзия функцияларын жасау механизмі ретінде зерттеу. Сондай-ақ, мақалада заманауи лингвистикада өзекті болып қалатын анықтаманы анықтау мәселесі қарастырылған.

Кілт сөздер: аллюзия, Чарльз Диккенс, аллегория, архетип, К. Г. Юнг, Құдай, шайтан, Құдайдың бала.

БЕРИКБАЕВА Л.С., АБРАМОВА Г.И. СТИЛИСТИКА ИСПОЛЬЗОВАНИЕ АЛЛЮЗИЙ НА МАТЕРИАЛЕ РОМАНОВ ЧАРЛЬЗА ДИККЕНСА «ОЛИВЕР ТВИСТ»

В статье рассматриваются функции аллюзий, выявленных в романе Ч.Диккенса «Оливер Твист». Роман Ч. Диккенса «Приключения Оливера Твиста» анализируется в статье как роман-аллегория о Боге и Дьяволе. Роман Ч. Диккенса неразрывно связан с христианским символизмом, за мотивами которого скрыты античные представления о мире, опирающиеся на идеи К.Г. Юнга об архетипах и вызывающие к жизни комплексы представлений, выступающих в виде мифологических мотивов. Целью данной статьи является изучения аллюзии как интертекстуального элемента и как механизма создания межтекстовых связей, а также исследование функций аллюзии в пространстве художественного текста. В статье затрагивается вопрос об определении аллюзии, достаточно актуальный в современной лингвистике.

Ключевые слова: аллюзия, Чарльз Диккенс, аллегория, архетип, К. Г. Юнг, Бог, Дьявол, божественное дитя.

УДК 316

ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ КАЗАХСТАНСКОЙ МОЛОДЕЖИ

МИРЗАХМЕДОВА С.Т.

(научный руководитель доцент Есимова А.Б.)

В статье представлены демографические характеристики молодежи Казахстана – общая численность, рождаемость, смертность, брачность и разводимость. Анализ демографических показателей основывается на статистических данных. Молодежь представляет собой интеллектуальный потенциал, от состояния которого зависит социально-экономическое развитие страны. В то же время молодежь – это демографический потенциал, так как от ее социально-демографических характеристик зависит демографическое будущее страны. Изучение демографических характеристик молодежи показывает, что постоянно происходят изменения как положительного, так и отрицательного характера. Представленные в статье данные свидетельствуют о необходимости отслеживать демографические тенденции среди молодежи, чтобы проводить актуальную демографическую политику, направленную на демографический рост молодого населения страны.

Ключевые слова: демографические характеристики, рождаемость, смертность, брачность, разводимость

Молодежь Казахстана – это важная часть населения страны. Молодежь представляет собой интеллектуальный потенциал, от состояния которого зависит социально-экономическое развитие страны. В то же время молодежь – это демографический потенциал, так как от ее социально-демографических характеристик зависит демографическое будущее страны.


В Законе Республики Казахстан «О государственной молодежной политике» (от 09.02.2015 г.) указывается, что молодежь – это молодые люди в возрасте от 14 до 29 лет. По данным 2018 года к категории «молодежь» относятся 3 900 834 чел., что составляет 21,5% от общей численности населения страны. Из данных таблицы 1 видно, что за последние пять лет происходит сокращение численности молодежи. Это связано с тем, что в 90-х годах прошлого века в стране в результате социально-экономического кризиса наблюдалось снижение рождаемости. В региональном разрезе доля молодежи различна: наибольшая доля в общей численности населения в Южно-Казахстанской области (23,7%), в г.Алматы (23,5%), наименьшая – в Северо-Казахстанской (18,6%) [1, с.6].

Таблица 1. Численность населения в возрасте 14-28 лет, человек [1, с.5].

| | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 |
|----------------------------|--------------|--------------|--------------|--------------|--------------|
| Республика Казахстан | 4 293 194 | 4 206 037 | 4 099 272 | 3 995 896 | 3 900 834 |
| Акмолинская | 169 554 | 165 147 | 162 704 | 152 538 | 148 996 |
| Актюбинская | 219 324 | 213 857 | 205 977 | 198 482 | 191 790 |
| Алматинская | 486 683 | 450 754 | 432 459 | 418 074 | 408 218 |
| Атырауская | 146 251 | 144 135 | 140 852 | 137 752 | 135 403 |
| Западно- Казахстанская | 153 932 | 149 595 | 145 879 | 140 413 | 136 016 |
| Жамбыльская | 265 913 | 260 621 | 253 607 | 245 934 | 240 222 |
| Карагандинская | 322 427 | 314 956 | 304 260 | 291 441 | 281 406 |
| Костанайская | 208 280 | 201 435 | 194 535 | 185 077 | 177 101 |
| Кызылординская | 191 793 | 189 625 | 185 674 | 180 394 | 177 646 |
| Мангистауская | 153 919 | 152 656 | 150 567 | 147 728 | 145 657 |
| Южно- Казахстанская | 729 191 | 723 853 | 715 303 | 700 905 | 695 658 |
| Павлодарская | 170 434 | 164 433 | 157 722 | 150 350 | 144 073 |
| Северо- Казахстанская | 120 677 | 116 204 | 112 364 | 107 497 | 104 074 |
| Восточно- Казахстанская | 316 585 | 304 957 | 292 094 | 277 473 | 264 990 |
| г.Астана | 218 590 | 213 350 | 199 296 | 224 069 | 225 775 |
| г.Алматы | 419 641 | 440 459 | 445 979 | 437 769 | 423 809 |

Данные таблицы 1 показывают, что за последние 5 лет постепенно сокращалась абсолютная численность молодежи в составе населения. В разрезе регионов видно, что только в г.Астана и г.Алматы произошел незначительный рост численности, в то время как в остальных регионах страны количество молодежи сократилось. Наибольшее уменьшение численности молодежи зафиксировано в Алматинской области. Увеличение численности молодежи в г.Астана и г.Алматы обусловлено тем, что в эти города прибывает молодежь с целью обучения в высшем учебном заведении. Зачастую, обучившись в городе, они остаются там жить.

График 1. Численность населения в возрасте 14-28 лет на начало года, тыс.чел. [1, с.6].



В разрезе городского и сельского населения видно, что за последние пять лет сокращение численности молодежи происходит в основном за счет уменьшения численности сельского населения (график 1). Безусловно, сокращение сельской молодежи в основном происходит за счет миграционного оттока в городскую местность.

В возрастных категориях от 19 до 23 лет и от 24 до 28 лет среди городского населения преобладают девушки. В возрастной когорте от 19 до 23 лет количество мужчин выше на 5%, чем женщин, а в группе от 24 до 28 лет разница составляет 7,2% в сторону мужчин [2, с.218].

Рождаемость одна из важных демографических характеристик населения, от которой зависит прирост населения. Факторы, влияющие на динамику рождаемости, разнообразны. Показатели рождаемости коррелируют с уровнем образования, профессией, условиями труда, социально-экономическим положением семьи.

Согласно демографическим данным, воспроизводство населения обеспечивается молодой семьей. Пик плодовитости городских женщин приходится на возрастную группу 20-24 лет. Уровень рождаемости среди сельских женщин во всех возрастных группах выше, чем у городских женщин. Если среди городских женщин в возрасте 20-24 в 2017 году удельный вес родившихся составил 44,4%, то у сельских женщин – 49,3 %. [1, с.20-21]. Высокие показатели рождаемости наблюдается в Алматинской, Карагандинской, Южно-Казахстанской областях. Низкие показатели

рождаемости зафиксированы в Восточно-Казахстанской, Северо-Казахстанской, Кызылординской областях [1, с.19].

Авторы Национального доклада «Молодежь Казахстана – 2017» отмечают, что «на сегодняшний день все чаще эксперты говорят об эффекте «демографического эха» спада рождаемости, который наблюдался в начале 1990-х годов. Данный эффект находит свое выражение в снижении рождаемости среди молодежи. Одна из основных причин заключается в том, что в настоящее время в репродуктивный возраст вступает молодежь, рожденная в начале 1990-х годов» [2, с.211].

Население Республики Казахстан характеризуется высокой интенсивностью процессов брачности и разводимости. Всего в 2013 году вступило в брак 114.262 мужчин, а в 2017 данный показатель составлял 88.180. Никогда не состояли в браке по данным 2013 года 110.245, а в 2017 году – 84.615. Вдовцов в 2013 г. было 261 чел., а в 2017 году – 98 чел. Разведенных в 2013 году было 3.660 чел., а в 2017 году – 3393 чел. Среди девушек в 2013 году вступили в брак 134.112 чел., а в 2017 году – 105.796 чел. Никогда не состояли в браке в 2013 году 128.639 чел., а в 2017 году – 100.205 чел. Вдовых в 2013 году было 422 чел., а в 2017 году – 231 чел. Разведенных женщин в 2013 г. было 4.815 чел., а в 2017 возросло до 5.178 чел. Следует констатировать, что брачные отношения в республике характеризуются нестабильностью, уровень разводимости достаточно высокий [1, с.13].

Достаточно высокий уровень разводимости – одно из наиболее неблагоприятных явлений в брачно-семейной сфере современного Казахстана.

Причины смертности статистикой Казахстана классифицируются по основным группам: инфекционные заболевания, болезни органов дыхания, системы кровообращения, новообразованиям, несчастным случаям, отравлениям и травмам.

Число умерших в 2013 составило 5.171 чел., а в 2017 году смертность сократилась до 3.403 чел. Уровень смертности населения на 1000 человек в 2013 году было 1,19, а к 2017 году данный показатель снизился до 0,86. Рассматривая показатели смертности, следует особо отметить, что наибольшая смертность зафиксирована у мужчин. Всего в 2013 умерли 3.734 чел. и в 2017 году 2.423 чел. С возрастного интервала 19-23 мужская смертность начинает постепенно увеличиваться. В следующей возрастной группе 24-28 лет происходит ее дальнейший рост [1, с.44].

Уровень смертности населения на 1000 человек в 2013 году составляло 0,67, а к 2017 году данный показатель составил 0,50. Смертность у женского населения в возрасте 14-18 также снизилась. Например, в 2013 году было 263,

а в 2017 стало 216. В возрастной группе 24-28 лет с 1019 снизилась до 665. [1, с.44].

Основные причины смертности в Казахстане многие годы остаются неизменными – это смертность от несчастных случаев, отравлений и травм. Сохраняется высокий уровень от болезней системы кровообращения, заболеваемости злокачественными новообразованиями. Смертность от болезней системы кровообращения в 2017 году занимает вторую позицию в структуре причин общей смертности, оттеснив на третье место смертность от злокачественных новообразований. В Казахстане высок уровень заболеваемости так называемыми социальными болезнями, в том числе туберкулезом. [1, с.59, 86].

Смертность мужчин в молодом возрасте приводит к тому, что их численность уже с 26-летнего возраста становится меньше численности женщин, что приводит к тому, что к моменту вступления в брак ощущается недостаток мужчин. В результате значительная часть населения в возрасте после 30 лет все еще не находится в браке. В результате растет число вдов и детей, оставшихся без отца.

Изучение демографических характеристик молодежи показывает, что эти показатели не являются «застывшими», что постоянно происходят изменения как положительного, так и отрицательного характера. Следует постоянно отслеживать демографические тенденции среди молодежи, чтобы проводить актуальную демографическую политику, направленную на демографический рост молодого населения страны.

ЛИТЕРАТУРА

1. Молодежь Казахстана. 2013-2017. Статистический сборник. Астана, 2018. – 174 с.
2. Қазақстан жастары – 2017. Ұлттық баяндамасы. Национальный доклад. Молодежь Казахстана – 2017. Қалиев Т.Б., Қайдарова Ә.С., т.б., Астана, 2017.- 600 с.

МИРЗАХМЕДОВА С.Т. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Мақалада Қазақстан жастарының демографиялық сипаттамалары – жалпы саны, туу деңгейі, өлім-жітім деңгейі, некеге тұру нормасы және ажырасу деңгейі қарастырылады. Демографиялық көрсеткіштерді талдау статистикалық деректерге негізделген. Жастар еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты интеллектуалдық әлеует болып табылады. Сонымен қатар, жастар – демографиялық әлеует, өйткені оның әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларына елдің демографиялық болашағы тәуелді. Жастардың демографиялық сипаттамаларын зерттеу көрсеткендей, оң, теріс сипаттағы өзгерістер үнемі орын алуда. Елдің жас халқының демографиялық өсуіне

бағытталған өзекті демографиялық саясатты жүргізу үшін жастар арасындағы демографиялық үрдістерді үнемі қадағалап отыру қажет.

Кілт сөздер: *демографиялық сипаттамалар, туу, өлім, некеге тұру, ажырасу деңгейі*

MIRZAKHMEDOVA S.T. DEMOGRAPHIC CHARACTERISTICS OF KAZAKHSTAN YOUTH

The article shows the demographic characteristics of the youth of Kazakhstan - the total number, birth rate, death rate, marriage rate and divorce rate. Analysis of demographic indicators are based on statistical data. The youth is an intellectual potential, on the state of which the socio-economic development of the country depends. At the same time, the youth is a demographic potential, since the demographic future of the country depends on its socio-demographic characteristics. The study of the demographic characteristics of young people shows that changes are constantly occurring, both positive and negative. Demographic trends among young people should be constantly monitored in order to pursue actual demographic policies aimed at the demographic growth of the country's young population.

Keywords: *demographic characteristics, fertility, mortality, marriage, divorce*

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ
ТӘРБИЕ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ**

ӘОЖ 37.026.9:373.3

**БАСТАУЫШ СЫНЫП МАТЕМАТИКАСЫН ОҚЫТУДА
ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫН ТҰРҒЫСЫНДА ОЙЛАУЫН ДАМУҒА
ЭТНОПЕДАГОГИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ**

БАЙДЫБЕКОВА Е.И., ТҰРҒЫМБАЙ А.

Мақала бастауыш сынып математикасын оқытуда оқушылардың сын тұрғысында ойлауын дамытуға этнопедагогика элементтерін қолдану мәселесіне арналған. Этнопедагогика элементтері ретінде қазақ халқында жиі қолданылған математикалық ұғымдар мен өлшем бірліктері атауларының шығуы зерттеліп олардың ғылыми түсініктермен сабақтастығы қарастырылған. Оқытылатын тақырып мазмұнына сәйкес сын тұрғысында ойлаудың кейбір стратегияларын қолдану жолдары келтірілген.

Кілім сөздер: бастауыш сынып математикасы, сын тұрғысында ойлау, этнопедагогика элементтері.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту – әлемнің түпкір-түпкірінен жиналған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Выготский Л.С., Пиаже Ж. теорияларының жобасының негізін басшылыққа ала отырып Крутис С., Чарльз Тэмпл, Мередит, Стил, Джинни Л. тәжірибелері жүйеге еніп келді. Барлық жастағы оқушыларға екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, кез-келген мазмұнға сыни тұрғыда қарап, саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету – бұл жобаның басты мақсаты болып табылады.

XX ғасырдың бас кезінде «Сабақ беру дегеніміз – жай ғана үйреншікті шеберлік емес, ол жаңадан жаңа нәрсені табатын өнер болып табылады» деген екен Жүсіпбек Аймауытов. Бұл – ой әлі де маңыздылығын жойған жоқ. Қазіргі таңда мектеп оқушыларының мұғалімнен күтері көп. Сабаққа оқушыларды белсене қатыстыру үшін әр сабақтың барысын жаңа әдісте, жеке формада жүргізу шарт. Бір-бірімен өте тығыз байланысты екі жағдай сабақтың тиімділігіне әсер етеді. Бұл – мұқият дайындалу және шеберлікпен өткізу. Сабақтың дұрыс жоспарланбауынан сапасы да болмайды. Осы орайда оқыту технологияларының берері мол. «Сыни тұрғыдан ойлай білуге үйрету – солардың бірі. Сын тұрғысында ойлау дегеніміз – біреуді не болмаса бір нәрсені сынау емес, шыңдалған ойлаудың түрі» [1].

Бастауыш сыныптарда математиканы оқытуда оқушылардың сын тұрғысында ойлауын дамытуға этнопедагогика элементтерін қолдануды

бағдарламаның барлық тақырыптарында іске асыруға болады. Біз ең негізгі тараулардың кейбір тақырыптарын оқытуда сын тұрғысынан ойлаудың ішкі құрылым ерекшеліктері: қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерін түсініп, сабақтарда жобаның бірнеше стратегияларын этнопеддагогика элементтерімен бірлікте қолдануды көздедік. Айталық, «Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер» тақырыбын мазмұндағанда сын тұрғысында ойлаудың төмендегі стратегиялары қолданылды:

«Инсерт» стратегиясы – ұтымды құрал. Мұнда әңгімені, мәтінді қазақ халқында жиі қолданылатын сандар, олардың мағыналары туралы мағлұмат беру үшін мазмұндау, түсініп оқу қолданылады. Бұл стратегия бұрынғы білім мен жаңаны ұштастырып, жаңа түсінік тудыратын көпір жасатады.

«Галереяда ой шарлау» стратегиясы. Мысалы, қырық жамау, жеті қат көк т.с.с сөздерді суреттеу, яғни балалар осы сөздердің түсінігін қағаз бетіне салады. Орындап болған соң 1 оқушы (спикер) шығып қорғайды.

Осы стратегиялар натурал сандар және 0 саны, бөлшектердің әрбір тақырыбы бойынша қазақ этнопеддагогикасы материалдарының жүйеленген мазмұнымен пайдаланылды. Тақырыптар арасындағы сабақтастықты жүзеге асыра отырып, оқушыларға сандардың нөмірленуін берік меңгерту көзделді. Олар:

-сан үйретуде, санау қабілетін жетілдіруде, әсіресе сандардың ауызша және жазбаша нөмірленуі туралы білімдерін қалыптастыруда санамақтар мен қаламақтарды пайдалану;

-кеңістік туралы түсініктер мен сандық ұғымдарды меңгертуде мақал - мәтелдерді («Көп түкірсе - көл болады», «Жеті атасын білмеген жетесіз», «Жігітке жетпіс өнер де аз», «Жүздің түсін білгенше, бірдің атын біл», «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады», т.с.с.) қолдану арқылы тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыру;

-ақыл-ойды, тапқырлықты дамытудың әдістемелік құралы ретінде сандар және шексіздік ұғымдарын қамтитын жұмбақтарды қолдану;

-сандардың аталуын дұрыс айта білуін қалыптастыруға игі әсерін тигізетін жаңылтпаштарды таңдап алу.

Сонымен бірге қазақ халқында жиі қолданылатын сандар олардың мағыналары туралы мағлұмат берілді. Олар:

Ширек. Қазақ халқы бөлшектерден «ширек» және «жартыны» жиі қолданған. Ширек - бүтіннің 1/4 үлесі. «Ширек» сөзінің түбі – «Сирақ». Сойған малдың етін төрт кісі бөліп алғанда, қазақтар осы күні де «бір-бір сирақ алыпты» дейді. Ширек, сирақ сөздері кездесетін сөздер: Сирағы шыққан кедей. Ширегіне келмейді. Сырдың суы сирағына келмейді. Бүйректен сирақ шығарды. Қара сирақ бала.

Жарты. «Жарты» сөзін кейде, «жарым» деп те атайды. «Жарты (жарым)» сөздері – «жару (екіге бөлу)» сөзінен шыққан: «Екі жарты – бір бүтін», «Жақсы сөз – жарым ырыс». Жарым жас. Көңіл жарым.

Бір. «Бір» санына мағынасы жуық сөздер: сыңар, жалғыз, жеке, жалқы, дара. Сыңар езу. Бір елі ауызға – екі елі қақпақ бола алмады. Жалғыз ағаш орман емес. Жалқы жігіт. Жалғыз қабат. Сиырдың жеке жүрісі – ол жолбарыс ырысы. Жалғыз ауыл. Егіздің сыңарындай. Жалғыз үй. Жеке дара. Жалғыздың жары – құдай. Дара жынысты.

Екі. «Екі» санына мағынасы жақын келетін сөздер: пар, егіз, қос.

Қазақ халқы үш деген санды жиі қолданған. Мысалыға айтатын болсақ: үш жүз (яғни, аймақ): Кіші, Орта, Ұлы; үш жұрт: қайын жұрты, өз жұрты, нағашы жұрты; үш қуат: тіл, жүрек, ақыл; үш ғайып: несібе, қонақ, ажал; үш арсыз: ұйқы, тамақ, күлкі; үш қадірсіз: жақсы жар, денсаулық, жігіттік; үш жамандық: ата-бабадан қалған ескі жұртты бұзу, кісі малын нақақ алу, нақақ қан төгу; үш мұрат: қыз мұраты – кету, дау мұраты – біту, жол мұраты – жету; үш тоқтам: Адам – қазық. Ой – өріс. Ақыл – арқан; үш шырақ: Аяңшыл болсаң, атың шырақ. Ақылды болсаң, әйел шырақ. Әділ болсаң, әкім шырақ; үш тәтті: Жар. Мал. Жан.

Төрт. Төрт кітап: Мұсаның кітабы – Таурат. Исаның кітабы – Інжіл. Дәуіттің кітабы – Зәбір. Мұхаммедтің кітабы – Құран; Дүниенің төрт бұрышы: Шығыс, Батыс, Солтүстік, Оңтүстік.

Бес. Бес дұшпан, бес асыл, бес қару, бес парыз.

Алты. «Алты» сөзі мына сөздерде кездеседі : алты құлаш ақ найза. алты алаш, алты айлық, алты арыс, Алты батпан. алты қарыс, Алты ауыз. Алты қырдан асты. Алты аласы, бес бересі жоқ.

Жеті. Жеті ата. Жеті қазына. Жеті қат көк, т.с.с.

Сегіз. Сегіз кессе, сіркедей қан шығады. Сегіз қиыр шартарабы. Сегіз саққа жүгіртті. Сегіз аяқ. Сегіз көз. Сегіз қырлы, бір сырлы.

Тоғыз. Тоғыз құмалақ, Тоғыз жолдың тоғысқан торабы, Үйірімен тоғыз, т.с.с.

Он. Он сан ноғай. Он шақты. Он саусағындай біледі. Он саусағынан өнер тамған. Ойы онға бөлінді.

Он екі. Он екі мүшесі сау болса. Он екіден бір нұсқасы жоқ. Он екі тұтам. Он екі құлаш. Он екі мүше. Он екі ай.

Қырық саны. Қырық жамау. Қырық күн шілде. Қырық құбылды. Қырықаяқ. Қырықбуын өсімдік. Қырық уәзір. Қырық өтірік.

Қырық жеті. Қалың мал.

Алпыс. «Алты жасар бала атқа мінсе, алпыстағы шал алдынан шығар». «Алпыс қарсақ ат болмас». Алпыс екі тамыр. Алпыс екі айласы.

Жетпіс. Жігіт адамға жетпіс өнер де аз.

Тоқсан. Тоқсан тоғыз, тоқсан баулы, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні.

Мың. Мың адам жүрген жерде жол қалады, жүз адам жүрген жерде – сокпақ қалады, он адам жүрген жерде із қалады, Мың тамыр – өсімдік, Мың жапырақ, Мың сан, Мың да бір дауа, Мың болғыр, Мыңға балады, Мың алғыс. т.с.с. [2].

«Шамалар және өлшем бірліктері» тақырыбын қарастырғанда «Венн диаграммасы» стратегиясын қолдануға болады. «Венн диаграммасы» стратегиясы. Бір-бірімен аяқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін объектілердің сипаттамалары жазылады. Екеуіне де ортақ сипаттарын аяқасқан жеріне тізіп жазылады. Салыстыруға арнайы берілген тапсырмаларын осы диаграммаға сала отырып, балалар қағазға түсіреді, яки салыстыру секілді күрделі ойлаудың операциясын меңгере алады. Мысалы, биіктікті, тереңдікті өлшеу үшін адамның дене мүшелерін немесе қолда бар заттардың ұзындығын пайдаланған. Оқ бойы = 1,0 - 1,5 м - жебе ұзындығы, арқан бойы = 10 – 12м, найза бойы = 3 - 5 м сияқты сөздерді дәл осы стратегияны қолдана отырып салыстыруға, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын жазуға болады.

Құдықтың, судың тереңдігін адам бойымен өлшеген. Үлкен ара қашықтықтарды күндік жер, қоналқамен өлшеген (бір қоналқа жер – бір тәулік жүріп баратын жер). Адамның аяқайлаған даусы естілетін қашықтықты «шақырым» деп белгілеген, 1 км=1 шақырым.

Ел аузында шақырымға байланысты мынадай есеп бар: «Жіңішке иненің, ара қашықтығы - 350 шақырым болатын Қарқаралы мен Семейдің аралығына қаншауын салуға болады?». Осы Есептің шешімін табу үшін ең алдымен, қанша иненің сіріңке қорабының бойына салынатындығы, содан кейін қанша қораптың бір адым бойына салынатыны анықталады, ал 1 шақырымымыз қанша адымға тең екендігі белгілі (1000 адым).

Қазақ халқында қашықтықты көштің өлшемімен де анықтаған: Түйе көш жер, өгіз көш жер, қозы көш жер. 10км қашықтыққа қоныс жаңалап қонуды – Қозы көш жер деп айтады. Жас төлдерді енесінен бөлек баққанда, олар көп жүруге жарамайды, тез үйелейді. Сондықтан қозының аяғы жеткен ең қысқа көш аралығын «қозы көш жер» деп атап кеткен.

Өгіз көш жер ұғымы 15 - 20 км аралыққа көшуді білдіреді. Бұл қашықтық, көшкен елдің негізгі жүк көлігі – өгіз болғандықтан, солай аталған. Тек түйелер ғана күніне 25 - 30 км шақырымға жуық жер жүруге төзгендіктен мұндай аралықты «түйе көш жер» атауымен белгілеген.

Шамалар және өлшем бірліктері тақырыбын қарастырғанда, ұзындық, масса, көлем (сыйымдылық), уақыттың шамаларын ажырату; оларды өлшеу, көлемді өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдап алу,

кубиктермен (1см^3); уақыт өлшем бірлігінің үлесін табу өлшеу қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған тәжірибесінің ұрпақтан ұрпаққа үзіліссіз, өңделіп, қайта қаралып жетуі нәтижесінде шамаларды өлшеудің өзіндік халықтық жүйесі қалыптасқанын, оның бұқара халық үшін тиімді болғанын атау маңызды. Сондай-ақ қазақ халқының ұзындықты, салмақты, көлемді, ауданды өлшеу жүйесіне берген сипаттамасын білу жөн. Мәселен, күнделікті тұрмыста жиі қолданатын ұзындық өлшемдері:

- 1) елі = 2.5 см
- 2) сері = 10 - 12 см (аздап ажыратылған төрт саусақ ені)
- 3) тұтам = 8 - 10 см (жұдырық ені)
- 4) сынық сүйем = 13 - 15 см (бүгілген сұқ саусақ пен басбармақ аралығындағы қашықтық)
- 5) 17 - 20 см = сүйем (сұқ саусақ пен көсілген бас бармақ арасындағы қашықтық)
- 6) 20 - 22 см= қарыс (ортаншы саусақ пен көсілген бас бармақ арасындағы қашықтық)
- 7) 70 - 75 см = кез (саусақтардың ұшынан басталғандағы иыққа дейінгі аралық)
- 7 - 9 тұтам=1 кез

Ауданды өлшеу үшін «шаршы», «танап», өлшем бірліктері пайдаланылса, көлемнің үш түрлі өлшем бірлігі қолданылған:

1. Қатты денелердің көлемін тұрмыста жиі кездесетін заттардың көлемімен («жұдырықтай», «үйдей», «ат басындай») салыстыру арқылы көз мөлшерімен анықтаған. Ал «текше» деген сөз халық ұғымында сандық пішініне келтіріліп, бүктелген кілем, көрпе, т.б. үй жабдықтарының көлемін білдірген.

2. Ыдыстың сыйымдылығымен сұйық дене (су, сүт, қымыз,) көлемін өлшеген, кеңінен тараған негізгі өлшем бірліктері: қасық = 50; ожау = 0,5л; тостаған = 0,5л; аяқ = 1л; шара = 1,5 - 2 л; тегене = 8 - 10 л; торсық = 8 - 10 л (ешкі терісінен тігілген ыдыстың түрі); 15 - 16 л= көнек (былғарыдан тігілген, бие сауғанда пайдаланылатын ыдыс); 180 - 200 л = саба (жылқының терісінен тігілген ыдыс).

3. Сусымалы денелерді өлшеу бірліктері: батпан = 300-450 кг = 3 тағар. тағар =100 - 130 кг =6 - 8 пұт; қап = 54 - 65 кг = 4 пұт; қоржын = 40 кг; қалта; уыс;

4. Салмақтың өлшемдері: қадақ = 400 г; пұт = 16 кг; Асыл тастарды, ұсақ заттарды өлшеуде «мысқал» деген өлшемді қолданған: 96 мысқал =1 қадақ =1 түгерек. 100 арпа дәні салмағы =1 мысқал; 50 г = 12 мысқал ;

Уақыт өлшеуіштерін оқыту әдістемесін қарастырған кезде, қазақша жыл санау дәстүрі (12 жылдың хайуанаттар атауымен белгілі бір ретке ие

болуы, «мүшел», т.б.) қазақ халқының күнтізбегі, аспан денелерімен уақытты, жыл мезгілдерін анықтаудағы тәжірибе туралы мағлұмат беріледі. Хайуанат атауы бойынша адамның туған жылы белгілі болған кезде оның жасын табуға немесе керісінше жасы белгілі болған кезде туған жылын анықтауға арналған есептер қазақ халқында бар. Мәселен, А. деген азаматша тышқан жылы туылып, 2 мүшел өмір сүрген. Қазір ұлу жылы болса, адам жасының мүшелге бөліну шкаласын (1 - мүшел - 13 жас, 2 - мүшел - 25 жас, 3 - мүшел - 37 жас, т.с.с.) және жылдың атауларын ретімен (тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз) білу оның жасы нешеде деген есепті шығару үшін талап етіледі. Тышқан мен ұлу жылының аралығы – 3 жас, сонда екі мүшел жасаса – 25 жас болады, ендеше Қ. деген азаматшамыздың жасы – 28 - де. Бұл есепке кері есеп мынадай түрде болып келеді: 1972 жылы А. деген азаматша туған. Оның туған жылын қазақ күнтізбегі бойынша табу керек. Ол үшін 9 санын туған жылының сандық мәніне қосады, яғни $1972 + 9 = 1981$. Шыққан қосындыны 12 - ге бөледі: $1981 : 12 = 165$ (1 қалдық). Жылдың атауын қалған қалдық бойынша табады, 1 қалдық шықты, ендеше жылдардың орналасу ретіне сәйкес А. деген азаматша 1 - ші тұрған тышқан жылы туған. Егер де қалдықсыз бөлінсе, ол доңыз жылы туылғандығын білдіреді.

Қазақша ай аттарының мағынасына кеңірек тоқталып өткен жөн.

Наурыз айынан жылдың басы басталып, күн мен түн наурызда теңеледі. Көкек құсының ұшып келуіне байланысты «Көкек» айының атауы көктемде шыққан. «Мамыр» сөзі молшылықты, кеңшілікті білдіреді. Шындығында, мал жайылымға шығады, қыстың бораны мен ызғарынан кейінгі мамыр айында жер аяғы кеңіп, малшылар жайлауға көшеді. «Қыркүйек» атауы «қырғи» және «күйек» деген екі сөзден туындайды. Қырғи – жыртқыш құс, ұсақ құстардың жауы болып табылады. Қырғи жылы жаққа осы айда қоныс аударады. «Күйек» – саулық қойға кигізетін жүн. Қатты жел соғып, «Қазан» айында күн суытады, соған сәйкес «қазанның қара дауылындай» деген мәтел ел аузында бар. Көшпелі халық үшін қыс ұзаққа созылған. 22 желтоқсанды «күн тоқырау» деп атаған. Осыдан кейін күн біртіндеп ұзара бастайды. Табиғаттың бүкіл құбылысына халқымыз «Ақпанда ат адымындай, қаңтарда қарға адымындай, желтоқсанда күн торғай адымындай, ұзарады» деген мақалды қолданғандығы бар.

Қазақтар аспан денелерінің орналасуы мен қозғалысына уақытты есептеуде сүйенген. Мысалы, жол бағдарлау қызметін темірқазық жұлдызы атқарған. Мойынқұм мен Бетпақдаланы шарлағанда үнемі осы жұлдыз арқылы бағдар жасап отырған. «Жеті қарақшы» қазақтар үшін сағаттың орнына пайдаланылып, оның қозғалысы сағат тілінің қозғалысымен сәйкестендірілген.

Жыл мезгілдерін анықтауда «Үркер» жұлдызы ерекше орын алған. Үркердің көкжиекке жақын көрінуі көктемнің белгісі екендігін халық: «Жаз шықпағанда не қалды, жатқанша Үркер жамбасқа келсе», «Жер Үркер жерге түспей сызбайды» – деу арқылы білдірген. Ата-бабаларымыз жаз айларында «Үркер жерге түсті», ал күз айларында «Үркер төбеге келіп қалыпты», ал қыс айларында «Үркер төбеге келіпті қыс ортасы болды» – деп, аспан денелер мен табиғат құбылыстары арасындағы сәйкестікті тереңінен болжаған.

Қазақ халқының шамаларды өлшеу жүйесі тарихи-математикалық мағлұмат ретінде пайдалану оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, пәнге деген қызығушылығын арттырады[3].

«Есептер және математикалық модель» тақырыбын қарастырғанда «Ой қозғау» стратегиясын қолдануға болады Ол үшін:

1. Берілген тақырып бойынша оқушы өзі білетін мәліметтерін 1 параққа тізбектеп жазады;
2. Серіктесімен ой бөліседі;
3. Өздері білетіндерін ортаға салады.

Демек бұл «Есептер және математикалық модель» тақырыбында есепті сызба, сурет, қысқаша жазба түрінде модельдеп, берілген есептерді арифметикалық және алгебралық әдіспен шешуді қазақ халқының ауызша есептерімен жұмыс істеу әдістемесімен ұштастыруға болады. Ең алдымен, бастауыш мектептің математика оқулықтарында кездесетін ұлттық мазмұндағы есептерді талдап, олардың шығару жолдарын көрсету керек. Мәселен, 1 - сынып математика оқулығындағы «Дастархан басында екі әке және екі бала отыр. Олар 3 алманы тең бөліп жеді. Әр адам неше алма жеді?» – есебін шығару туысқандық қарым-қатынасқа тіреледі, сондықтан атасы, оның баласы және немересі жайында әңгіме қозғау қажеттілігі туындайды. Осы ата, бала, немере жайлы ақпараттарды балаға ой қозғау стратегиясымен түсіндіруге болады

3-сынып оқулығындағы [4] «Мал басы қанша?» есебін оқиық: Баласын есепке үйреткісі келген әкесі: «Алдағы жеті жылда қойларымыз – бес есе, сиырымыз – төрт, жылқымыз – үш, түйеміз – екі есе көбейетін болса, сонда бәрін қосқандағы сенің қазіргі жасыңнан олардың саны екі есе көп болады екен – дейді. Бұл үйдің қойының, сиырының, жылқысының, түйесінің саны қанша, егер баласы 7 жаста болса».

Есептің мазмұнын талдау барысында төрт түлік малдың пайдасы, оларды қастерлеу дәстүрі туралы оқушыларға тәрбие беру қажеттілігі айтылады.

Есепті талдауға ұсынылатын сұрақтар:

- Баласы неше жаста? (7)

- Түйе – 2, жылқы – 3, сиыр – 4, қой – 5 есе көбейгенде баланың қазіргі жасынан екі есе көп болады, яғни қанша? ($7 \times 2 = 14$).

Есеп таңдап алу тәсілімен шығарылады, яғни оқушыларға егер түйенің санын 2 деп алсақ, ол екі есе көбейгенде, 4 болып шығатынын, 10 қалатынын, бұл басқа малдардың санына сәйкес келмейтіндігін айту керек, сонда егер 7 жылдан кейін бұл үйде 2 түйе, 3 жылқы, 4 сиыр, 5 қой, барлығы 14 болса, онда әрқайсысының саны біреуден болғаны анықталады.

Оқулықтағы есептерді талдағаннан кейін, бастауыш сынып оқушыларына математиканы оқытудың бағдарламалық талаптарына сай келетін қазақтың байырғы есептерімен («Тоғыз тораудағы кездесу», «Сабантойда», «Мал айырбастау», «Зергердің бөлісі», «Құтты қызықтар», т.б.) жұмыс істеу әдістемесін, олардың білімділік, тәрбиелік, танымдық және дамытушылық функцияларын ашып көрсету көзделеді. Сонымен бірге математика оқулықтарында берілген мазмұнында қазақ халық шығармашылығымен байланысты сөздері бар есептермен жұмыс істеу әдістемесіне ерекше тоқталған жөн. Мысал ретінде мынадай жай есептерге тоқталайық:

1. Қаныш 5 ертегі, ал Олжас одан 3 ертегі артық оқыды. Олжас неше ертегі оқыды?

2. Наурыз мерекесіне Абай ауылы 4 киіз үй, ал Жамбыл ауылы 5 киіз үй тікті. Барлығы неше киіз үй тігілді?

Осы жай есептермен жұмыс істеу барысында ертегі, киіз үй сөздеріне мән беріп, өзіндік ерекшеліктерін ашып көрсету қажет, өйткені мұндай деректер оқушылардың халық шығармашылығы саласынан білім қорын молайтады. Есептердің дұрыс шешуін табуда, ең алдымен оқушыларды есептің мазмұнымен таныстырып, ондағы сөздердің мәнін түсіндірген жөн. Бұл оқушыларға есептің шешімін тез арада табуға көмектеседі, әрі ұлттық мұраларға аялы көзқарасын қалыптастырады. Бұл тұрғыда «Ой қозғау» стратегиясын қолдануға әбден болады.

«Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу» тақырыбын қарастырғанда, қарапайым жазық геометриялық фигураларды (үшбұрыш, төртбұрыш) нүктелі қағазда кескіндеу; геометриялық фигуралардың орны, симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды сызу қазақ халқының қолөнері тек ою-өрнек, әшекей бұйымдар мен әсем заттар ғана емес, олар математикалық білімнің, есептің, бұрыштар өлшемдерінің, геометриялық сызбаның, т.с.с. көрінісі екендігіне тоқталу қажет. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларына геометриялық материалдарды меңгертуде сәндік қолданбалы өнер туындыларын пайдаланудың мүмкіндіктерін баса көрсеткен жөн:

Әрбір бұйымдардан (текемет, сырмақ т.б.) геометриялық фигураларды бөліп көрсету; геометриялық ою-өрнектерде геометриялық фигуралардың көрініс табуын түсіндіру; бұйымдардағы геометриялық фигураларды өлшеу, салу және салыстыру; әрбір бұйымдарда геометриялық фигуралардың орналасу тәртібін ашып көрсету.

Геометриялық материалды оқытуда сәндік-қолданбалы өнер түрлерін көрнекі құрал ретінде пайдалану да тиімді. Олар оқушылардың математика саласынан теориялық білімін жетілдіруге, эстетикалық талғамын қалыптастыруға, адамгершілік қасиеттерін дамытуға, өз халқының өнегелі дәстүрлерін танып-білуге септігін тигізеді [5].

«Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу» тақырыбында кубизм стратегиясын қолданудың орны ерекше. Себебі, әрбір бұйымдардан (текемет, сырмақ т.б.) геометриялық фигураларды бөліп көрсету; геометриялық ою-өрнектерде геометриялық фигуралардың көрініс табуын түсіндіру; бұйымдардағы геометриялық фигураларды өлшеу, салу және салыстыру; әрбір бұйымдарда геометриялық фигуралардың орналасу тәртібін ашып көрсету дәл осы стратегияны қолдана отырып толық ашылады.

«Кубизм» стратегиясы

1. Суреттеу – түрі, түсі, формасы, көлемі, портреті.
2. Салыстыру – ұқсастығы, ерекшелігі, немен айналысуға болатындығы.
3. Талдау – қалай істелінген, неден жасалған, ненің нәтижесінде, зерттеу, не болуы мүмкін.
4. Таңдау – не туралы ойлануға жетелейді, талқылау немесе қарсы пікір айту.
5. Қолдану – бұдан не істеуге болады, қолданысы, қалай, қайда қолдануға болады.
6. Бағалау – оймен байланыстыру, жақсы-жаман жағы, мүмкін болатын жағдайлары, бірнеше себептері, келісу не қарсы шығу.

Сонымен оларға сеніммен қарау, қарсы көзқарыстармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, салыстыра алу, оларды басқа ойларға қарсы қоя білу, оның неге қатысты екенін зерттеу, белгілі бір идеяларды қабылдай отыру «сын тұрғысынан ойлау» ұғымы болып табылады. Сын тұрғысынан ойлауды жоғары сынып оқушыларына, тек ересек адамдарға ғана тән деп ойлау аса дұрыс түсінік емес. Бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда, белгілі бір жетістіктерге жетіп, жас балалардың да өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалары сөзсіз. Сын тұрғысынан ойлау жобасының әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздылыққа баулиды. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыстарды жасауға жолын ашады. Ал бастауыш сынып

математикасын оқытуда сыни тұрғыда ойлауын дамытуға этнопедагогика элементтерін қолдану оның бір тармағы ғана.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазанбаева Н.Т., «Жүсіпбек Аймауытов шығармаларын орта мектепте оқыту мәселелері» Автореферат. Алматы, 2010.
2. Әбілқасымов А.Е., Ұзақбаева С.А., Сарбасова Қ.А. Қазақ этнопедагогикасы материалдарын математиканы оқыту әдістемесінде пайдалану. Әдістемелік нұсқаулар. – Алматы: ИПК «Алатау» баспасы. –1998. –39б
3. Елубаев С. Қазақтың байырғы қара есептері. – Алматы : Қазақстан, 1996. – 144 б.
4. Математика: Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық/Т.Қ.Оспанов, т.б. – Алматы Атамұра, 2000. –224 б.
5. Сарбасова Қ.А. Бастауыш сыныптарда математикадан сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру : Оқу-әдістемелік құрал. Қарағанды : ҚарМУ баспасы, 2002. –82 б.

БАЙДЫБЕКОВА Е.И., ТУРГУМБАЙ А. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЭЛЕМЕНТОВ ЭТНОПЕДАГОГИКИ В РАЗВИТИИ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ДЕТЕЙ ПРИ ИЗУЧЕНИИ МАТЕМАТИКИ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ.

Статья посвящена проблеме использования элементов этнопедагогики в развитии критического мышления детей при изучении математики в начальной школе. Рассматриваются народные математические термины, названия единиц измерения величин, которые наиболее часто использовались казахами в быту. Изучается соответствие научных понятий их происхождению. Описаны некоторые способы применения отдельных стратегий критического мышления относительно содержания изучаемого материала.

Ключевые слова: математика начальных классов, критическое мышление, элементы этнопедагогики.

BAIDYBEKOVA E.I., TURGUMBAY A. USE ELEMENT ETHNIC PEDAGOGICAL In DEVELOPMENT of the CRITICAL THINKING of the PUPIL AT STUDY MATHEMATICIANS INITIAL CLASSES

The Article is dedicated to problem of the use element ethnic pedagogical in development of the critical thinking of the pupil at study mathematicians initial classes. They Are Considered public mathematical terms, names of the units of the measurement of the values, which most were often used kazakh in everyday life. It Is Studied correspondence to scientific notion to their origin. Some way of the using separate strategy critical thinking are Brought for contentses of the under study material.

Keywords: mathematics of the initial classes, critical thinking, elements ethnic pedagogical

ӘОЖ 372.8:91

ЖОБАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ БІЛІМ АЛУДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ

МЕЛДЕНОВА М.Ж.

Мақалада Қазақстандық білім кеңістігінде өзекті болып отырған оқушылардың жаратылыстану-математикалық функционалды сауаттылығын жобалау тапсырмаларын пайдалана отырып қалыптастыратын тапсырмаларды география сабағында қалай құрастыруға болатындығы жайлы баяндалады. Өз тәжірибесінде табысты және тиімді қолданып жүрген құзырлы тапсырмалар ұсынылады.

Сабақ мақсатының толық орындалуын қамтамасыз ететін жоба тапсырмаларының алгоритмін құрастырып, табыс критерийіне оқушымен бірлесіп жетуге мүмкіндік беретін, қолайлы ортаны қалыптастыру жолдары қарастырылған. Жоба жұмысын орындағанда сыни ойлау дағдылары қолданылған. Жобалық тапсырмалар жеке тұлғаның бойында – дұрыс болжам жасай білу; әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру және талдау жасай білу; интерпретация жасауға қажетті ең құнды дәлелдерді анықтап, қорғауға ұсына алу; құнды аргументтерді бағалап, өз бетінше қорытынды жасау; өз проблемаларын шешуде алынған білімді пайдалана алу – дағдыларын дамытады.

Кілт сөздер: функционалды сауаттылық, жобалау тапсырмалары, құзырлы тапсырмалар, табыс критерийі, сыни ойлау дағдылары, интерпретация жасау, құнды аргументтерді бағалау.

Кіріспе

Менің педагогикалық идеям

«Баланы өз еркінен тыс
мәжбүрлеп оқытуға қарағанда,
қызығушылығын оята отырып, білім
алуға бағыттау әлдеқайда лайықты
міндет».

К.Д.Ушинский

Менің тәжірибемдегі негізгі педагогикалық идея география пәні сабақтарында оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, белсенділіктерін және табысты білім алуларын ескере отырып білім алуға бағытталған, яғни «Өзара әрекеттестікте білім алудағы – жобалау тапсырмаларының тиімділігі» тақырыбына арналады.

25-жылға жуық педагогикалық қызметімде сапалы білім беру үшін табысты оқыту кілті негізгі идеяны үздіксіз іздеумен келемін. Өйткені менің

оқушыларымның пәнге деген сұранысын қанағаттандыруда, сабақты қызықты және нәтижелі өткізуде креативті идеялардың тиімділігі жоғары деп ойлаймын. Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандарттарын енгізу және қазіргі заманғы білім беру жүйесін одан әрі дамыту әр баланың мектепте жоғары деңгейдегі сапалы білім алуын талап етеді. Еліміздің қазіргі заманғы халықаралық білім стандарттарына бет бұруы білім мазмұнын түбегейлі жаңғыртуды қажет етіп отырғандығы баршамызға аян. Кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатқан білім жүйесіндегі бағдарламалар білім беру мақсатын өзгертумен қатар оқыту әдістерін де түбірімен жаңартты. Оқыту мен оқу үдерісінде маңызды басымдыққа ие болып отырған жаңартылған бағдарламаларға сай білім мен дағдыны тең дәрежеде меңгерту «табысты оқытуға» басымдық беретін ұстаздардың басты міндетіне айналып отыр. Бүгінгі күні білім беруде кіріктірілген сабақтар – жалпы пәнаралық интеграцияның, жоба жұмыстарының өзектілігі анықталып отыр. Бұл дегеніміз іс-әрекеттік дағдылар арқылы білім алудың маңыздылығының айқын дәлелі. Төмендегі 1-суретте берілген Бефельдің «Оқу пирамидасына» назар аударатын болсақ оқушылардың алынған ақпаратты есте сақтауының – 75% тәжірибелік жұмыстармен, яғни өзара әрекеттестік талқылаулар арқылы келетіндігі дәлелденген. Осы зерттеулерді негізге ала отырып, әрбір мұғалім зерттеуші-практик ретінде сабақты жоспарлау барысында жобалық тапсырмаларды ұйымдастыруға басымдық беруі тиіс.

1-сурет: Оқу пирамидасы



• **Тәжірибенің жаңашылдығы** Қазіргі Қазақстандық білім кеңістігінде өзекті болып отырған технологиялар мен оқыту әдістерін тәжірибеге енгізу. География пәні сабақтарын жоспарлағанда пәннің жүйесі мен ерекшеліктеріне қарай бейімдеп жетілдіру. Жобалау технологиясын қолдана отырып оқушылардың зерттеушілік құзыретін дамытуға жағдай жасау. Өзара әрекеттестік жағдайында оқушылардың креативті идеяларын негізге алып өздігінен білім алу үдерісін жақсарту. Сабақ мақсатының толық орындалуын қамтамасыз ететін жоба тапсырмаларының алгоритмін құрастырып, табыс критерііне бірлесіп жетуге мүмкіндік беретін, қолайлы ортаны қалыптастыру қажет деп ойлаймын. Жоба жұмысын орындағанда сыни ойлау дағдыларын айналып өте алмаймыз: Жобалық тапсырмалар жеке тұлғаның бойында -

- Дұрыс болжам жасай білу;
- Әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру және талдау жасай білу;
- Интерпретация жасауға қажетті ең құнды дәлелдерді анықтап, қорғауға ұсына алу;
- Құнды аргументтерді бағалап, өз бетінше қорытынды жасау;
- Өз проблемаларын шешуде алынған білімді пайдалана алу – дағдыларын дамытады [1].

Жоба жұмысын орындаудың маңыздылығы. Ғылыми жаратылыстану пәндері сабақтарында жобалық тапсырмаларды қолдану бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастырудың құралдарының бірі болып саналады. Жоба – пәнаралық және шығармашылықпен кіріктірілген бағдарлы жұмыс түрі. Қазіргі кезде мектеп тәжірибесінде қолданылып жүрген жобалау әдісі пәндік білімнің мақсат, міндеттеріне сәйкес табиғаттың, қоршаған ортаның, өмірдің заңдылықтарын зерделеуде мәселені өзінше жоба ретінде жоспарлап шешімін табу жолдарын іздестіреді. Бұл әдістің оқу үдерісі барысындағы ерекшелігі оқушының өз жобасын құрып, шығармашылықпен айналысуында. Жобалау әдісі ең алғаш ХХ ғасырдың басында АҚШ-ының ауылшаруашылық мектептерінде жүзеге асырыла бастаған. Бұл әдістің негізі американдық ғалымдар Д. Дьюи, У. Килпатрик, Э. Торндайк идеяларынан алынған. Кейіннен әлемнің түрлі елдерінде кеңінен танымал болып, қолданысқа ие болды. Жобалау – «project» деген латын сөзі. Бұл сөз «жоспарлау, дайындау, әзірлеу» сияқты мағынаны немесе жоспардың жүзеге асырылуын білдіреді. «Жоба» ұғымы педагогика саласында ғана емес экономика, басқару, зерттеу салаларында да кеңінен қолданылатыны белгілі. Мысалы: құрылыс жобасы, зерттеу жобасы, оқыту жобасы т.б. [2]. Жоба дегеніміз – осы уақытта жоқ бірақ құрастырылуы, жасалуы тиіс заттың, мазмұнның нақты болжамы, сонымен қатар ол жағдайды немесе мазмұнды міндетті түрде қажетті бағытқа қарай өзгертеді. Жоба – оңтайлы тәсілдердің

көмегімен алдын-ала жоспарланған нәтижеге жетуге, нақты проблеманы шешуге бағытталған жұмыс. Жобаның құрылымына жоба нәтижесіне жетудің тәсілі ретінде баяндамалар, рефераттар, зерттеушілік және оқушылардың басқа да өздік шығармашылық жұмыстарының элементтері кіруі мүмкін. Жобалық жұмыс – нәтижесі алдын-ала белгісіз шығармашылық, зерттеушілік мәселелерді шешумен тығыз байланысты жұмыс. Сабақ барысында және сабақтан тыс орындалатын жобалық жұмыстар оқушылардың өз беттерінше ізденулері арқылы зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын, ойлаудың зерттеушілік түрін меңгерулеріне, сонымен қатар оқу барысында белсенділік ұстанымдарын қалыптастыруға, функционалдық сауаттылықтарын дамытуға жағдай жасайды. Жоба әдісі дегеніміз – оқytудың жүйесі немесе технология. Бұл технологияны қолдану барысында мұғалім өз жұмысын нақты жоспарлайды, негізінен практикалық білім беретін жобалық тапсырмалар құрастырады және оларды біртіндеп қиындатып отырады. Оқушылар мұғалімнің басшылығымен және өздігінен іздену арқылы практикалық білім мен білікті меңгереді. Педагогикалық жобалау – бұл педагогикалық іс-әрекетті өзгерту бойынша құндылыққа бағытталған, жан-жақты дәлелденген, талаптарға сай ұйымдастырылған, нақты мақсатты көздейтін кәсіби қызмет. Ғылыми-жаратылыстану циклы пәндері сабақтарында жобалық тапсырмаларды пайдаланудың мақсаты – оқушылардың оқудағы белсенділіктерін арттыру, оқу-танымдық білік және дағдыларын қалыптасуына көмектесу, оқу еңбегінің тиімді білік және дағдыларын меңгеру, сұрақтар мен тапсырмаларды орындау, табиғи нысандарды бақылау мен тәжірибелер жүргізу барысында өздерін үнемі шыңдау арқылы, беттерінше жаңа білім алады, пәндер бойынша жобалық тапсырмаларды орындауға арналған әдебиеттерді зерделеу барысында білімдерін толықтырады және тереңдетеді. Оқушыларды жобалық және зерттеу әрекетіне үйрету барысында қойылатын міндеттер төмендегідей болуы мүмкін: – оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамыту; – шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту; – проблема қою және оны шешудің тәсілдері мен жолдарын табу біліктері мен дағдыларын дамыту; – оқуға және өздігінен ізденуге ынталандыруға жағдай жасау; – білім алушылардың өз әрекеттеріне, қабылдаған шешімдеріне жеке (тұлғалық) жауапкершілік сезімін, өзін-өзі бағалаудың негізін қалау; – тұлғаның бойында коммуникативтік дағдылар қалыптастыру және дамыту; – білімді күнделікті өмірде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру, яғни функционалдық сауаттылықтарын дамыту. Жобалау әдісі оқушыларға тақырып таңдауда, мәліметтердің дереккөздерін жинауда, презентация және қорытынды жасауда өз бетінше жұмыс істеуге жағдай жасайды. Жобалық

жұмысты орындау барысында оқушының бойында өз бетінше жұмыс істеуге қажетті төмендегідей біліктер қалыптасады:

- өзінің қабілеті мен қызығушылығына қарай тақырыпты еркін таңдай алады; --таңдаған тақырыбына байланысты мақсат-міндеттер қояды;
- мақсат-міндеттеріне қарай жұмыс жоспарын құрастырады;
- алдына қойған мақсатты жүзеге асыру жолдарын іздестіреді;
- тақырыпқа қатысты мәліметтерді жинақтауға, жүйелеуге үйренеді;
- мақсатқа жетуге қатысты орындалатын жұмыстардың әдістерін талдау, салыстыру арқылы, тиімді тәсілді таңдай алады;
- өз ойын, көзқарасын жүйелі, дұрыс және дәлелді жеткізуге дағдыланады;

-өзгелерді тыңдауға үйренеді, олардың айтқандарын ой елегінен өткізіп, сұрақ қоюға, қажет болған жағдайда өз сұрағына жауап беруге және жауабын дәлелдеуге, өз шешімінің дұрыстығына тыңдаушылардың көзін жеткізуге дағдыланады.

Соңғы жылдары отандық білім беру тәжірибесінде болып жатқан өзгерістер мектеп қызметінің бір де бір жағын өзгеріссіз қалдырмады.

XX ғасырдың соңында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін белсенді оқу әдістері мен тәсілдерінің дамуымен байланысты Джон Дьюи идеяларына қызығушылық артты. Ол «сын тұрғысынан ойлауды» дамытудың қажеттілігіне назар аудара отырып, оқу материалын белсенді және саналы түрде меңгертуге бағытталған сын тұрғысынан ойлауды қалыптастырудың қағидаттары мен әдістемесін әзірлеп ұсынды:

- көп мәнділікті меңгеру, яғни теориялар мен түсініктердің мән-мағынасын сөздердің, суреттердің және математикалық мәндердің көмегімен жеткізе білу;

- ақпаратты ықшамдай және жалпылап қорыта білу, өз бетінше тиімді және үнемді құрылымдарды, тұжырымдамалық карталар мен схемаларды құруға қабілеттілік;

- нақты, деректіден алшақтап, дерексіз, абстрактылы ойлай білу;

- кез келген құбылыстың негізгі, басты қағидаттарын анықтап, таба білу.

Дьюи идеясын іске асыру тәсілдерінің бірі «жобалау әдісі» бойынша оқыту болды. Қазіргі заманғы педагогикада жобалау әдісі заманауи білім беру жүйесінің компоненттерінің бірі ретінде қолданылуда. Дәстүрлі және инновациялық оқыту әдістерінің тиімді арақатынасы оқушының танымдық және эмоционалдық тұрғыдан дамуына оң ықпал етеді.

Жобалау әдісі пәнаралық және шығармашылықпен кіріктірілген бағдарлы жұмыс түрі болып табылады. Бұл әдіс оқушылардың қандай да бір

мәселені өздігінен зерделеп, зерттеу нәтижесін көпшілікке таныстырып жариялаудан тұратын оқу-танымдық іс-әрекеттерінің жиынтығын қамтиды. Жоба жұмысы барысында оқушылардың коммуникативтік, күрделі мәселелерді шешу жолындағы ізденістік және өз іс-әрекетіне рефлексия жасай білу қабілеттері дами түседі. Сонымен қатар, жоба жұмыстары пәнаралық байланысты нығайтып, екі немесе одан да көп сабақтар бойынша кіріктірілген сабақтар ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Жобалау әдісін қолдану сабақта мұғалім қызметінің өзгеруіне әкеледі: мұғалім дайын білімді берушіден өз оқушыларының ізденістік, зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы танымдық әрекеттерін ұйымдастырушыға айналады. Сабақ барысында немесе сабақтан тыс орындалатын жоба жұмыстарын орындау барысында оқушылардың зерттеушілік дағдылары жетіліп, ішкі уәжі арта түседі. Оқушылар білімді өздігінен ізденіп, оларды талдап, дамыту арқылы қорытынды жасап, жаңа нәтиже алуды және оны жариялауды жүзеге асырады. Жоба әдісі оқушылардың өз бетінше ізденуіне бағытталған; жоба жұмысын оқушылар белгіленген уақыт аралығында жеке, жұппен немесе топпен орындауы мүмкін, сондықтан ол бірлескен оқу тәсілімен толық үндестік табады. Жоба жұмысын орындау әдісі оқушылардың зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерінің артуына мүмкіндік береді. Осылайша, жоба технологияларын қолдану пән бойынша оқу сапасының көтерілуіне әсерін тигізіп қана қоймай, пәнаралық байланысты да орнатады және пәнді оқыту тиімділігін жоғарылатады[3].

Ғылыми-жаратылыстану пәндерінің бірі болып табылатын *география* этнография, биология, экология, тарих, медицина, экономика, саясат, астрономия сияқты көптеген ғылымдарды бір-бірімен тығыз байланыстыратын көпқырлы ғылым саласы болып табылады. Сондықтан «География» пәні бойынша жоба жұмысы тапсырмаларының ауқымы аса кең болып табылады. Пән бойынша жоба жұмыстарының түрлерін адам қызметінің саласына байланысты бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады (1-кесте).

1-кесте – Адам қызметінің саласына байланысты

«География» пәні бойынша жобалық жұмыстардың түрлері

| Адам қызметінің саласы | «География» пәні бойынша жобалық жұмыстар | Жоба жұмысы атауларының үлгілері |
|------------------------|---|----------------------------------|
|------------------------|---|----------------------------------|

| | | |
|-------------------------------|--|--|
| Ғылыми-танымдық | Географиялық проблемаларды зерделеу, географияның тарихи-мәдени, әлеуметтік, экологиялық аспектілері | Аймақтың экологиялық проблемалары Аймақта өмір сүретін ұлттардың салт-дәстүрлері Аймақ көлемінде көліктің даму тарихы Аймақтың әлеуметтік жағдайы Қазақстанның қай аймағында |
| Коммуникативтік | Компьютердің көмегімен ақпарат беру, байланыс жасау проблемаларын шешуге бағытталған оқушылардың коммуникативтік қажеттіліктерін қамтиды және өзін-өзі танытуына жағдай жасайтын тұлғалық- коммуникативтік | Қазақстанда болуы мүмкін мегалополистерді жобалау Елді мекендер арасын жалғастыратын көліктік магистральдарды жобалау «Болашақтың қаласы» жобасы • География сабақтарында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы презентация әзірлеу |
| Тәжірибелік - қайта құрушылық | Картографиялық модельдер, Графикалық сызбанұсқалар құрастыру, бақылаулар, жергілікті жерде эксперименттік өлшеу жұмыстарын жүргізу | Жергілікті жерді көз мөлшерімен кескіндеу Полярлық кескіндеу Төбенің биіктігін өлшеу және жергілікті жердің горизонтальдарын құрастыру (төбенің) Жергілікті жердің планы (мектеп орналасқан жердің) Табиғат кешендері – |
| Құндылықты-бағдарлы | Өркениетті, өмірді сақтаумен байланысты рухани-адамгершілік, адамзаттың маңызды құндылықтары мәселелерін қамтитын жобалар жасау | Жер – біздің ортақ үйіміз Табиғат және біз Ғаламдық экологиялық проблемаларды зерделеудің адамгершілік аспектілері Дүниежүзіндегі және еліміздегі мәдени мұра |

| | | |
|---------------------------------|---|--|
| <p>Көркемөнер - эстетикалық</p> | <p>География мәселелерін қамтитын табиғи, қоғамдық, тарихи және мәдени үдерістер мен құбылыстарды оқу барысында туындайтын пікірлерді, қызығушылықтарды, сезімдерді, табиғаттың ерекшеліктерін ашатын жобалар жасау</p> | <p>Туристік жобалар: «Менің кіші Отаным», «Менің туған өлкем», «Туған өлке табиғатының алуан түрлілігі» т.б. Экскурсиялық жобалар: «Еуропа және Азия елдерінің астаналарына саяхат». «Туған өлкенің ғажайып жерлерін сипаттауға арналған саяхаттар».</p> |
|---------------------------------|---|--|

Тапсырма. Ғылыми-танымдық сала бойынша «География» пәні сабағында «Қазақстанның табиғи аумақтық кешендері» тақырыбында жобалық тапсырмаларды қолдану

Міндеттері:

1. Әртүрлі ақпарат көздерінің көмегімен өз бетінше білім алу.
2. Шағын топтарда жұмыс істеу (ақпарат іздеушілер, суретшілер, бағдарлама құрушылар, бейнелеушілер т.б.) оқытудың тұлғаға бағытталған және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру тәсілдерін қолдану.

3. Мектептің жоғары сыныптарындағы ҰБТ-ге және негізгі орта мектептегі «География» пәні сабақтарында қолдануға болатын «Табиғи-аумақтық кешендер және оларға кіретін географиялық нысандар» макет-жобасын әзірлеу.

Типтік оқу бағдарламасында «Табиғи-аумақтық кешендер» тақырыбы өте қызықты тақырып, аталған тақырып бойынша әртүрлі ақпарат көздерінде материал көп, алайда берілген уақытта толық зерделеп шығу мүмкін емес. Осындай жағдайда жоба жұмысын орындау арқылы аталған тақырыпты толық және қызықты формада оқып шығуға мүмкіндік бар[4].

Жобаны жүзеге асырудың кезеңдері:

1. Уәждемелік – оқушылардың көңілін қызықты жұмысқа бағыттау, мұғалім оқушыларға жоба тапсырмасының мақсатын және оның аяқталу нәтижесін нақты түсіндіруі тиіс. Оқушылардың назарын белгілі бір проблемалық жағдаятқа аудару.

2. Жобалық тапсырманың орындалуын жоспарлау.

3. Жұмыс топтарын құру.

-сыныпты топтарға бөлу, топ мүшелерінің атқаратын қызметін белгілеу;
-тапсырманы орындауға қажетті дидактикалық материалдарды (қосымша әдебиеттер, альбомдар, карталар т.б.) және техникалық құралдарды

дайындау.

1. Жобалық тапсырманы орындау (зерттеушілік іс-әрекет):

-ақпарат іздеу;

-алынған ақпаратты өңдеу;

-жинақталған ақпаратты топ мүшелеріне ұсыну, талқылау;

-іріктелген ақпаратты жүйеге келтіру;

-жобаның слайдтарын әзірлеу;

-жобаны қорғау;

-жоба тапсырмалары мақсатының орындалу дәрежесін талқылау (пікірталас).

2. Аталған тақырып бойынша жобалық тапсырмалар келесідей болып бөлінуі мүмкін, мысалы:

-Табиғи-аумақтық кешендердің географиялық орны мен шекаралары;

-Табиғи-аумақтық кешендердің геологиялық кезеңде қалыптасу тарихы;

-Таулық табиғат кешендері;

-Жазықтық табиғат кешендері;

-Табиғи-аумақтық кешендердің экологиялық проблемалары;

-адамдардың іс-әрекеті және т.б.

Әр топ өзіне берілген тақырып бойынша жұмыс істеу барысында оқулықтан, қосымша әдебиеттен, интернеттен, басқа да ақпарат көздерінен деректер жинастырады, жинақталған деректерді жүйелейді, компьютерде слайдтар (компьютер болмаған жағдайда реферат, баяндама, альбом) жасайды. Сыныпқа өз жұмыстарының нәтижесін көрсетеді, баяндайды.

2-кесте – 7-сынып бойынша «Табиғи аумақтық кешендер» тақырыбында орындалатын топтық жобалық тапсырмалар

| Рет саны | Топ № | Жобалық тапсырманың тақырыбы | Жобалық тапсырманы орындау формасы | Дескрипторлар |
|----------|-------|---|------------------------------------|--|
| 1 | I | Табиғи аумақтық кешендердің геологиялық қалыптасу кезендері | Компьютерлік модель құрастыру | - геологиялық картаны пайдаланып, таулардың жасын анықтайды. -интерактивті тақтада географиялық моделін құрастырады |

| | | | | |
|---|-----|--|----------------------------|---|
| 2 | II | Таулық және жазықтық табиғат кешендерін анықтап, географиялық нысандарымен сәйкестендіру | Қағаз кеспелерін құрастыру | - тауларды биіктіктеріне қарай топтастырады; - табиғи аумақтық кешендерді оларға кіретін географиялық нысандарымен сәйкестендіреді ; |
| 3 | III | Табиғи аумақтық кешендердің географиялық орны мен шекаралары | Макет жасау | - Жер бедерінің неғұрлым ірі формаларын атайды; -тауларды биіктіктеріне қарай топтастырады; |



2- сурет:

Табиғи аумақтық кешендердің
геологиялық қалыптасу
кезендері
Компьютерлік модель құрастыру

3-4 суреттер: Таулық және жазықтық табиғат кешендерін анықтап, географиялық нысандарымен сәйкестендіру Қағаз кеспелерін құрастыру



5-6 суреттер: Табиғи аумақтық кешендердің географиялық орны мен шекаралары. Макет жасау

Әр топ өзіне-өзі, басқа топтарға істелген жұмыс бойынша баға береді.

Жоғарыда берілген жобалық тапсырма көлемі және күрделілік дәрежесіне қарай бір-бірінен өзгешеленеді, сонымен қатар география сабақтарының барысында және сабақтан тыс уақытта да орындалуы мүмкін.

Қорытынды

Мұғалімге өз тәжірибесінің негізінде шешім қабылдау үшін өз іс-тәжірибесін сыни бағалау да қажет. Кез-келген жүріп өткен қадамыңды жоспарлау оны орындау үшін іс-әрекет жасау, ал сол жасалған іс-әрекетіңе рефлексия жасау маңызды болып табылады. Бұл өз ісіңе есеп беру, өз әрекетіңді сыни талдау және бағалау барысында мұқият ойлану үдерісі екенін мен осы жаңартылған бағдарламаны оқу және оқыту барысында түсініп жатырмын.

Білім беру жүйесіндегі әлемдік өзгерістер әсіресе мұғалімдерге өзгерістің қажеттігін дәлелдейді. Себебі мұғалімдер болашақты дайындайды,

ал болашақ – қазіргі мектеп оқушылары болып табылады. «Балаңды өзің өмір сүріп отырған кезеңге емес, болашаққа қарай тәрбиеле» деген екен мұсылман ғұламалары. Сондықтан бала тәрбиешісі ретінде мұғалімге өзгеріссіз қалу қауіпті деп ойлаймын.

Мектеп өмірі балаға жаңа әлемнің есігін ашып беріп, рухани дүниесінің қалыптасуына негіз салады. Оқытудың негізгі міндеті – баланың жеке басының жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз ету, оның танымдық қабілетін анықтау және дамыту, білімдерін ашу, мектеп жағдайында әлеуметтік ортаға тез бейімделуге қажет жағымды мінез-құлық қалыптастыру. Бала бойындағы қиындықтарды жеңе білу мақсатындағы оқыту әдісінің мазмұнын жаңаша оқыту. Білімді тұлға қайдан шығады? Жаңашыл мұғалімнің баланы дамыта оқытудағы жаңаша еңбегі, балаға ізденіс жолында білім берудегі жұмыс нәтижесінен шығады. Сөзімнің соңын «Аспан астындағы ең бақытты адам – мұғалім, өйткені ол мәңгілік нұрдың қызметшісі» деген ұлы педагог Я.А.Коменскийдің сөздерімен аяқтағым келіп отыр. Өйткені халыққа қызмет көрсету саласының маңызды буынында отырған сіздердің еңбектеріңіз қандай да болмасын құрметке лайық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Бірінші (ілгері) деңгей. 2014ж
2. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі «Жаратылыстану» және «География» пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2018ж
3. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2018ж
4. Ғылыми жаратылыстану циклы пәндері бойынша жобалық тапсырмалар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. – 15-18-бб. www.nao.kz.

МЕЛДЕНОВА М. Ж. ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРОЕКТНЫХ ЗАДАНИЙ В ОБРАЗОВАНИИ

В статье рассматриваются подходы к структурированию заданий, формирующих функциональную грамотность школьников. Задания естественно-математического направления могут быть использованы на уроках географии. Автор статьи делится успехами своей практической работы по созданию благоприятной среды, позволяющей составить алгоритм проекта, обеспечивающий реализацию цели урока на основе развития у детей критического мышления. Проектные задания позволяют правильно прогнозировать, сопоставлять и анализировать данные из различных источников информации; выявлять и представлять на защиту наиболее ценные доказательства, необходимые для интерпретации; оценивать результаты и делать самостоятельные выводы.

Ключевые слова: функциональная грамотность, проектные задания, компетентностные задания, критерий успеха, навыки критического мышления, интерпретация, оценка ценных аргументов.

MELDENOVA M. J. THE EFFICIENCY OF THE DESIGN JOBS IN EDUCATION

The article discusses different approaches to structuring tasks that form the functional literacy of pupils. Tasks of Natural-Mathematical direction can be used in Geography lessons. The author shares the success of his practical work in creating a favorable environment that provides for formation of a project algorithm ensuring the implementation of the lesson goal based on the development of child's critical thinking. Project tasks ensure the correct prediction, data comparison and analysis from different sources of information, identification and presentation of the most valuable evidence necessary for interpretation, the results evaluation and independent conclusions drawing.

Keywords: functional literacy, project tasks, competence tasks, success criterion, critical thinking skills, interpretation, evaluation of valuable arguments.

ӘОЖ: 57:024

БИОЛОГИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫН АНЫҚТАУ

ТҮКІБАЕВА Б.А., ЕРМЕН Ұ.Х., БАЙМЕНОВА С.Ж.

Бұл мақалада биология пәні бойынша жоғары сынып оқушыларының оқу-зерттеу дағдыларының құрылымын анықтау барысындағы мәліметтері сипатталған. Сонымен қатар, сабақ барысындағы оқушыларының ғылыми зерттеушілікке дағдыларының деңгейін анықтау, оқушылардың көптеген ғылыми ақпаратты еркін меңгеру әрекетін жоғарылату үшін мұғалім тарапынан жасалған іс-әрекеттер сипатталды. Жоғарғы сынып оқушыларының оқу-зерттеу әрекеттерінің дағдылық құрылымының өзара байланысы мен құрылымдылығы және компоненттің критериалдық көрсеткіштері көрсетілген.

Сонымен қатар, пәнаралық ғылыми құрылымдық дағдының жетілдірілуі тек жоғарғы сынып оқушыларының қатарында жүргізілетіндігі атап өтілген. Зерттеуге алынған оқушылар көбінде жаратылыстану ғылымдарының айналымындағы пәндермен ұштасатындығы ерекше аталған. Оқушының ғылыми зерттеу дағдысын жоғарылату арқылы өзге де пәндермен сабақтастық орнату және оны дамыту бірге жүретіндігі көрсетілген.

Бұл мақалада ғылыми-зерттеу жұмыстармен айналысу барысында жоғарғы сынып оқушылардың танымдылық ой-өрісінің еркіндігінен өзге, олардың жеке тұлға ретінде жан-жақты қырларының: сөйлеу мәнері, ойлау қабілеті, мәліметті

жылдам қабылдаушылық, зейін, елестету қабілеттері жоғарылай түсетіндігі баяндалған.

Кілт сөздер: *биология, оқушы, таным, құндылық, сыни ойлау, технология, әдіс, мұғалім, ғылым, мектеп.*

Үздіксіз білім беру жүйесінің ұстанымдары жеке тұлғаның жан-жақты жалпы мәдени дамуы, тұлғаның бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, әлеуметтік тұрақтылық және әлеуметтік даму және т.б. функцияларды жүзеге асырумен тікелей байланысты [1].

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын оқушылармен жүргізудің бірнеше түрлері кездеседі. Атап айтсақ, зерттеушілік, шығармашылық, ойын түріндегі, ақпараттық, тәжірибеге сүйене отырып жасалатын; топтық және жеке түрде ғылыми ізденіспен айналысу түрі, пәндік, пәнаралық, қоғамдық. Ғылыми зерттеу жұмысымен айналысу барысында оқушы зерттеу жұмысының циклдік құрылымдық қадамдарынан өтеді: негізгі туындаған сауал, сауалды шешуге арналған әдістер туралы ойлану, әдебиеттерге шолу жасау, қызықты ақпарат жинақтау, ақпаратты сараптамадан өткізу, сарапталған мәліметті жинақтап, реттеп, қағазға түсіру [3].

Ғылыми жұмыспен айналысатын оқушыда күнделікті зерттеушілік мынадай дағдылар қалыптасады: ғылыми әдебиеттерді оқу, тыңдау, бақылау, қажетті мәліметті іріктеу, сауалнама құрастыру, тұжырымдама жасау, жинақталған мәліметтерді біріктіру, құжаттармен жұмыс жасай білу және презентациялау, рефлексия [3].

Жаратылыстану ғылымдары цикліндегі пәндерді зерттеу кезінде негізгі ғылыми-танымдық әдістерге: бақылау, сипаттау, өлшеу, эксперимент жатады. Ғылыми мәліметтерге сүйену арқылы оқушылар теориялық материалдарға тереңінен мән беріп, ғылыми дерек көздерін пайдалануды және бақыланушы құбылысты түсіндіруді және сараптауды үйренеді.

Оқу-зерттеу жұмысының бір ерекшелігі жоғары сынып оқушылары биологияны оқу барысында жаратылыстану ғылымының тереңдігінің бүтін бейнесін, көптүрлілігі мен біртұтастығы туралы жалпылама жүйесін түзеді.

Оқушылардың алған білімі, оқу-зерттеу әрекеті барысында жаратылыстану ғылымдары туралы дүниетанымдары заманауи тұрғыда жетіледі. Бұл үшін оқушы кітаптағы, жинақтағы, күнтізбелік мәліметтерді, рефераттық ресурсынан іздестіру арқылы керекті ақпаратты толықтырады.

Жоғарғы сынып оқушыларының ғылыммен шұғылдануы танымдылық қабілетін жоғарылатады, кездей-соқ туындаған мәселенің шешімін жылдам және өте тәжірибелі тұрғыда жеңіл шешуге мүмкіндік береді. Ғылыми-зерттеу жұмыстармен айналысу барысында оқушылардың танымдылық ой-өрісінің еркіндігінен өзге, олардың жеке тұлға ретінде жан-жақты

қырларының: сөйлеу мәнері, ойлау қабілеті, мәліметті жылдам қабылдаушылық, зейін, елестету қабілеттері жоғарылай түседі. Оқушылар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында жылдам шешім қабылдап, теориялық білімді практикалық іс-әрекет арқылы іске асыру, өзінің жұмысының алдын ала нәтижесін болжап, осы болжамға жету мақсатында көптеген ізденістер арқылы жан-жақты жетіле түседі.

Ғылыми-зерттеу жұмысының жетекшісі тарапына оқушыға нақты дескрипторлармен жұмыс жасау ұсынылады: ұйымдастыру, негізгі зерттеу барысында пайдаланылатын әдістер, әдеби шолу жасау, ақпаратты тереңінен түсіну, топта бірнеше мүше болатын жағдайда координация жасау, ораторлық қасиетті жетілдіру.

Осы аталған дескрипторларды оқушы орындау барысында көптеген ізденіс сатыларын бастан кешіреді. Айталық, генетикалық есептердің полиплоидиялық тұқым қуалаушылық тақырыбына сәйкес оқушылар биологиялық есептерді шығарудың уақытты тиімді пайдалана отырып, жылдам әрі оңай жолын анықтау мақсат ретінде алынса, оқушылар генетика ғылымының тарихы, есеп шығару тәсілдерін анықтап, оларды жүзеге асыру барысындағы кемшіліктер мен артықшылықтарды көрсетеді және жана жолын табуы үшін жаңа мәліметтер мен әдістерді зерттейді. Бұл әдіс биология ғылымына деген оқушының қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, оқушының өз бетінше шығармашылық жұмыстар жасауына баулиды және оқытушылар мен оқушылардың өзара байланысын бекітеді. Сондай-ақ оқушының оқу мақсатына сай білімінің толық меңгерілуі мен қатар, жеке қасиетін дамытып, зерттеу қабілетін арттырады.

Ғылыми жұмыспен айналысушы оқушылардың танымдық процессі өсуінің ең биік шыңына жетеді, бұл олардың іс жүзінде тіпті күрделі логикалық жұмыстың барлық түрін орындай алатындығымен сипатталады. Ақпарат қорын мида сақтау, сөйлеу, жылдам ойлау, ақпаратты ой елегінен жылдам өткізу, сараптама жасау, зейіннің жоғарылауы айқын байқалады.

Жоғарғы сынып оқушыларының ерекшелігі: ұжымдасып ғылыми жұмыспен айналыса алуы. Мысалы, зерттеуші бірнеше болуына орай, әр мүшенің өзіндік қызметі мен алатын орны нақты белгіленеді және талаптарды сақтау арқылы жұмыс жасалады. Зерттеуші оқушы айналада болып жатқан құбылыстарға ғылыми зерттеуші көз қарасымен қарай басталады, адам және төңіректегі әлем туралы мағлұматты терең түсіне бастайды. Статистикалық мәліметтермен жұмыс жасау кезінде зерттеуші оқушы нағыз осы саланың маманы ретінде пайымдауға дағдыланады. Зерттеуші оқушылар өзін-өзі бақылау, қабілеттілігін тексеру, кез-келген қадамды алдын ала ойлау, бақылау іс-әрекетін жасағанымен, кейбір жағдайларда оқушылар өз әрекеттеріне жауап бере алмай қалады. Бұл

жағдайлардың барлығы оқу-зерттеу әрекетін жүргізуші пән мұғалімдерінің мақсатты бағытталған ықпалына тікелей әсерін тигізеді.

Жаратылыстану ғылымдарының цикліндегі, әсіресе химия және биология пәндерін зерттеу кезінде, мұғалімнің тарапынан танымдық қызушылығын ояту арқылы оқушыны зерттеу жұмыстарына бағыттау көзделеді. Оқушыларға фокустық сауалдарды тура және ашық сауал ретінде қоюды үйрету мақсаты қойылған. Жаратылыстану ғылымдары цикліндегі пәндердің оқу-зерттеу жұмыстарымен айналысу үшін оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, олардың пәндерге деген себептік құлшынысын оятауы тиіс. Сол себепті кез келген тақырыпты өту барысында тақырыпты ашатын, кинестетикалық тұрғыдан қанағаттандыратын, көзбен көре алатын, дәлелдемелер мен көрнекіліктер, дидактикалық материалдардың қолда болуы өте маңызды рөл атқарады. Осы ресурстар арқылы визуализация нәтижесінде оқушының шынайы пәнге деген қызығушылығын бекітеміз.

Зерттеуші оқушылардың оқу себептерінің сапа көрсеткіші өзінің құрылымына сәйкес өзгеріске жиі ұшырайды. Жаратылыстану циклі бойынша оқытылатын пәндердің оқу-зерттеу әрекеті оқушылардың жоспарланатын келешек өмірінің жүзеге асуына көмектесуші құрал болып табылады. Ішкі танымдық себептермен қоса, қоғамдық және тек жеке-дара себептерде қамтиды, олардың шешімі ізденіске тәуелді. Зерттеуші оқушыларының арасындағы жеке себептер қатарына, жетістікке жету ең маңызды болып саналады, яғни осы мақсат оқушының сәттілікке деген ұмтылысын арттырып, нақты қойылған мақсатына жетуіне жол ашады. Басты ішкі себептер қатарында бұдан өзге әрекет нәтижесін бағдарлауға бағытталған себептерде бірігеді.

1-кесте. Жоғары сынып оқушыларын оқу-зерттеу дағдыларының құрылымы

| Себеп | Эмоция | Интеллектуалдылық | Тәжірибелік |
|---|--|--|--|
| -биология пәніне деген қызығушылық, -білім алу себептері мен танып білу белсенділігі арту; - жаратылыстану | -білімге және ғылыми ізденістерге оң эмоционалдылығы; -когнитивті қиындықтарды жеңуге деген құлшыныс және зейінінің | -экспериментальді тұрғыда ойлау; -танымдық рефлексия; -дәлелдер мен болжамдарды ажырату; - дәлелдерді топтастыру -дәлелдер мен | -тәжірибе жүргізе алу қабілеттілігі; -әрекет әдістемесін игеру және түрлі жағдайлардан шыға білу; -шынай |

| | | | |
|--|------------|--|---|
| ғылымдары ортасындағы жаңашылдықты танып білуге ұмтылу; -танымдық процесіндегі дербестік және оның шешімін бағалай білу | жоғарылауы | қайшылықтарды салыстырмалы түрде қарастыру | өмірден алынған мәліметті пайдану шеберлігі; -жұмыс нәтижесін, жүргізілу тәртібін баяндау шеберлігі; -зейінділігі; қорытындылауы; -дәлелдерді түсіндіре алу және өз идеяларын дәлелдей алу |
|--|------------|--|---|

К.К.Платонов көзқарасы бойынша, біз жеке тұлғаның бірлік қағидалары мен ақпараттарына сүйенеміз де, олардың әрекеттестігінің заңдарының көріністерін жоғарғы сынып оқушылары үшін химия және биология пәндеріне оқу-зерттеу әрекеті дағдылары өте күрделі және бірнеше пәннің комплексті құрылымынан құралғандығын ескеруіміз тиіс [2].

Сәйкесінше, әр ұсынылған дағдылық компоненттің құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

Жоғарғы сынып оқушыларына арналған оқу-зерттеу дағдысының құрылымында компоненттердің өзара байланыстылығы мен өзара қызмет көрсетуі және компоненттің критериялық көрсеткіштері жобаланады.

Биологиядағы оқу-зерттеу әрекеттерінің жоғарғы сынып оқушыларының дайындығына диагностика жасалды. Жоғарғы сынып оқушыларына арналған оқу-зерттеу дағдыларының жоспарлы түрде ойдағыдай жүзеге асуы үшін алғашқы диагностикалар жасалды, яғни жоғарғы сынып оқушыларының оқу-зерттеу дағдыларына дайындық жағдайын анықтау мақсатында эксперимент жүргізіліп, сондай-ақ, жаратылыстану ғылымдары циклінің оқу пәндерінің құрылымына, атап айтқанда химия және биология пәндеріне сараптама жүргізілді.

Сапалық компоненттік деңгейлік сипатына қарап, 10 сынып оқушыларының оқу-зерттеу жұмыстарына дайындық көрсеткішінің санын эксперттік сараптама арқылы анықтау қолға алынды.

Пән мұғалімі, яғни ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысушы мұғалім жеке сұхбат жүргізді, онда зерттеу жасалған сабақтардағы оқушылардың белсенділігі, оқушының алатын бағасы, зерттеу жұмысына деген қызығушылығы бар болуы, білімі, дағдысы мен шеберлігі ескерілді.

2-кесте. Жоғарғы сынып оқушыларының оқу-зерттеу дағдылары бойынша орта балы

| Оқушының дайындық көрсеткіштері | Орташа баға |
|---------------------------------|-------------|
| Себеп-салдар | 3,74+0,08 |
| Эмоциональдылық | 3,93+0,13 |
| Танымдылық | 3,62+0,11 |
| Тәжірибелік | 3,28+0,11 |

Кесте мәліметтеріне сүйенсек, барлық компоненттер орта балл 4-тен төмен, бұл – жоғарғы сынып оқушыларының зерттеу жұмыстарын дамыту деңгейінің кемшілігі айқын байқалады.

Оқу жұмысына оқушының эмоциональділік дағдылық құрылымы бойынша дайындықтың ең жоғарғы бағасы 3,93-ке тең. Айта кету керек, бұл компонент ішіндегі эмоциональді көрсеткіш дербестік көрсеткішімен салыстыру кезеңінде көрсеткіш жоғары болды, бұл жоғарғы сынып оқушыларының көбінде эксперттік дағдысы бойынша өте нашар екендігі (нақты жағдайдағы көрінісі – 0,13-ке тең) анықталды.

Зерттеу жұмыстарына оң қатынастағы орташа бағадағы көрсеткіш себеп-құндылық компонентінде байқалды. Өте төмен баға көрсеткіші тәжірибелік компонентте - 3,28, яғни жоғарғы сынып оқушыларына мақсатты түрде, бағытталған жұмыстар мен оқу-зерттеу жұмыстарының педагогикалық жағдайда жасалуы мен әдістемелікпен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туындағандығы анықталды.

Қорыта айтқанда, ұйымдастырылған және жасалған жұмыс нәтижесінде, жоғарғы сынып оқушыларының зерттеу жұмыстарымен айналысу сапасы жоғарылауының негізгі көрінісі, химия мен биологиядағы сабақ үстіндегі және сабақтан тыс жұмыстарды жүзеге асырылуы және әрекет құралдарын таңдау; эмпирикалық зерттеу әдістерінің түрлерін меңгеруі; шешімі табылуы тиіс мәселелерді анықтап, оның жауабын табуы; креативтілікке бейімділігі, т.б. шығармашылық дағдыларының жетілдірілуі; когнитивті қиыншылықтарға тез бейімділігі; зерттеу жұмыстарына оң көз қараста болуы (шығармашылық шабыттың болуы); материалды құрылымдай білуі, танымдылық кезінде дербестікті сақтап қалу қабілеттілігі; шешім

қабылдау мен оны бағалау кезіндегі дербестігі; жұмыс барысын және нәтижелерін түсіндіре алуы, өзінің зерттеу жұмысын дұрыс рәсімдеуі; түйіндеме мен қорытынды жасай білуі; оқу деген ынтасының болуы (шабыттану) анықталды.

Қорыта айтқан, биология пәні бойынша жоғары сынып оқушыларының оқу-зерттеу дағдысының құрылымын анықтау барысындағы мәліметтері бойынша оқушының ғылыми зерттеу жұмыспен айналысуы үшін қажетті ресурстар мен сабақ барысындағы көрнекіліктер, кинестетикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру және де, мұғалімнің оқушыға пәнге деген қызығушылығы маман ретін аша білу шеберлігіне тәуелдігі байқалды. Зерттеу жұмысының саны мен сапасын жоғарылату үшін зерттеуші оқушыға нақты фокусты сауалдарды тауып, олармен дербес жұмыс жасау келешекте қолға алынуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аймағанбетова Д. Оқушы құзырлығын қамтамасыз ету / Д. Аймағанбетова // Мектеп директоры - Директор школы. - 2009.- №2. - 8-19 б.
2. Темірбаева // Педагогика мәселелері - Вопросы педагогики. - 2011. - №1. - 7 – 8 б.
3. Loraine Blaxter, Christina Hugher and Malcolm Tight. // How to Research-2010.- 55-75р.

ТУКИБАЕВА Б.А., ЕРМЕН У.Х., БАЙМЕНОВА С.Ж. ОПРЕДЕЛЕНИЕ СОСТАВНЫХ КОМПОНЕНТОВ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ УЧЕНИКОВ СТАРШИХ КЛАССОВ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ.

В данной статье описаны возможности установления тесных межпредметных связей, способствующих организации учебно-исследовательской деятельности учащихся, а также выполнению интегрированных проектов, направленных на решение проблем, требующих привлечения знаний из нескольких учебных дисциплин (химия, биология, экология). Представлены результаты, свидетельствующие о том, что учащийся в процессе выполнения межпредметного исследования выходит за рамки отдельной учебной дисциплины, что ведет к углублению знаний по предметам естественнонаучного цикла, к успешному решению локальных или глобальных межпредметных задач.

В статье описана значимость интеграции применительно к старшему школьному возрасту на занятиях по предметам естественнонаучного цикла, ориентированных на проектно-исследовательскую деятельность.

Ключевые слова: Биология, ученик, познание, ценности, критическое мышление, технология, метод, учитель, наука, школа

TUKIBAEVA B.A., HERMAN, W. H., BAIMENOVA S. G. DETERMINATION OF COMPOSITIONAL COMPONENTS OF RESEARCH SKILL IN THE SCHOLARS OF THE SENIOR CLASS FOR BIOLOGY

This article describes how in the educational process between biology and chemistry established close interdisciplinary connections, which makes it possible to organize educational and research activities of students on a single program, as well as conducting interdisciplinary research aimed at solving problems that require the involvement of knowledge from several academic disciplines (chemistry, biology, ecology).

As well as showing the results of the student in the process of performing interdisciplinary research go beyond a single discipline and can not be obtained only in the process of studying it. This study is aimed at deepening students' knowledge in various disciplines of the natural science cycle, contributes to the solution of local or global cross-disciplinary problems.

This article describes the importance of high school age the most effective and productive for training and research activities in the subjects of natural science cycle.

Keywords: *Biology, student, values, critical thinking, technology, method, teacher, science, school*

БІЗДІҢ АВТОРЛАР

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

Әмірбекұлы А. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «физика-математика» кафедрасының доценті, п.ғ.к.,

Қадірбаева Р.І. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «физика-математика» кафедрасының профессоры, п.ғ.д.,

Латышев О. Ю. – Шаповаленко атындағы Халықаралық Мариин академиясы президенті, ғылымға, техника мен білім беру ісіне еңбегі сіңген қызметкер, философия докторы (PhD), РЖА профессоры (Ресей Федерациясы)

Рысқұлов А.Қ. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің докторанты

Пошаев Д.Қ. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының профессоры м.а., п.ғ.к.

Мұсақұлов Қ.Т. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының аға оқытушы, PhD

Пошаев Д.Қ. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының профессоры м.а., п.ғ.к.

Пошаев М.Д. – Психология ғылымдарының кандидаты, асс. профессор. Алматы қ.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА

Жаппарбергенова Э.Б. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Биология» кафедрасының доценті, б.ғ.к.;

Мамытова А.Ы. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Биология» кафедрасының магистр-аға оқытушысы;

Аль-Фарабиқызы Ж. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Биология» кафедрасының магистр оқытушысы

Өтешова Г.П. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Биология» кафедрасының магистр-оқытушысы;

Сарсембаева М.У. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Биология» кафедрасының доценті, б.ғ.к.

ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА

Айдаров О.Т. – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің аға оқытушы т.ғ.к., Қызылорда қ.

Есимова А.Б. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының доценті, т.ғ.к.;

Бекманова Д.М. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының доценті, т.ғ.к.;

Қуандық Н. Ж. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының магистр-аға оқытушы.

Абдыханов У.К. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, филол.ғ.к.

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

Әліпхан Г.Қ. – А.Яссауи атындағы ХҚТУ оқытушысы педагогика магистр-оқытушысы.

Ертасова Г.Қ. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Журналистика және саясаттану факультетінің III курс докторанты. Астана, Қазақстан.

Жүнісова М.А. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, ф.ғ.к.

Кучукова З.А. – Х.М.Бербекова атындағы Қабардино-Балқар мемлекеттік университеті «Орыс және әлем әдебиеті» кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы. Кавардино-Балқар Респ., Нальчик қ. Ресей,

Оразалиев С. – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті. Гуманитарлық ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызмекері, ф.ғ.к., Шымкент қаласы.

КӘСІПТІК БІЛІМ, БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ

Есіркепов Ж.М. – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті, п.ғ.к.

Джоламанова Г. Ж. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Музыкалық білім» кафедрасының аға оқытушысы Өнертану ғылымының кандидаты.

Ахметова Н.Н. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Музыкалық білім» кафедрасының магистранты.

Павловский А.Л. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының доценті, п.ғ.к

Жолдасбекова Г. Д. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының магистр-аға оқытушысы

ЖАС ҒАЛЫМДАР ІЗДЕНІСІ

Азыбаева Ж.М. – Аймақтық әлеуметтік инновациялық университетінің магистранты.

Берікбаева Л.С. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің магистранты;

Абрамова Г.И. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Ағылшын тілі» кафедрасының доценті, ф.ғ.к., Шымкент қ.

Мирзахмедова С.Т. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті.

ОРТА МЕКТЕПТЕГІ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕ ӘДІСТЕМЕСІ

Байдыбекова Е.І. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының доценті, п.ғ.к., Шымкент қ.;

Тұрғымбай А. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті.

Мелденова М. Ж. – Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы №163 жалпы білім беретін орта мектептің география пәні мұғалімі.

Түкібаева Б.А. – Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің биология пәнінің магистр-мұғалімі, Шымкент қ.;

Ермен Ұ.Х. – Физика математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің биология пәнінің мұғалімі, Шымкент қ.;

Байменова С.Ж. – Физика математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің биология пәнінің мұғалімі, Шымкент қ.

НАШИ АВТОРЫ

ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ

Амирбек А. – доцент кафедры «Физика-математика» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, к.п.н., г. Шымкент

Кадирбаева Р.И. – профессор кафедры «Физика-математика» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, д.п.н., г. Шымкент

Латышев О.Ю. – президент Международной Мариинской академии имени Шаповаленко, заслуженный деятель науки, техники и образования, доктор философии (PhD), профессор РАН (Российская Федерация)

Рыскулов А.К. – докторант Южно-Казахстанского государственного педагогического университета

Пошаев Д.К. – и.о. профессора кафедры «Профессиональное обучение и изобразительное искусство» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета

Мусакулов К.Т. – старший преподаватель кафедры «Профессиональное обучение и изобразительное искусство» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, PhD

Пошаев Д.К. – и.о. профессора кафедры «Профессиональное обучение и изобразительное искусство» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета

Пошаев М.Д. – Кандидат психологических наук, асс. профессор, г. Алматы

ЕСТЕСТВЕННОНАУЧНЫЕ ДИСЦИПЛИНЫ И МАТЕМАТИКА

Жаппарбергенова Э.Б. – доцент кафедры «Биология» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, к.б.н.

Мамытова А.Б. – магистр, старший преподаватель кафедры «Биология» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета

Аль-Фарабиқызы Ж. – магистр-преподаватель кафедры «Биологии» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета

Өтешова Г.П. – магистр-преподаватель кафедры «Биология» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета

Сарсембаева М.У. – доцент кафедры «Биология» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, к.б.н.

**ИСТОРИЯ И ОБЩЕСТВЕННЫЕ ДИСЦИПЛИНЫ.
ПРАВО И ЭКОНОМИКА**

Айдаров О.Т. – старший преподаватель Кызылординского государственного университета имени Коркыт Ата, к.г.н., г. Кызылорда

Есимова А.Б. – доцент кафедры «Истории Казахстана и общественных дисциплин» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, к.и.н.

Бекманова Д.М. – доцент кафедры «Истории Казахстана и общественных дисциплин» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, к.и.н.

Куандык Н.Ж. – магистр, старший преподаватель кафедры «Истории Казахстана и общественных дисциплин» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета

Абдыханов У.К. – доцент кафедры «Русский язык и литература» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, к.филол.н.

ЯЗЫКОЗНАНИЕ И ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

Алипхан Г.К. – магистр-преподаватель Международного казахско-турецкого университета им. Х.А.Ясави

Ертасова Г.К. – Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, докторант III курса факультета журналистики и политологии, г. Астана.

Жунисова М.А. – профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, к.ф.н.

Кучукова З.А. – докт. филол. наук, профессор кафедры «Русская и зарубежная литература» Кабардино-Балкарского государственного университета имени Х.М.Бербекова, Кабардино-Балкарская Респ., г. Нальчик (Россия)

Оразалиев С. – доцент Южно-Казахстанского государственного университета им. М.Ауэзова. Старший научный сотрудник гуманитарного научно-исследовательского института, к.ф.н., г. Шымкент

ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОЕ ИСКУССТВО. КУЛЬТУРА И СПОРТ

Есиркепов Ж.М. – доцент Кызылординского государственного университета имени Коркыт Ата, к.п.н.

Джоламанова Г.Д. – старший преподаватель кафедры «Музыкальное образование» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета к.н.искусствоведения

Ахметова Н.Н. – магистрант кафедры «Музыкальное образование» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета

Павловский А.Л. – доцент кафедры «Профессиональное обучение и изобразительное искусство» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, к.п.н.

Жолдасбекова Г. Д. – магистр, старший преподаватель кафедры «Профессиональное обучение и изобразительное искусство» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета

ПОИСКИ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

Азыбаева Ж.М. – магистрант регионального социально-инновационного университета

Берікбаева Л.С. – магистрант Южно-Казахстанского государственного педагогического университета

Абрамова Г.И. – доцент кафедры «Английский язык» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, к.ф.н., г. Шымкент.

Мирзахмедова С.Т. – студент Южно-Казахстанского государственного педагогического университета

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ И ПРОБЛЕМЫ ВОСПИТАНИЯ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ СРЕДНИХ ШКОЛАХ

Байдыбекова Е.И. – доцент кафедры «Методика начального образования» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, к.п.н., г.Шымкент

Тұрғымбай А. – студент Южно-Казахстанского государственного педагогического университета

Мелденова М. Ж. – учитель географии средней общеобразовательной школы №163 Жанакорганского района Кызылординской области

Тукибаева Б.А. – магистр-учитель биологии, Назарбаев Интеллектуальная школа физико-математического направления, г. Шымкент

Ермен Ұ.Х. – учитель биологии, Назарбаев Интеллектуальная школа физико-математического направления, г. Шымкент

Байменова С.Ж. – учитель биологии, Назарбаев Интеллектуальная школа физико-математического направления, г. Шымкент

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

| | |
|--|----|
| <i>Әмірбекұлы А., Қадірбаева Р.І.</i> Іріленген қосу операциясын оқыту әдістемесі..... | 3 |
| <i>Латышев О.Ю.</i> Академическая мобильность студентов и преподавателей филологических факультетов как один из путей их социализации..... | 11 |
| <i>Рысқұлов А.Қ., Пошаев Д.Қ., Мұсақұлов Қ.Т.</i> ЖОО оқу үдерісінде интегративтік тәсілді қолданудың теориялық мәселелері..... | 20 |
| <i>Пошаев Д.Қ., Пошаев М.Д.</i> Оқыту үдерісі – психологиялық жүйе | 27 |

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА

| | |
|--|----|
| <i>Жаппарбергенова Э.Б., Мамытова А.Ы., Эль-Фарабиқызы Ж.</i> Ысталып-қақталған ет өнімдерінің бойындағы микрофлораның микробиологиялық идентификациясы..... | 35 |
| <i>Өтешова Г.П., Сарсембаева М.У.</i> Бұршақты дақылдар тұқымдарының микофлорасы..... | 40 |

ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА

| | |
|--|----|
| <i>Айдаров О.Т.</i> Қорғалатын аумақтарды таңдау және олардың аймаққа тән ерекшеліктерін анықтау..... | 51 |
| <i>Есимова А.Б., Бекманова Д.М., Қуандық Н.Ж.</i> Демографическое развитие: роль экологического фактора..... | 62 |
| <i>Абдыханов У. К.</i> Малайзия – қарқынды дамушы индустриалды-аграрлық ел..... | 67 |

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

| | |
|---|-----|
| <i>Әліпхан Г.Қ.</i> Демон – мұңлы шайтан | 72 |
| <i>Ертасова Г.Қ.</i> Алаш арыстары және елдік идея..... | 77 |
| <i>Жүнісова М.А.</i> Жетісудағы топонимдік аңыздар..... | 93 |
| <i>Кучукова З.А.</i> Художественное отражение Ролланом Сейсенбаевым проблем формирования и состояния казахской интеллигенции в XX веке..... | 101 |
| <i>Оразалиев С</i> Ұлы Отан соғысы кезіндегі түркі халықтарының ассимиляциялануы | 107 |

КӘСПТІК БІЛІМ, БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ

| | |
|--|-----|
| Есіркепов Ж.М. Студенттердің дене тәрбиесінде тұлғалық дамыту тәсілін жүзеге асырудың педагогикалық шарттары..... | 117 |
| Джоломанова Г.Д., Ахметова Н.Н. Қазақстандағы музыка мұғалімінің мәртебесі туралы сұраққа қатысты..... | 124 |
| Павловский А. Л., Жолдасбекова Г. Д. Проблемы совершенствования обучения рисунку в системе подготовки бакалавров художественно-педагогического и дизайнерского образования..... | 129 |

ЖАС ҒАЛЫМДАР ІЗДЕНІСІ

| | |
|--|-----|
| Азыбаева Ж.М. Автомобиль жолдарының қоршаған ортаға зиянды әсері..... | 135 |
| Verikbaeva L.S., Abramova G.Y. Stylistics usage of allusions on the material of novels by charles dickens (oliver twist)..... | 141 |
| Мирзахмедова С.Т. Демографические характеристики Казахской молодежи | 147 |

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

| | |
|---|-----|
| Байдыбекова Е.И., Тұрғымбай А. Бастауыш сынып математикасын оқытуда оқушылардың сын тұрғысында ойлауын дамытуға этнопедагогика элементтерін қолдану..... | 153 |
| Мелденова М.Ж. Жобалау тапсырмаларының білім алудағы тиімділігі.... | 163 |
| Тукибаева Б.А., Ермен Ұ.Х., Байменова С.Ж. Биология пәні бойынша жоғары сынып оқушыларының оқу-зерттеу дағдыларының құрылымын анықтау..... | 175 |
| БІЗДІҢ АВТОРЛАР | 183 |
| НАШИ АВТОРЫ | 186 |

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА

№1 (19)

Басуға 25.03.2019 жылы қол қойылды. Қаріп түрі «Times New Roman»
Көлемі 11,88 шартты баспа табақ. Таралымы 300 дана. Оңтүстік
Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының шағын баспаханасында
басылды.

Тапсырыс № 188 – Шымкент қаласы, Ғ. Іляев көшесі, 16